

Т. Ағдарбеков

**Мемлекет  
және құқық  
теориясының  
негізгі  
мәселелері**

Оқу құралы

Алматы  
2008

**ББК 67.0я73**

**А 22**

***ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:***

**Сәкен Өзбекұлы** — заң ғылымдарының докторы, профессор;

**Нұралы Өсеров** — заң ғылымдарының докторы, профессор.

**Ағдарбеков Т.**

**А 22 Мемлекет және құқық теориясының негізгі мәселелері.**

Оқу құралы.— Алматы: Нұр-пресс, 2008.— 256 б.

**ISBN 9965-813-49-3**

Толық күйінде екінші рет басылып отырған бұл оқу құралы Қазақстан Республикасының құқықтық-нормативтік актілерінің жиынтығынан құрылған. Кітапта мемлекет және құқық теориясының мәселелері айқындалып, кеңінен көрсетілген. Құқық нормалары, мораль, дін, құқық бұзушылық түрлері қамтылған.

Оқу құралы заң институттары мен факультеттерінің студенттеріне, аспиранттары мен оқытушыларына және құқық қорғау органдары қызметкерлеріне арналған.

**ББК 67.0я73**

**ISBN 9965-813-49-3**

© Ағдарбеков Т., 2008.

© Нұр-пресс, 2008.

## ***Құрметті Төкіжан Ағдарбек!***

70 жасқа толған мерей тойыңызға орай, жүректен шыққан құттықтауымызды қабыл алыңыз!

Алла тағаланың адамзатқа берген баға жетпес сыйы — өмір десек, ал өмір сүру — күрес десек, Сіздің өмір-өзендегі өткелдеріңіздің бәрі үлкен күресті бейнелеп тұрғандай. Заңгерлік мамандығын таңдауыңыздың өзі де бойдағы адалдықты, әжеттілікті, қайтпас қайраттылықты, қайсарлықты, бірізділікті байқатады емес пе. Қандай істі болса да ақылға салып, байыппен жүргізіп, тыңғылықты-тындырымды нәтижеге жеткізіп отыру — Сіз үшін үйреншікті де жауапты іс. «Адам берген атақтан Алла берген абырой артық» — дейді ғой, сол абырой мен беделге сонау Мәскеуде аспиранттықты бітіріп, кандидаттық диссертацияны қорғаған жылдары ақ ие бола бастадыңыз. Ал беделдің өзі еңбексүйгіштіктің белгісі, төзімділіктің айнасы. Дегенмен де, адам берген атақтар — марапаттаулар мен мақтаулар да, медальдар да Сізде молынан жетеді, күдайға шүкір!

Көп ізденудің өзі, білсем деген талпыныстың өзі Сізге ғылым сарайына есік ашты. Ондағы жиған-тергеніңіз, санаға буып-түйгеніңіз болашақта монографиялар, мақалалар, оқулықтар жазуға мұрындық болды.

Ұстаздық ету, шәкірт тәрбиелеу — ұлағатты іс. Өзіңіз білім ұясынан ұшырған қаншама студент жастардың — аспиранттар, докторанттар, магистранттар — бәрінің алғысына, ыстық ықыласына бөлендіңіз.

«Ақылы асқанды аға тұт» дейді ғой, Сізді білікті де сауатты маман ретінде тек әріптестеріңіз бен қызметтестеріңіз ғана емес, сонымен қатар жора-жолдастарыңыз да, жан-жақтағы оқырман қауым да, бар жамағат жақсы біледі, қастерлейді, сыйлайды.

«Қайратыңды халқыңа жұмса, біліміңді жалпыға жұмса» деген қазақтың ұлағатты сөзі Сіз сияқты қарапайым да қадірлі жанға айтылса керек. Олай болса, Төкіжан Ағдарбек, халыққа берер күш-қайратыңыз таусылмасын, жалпыға берер біліміңіз сарқылмасын! Өзіңізге мықты денсаулық, отбасыңызға береке, жүрегіңізге тыныштық тілейміз!

Ізгі тілекпен

***«Заң әдебиеті» баспасының ұжымы  
және директоры Н. Н. Жансеитов***



# Кіріспе

Қоғамның дамуына байланысты қазіргі кезде мемлекет пен құқық туралы тұрақты білімдер, оған қатысты құбылыстар белгілі өзгеріске түсуде. Дегенмен, ол радикалды революциялық өзгеріс емес, тек эволюциялық құбылысқа жатады және ғасырлар бойы қалыптасқан мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың, институттардың, мекемелердің және олардың қоғам өміріндегі ролі мен орнын қозғай алмайды. Мемлекет пен құқық теориясының қалпында, тұрақты білімдердің эволюциясымен қатар, басқа заң пәндерінде де мемлекеттік-құқықтық материя жөнінде жаңа білімдердің тоқтаусыз жиналу процесі жүріп жатыр. Ол қоғам өмірінде, мемлекетте, құқықта, экономикада және қоғамның саяси жүйесіндегі процестерді объективті көрсетуші болып табылады. Бұл біздің елімізде және басқа елдерде болып жатқан жағдайларды терең, жан-жақты түсінуді, заң факультеттерінің ғылыми және оқу бағдарламаларына түзетулер кіргізуді талап етеді.

Осы оқу құралында жаңа факторлар мен жағдайлардың ықпалымен өзгерген қатынастардың өзіндік табиғатына байланысты саяси-құқықтық құбылыстарға, институттарға және мекемелерге, құқықтық мемлекетке, биліктің бөліну принципіне, жекеменшік институтына және көппартиялыққа көңіл аударылады. Бұрынғы кезде олар, әдеттегідей, тек сынауға ұшырап, дәлірек айтқанда, жағымсыз жағдай ретінде қабылданса, қазіргі кезде еліміздің, Ресейдің және басқа мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, оларды оң бағытта қабылдауымыз қажет. Себебі, бұл жағдайда, қандай болмасын саяси не идеологиялық ағымдар мен көпшілік тұрғындардың, не жеке топтағы адамдардың іс-жүзіне асырылмаған мүдделерін бұзу емес, керісінше, заң ғылымдары мен білім берудің заңдылық процестегі тоқтаусыз дамуы мен жетілдірілуі туралы сөз болады, сонымен бірге «Мемлекет пен құқық теориясының» негізгі проблемаларына, оның ішіндегі кең көлемде жарияланбаған материалдарға көңіл аударылады. Бұл оқу құралы В. И. Протасовтың 1999 жылы жарық көрген «Теория права и государства. Проблемы теории права и государства» атты еңбегінің негізінде жазылды және жұмыстың мазмұны кеңейтілді, яғни студенттерге қажет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толықтырылып, осы пәннен экзаменге дайындалатын мемлекеттік тілдегі бірден-бір оқу құралы ретінде ұсынылады.

## 1. Құқықтың анықтамасы және белгілері

Құқықтың белгілеріне мынаны жатқызуға болады:

1. Құқық — бұл **қоғамдық құбылыс**. Ол қоғамның туындысы ретінде оның дамуының белгілі сатысында пайда болады.

2. Құқық — адам тәртібінің әлеуметтік маңызды реттеушісі, әлеуметтік нормалардың бір түрі. Ол өзіне әлеуметтік аяны қосып алады:

а) адамдарды;

ә) адамдар арасындағы қарым-қатынасты (қоғамдық қатынастарды);

б) қоғамдық қатынастардағы субъектілердің тәртібін.

3. Құқықтың мазмұны қоғамдық дамудың қажеттілігіне, қоғамдық процестерге қатынасушыларымен белгіленеді.

4. Құқық өзінің табиғатына байланысты (негізіне) қоғамдағы әлеуметтік келісімділіктің құралы (саймандар, нысандар) әлеуметтік қызығушылықтың теңдігін белгілеу, игілікті адал бөлу, жеке адамның әлеуметтік бостандығының өлшемі.

5. Қоғамдық сананың тетігі және ұжымның еркі арқылы саяси күштің бөлінуіне байланысты шын мәнісіндегі теңдік, азды-көпті құқықтың формальды қайнар көзіндегідей көрсетіледі. Мұндай жағдай құқықтың өз идеалына жақындауы не болмаса одан, өзінің негізінен шегіну болып табылады.

6. Құқық әлеуметтік нормалардың бір түрі ретінде нормативтік қасиетке сүйенеді, ол кейіпті реттеуші ретінде бағыты нақты белгісіз атаусыз әрекет жасап, жалпы белгілерге (жасы, есі дұрыстығы, заңды тұлғаның жалпы белгілеріне) сай әрекет етеді.

7. Құқықтың әрекеті қоғамдық қатынастардың субъектілеріне олардың жекелеген ерекшеліктерінен тәуелсіз бірдей шара қолдану принципіне негізделген, шын мәнісінде тең емес субъектілерге (формальды принцип).

8. Құқық нормалары сырттай объективті болуы міндетті ақылды, әлеуметтік және белгілі ресми нысанда бекітілуі шарт (құқықтың қайнар көзінде формальды мағынада): нормативтік-құқықтық актілерде, құқықтық дәстүрде, заңды прецеденттерде, т.б.

9. Құқық — ішкі ұйымдастыру көзқарасына байланысты (біртұта) бір-бірімен мақсатқа сай қарым-қатынастағы элементтердің жүйесі.

10. Құқық — бәріне **міндеттілік**. Оның айырмашылығы басқа әлеуметтік нормаларға қарағанда жалпы мемлекеттік нормативтік жүйені құрады және өзінің әрекетін қоғамның барлық мүшелеріне жүргізеді.

11. Құқыққа **процедуралық** тән. Процедураны уақытында талдайтын тәртіп ретінде өз мөлшерінде барлық әлеуметтік реттеушілер пайдаланады. Бірақ, құқық процедура (нормативті) ретінде тереңірек көрінеді: құқық жүйесінде көптеген процедуралық салалар бар (азаматтық процессуальдық, қылмыстық процессуальдық). Процедура іске асыру ретінде және заң нормаларын басып шығаруға қолданылады.

12. Құқық интеллектуальды еріктегі реттеуші ретінде әрекет етеді. Құқық — арнайы заңдылықтағы таза құқықтық тетік қана емес, сонымен қатар, психологиялық тетік: ол адамның еркін, тек оның санасына байланысты реттейді. Белгілі жағдайда, құқықты билік сипаты бар ақпарат жүйесі ретінде қарауға болады, себебі, субъектілердің еркін, тәртібін саналы түрде басқара алады.

13. Құқық **мемлекетпен тығыз байланыста**. Себебі, мемлекет қоғамды нормативтік-құқықтық актілерді шығару арқылы реттейді (сонымен қатар, нормативтік-құқықтық актілер шығару үшін өз өкілдігін беру арқылы, белгілі дәстүрлерге санкция беру, заңды прецеденттер жасау), яғни «заңға айналдыру».

14. Құқық мемлекеттің күштеуімен қорғалады. Басқа әлеуметтік нормалар ондай мемлекеттік күштеу арқылы іске асыру мүмкіндігімен қамтамасыз етілмеген (мұнда әңгіме мемлекет жағынан оны қолдау туралы болып отыр).

15. Құқықтың түсінігі құқық бұзу түсінігіне кіргізіледі. Құқық адам құқықпен белгенген тәртіптің қоғамға қауіпті деген жерін бұзғанда қажет. Яғни, құқықтың белгісі ретінде оның әр уақытта тәртіп нормасынан асып, кеңдік жағдайға кез болу мүмкіндігін атауға болады. Құқықтың түсінігін анықтайтын теориялар өте көп. Мұның өзі заңдылыққа жатады. Себебі, ешқандай анықтама түсініктің барлық белгілерін толығымен қамти алмайтындығы белгілі.

Жоғарыдағы көрсетілген белгілерге қарап, **құқық** дегеніміз, ресми қайнар көздерде құпталған, мемлекетпен кепілденген қоғамның ішіндегі процестерге қатынасушылардың әлеуметтік маңызды тәртіптерін қызығушылық теңдіктің негізінде қоғамның барлық салаларындағы құқықтық қинауды келісілген ерікке сай реттейді.

Жалпы бұл бағыттағы ең нәтижелі жұмыс әрбір анықтамаларды қалыптастыру емес, құқықтың қасиетін терең зерттеу арқылы құқықтық түсінікті жетілдіру болып табылады.

## **2. Құқықтың нысандары (құқықтың қайнар көздері): түсінігі және түрлері**

Құқықтың әлеуметтік реттеуші ретіндегі объективтік қасиетіне формальды белгілік (определенность), яғни нысандағы белгілік жатады. Құқықтық нормалар міндетті түрде объективті болуы керек, сырттан көрініп, әртүрлі нысандардың мазмұнында болуы тиіс, себебі өмір сүрудің жолы, өмірдің нысандары. Онсыз құқық нормаларының барлығының жекелігін мойындауға болмайды, олар сырттай объектіленбесе, өзінің тәртіпті реттеу мақсатын орындай алмайтындығы айтпасақ та түсінікті.

Мәселені осылай қойсақ, табиғи құқықтың барлығына, адам құқығының бөлінбейтіндігіне қарсы шыққандық болып түсінілуі мүмкін, себебі ондай жағдай, бұрыннан позитивті (жазба) құқыққа қарсы қойылған. Бірақ, дүниежүзілік тәжірибеде адам құқығының дамуы мен толыққандылығы олардың жазба құқығында бекітіліп, нормативтік-құқықтық актілер арқылы іске асырылу мүмкіндігі көрсетілген. Профессор А. Б. Венгеровтың айтуы бойынша, ХХ ғасырда құқықтың белгісіне байланысты табиғи-құқықтық ережелер мен адамның өмір сүруінен шығатын (оның негізгі құқығы мен бостандығы) және басқа құқықтық ережелердің арасындағы өзгешелік жоғалады. Барлық құқық аясындағы нысан біреу ғана, яғни болады — объективті бекіту барлық тәртіп құқығының актілерінде және басқа қайнар көздерде көрінетін болады.

Бұрынғы табиғи құқық аталатын жағдай қазіргі көзқарасқа, ойларға сай құқықтың объективтік негізін, қоғамның құқықтық талабын құрады. Ал мемлекеттің міндеті — бұл мазмұнды ресми актілерге кіргізу.

Құқықты сырттан объективтікке айналдыру проблемасымен көптеген түсініктер және терминдердің байланыстылығына сай соны талдап білу қажет. Мысалы, «құқық нысаны» мен «құқықтық нысанды» айыра білу қажет. **Құқықтық нысан** деп негізінен құқықтық құралды атайды (егер олар әлеуметтік мәселелерді шешу үшін жанама түрде пайдаланылса). Мысалы, экономиканы құқықтық реттеу нысаны.

Құқықты объективтілікке айналдыру нысанымен, қатар (бұл кезде оны сыртқы нысан деп атайды), **құқықтың ішкі** нысанын және ұйымдастырылуын түсініп, элементтердің байланысу жолдарын (жүйелі келу теориясындағы құрылымды) зерттейміз.

Құқық нормаларының сыртқы көрінісін **құқықтың қайнар көзі** деп атайды. Бірақ, бұл термин көп мағынада болады. Құқықтың қайнар көзін **формальды мағынада** (құқық нысаны) былай бөледі:

а) **материалды мағынада** (қоғамның өмірінің материалдық жағдайы, әр уақытта объективті түрде, құқықтың пайда болуын, құқықтық реттеудің қажеттілігін талап етеді);

ә) **құқықтың ғылыми қайнар көзіне** өткен дәуірдегі заңдардың мәтіндері, жылнамалары, тарихи хроникалары жатады;

б) құқықтың қайнар көзі **идеологиялық мағынада** — қоғамның құқықтық санасы, көзқарастар, идеялар, заңды доктриналар.

**I. Тарихи бірінші құқық нысанына** (құқықтың қайнар көзі формальды мағынада) құқықтық дәстүр — мемлекет санкция берген дәстүр жатады. Мазмұны бойынша ол шын мәніндегі тәртіптердің жолы, бірақ мемлекеттің — қыстау арқылы іске асыратын мүмкіндігімен пайдаланады: егер үйреншікті күш жұмыс істемесе, оған мемлекет араласады. Әдет-ғұрыптарға мемлекеттік санкция беру екі жолмен жүргізіледі:

а) нормативтік-құқықтық актіде (әдетке сілтеу) әдет-ғұрыптың негізгі нормаларын бекіту арқылы;

ә) әдет-ғұрыпты сот шешімдерінің нормативтік негізі ретінде пайдалану арқылы. Егер, норма (тәртіп) әдет-ғұрып түгелімен нормативтік-құқықтық актінің мәтінінде толығымен қайталанса, құқықтың қайнар көзі (құқықтық әдет) әдет-ғұрып дербестік қасиеттілікті қабылдамайды: әдет-ғұрып нормалары қазірде нормативті заңды нысанда не сот прецеденті ретінде өмір сүреді.

Әдет-ғұрыпқұқығыертекездегіқұқықжүйесініндамукезендерінде үстемдік етті. Дегенмен, ол қазіргі кездегі АҚШ-тың, Англияның, ФРГ-ның құқықтық жүйелерінде және мұсылман құқығында пайдаланылады. Әдет-ғұрыптың маңызы Азияның, Африканың және Мұхиттағы даму үстіндегі елдерде жоғары бағаланады. Әдет-ғұрып халықаралық құқықтың қайнар көзі ретінде БҰҰ-ның 1980 жылғы Тауарларды халықаралық алып-сату конвенциясында мойындалған.

**II. Құқықтың қайнар көзінің екінші түрі — сот прецеденті.** Сот прецеденті құқықтың қайнар көзі ретінде көне Римде (преторлық құқық) мойындалған. Ондай мойындау орта ғасырда да болған. Құқықтың қайнар көзі — сот прецеденті қазіргі кезде англо-саксондық жалпы құқыққа да таралды (Англия, АҚШ, Канада, Австралия). Барлық елдерде сот есебі жарияланады, одан прецеденттер туралы ақпарат алуға болады. Прецедентті құқықтың қайнар көзі ретінде мойындау — соттағы құқықтық шығармашылық функцияны мойындау, мұндай жағдайда шын мәнінде жоғарғы

құқықтық мәдениет, сот жүйесі сияқты дамыған құқықтық сана, демократиялық дәстүр жөніндегі ақпарат жүйесі және әлеуметтік бақылаудың нәтижелері болып табылады.

Соттар прецедентті «тудырмайды», оларды жасап шығармайды. Прецеденттердің көмегімен соттар қоғамда бұрын құрылған нормаларды бекітеді. Сот прецедентті қажетті заңның жоқтығынан не сол сияқты бар кезде де құрады.

**Прецеденттер барлық соттармен жасалмайды, тек жоғарғы инстанциядағы соттармен белгіленеді.** Англияда ондай инстанциядағы соттарға Жоғарғы, апелляциялық және лордтар палатасының соттары жатады.

Ресейдің құқықтық жүйесінде сот прецеденті арнайы түрде құқықтың қайнар көзі ретінде мойындалмаған.

Мемлекеттің басқару аясының қызметінде құқықтың қайнар көзі **әкімшілік прецедент болуы мүмкін.**

Сонымен, **заң прецеденті** (сот не әкімшілік) — сот және әкімшілік шешімдері мұндай жұмыстарды қарағанда үлгі (эталон, үлгі алатын) ретінде пайдаланылды және заңды тәртіпке айналды. Сот прецеденті — бұл соттың шешімі, онда сот ізденіп өз жұмысын шешу үшін жаңа заң нормаларын табады және пайдаланады, яғни прецедент болып аталуы үшін бірегей ғана сот шешімі болуы қажет. Сонымен қатар, «жалпы құқық» елдерінде прецедент бірнеше соттардың шешімімен құрылады.

**III. Құқық нормаларының қайнар көздерінің бірілетінде, яғни үшіншісі ретінде нормативтік-құқықтық келісімді атауға болады.**

Барлық құқықтық жүйелерде келісімдердің маңызы құқық белгілеуші ретінде мойындалады. Бірақ, оны құқықтың қайнар көзі ретінде басқа құқықтық келісімдерден, жекелеген заңды актілерден (мысалы, азаматтық құқықтағы сату-сатып алу келісімі) айыра білу керек. Себебі, оларда заңды тәртіпті белгілемейді, тек нақты субъектілердің нақты құқықтары мен міндеттерін белгілейді. Нормативтік-құқықтық келісімдер ретінде субъектілердің өзара сөз байласулары көрінеді, өйткені онда жаңа заң тәртіптері бар. Келісімнің құқықтың қайнар көзі ретіндегі маңызы халықаралық және конституциялық құқықтар үшін көбірек қажет, себебі, нарықтық қатынастардың дамуына байланысты азаматтық және еңбек құқықтарының аясында таралады. Жалпы алғанда, нормативтік-құқықтық келісімдердің заң нормаларының қайнар көзі ретінде үлкен болашағы бар.

**IV. Құқықтың төртінші (ең маңызды) қайнар көзіне нормативті актілер жатады.**

**Занды доктриналар** (құқықтық теориялар, құқық туралы ілімдер) құқықтың төртінші (ең маңызды) қайнар көзіне жатады. Оның үлкен маңыздылығы Ежелгі Рим құқығына әсер етті. Белгілі Рим юристеріне соттарға міндетті түсініктеме беруге құқық берілген. Қазіргі кезде заңды доктриналар мұсылман құқығының шығу көздеріне айналды. Англиядағы соттар өздерінің кейбір шешімдерін ғалымдардың жұмыстарынан табады, соған сүйенуге тырысады.

Көп елдердегі континентальдық және жалпы құқықтардың қайнар көздеріне **құқықтың жалпы принциптері (қағидалары) жатады.**

### **3. Нормативтік-құқықтық акт: түсінігі және түрлері**

Нормативтік-құқықтық акт құқықтың негізгі нысаны ретінде «жазулы» құқық елдерінде пайдаланылады. Ол өзіне тән негізгі сипатымен белгіленеді, яғни ол бір жағынан, **заң нормаларының қайнар көзі болып** табылады, ал екінші жағынан, **құқықтық актілердің түрлеріне жатады.** Сонымен, **нормативтік-құқықтық акт:**

- а) заң нормаларын ұстайды;
- ә) арнайы жазбаша акт-құжат болып саналады;
- б) мемлекеттің ерекше шығармашылық әрекеттерінің нәтижесі.

Нормативтік-құқықтық акт өкілеттік заңдар тәртібінде не болмаса референдум арқылы қабылдануы мүмкін, бірақ әр уақытта мемлекеттің еркін көрсетуі қажеттілік.

Нормативтік-құқықтық актіні оның жоғарыдағы көрсетілген белгілерін есептей отырып, заңды нормаларды бойына сіңірген және белгілі процедуралық нысанда қабылданатын арнайы жазба акт-құжат ретінде білуіміз керек:

- а) мемлекеттің міндетті органдарымен;
- ә) өкілетті заңдар тәртібінде;
- б) референдум тәртібіндегі.

Нормативтік-құқықтық актілерді басқа құқықтық актілердің түрлерінен айыра білу қажет — жекелеген заңды актілерден, ең маңыздысы құқықты қолдану актісінен. Оларды біріктіретін жалпы заң табиғаты, әрқайсысының мемлекеттік-билік ұйғарымдары бар, бірақ қолдану актілерінде бұл ұйғарымдар жекеленген, нақтылық (субъектілерге және мазмұндарына байланысты) сипатта болады.

**Нормативтік-құқықтық актілердің негізгі мақсаттары** — құқық нысандары басқадағыдай — құқықтық ақпаратты сақтап, жөнді

жағдайда қажетті жерлерге жеткізеді. Бұл жағынан нормативтік-құқықтық актілер өте қолайлы жетілген құқық нысаны — мемлекет және «жәй» субъектілер үшін. Мемлекет сол арқылы жедел түрде құқықты реттейді, қоғамның құқықтық қажеттілігіне көңіл аударады, барлық қоғамдық процестерді басқару жұмысын үйлестіреді.

**Нормативтік-құқықтық актілердің түрлері.** Олар, ең алдымен, **зандарға, қосымша заңдарға, нормативтік-құқықтық актілерге** бөлінеді.

Заң мынадай белгілерден тұрады:

а) мемлекеттің жоғарғы билік органдарымен не референдум арқылы қабылданады;

ә) оған ең жоғарғы заңдылық күш тән және құқықтың басқа қайнар көздеріне қарағанда үстемдігі басым;

б) қабылданады, өзгертіледі және ерекше процедуралық тәртіппен толықтырылады;

в) маңыздылығы жоғары әлеуметтік аяны реттейді, өте маңызды қоғамдық қатынастарды, құқықтық реттеудің басын бекітеді;

г) қоғамның қызығушылығы мен еркін көрсетуі міндетті;

ғ) бірыңғай нормативті (басқа нормативті құқықтан айырмашылығы, тек құқық нормаларынан тұрады жекелеген-билік ұйғарымын, «вкрапленияны» алуы мүмкін.

Заңдар, өз жағынан, **конституциялық** және кәдімгі заңдарға бөлінеді. Конституциялық заңға мыналар жатады:

а) **Конституция** (мемлекеттің негізгі саяси-құқықтық актісі);

ә) Конституцияның өзіне толықтырулар мен өзгертулер енгізетін заңдар;

б) заңдарды қабылдаудың қажеттігін бекіткен заңдар.

Кәдімгі заңдарды **кодификациондық** (заңдардың негіздері, кодекстер) және **ағымдағыға** бөлуге болады. Федеративтік мемлекеттерде заңдар **федералдық** (жалпы федералдық) және **Федерацияның субъектілерінің заңдары**.

**Қосымша нормативтік-құқықтық актілер** — заңдарға міндетті түрде негізделуі қажет және оған қайшы болмауы керек.

Қазақстан Республикасындағы заңға қосымша (иерархия негізінде) нормативтік-құқықтық актілерге төмендегілер жатады:

а) ҚР Президенттің жарлығы;

ә) ҚР Үкіметінің нормативтік актілері;

б) Атқарушы биліктің орталық органдарының нормативтік актілері (министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ведомстволар).

Нормативтік-құқықтық актілердің ерекше түрі ретінде тек мекемелерде, өндіріс орындарында әрекет істейтін локальды нормативтік актілерді айтамыз (уставтар, ережелер, т.б.).

#### **4. Субъективті заңды құқық. Субъективті заңды құқық пен субъективті заңды міндеттердің өзара байланыстары**

Юриспруденцияда «құқық» деген сөз бір-бірімен байланысты, бірақ екі құбылысты көрсетеді: оның біреуі **объективтік құқық**, екіншісі **субъективтік заңды құқық**.

**Объективтік құқық** — әлеуметтік нормалардың бір түрі, әлеуметтік реттеуші, яғни «жалпылама құқық» сияқты.

Бұл мағынада құқық туралы көпжақты айту мүмкін емес сипатта болады: егер әңгіме «құқық» туралы болса, субъективтік құқық туралы айтылғанын білуіміз керек. Объективтік құқық субъективтік құқықпен байланыссыз қаралса, ол жәй «құқық» деген атаққа ілінеді: азаматтық құқық, әкімшілік құқық, т.с.с.

**Субъективтік заңды құқық** — объективтік құқықпен тығыз байланыстағы онымен қамтамасыз етілген, соның негізінде пайда болған, бірақ сапа жағынан айырмашылығы бар, яғни басқа құбылыс. Осы мәселені талдай отырып, екі проблеманы бөліп қарауымыз керек:

- а) құқықтағы объективтік және субъективтік проблемалар;
- ә) объективтік құқық және субъективтік заңды құқық.

Біріншісі, философиялық сипатта және оның мәні сонда, қоғам өміріндегі қандай құбылысты заңгерлер қай дәрежеде «объективтік құқық», ал қандай дәрежеде субъективтік аталатынын көрсету. Біздің қарастырып отырған проблемамыз юриспруденция аясындағы субъективтік құқық, мұнда «субъективтік» болып аталуының бір-ақ себебі бар субъектіге тікелей қатысы барлардың бәрін жатқызамыз. Сондықтан, оны «субъективтік» емес «субъектілік» деп атауға да болады. Кейде, соған байланысты мынандай анықтаманы кездестіруге болады: «субъективтік құқық — субъектінің құқығы». Осындай спецификалық жағдайда, құқықтанудағы тағы бір сапасы жағынан бөлек түсінік «құқық» әлеуметтік нормалардың ерекше түрі ретінде мынандай абсурдты қорытындыға келуге болады: субъективтік заң құқығы дегеніміз, әйтеуір бір нормалардың жүйесі, неге екені белгісіз, жеке субъектіге жатады.

Сондықтан, субъективті заңды құқықтың анықтамасын белгілеген кезде, үш сөздің әрқайсысына түсінік беріп, сол терминнің мазмұнын ашып көрсетуіміз қажет:

- а) неге ол «субъективті»;
- ә) «заңдылық» деген нені білдіреді;

б) бұл кезде «құқық» деген сөзге қандай мән беріледі.

**Субъективті заң құқығы**— құқық субъектігіне заң нормаларымен оның қызығушылығын қанағаттандыруға құқықтық қатынастағы мүмкіндік тәртібінің өлшемін белгілеуге берілген құқық және ол басқа субъектінің корреспонденттік міндетімен қамтамасыз етіліп, мемлекетпен кепілденген құқықтық қатынас.

Бұл анықтама төмендегідей белгілерге негізделген:

1. Мұндағы әңгіме белгілі тәртіптің **мүмкіндігі**.

2. Мұндай мүмкіндік көрінгенге емес, тікелей **құқық субъектісіне** (құқықтық қабілеттілігі бар адамға) беріледі.

3. Құқық субъектісіне **оның қызығушылығын** қанағаттандыру үшін беріледі.

4. **Құқықтық қатынастарда** өмір сүреді.

5. Тәртіп өлшеміне сай өзінің шекарасы бар. Ондай өлшемді бұзу, құқықты дұрыс қолданбағандық.

6. Субъективті заң құқығы **белгілі заңды міндеттілікпен байланыссыз** өмір сүре алмайды.

7. Корреспонденттік заңды міндеттері бар органдар үшін іске асыру, мемлекеттің **күш қолдану мүмкіндігімен кепілденеді** не басқа құқық қорғау жолымен жүргізіледі.

8. Заңды табиғаты мынадан көрінеді:

а) белгілі тәртіп мүмкіндігі заң нормаларымен белгіленеді;

ә) ол мүмкіндікті іске асыру мемлекетпен кепілденеді.

Заң нормаларының негізінде пайда болатын субъективті құқықты сипаттағанда, терминнің ішінен «субъективті заңдылық құқығы», «заңдылық» сөздерін алып тастауға болмайды. Себебі, көбінесе былай сөйлейміз: «субъективті құқық және заңдылық міндеттер». Мұнда, қарап отырсақ, **субъективті құқықтар заңдылық болмауы мүмкін**. Өйткені, құқық жалғыз ғана әлеуметтік реттеуші емес екендігі белгілі. **Сондықтан, қанша әлеуметтік нормалардың түрлері болса, сонша субъективті құқықтардың түрлері бар**. Мысалы: моральдық нормалардың негізінде субъективті моральдық құқық пайда болады, корпоративтік нормалардың негізінде қоғамдық ұйымдардың мүшелерінің субъективті құқықтары пайда болады т.с.с. Әлеуметтік нормалардың әрекетінің принципті тетігі біреу ғана: норма — фактіге сай жағдай — субъективті құқық және міндеттілік.

Көңіл аударатын мәселе, «құқық» көп жағдайда заңды емес құбылыстарға пайдаланылады. Мысалы, формальды заңдылық мәні жоқ мынандай сөз тіркестерін айтуға болады: «табиғи құқық», «адам құқығы».

Субъективті заңды құқық, объективтік құқық сияқты өзінің «ішкі дүниесі» бар: өз элементтері, ішкі ұйымы, белгілі құрылымы. Оның элементтерін құқықты деп атайды. Белгілі орыс ғалымы, құқықтанушы Н. Г. Александров субъективті заңдылық құқықтың құрамындағы мына үш құқықты (правомочия) бөліп айтуды ұсынды:

1) Түр.

2) Оны ұстаушының тәртіптілік мөлшері.

3) Міндетті адамнан белгілі тәртіп мөлшерін талап ету мүмкіндігі және қажетті жағдайда мемлекеттік аппараттың қыстайтын күшіне жүгіну мүмкіндігі. Егер қысқаша көрсетсек, былай бөлінеді:

а) жөнді әрекет жасауға құқығы;

ә) талап ету құқығы;

б) жауапқа тарту.

Субъективті заңды құқықтың диалектикалық қарама-қайшылығына **субъективті заңды міндеттер жатады**. Олар айырылмайтын байланыста және бірінсіз бірі өмір сүрмейді. Бір субъективтінің құқығы іске асырылмайды, егер сондай міндеттері бар екінші субъективтінің құқығы іске асырылмаса, міндеттіліктің болуы субъективті құқықсыз мағынасыз болады. Сондықтан, белгілі тезис «құқық міндетсіз болмайды» әлеуметтік адалдықтың жалпы басын көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар, заң нормаларының әрекетінің механизмінің құқықтық заңдылығын көрсетеді.

**Субъективті заңды міндеттер** — бұл заң нормаларымен субъектіге тапсырылған құқық, мақсаты құқықтық қатынастардағы өкілетті субъектінің қызығушылығын қанағаттандыру, қажетті тәртіп өлшемін белгілеу, іске асырылуы мемлекеттік қыстау аппараты арқылы жүргізілу мүмкіндігі.

Субъективті заңды міндеттердің анықтамасы, оның мынандай сипаттамасын көрсетеді:

1. Өңгіме белгілі тәртіптің қажеттілігін (долженствовании).

2. Құқыққа не құқыққа қабілетті адамға.

3. Құқық берілген субъектінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін құқық субъектісіне жүктеледі.

4. Құқықтық қатынастар болады.

5. Қажетті тәртіптің өзіндік шегі болады.

6. Субъективті заңды құқықпен байланыссыз өмір сүре алмайды.

7. Іс жүзіне асыру мемлекеттің күштеу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

8. Заңды табиғаты бар, ол мынадан көрінеді:

а) белгілі тәртіптің қажеттілігі субъектілерге арналған заң нормаларына жүктеледі;

ә) іс жүзіне асыру мемлекеттің күштеу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Субъективті заңды құқық және міндеттілік, басқа көптеген диалектикалық қарама-қайшылық сияқты жалпылама жолы бар, соған қарамай бір-бірінен көп айырмашылығы бар. Оларды біріктіретін, **біріншіден**, жалпы заңды табиғаты және құқық, міндеттілік заң нормаларынан шығады және мемлекетпен кепілденеді. **Екіншіден**, құқық та, міндеттілік те тәртіп мөлшері болады. Сонымен, бірге, құқық — тәртіп мөлшерінің мүмкіндігі, ал міндеттілік — қажетті (керек) тәртіп мөлшері. Бұл айырмашылықтың мәнін мынадан көруге болады: **біріншіден**, құқықтың іске асырылуы өкілетті адамның еркіне байланысты болады, **екіншіден**, міндетті адамның еркі бұл қатынаста қатал төмендетілген (детерминирован): ол өзінің міндетін өзі іске асыруы қажет.

Құқық пен міндеттіліктің айырмашылығы сонда, егер бірінші — өзін ұстаушы үшін игілікті болса, екіншісі — өзін алып жүрушінің қызығушылығы үшін істелмейді, басқа адамның қызығушылығы үшін — заңды өкілмен істеледі.

Қорыта келе айтарымыз, жалпы субъективтік міндеттілік те субъективті құқық сияқты, заңды емес болуы мүмкін, субъективті моральді міндеттілік, қоғамдық ұйымдардың мүшелерінің субъективтік міндеттері, т.с.с.

## **5. Құқық және заң**

Құқық пен заңның арақатынасы туралы проблемалар көне заманнан бері көтеріліп, бір мезгілде пайда болған (Демокрит, Софистер, Сократ, Платон, Аристотель, Эпикур, Цицерон, Рим заңгерлері) және осы уақытқа дейін құқықты түсінуде ортақ проблемалардың бірі болып саналады.

Бұл проблеманың мазмұнына үңілсек «заңды» қатал, арнайы мағынадағы заң деп түсінбейміз (тек жоғарғы биліктің актісі және жоғарғы заңның күші ретінде түсінеміз), ал барлық арнайы заң нормаларының қайнар көздеріне заңдар, жарлықтар, қаулылар, заңды прецеденттер, санкцияланған дәстүрлер жатады.

Құқық пен заңның айырмашылығына байланысты көптеген концепциялар бар. Дегенмен де, **екі принципті** бағытты алайық:

а) **Құқық** — мемлекеттік биліктің туындысы және барлық арнайы құқық нормаларының қайнар көздерін, олардың мазмұнына қарамай құқық деп есептеуге болады;

ә) **Заң** өз мәніндегі субъектімен және өз мәніндегі процедуралық нысанға сай қабылданған болса да, құқықтық мазмұны болмауы мүмкін, **құқықтық емес заң** ретінде саяси бассыздықты көрсетеді.

Ең алғаш рет жоғарыдағы ойды белгілі құқықтанушы және құқық теоретигі Г. Ф. Шершневич айтқан. Ол кісінің ойынша, мемлекеттік билік барлық құқық нормаларының қайнар көзі болып есептелген.

Қазір осы проблеманы зерттеуші, профессор В. С. Нерсеянц тек **құқықтық заңды** ғана құқық ретінде есептеуді ұсынды.

Қызметтегі заң нормалары («позитивтік құқық»), ол кісінің айтуы бойынша, құқықтық болады (өзінің түсінігі мен мазмұны бойынша) тек сондай өлшемде, егер оларда индивидтердің формальды теңдігі мен формальды бостандығының принциптері нормативті түрде көрсетілсе және жұмыс үстінде болса. Мұндай қиын проблемаларды шешу үшін, бір жағынан, жалпы құқық пен мемлекеттің арақатынасынан және бір-бірімен келісімділігінен, ал екінші жағынан, нысан мен мазмұнның жалпы философиялық заңдылықтар бойынша байланыстарына сүйену қажет.

Мемлекет пен құқықтың жекелігі (даралығы), мемлекет құқықты мағынасында туғызады және қоғам дамуының нәтижесінде пайда болғандығы мойындалған. Сондай деңгейде, мемлекеттен қазіргі кездегі құқық құру процестері тәуелсіз: олар қоғам организмінің қойнауында жүріп өздерін тұрақты, қайталанатын әлеуметтік қатынастар мен актілердің түрінде көрсетеді, қоғамдағы құқықтың талаптары ретінде құрылады және қоғамдық санамен белгіленген. Ал мемлекеттің жұмысы — адалдыққа негізделіп, сол талаптарды көрсету (табу), оларды заңға айналдыру, яғни арнайы қайнар көздерде жалпыға бірдей тәртіп жолдары ретінде бекіту. Сонымен, құқық мазмұн мен нысанның бірлігі ретінде қоғам мен мемлекеттің бір-бірімен келісімділігінің нәтижесі болып табылады.

Құқықтың мазмұны (тәртіп жолының өзі, құқықтың ақпараттық жағы) объективті түрде, әлеуметтік процестердің ықпалымен құрылады, ал құқықтың нысанын мемлекет белгілейді.

Құқық пен заңды айыру кезінде, көңілді тек проблеманың бір ғана жағына аударады — құқықтық нысан мазмұнының (заңның) үздіксіз болу мүмкіндігі. Дегенмен, мынандай сұрақ туады: жалпы құқық әртүрлі нысандардың сыртында объективтендірілмей өмір сүре ала ма? Бұл сұраққа жоқ деп жауап береміз: құқық оған дейін және оның сыртында өз нысанынсыз (заңсыз) болуы мүмкін емес, болмайды да. Өйткені, «табиғи құқық» дегеніміз, шын мәнінде, табиғи-әлеуметтіктің басы, ол заңды ұйғарымдардың мазмұнын белгілеуі керек, ал құқық осы күнгі құқықтың қасиеті туралы

пікірлерге қарағанда өз мағынасында болмайды. Осы туралы В. С. Нерсисянцтың айтуы бойынша, табиғи құқық пен позитивтік құқықты бөлу — құқық пен заңның арақатынасы туралы көптеген мүмкін версиялардың тек біреуі ғана. Қазіргі кездегі құқық пен заңды бөлудің мазмұны табиғи құқық пен заңды қарсы қоюдан түрмайды, керісінше **позитивті құқықтың өзінің мазмұны мен нысанының бір-біріне сәйкестігін белгілеу болып табылады.**

Құқық пен заңның арақатынасын сипаттағанда тек төмендегідей тұрғыдан белгілеуге болады:

**1. Құқық пен заңды айыру қажет.** Заң (нормалардың қайнар көзі) — бұл құқықты сырттай объективтендірген көріну нысаны, ал құқық — сол нысан мен мазмұнның бірлігі (тәртіп жолы).

**2. Құқық оған дейін де және заңнан тыс та бола алмайды.** Нысан — құқықтың өмір жолы, оның өмір сүруі. Профессор Мушинскийдің сөзімен: «Барлық қазіргі құқық жүйесі заңдардың мундирлерімен киінген».

**3. Заңдардың құқықтық емес мазмұндары болуы мүмкін,** осы көзқарасқа байланысты, бос мазмұнсыз нысан болуы мүмкін — «құқықсыз заң» (заңның құқықтық не құқықтық емес мазмұны жалпы табиғи — құқықтық бастаманың негізінде белгіленеді, сонымен қатар, сол қоғамның нақтылы тарихи өміріне байланысты).

Мұндай жағдай жалпы заңдардың қатынастарының нысандары мен мазмұндарының құбылыстарына жауап береді. Мұнда мазмұнсыз нысан орын алуы мүмкін (ол мазмұнсыз, әрине, берілген қатынаста: онда «қалай болса да» мазмұны бар. Мысалы, қағаздан орындықтың нысанын **имитировать** етуге болады, ол сыртқы жағынан оған өте ұқсас болады. Дегенмен, белгіленген көзқарасқа байланысты, орындық функциясы, (бұл конструкция) тікелей мазмұнсыз: орындық тек нысанына байланысты. Басқа жағынан, орындықтың орнына жалпы ешқандай нысаны жоқты пайдалану мүмкін емес.

## **6. Құқық әлеуметтік нормалар жүйесінде**

Норма (латын. «пошта» — өлшем, тәртіп, үлгі, стандарт. Нормалардың әртүрлі объектілер мен процестерге қатысы бар: табиғи, техникалық әлеуметтік. Нормалар әртүрлі объектілердің қызмет істеуге қабілеттілігінің шегін көрсетеді, өзімен-өзі қалады (өз маңызын жоймайды). Әлеуметтік емес нормалардың тікелей адамға қатысы бар. Мысалы, адам денесінің температурасы, температураның нормасы. **Әлеуметтік нормалар — бұл адамдардың қоғамдағы тәртібін реттейтін ереже.** Олар мынандай сипатта болады:

1. **Әлеуметтілік.** Олар әлеуметтік аяны реттейді, оған өзін қосады:

а) адамдарды;

ә) қоғамдық қатынастар, яғни адамдар мен олардың ұжымдарының арасындағы қатынастар;

б) адамдардың тәртібі. Сонымен, әлеуметтік нормалар әлеуметтік құрылымды құрады және адамның әлеуметтік маңызы бар тәртібін реттейді.

2. **Объективтік.** Қоғам — қиын әлеуметтік организм ретінде (жүйе) объективті түрде реттеуді қажет етеді. Әлеуметтік нормалар тарихи заңдылықпен, әлеуметтік қажеттіліктің қысымы арқылы құрылады. Олар нормативтік жинақтаудың қайталанатын қоғамдық қатынастары мен адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын белгілеудің нәтижесінде пайда болады. Қоғамға қажетті қатынастар мен адамның қызметі туралы актілер және оны бекіту, қайтадан жаңарту қажеттілігі, әлеуметтік-нормативтік реттеудің феноменін туғызады. Сонымен қатар, әлеуметтік нормалардың құрылуына маңызын тигізген **субъективтік факторларды есепке алу қажет.** Олар қоғамдық санаға сіңбей пайда болуы мүмкін емес: әртүрлі әлеуметтік нормалардың қажеттігі қоғамдық санаға байланысты болады.

3. **Нормативтілік.** Әлеуметтік нормалар жалпы сипатта болады, тәртіптің кейіпті реттеушісі ретінде әрекет жасайды. Олардың кімге бағытталғаны анық көрсетілмей (аталмаған), тек олардың кейіптік белгілері жасы, есі дұрыстығы не болмаса, заңды тұлғаның статусына қойылатын жалпы талаптары арқылы белгіленеді.

Нормативтілік, әлеуметтік нормалардың қайталануының көптігіне байланысты көрінеді: әлеуметтік нормалар әр уақытта оның реттеу процесіне түсетін, алдын-ала белгіленген кейіптік жағдайы туғанда пайда болады. Мұндағы көңіл аударатыны сол, әлеуметтік нормалар мазмұнына сай кейіптік жағынан белгіленіп, тәртіптің жалпы үлгісі ретінде болады.

4. Әлеуметтік нормалар **жеке адамның бостандық өлшемі**, оның әлеуметтік кеңейуін, тәртіп белсенділігін, қызығушылығын қанағаттандыру жолының, қажеттілігін белгілеуші.

5. **Міндеттілік.** Әлеуметтілік нормалар әлеуметтік қажеттіліктің нормативтік көрінісі ретінде әр уақытта міндетті, ұйғарымды сипатта болады.

6. **Процедуралық жағдайы.** Әлеуметтік реттеуге процедуралық жағдай тән, яғни процедуралық нысанның болғандығы, әлеуметтік нормалардың іске асырылуындағы тәртіптің нақтылы бөлінуі.

7. **Санкция берілушілігі.** Әрбір нормативтік реттеушінің өзінің ұйғарымының іске асырылуын қамтамасыз ететін тетігі болады.

8. **Жүйелілік** жеке нормаларға тән, сол сияқты, қоғам көлеміндегі олардың ауқымдылығы. Қандай оқиға болса да, қоғам сондай жүйені құруға, олардың жүйелілік сапасының жетілуіне, әлеуметтік нормалардың түрлерінің арасындағы бір-бірімен келісімділікті жөндеуге ұмтылуы қажет.

Қоғамда саяси, құқықтық, моральдық, діни, корпоративтік салт-дәстүр нормалары және басқа әлеуметтік нормалар қызмет етеді. Мұндай әртүрлілік қоғамның нормативтік қалпында бір-бірімен келісімділікте болады. Олардың реттеушілік ерекшелігін салыстыруды қайнар көздерінің құрылуын, реттеу пәндерін, ішкі ұйымдасу сипатын (деңгейін), өмір сүру нысанын (сырттан объективтендіру) реттеу ықпалының жолын, өз нормаларын іске асыру тетіктерін (әдіс, құрал) есепке алу арқылы жүргізу керек.

Негізгі әлеуметтік реттеушілерге құқық және мораль жатады.

**Саяси нормалар.** Кең мағынада құқықтық нормаларды саяси нормаларға жатқызуға болады. Саясаттың құралы заң деген көзқарас болса да, құқықты олай деп есептеуге болмайды: оның табиғи негізі бар және қоғамдағы жеке адамның бостандығының өлшемі ретінде көрінеді.

Саяси нормалар, ең алдымен, мазмұнына және реттеу пәнінің аясындағы қызметіне байланысты көрінеді. Сондықтан, олар тек саяси құжаттарда ғана болмай, нормативтік-құқықтық актілерде, қоғамдық ұйымдардың актілерінде, саяси этика нормаларында да (мораль) болады. Саяси нормалар нормативтік-құқықтық актілерде бекісе, олар саяси мазмұндағы заң нормалары болып есептеледі. Осы мағынада мемлекеттердің конституциялары нормативтік саяси-құқықтық актілер ретінде көрінеді.

Саяси нормалар қоғамдық сананың аясында саяси ойлардың принциптердің, бағалаудың, бағалы бағыттардың негізінде құрылады. Бұл мағынада саяси нормалар субъектілердің өз әлеуметтік топтарына тән саясаттың ерекше (ең алдымен экономикалық) қызығу-шылығының нәтижесі ретінде көрінеді. Бұдан біз саяси және құқықтық нормалардың жалғыз ғана қайнар көзін көреміз — меншіктік қатынас.

Саяси нормалар субъектілердің қатынасы мен саясатын реттейді: халықтардың, ұлттардың, таптардың, жеке саясаткерлердің, азаматтардың және мемлекеттің.

**Әдет-ғұрып** — тарихи қалыптасқан тәртіп ережесі, сол қатынастардың күшімен көп қайталанып, үйреншікті жағдайға айналған қатынастар. Оларға мынадай сипаттар тән:

а) **Қоғамдық санада болады** (тікелей — қоғамдық психологияда);

ә) реттеу көзқарасы тұрғысынан оларға сырттан аздау деңгей тән, яғни үйғарым реттеушілігі; **олар жеке адамның санасының аясына моральдан да терең өтеді;**

б) **біреуі және сол тәртіп актілерінің көптеген қайталануының нәтижесінде кенеттен құрылады;**

в) сол қатынастар мен тәртіп актілерінің дәл үлгісін (слепки) көрсетеді, ал әдет-ғұрып нормативтік түрде біріктіріледі. Осыған байланысты олардың анықтығы және **нақтылығы** байқалады;

г) әрбір әдеттің өзінің **әлеуметтік негізі бар** (пайда болу себебі) олар бара-бара жоғалуы мүмкін. Дегенмен, әдет өзінің үйреншіктілігіне қарай жалғасуы мүмкін;

ғ) әдеттегідей, олардың **локальды** (жергілікті жағдайдағы субъектілердің ортасында) әрекет аясы болады;

д) қамтамасыз ету құралына **үйреншікті күш және қоғамдық пікір көрінеді;**

е) қоғам көлемінде **біртұтас құрылым ретінде көрінбейді** — жүйе ретінде стихиялық қамтамасыз етілгендігі олардың кенеттен құрылуы және ол процестердің көпке созылуы.

Басқа әлеуметтік нормалардың ішінде әдет өзінің құрылуымен және әрекетімен жекешеленіп көрінеді. Сондықтан, көп жағдайда олар басқа әлеуметтік нормалар нысаны ретінде болады (моральдық нормалар, саяси нормалар, гигиена тәртібі, т.б.) Олар заңды нормалардың нысаны болуы мүмкін (құқықтық әдет). Сонымен бірге, сол және басқа әлеуметтік нормалар әдетке өтерде өзінің меншікті тетік әрекетін, өзінің реттеу ерекшелігін жоғалтады және үйреншікті күшке сүйеніп, әрекет жасайды (мысалы, бұл жағдайда моральдық нормаларда оның бағалау сипаты екінші бағдарға ауысқандай болады). Моральды мазмұндағы әдетті тағы да әдет-ғұрыпты (мінезді) деп атайды.

Әдеттіктің бір түріне дәстүрді жатқызуға болады, пайда болуына көп жағдайда субъективтік факторлар әсер етеді. Қоғам әртүрлі салт-дәстүрді саналы түрде ұйымдастыруға мүмкіншілігі бар және олардың қалыптасуына әсер етеді, сондықтан олардың пайда болуы ұзақ тарихи процестермен қатынасы болуы міндетті емес. Дәстүр көп жағдайда қоғамдық пікірге сүйенеді және адамдардың белгілі идеяларды, бағалылықты, тәртіптің пайдалы нысанын сақтауға арналған ұмтылысын көрсетеді.

**Әдеттілік (іскер әдеттілік)** — мемлекет органдарының іскерлік (шаруашылық, коммерциялық) қызмет процесінде туған әдет заң нормаларымен бірлікте әрекет етеді.

Әдет нормаларына белгілі ережеге сай салтты бағындыру, ол жеткілікті түрдегі тұрмыстағы, жанұядағы, діни аядағы өте қиын процедуралар. Ондай әдеттерді **салт** деп атайды (латын тілімен «*critiafis*»). Әдет нормаларының мерекелік салтты арнайы реттеуін салтанат күру (тойлау) деп атайды.

Құқық және әдет бір-бірімен келіскен жағдайда болады. Құқықтық нормалар қоғамға зиянды әдеттерді ығыстырып отырады (мысалы, кек алу). Ал қоғамға пайдалы, тіпті қажет әдеттерге құқықтық санкция беріледі, бұл сәтте әдет құқықтық әдеттің нысанына айналады. Сонымен бірге, құқықтық шығармашылықта және құқықты іске асыруда әдеттің маңызы моральға қарағанда аздау.

**Қоғамдық ұйымдардың нормалары (корпоративті нормалар)** құқық нормаларына ұқсас:

а) жазбаша нормативтік актілерде — құжаттарда (уставтарда, ережелерде, т.б.) бекітіледі;

ә) жүйе ішінде;

б) ерікті-міндеттілік сипатта анық көрінеді;

в) іске асыруға сыртқы бақылауды талап етеді және сондай бақылауға беріледі;

г) өз нормаларын іске асыруға қажет белгіленген жинақтағы қамтамасыз ету құралдары бар.

Оларды құқық нормаларынан былай айырады: **біріншіден**, олар сол ұйымның мүшелерінің еркін және қызығушылығын көрсетеді және өз әрекетін соларға таратады; **екіншіден**, ең алдымен, ішкі ұйымдастырушылық қатынасты реттейді; **үшіншіден**, арнайыланған (әр ұйым бойынша) ықпал ету шаралары санкцияда көрсетілген.

Құқық нормалары қоғамдық ұйымдардың жұмысын ұйымдастыруға негіз құрады. Құқықтық және корпоративтік нормалар қоғамдық ұйымдардың құқықтық-субъектілігімен белгілеуге бір-бірімен келісімділікте болады (құқықтық қатынастар ортасын, яғни сол қоғамдық ұйымдардың кіретін жерінде) және қоғамдық ұйымдардың қабылдаған шешімдерінің құқыққа сайлығын бағалайды.

**Техникалық заңды нормалар** дегеніміз, диспозиция есебінде (реттеушілік ұйғарымымен) техникалық нормасы бар, санкция есебінде (қорғаушылық нормалар) — заңды нормалар. Сондықтан, оларды техникалық мазмұндағы заң нормалары ретінде бағалауға болады және техникалық нормалардың түрі ретінде түсінеміз.

Техникалық нормалардың табиғаты жөнінде екі көзқарас бар: біреулерінің авторлары жалпы оларды әлеуметтік нормаларға жатқызбайды, басқалары оларды әлеуметтікке жатқызады. Шын

мәнісінде, техникалық нормалардың өз ерекшелігі бар. Олар мазмұнындағы табиғи және техникалық заңдармен белгіленеді (яғни, олар адамнан шықпайтын сияқты); адамдар арасындағы қатынасты белгілі ережеге бағындырмайды да, адамның қатынасын табиғат пен техниканың объектісіне бағындырады (яғни, әлеуметтік емес аяны реттейтін сияқты); оларды қамтамасыз ететін шаралардың орнына негативті нәтижелер: табиғи және техникалық тәртіптерді бұзу көрінеді. Дегенмен де, техникалық нормаларды әлеуметтік нормалардың түрлерінің біріне санау керек (солай болса да арнайылығы көптеу), себебі:

а) барлық әлеуметтік нормалардың басты реттеу объектісіне адамның тәртібі жатады (барлық жағдайда әлеуметтік реттеу қоғамдық қатынастарды белгілеу болып табылады — бұл тек тәртіпті белгілі ережеге бағындыру). Сол объектінің өзіне техникалық нормалар да бағытталған;

ә) техникалық нормалардың әлеуметтік маңызы бар, себебі, техникалық аялардың дамуына байланысты адамның жасанды өмір сүру ортасында көбейе түсетіні белгілі. Бұл кезеңде бұдан артық өзекті «техникалық» нормалар, адам мен табиғаттың байланысын анықтаудан да жоғары бағаланады. Әлеуметтік бағалылығының деңгейіне қарағанда техникалық нормалар көбірек өзгеруі мүмкін және тікелей осы белгінің техникалық нормалардың «әлеуметтілігін» бағалауға үлкен маңызы бар. Мысалы, жөндеп қарау тәртібінің бұзылуының нәтижесінде тұрмыстық техниканың бұзылуы оның әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді.

Көбірек маңыздылығы бар техникалық нормаларға құқықтық санкция беріледі және техникалық заңды нормаларға айналады. Міне осыдан да, техникалық нормалардың әлеуметтік нормаларға жақындығын көрсететін дәлелдерді табуға болады. Техникалық — заңды нормалар құқықтық нормалардың әрқайсысы сияқты, әлеуметтік нормалар болып есептеледі. Техникалық нормаларды құқықтық санкциямен қамтамасыз етсе де, олар өзінің табиғатын өзгертеді: оларда техникалық нормалардың әлеуметтік нормаларға жатқызбайтын негізгі себептері сақталып қалған. А. Б. Венгеров бұл қарама-қайшылықтың шешімін табу мақсатында, заңды-техникалық және нормативтік-техникалық әлеуметтік реттеушілер ретінде түсінуді ұсынған. Бірақ, «реттеуші» түсінігі мұнда «норма» түсінігімен тең емес мағынасында пайдаланылады. Сонымен, зерттеу проблемалары басқа бағытқа, яғни нормативті актілердің деңгейіне ауысады.

Профессор А. Б. Венгеров қоғамдағы нормативті емес әлеуметтік реттеушілердің бар екеніне көңіл аударып, оларға: бағалылықтың,

директивтің (нұсқаудың), ақпараттықтың жататындығын айтқан. Мұнда тек жекелеген реттеушілікке ғана көңіл аударылып отырған жоқ. Көркейтілген реттеушілер жалпы сипатта болады, бірақ анық түрдегі әлеуметтік ұйғарымдарға жатпайды және адамның тәртібіне арнайыланған тетіктер артқылы ықпал етеді.

## **7. Құқық және адалдық**

Құқық адалдықтан бөлінбейді: ол — құқықтың жүрегі. Адалдық табиғи құқықтың негізгі принципі ретінде іштей құқыққа жақын, ол сыртқы мәжбүрлеу күші ғана емес, адалдықпен әрекет жасаудың ұйғарымы іспетті. Бостан босқа «дұрыстық», «шындық», «адалдық» және құқық сөздері айтыла салмаған, олардың негізі бір, осыған байланысты көне түсініктер: «jus» (құқық) және «justitia» (адалдық).

**Құқықтың негізі** — барлық және әрбір адамның қызығушылықтарының адалдық тепе-теңдігін белгілейтін құрал (сайман, нысан), жеке адамның, әлеуметтік топтар-дың, таптардың, әлеуметтік бірлестіктер мен құрылымдардың қызығушылықтары. Тек осы жағдай әр елдің жазылған (позитивті) құқықтарының табиғатының және құқықтық негізінің сай келуіндегі өлшемін көрсетеді. Тек барлық әлеуметтік субъектілердің қызығушылықтарының келісімділігін есепке алу ғана, құқықтық ұйғарымдардың іске асырылуының негізі және кепілі ретінде көрінеді. Сонымен қатар, ең адал әлеуметтік компромисс табиғи компромистің күшіне сай (әр уақытта алдын-ала белгіленген «өз»қызығушылығынан жалпының пайдасына сай бас тартуы) өз жағдайынан шегіну мүмкіншілігін пайдалана отырып, компромистік шешім тәртібіне сай болады, құқық өз табиғатымен солай болады. Міне, осындай кездерде құқық өз ұйғарымымен мәжбүрлеу мүмкіндігін пайдаланып, іс жүзіне асырады: «Адалдық күшпен қолданбаса, күшсіз» (Блез Паскаль).

Дегенмен, тағы да көңіл аударатын нәрсе — мәжбүрлеу құқықтың объективтік қасиеті болса да, ол емес, тек адалдық қана оның негізін белгілейді. Құқық, сонымен қатар, күштеуге емес, адалдыққа сүйенеді, ал күшке тек зорлық, зомбылық сүйенеді.

Адалдық түсінігі көне кездерден бастап зерттелген. Адалдық құқықтың негізі ретінде кең көлемдегі теорияны Аристотель құрды. **Ол адалдықтың екі түрін көрсеткен: теңестірушілік және бөлушілік.**

**Теңестірушілік адалдық** — адамдар бағалы заттармен айырбас жасағанда және шығынды орнына келтіру кезінде басқарушылыққа

алатын құбылыс. Бөлушілік адалдық — адалдыққа тең және тең еместікті мойындайды, әртүрлі адамдардың арасындағы, қоғамдық игілікке қосқанына сай тең емес бөлік.

Адалдық идеясының әрі қарай дамуы Ежелгі Рим заңгерлерімен, оның ішінде Цицеронмен жалғасын тапты. Құқық пен адалдықтың бірлігі рим құқығының формуласында бекіді: «Құқық дегеніміз жақсылықтың және адалдықтың өнері»; «Құқықтың ұйға-рымы мынандай: адал өмір сүру, басқаны жәбірлемеу, әр адамға өз сыйын беру». Белгілі философ А. И. Новиковтың айтуы бойынша, «Тек Римде ғана, адалдық түсінігі философиялық тілдегі талдаудан кейін құқықтық формуланың анық тіліне аударылды».

Орта ғасырда құқық және адалдық, рим құқығын кең көлемде зерттеуге көшкен кезде әрі қарай дамыды, әсіресе, глоссаторлардың мектебіне байланысты. Бұл мәселеге көңіл аударып, маңыз бергендер сол кездегі XVII—XVIII ғғ. алдыңғы қатарлы ғалымдар: Гроций, Гоббс, Монтескье, Вольтер, Дидро, Гольбах және немістің классикалық философиясының өкілдері Кант, Гегель болды. Ол марксизм териясында да өз дамуын жалғастырды.

Қазіргі кезде бұл мәселелерге көңіл аударып жүрген ғалымдар Г. В. Мальцев және А. И. Экимов. Олардың арнайы монографиялары 1977 жылы және 1980 жылы шыққан.

Аристотель айтқандай, адалдықтың негізінде «адалдықтағы теңдік» пен «адалдықтағы теңсіздікті» байланыстыру жатыр. Г. В. Мальцевтің сөзімен, адалдық дегеніміз «теңдік пен теңдік еместің» элементтерінің диалектикалық байланыстары, яғни адалдық өзінмен тең адамдарға, тең қатынас және тең емес адамдарға, тең емес қатынастармен көрінеді. Профессор А. И. Экимов адалдықты «субъектілердің әрекетін өлшеуге әдет-ғұрыппен негізделген белгі ретінде, соларға сай әркімнің қылығына қарай іске асырылатын әртүрлі нәтижелердің түрлерінің пайда болуы» деп анықтайды.

Құқық өз табиғатына сай реттеуші, әртүрлі субъектілерге тең шара қолдану негізінде жұмыс істейді. Және осының өзінде құқықтың адалдығын көруге болады, себебі ондай реттеушілік әртүрлі ауыртпалықты тең көтеруге арналған мөлшерлестік, баланс жасау принциптеріне негізделген.

Сонымен қатар, «құқық теңсіздік», өйткені өзіне тән табиғатына сай әрекет принципінде толығымен адамдардың жекелеген қасиетін есепке алмайды. Белгілі мөлшерде ол субъектілерге заңға сай бостандық құқығын берген кезде орнына келтіріледі. Адалдықтың маңыздылығы құқықты юрисдикциялық аяда қолданғанда арта түседі, әсіресе әлеуметтік келіспеушілікті шешкенде, жаза

белгілегенде. Сонымен қатар, мемлекеттің тарапынан қылмыс жасаған адамға берілетін жаза мөлшері оның жасаған қылығына міндетті түрде сай болуы қажет.

Құқық пен адалдықтың арасындағы қарама-қайшылықтың пайда болуы, тек адал емес құқық нормаларын қолданғаннан ғана емес, мемлекеттің басынан бастап адал емес құқық нормаларын шығаруына да байланысты. Сондықтан, адалдық ең алдымен, мемлекетпен нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау процесінде қамтамасыз етілуі қажет.

Сонымен, құқық бір жағынан шындықтың моральдық бастауына негізделуі міндетті, ал екінші жағынан, қоғам өмірінің заңына адалдықты сіңіретін нысаны болуы керек.

## **8. Құқық және мораль**

Атау «мораль» және «адамгершілік» негізінен бір маңыздылықта пайдаланылады. Ол синоним сияқты. Бірақ та олардың маңыздылығы, бірдейлігі қосымша аспектіде көрінеді (заң ғылымдары бағдарламасының мақсаттарына байланысты). Дегенмен, кейбір этика саласындағы мыналар (мораль туралы ғылым) олардың айырмашылығына көңіл аударады. Гегель де мораль мен адамгершілікті бөліп, құқықты, моральды және адамгершілікті объективті рухтың дамуындағы бірінен соң бірі өтетін үш сатысы (кезені) деп есептеген. Соған сай латынша «mores» деген, басқа емес, «мінез» есебінде. Этика туралы әдебиетте мораль (адамгершілік) қоғамдық сананың нысаны ретінде анықталады және ол әлеуметтік шындықты арнайы, тарихи қамтамасыз етілген жақсылық және жамандық түрінде көрсетеді. Сонымен қатар, олар адамның санасында принциптер, нормалар, идеялар түрінде бекітіліп, адамдардың тәртібін және қоғамның тұтастай дамуын реттеуге бағытталған.

**Құқық және мораль** — адам тәртібінің негізгі әлеуметтік реттеушісі. Олардың жалпы ерекшеліктері, бір-бірінен айырмашылықтары бар және бір-бірімен келіскен.

### **Жалпы ерекшеліктері:**

а) әлеуметтік нормаларға жатады және жалпы нормативтік қасиетке ие;

ә) негізгі тәртіпті реттеуші;

б) жалпы мақсаты бар — стратегиялық мақсатына байланысты адамдардың тәртібін, қоғамды тұтастық ретінде сақтау және дамыту;

в) жоғарғы адамгершілік принцип ретінде адалдыққа негізделеді;  
г) индивидтердің бостандығының өлшемі ретінде көрініп, оның шекарасын белгілейді.

**Айырмашылығы:**

Мораль құқықтан, құқықтық санадан және қоғамның мемлекеттік ұйымдасуынан ерте құрылады. Мораль қоғаммен бірге пайда болады, ал құқық — мемлекетпен. Моральдің өзінің тарихи даму кезеңі бар және индивид пен қоғамның қызығушылықтарын келістіру қажеттілігі үшін пайда болады.

Бір елдің ішінде, бір қоғамда тек бір құқық жүйесі ғана өмір сүреді. Мораль бұл мағынада әртүрлі: қоғамда бірнеше моральдық жүйелер болуы мүмкін (таптар, аз әлеуметтік топтар, кәсіби қабаттар, индивидтер). Қандай қоғамда болмасын жалпыға бірдей қабылданған моральдық көзқарастардың жүйесі болады (былайша айтқанда үстемдік етуші мораль).

Моральдық нормалар нормативтік көріну ретінде осы қалыптасқан әлеуметтік ортада, көзқарастар қоғамында жақсылық пен жамандық жөніндегі ойларда, адалдықта, арда, міндеттілікте, парасаттылықта, бекзаттықта және басқа этиканың категорияларында пайда болады. (Моральдық сапаның негізгі категориялары — «жақсылық» және «жамандық», онсыз моральдық бағаланушылық мүмкін емес). Мұнда моральдық жүйенің құрылу процесі қоғамдық сананың қойнауында ішкі себептермен пайда болады.

Құқықтың құрылу процесі де өте қиын, өте терең әлеуметтік негізі бар, дегенмен құқық өзінің нысанымен және мазмұнымен бірігіп, мемлекеттің арнайы әрекетінің нәтижесі, оның еркінің көрінісі ретінде пайда болады.

Мораль қоғамдық санада өмір сүреді және оның өмір сүру нысаны болып табылады. Бұл жағдайда моральді қоғамдық сананың нысаны ретінде бөлу өте қиын және моральдың нормативтік-әлеуметтік реттеуші ретінде құқықтан айырмашылығы бар, мұнда жеткілікті түрде құқықтық санамен және құқықпен екеуінің арасындағы шекараны анық көрсетуге болады. Құқық моральға қарағанда анық, нысандарында объективтендіру, сырттай бекіту (құқықтың формальдық қайнар көздері) бар. Моральдың жүйесінің түрлерін жинап, жазбаша түрде моральдық кодекс ретінде ұсынуға болады. Бірақ, мораль әлеуметтік реттеуші ретінде объективті түрде оны қажет етпейді.

Құқық нормалары мен мораль нормаларының реттеу пәндері бір-біріне сәйкес келмейді. Егер оларды дөңгелек ретінде ойласақ, олар бірін-бірі басып өтетін болады. Яғни, олардың жалпы реттеу

пәндеріне әлеуметтік аялар жатады және тек құқықпен не тек моральмен реттеледі. Моральдық реттеудің арнайы пәндеріне достық, сүйіспеншілік, өзара көмек, т.с.с. жатады, онда құқық реттеуші ретінде өзінің ұйғарымының орындалуына сырттай бақылауды талап етеп, алдын-ала мемлекеттік мәжбүрлеуді іске асыру мүмкіндігінің пайдалынуы мүмкін емес және оған өтпеуі қажет. Дегенмен, құқықтың реттеу аясында мораль кіргізілмеген, себебі, олар өздерінің табиғатына байланысты принципті түрде моральдық бағалауға берілмейді: олар этикалық бейтарап жағдайда. Ондай аяларға, техникалық заң нормаларының пәні жатады.

Ішкі ұйымдастыру көзқарастарына байланысты сол, не болмаса басқа моральдық жүйелер тұтас нормативті құрылым бола тұрып, сондай логикалық дұрыс тізілген және жеткілікті қатал құрылымды иемденбеген (элементтер заңмен байланысты) құқық жүйесі ретінде.

Құқық пен мораль құралдары мен әдістері арқылы өз нормаларын іске асыруымен ерекшеленеді. Егер құқық, белгілі болғандай мемлекеттік мәжбүрлеу мүмкіндігі арқылы іске асырылса, моральдық нормалар қоғамдық пікірдің күшімен кепілденеді, мораль нормаларының бұзылуына қоғамның негативтік реакциясы қарсы әсер етеді. Сонымен бірге, моральдың табиғаты мынандай, яғни нағыз моральдық тәртіп тек сонда ғана болады, егер ол адамдардың сеніміне сай жасалса, яғни адалдықта және этикалық талаптардың қажеттілігіне сай болса және адамның тәртібін оның ұяты басқарса. Моральдың «алтын тәртібі» бар: «басқа адамдарға өз керегіңе сай қатынас жаса, өйткені олар да саған сондай қатынас жасауы мүмкін».

Құқық және мораль бір-бірімен келісімділікте. Құқық үстемдік моральдың іске асыру нысаны. Мораль құқыққа қарсы тәртіпті шырғат мінездік ретінде мойындайды. Моральдық нормалардың шығармашылық әрекет кезінде және құқықты іске асыру кезінде маңыздылығы көрінеді: ең алдымен, құқық нормаларын қолдану процесінде. Құқыққолданушы адал шешімді мінез-құлық талаптарына сүйенбей шығара алмайды. Сонымен қатар, мораль нормалары мен құқықтың арасында қарама-қайшылықтың болуын ұмытпау керек. Бұл олардың даму процестерімен байланысты: «алда» мораль нормалары, сол сияқты құқық нормалары болуы мүмкін.

## **9. Құқық және дін**

Дін (латынша «religio» — құдайшылдық, аса үлкен құрмет көрсететін нәрсе, ерекше нәрселер) — дүниетаным және дүниені

сезіну, сонымен қатар, соған сай келетін тәртіп және арнайы әрекеттер (культ), сенімге негізделген құдайдың не құдайлардың барлығын және оның табиғаттан да жоғарылығын мойындау. Ғалымдардың болжамдары бойынша, дін жоғарғы палеолит кезінде пайда болған, яғни (тас ғасырында) 40—50 мың жылдар кейін алғашқы қауымдық қоғамның салыстырмалы жоғарғы даму кезеңі.

Адам баласының дамуындағы алғашқы кезеңдерде дін дүниені іс жүзінде және рух нысандары ретінде иемденгісі келді, онда адамдардың түсінігінде олардың табиғатқа тәуелділігі көрінді. Алғашқы кезде дін қатынасының объектісі шын мәнісінде бар нәрсе болатын, олардың жоғарғы сезімділіктегі қасиеттері болған — **фетиш**. Фетишизм сиқырмен байланыста болып, өмір ағымына ықпалды өз керектіріне сай бұруға ұмтылды, оның барлығы неше түрлі бал ашу салттары (обрядтары) арқылы, сиқырлау, т.б. жүргізілді. Рулық құрылымның ыдырау процесінде рулық және тайпалық діндердің орнына **политеистік** (политеизм — көпқұдайшылдық) ерте классикалық қоғамның діні келді. Кейінгі тарихи дамудың нәтижесінде дүниежүзілік, не ұлттың үстіндегі діндер — буддизм (VI—V ғғ.), христиандар (I ғ.) және ислам (VII ғ.) пайда болды. Олар жалпы сенімдегі адамдарды этникалық, тілдік, саяси жағдайларына қарамастан біріктірді. Дүниежүзілік діндердің маңызды айырмашылық ерекшеліктеріне, оның ішінде христиан мен ислам монотеизмге (бір құдайға ғана сенім) жатады. Біртіндеп, діни ұйымдардың және діни қатынастардың жаңа нысандары — шіркеу, **духовенство** (клир) және миряндар пайда болды. Әрі қарай **теология** (құдай туралы ілімдер) дамиды.

Маркстың тұжырымдамасы бойынша, «дін сондай мөлшерде жоғалады қалай социализм дамыса». Дегенмен, «тарих көрсеткендей, діннің мемлекетпен бұзылуы қоғамды шырт мінезділіктегі тоқырауға әкеліп соқтырды және әр уақытта құқыққа және құқықтық тәртіпке пайда әкелмейтіндігі көрінді, себебі, аяғында құқық және дін адамгершілік бағалылықты бекітуге және дамытуға қажет. Міне олардың бір-бірімен келісімділігі осыған байланысты» (профессор Е. А. Лукашева).

Діни ойларға байланысты діни нормалар құрылады және олар әлеуметтік нормалардың бір түрі болып есептеледі. Дін және діни нормалар пайда болып, алғашқы мононормаларға айналады, бірақ тез арада алғашқы қауымдық қоғамның барлық реттеу тетігіне өтеді. Мононормалардың қалпында тығыз байланысып, араласып кеткен моральдық, діни, мифологиялық ойлар және тәртіптер болды, олардың мазмұндары сол кездегі адамның қиын жағдайларына сай белгіленді.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінде мононормалар дінге, құқыққа және моральге бөлінеді.

Қоғамның әртүрлі даму кезеңдерінде және әртүрлі құқықтық жүйелерде құқық пен діннің әрекеттестік деңгейі мен сипаты әртүрлі болды. Кейбір құқықтық жүйелерде діннің және құқық нормаларының байланысы өте тығыз еді, оларды **діни құқықтық жүйе есебінде** білуге болады. Сондай көне құқықтық жүйелердің бірі — **үндістік құқық** олармен тығыз түрде моральдық, әдеттік және діни нормалар араласып кетті. Келесі мысалға — **мұсылман құқығын** алсақ, ол да діннің бір жағы ретінде исламды «шариғат» деп атайды (аудармасы — «жүретін жол»). Сонымен, діни құқықтық жүйелер — қоғам өмірінің барлық жағын қамтитын біртұтас жалғаз діни-адамгершілік және құқықтық реттеуші.

Феодализм кезінде Еуропада кең тараған **канондық (шіркеулік) құқық** және шіркеулік юрисдикция болды. Канондық құқық құқық ретінде және діни құқық жүйесі — шіркеу құқығы, табынушы қоғамдастықтардың құқығы, бірақ ол әр уақытта бәрін қамтитын және кемелденген жүйеге айналмаған, тек зайырлы құқыққа қосымша ретінде әрекет жасаған, қазіргі белгілі қоғамда зайырлы құқықпен қамтылмаған мәселелерді реттеуші ретінде көрінеді (шіркеулік ұйымдастыру, табыну тәртіптерін басқарып, кейбір жанұялық қатынастарды шешкен, т.б.).

Буржуазиялық революция процесінде теологиялық идеология «заңды дүниетаныммен» алмасып, құқықтың рөлі артып, бұл қоғамның біркелкі дамуын қамтамасыз ететін жасампаздықтың басы болды. Құқық нормалары мен діни нормалардың әрекеттестік сипаты қоғамдағы әлеуметтік жүйедегі реттеушілікпен белгіленеді және діни, моральдық, құқық нормаларының мемлекетпен байланысына сүйенеді. Мысалы, мемлекет өзінің құқықтық нысаны арқылы діни ұйымдармен байланысын және олардың белгілі қоғамдағы құқықтық статусын белгілейді. Мысалға, Қазақстан Республикасының Конституциясының 19-бабы бойынша:

1. «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету — көрсетпеуге хақылы.

2. Әркімнің ана тілі мен тіл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар» деп көрсетілген. Ал 5-баптың 5-ші тармағы дін туралы тағы былай бекітеді: «Шетелдік діни бірлестіктердің республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады».

Құқықтық және діни нормалар өздерінің моральдық-адамгершілік мазмұндарына сәйкес келеді. Мысалы, «өлтiрме» және «ұрлама» деген сөздер адамдардың діни сізiмдерін оятады. Соған байланысты еске алатын жағдай, діни нормалардың ықпал ету жағынан қарасақ, ол өте күшті тәртіпті реттеуші ретінде көрінеді. Сондықтан, олар қоғамдағы адамгершілік құқықтық тәртіпті қолдауға, сақтауға арналған маңызды ең қажетті құрал болып табылады.

## **10. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамындағы әлеуметтік нормалар. Құқықтың пайда болуы**

Мемлекеттік құрылымдар бес мың жыл кейін пайда болды. Ал адамның әлеуметтік эволюциясына 40—50 мың жылдар болады. Сонымен, мемлекеттің пайда болуына дейін адам баласының бірге өмір сүруіне арналған нысандары болған және әлеуметтік басқару, билік, нормативтік реттеушіліктер болғандығы анық. Осындай қоғамдық феномендердің қалыптасуы табиғи-тарихи процесс ретінде адамның өмір сүру ортасының қаталдығына тікелей байланысты еді және сол әлеуметтік тұрмыстың нысанын сақтау қажеттілігінен туған. Адамдардың бірге өмір сүруінің нысанына рулық құрылым жатады (алғашқы рулық қауымдастық), ол қандас туысқан адамдардың бірігуінің нәтижесінде пайда болады, бірлескен түрде еңбек етіп, жалпы меншіктілік пайда болған, табыс ру мүшелеріне бірдей бөлінген. Осындай жағдай ру адамдарының теңдігін бекітіп, олардың өмірге қызығушылығы бірге қалыптасқан. Руды басқару өз табиғатына байланысты өзін-өзі басқару нысанында ұйымдасқан: билік органдары (рудың жасы үлкен адамдарының жиналысы болған). Оған рудың құдайлары, старейшиналары, т.б. кірген.

Нормативтік реттеу жүйесі үшін алғашқы қауымдық қоғамдағы реттеу мынандай сипатта болды:

Табиғи (биліктің құрылымындай) сипатта, тарихи қамтамасыз етілген құрылым процесі.

Әдет тетігінің негізгі әрекетіне сай.

(Синкретичность) алғашқы тұрмыстық моральдің, діннің, салттар нормаларының бөлінбеуі (осыған сай аты «мононормалар», оны бірінші рет кіргізген орыс этнографы А. И. Першиц).

Мононормалардың ұйғарымдарында өкілетті міндеттеу сипаты болмаған: олардың талаптары құқық не міндеттілік болып

есептелмеген, себебі, өмірдегі адам әрекетінің әлеуметтік қажеттілік, табиғи жағдайының көрінісі болған. Осы туралы Ф. Энгельс былай деп көрсеткен: «Рулық құрылымның ішінде құқық пен міндеттіліктің арасында ешқандай айырмашылық жоқ; үндіс үшін, қоғамдық жұмысқа қатынасу не қатынаспау, қанды кек алу, не сатып алу үшін төлем төлеу, не міндеттілік мәселелері жоқ; ондай сұрақ оған жөнсіздік және сол сияқты тамақ, ұйқы, аң аулау құқығы не міндеттілік жоқ?» («Происхождение семьи, частной собственности и государства», 1884). Ру мүшесі өзін және өзінің қызығушылығын рулық ұйымның қызығушылығынан бөлмеген.

**Тыйым салудың үстемдігі.** Көп жағдайда табу нысанында, яғни қарсы келуге болмайтын тыйым салу, оны бұзу жоғарғы табиғи күшпен жазаланады. Тарихи деректерге қарағанда табу инцестердің бірінші тыйым алу нысаны болған — қандас туыстардың үйленуін тыйым салатын болған.

Тек сол берілген ру ұжымына таратылуы (әдетті бұзу — «туысқандық іс»).

Аңыздардың, жырлардың, киссалардың және басқа да қоғамдық сананы әсерлеу нысандарының нормативті-реттеушілік маңызы.

Арнайыланған санкциялар — бұзықтық тәртібін ру мүшелері жағынан жазалау («қоғамдық айыптау»), острокизм (ру қоғамдастығынан шағыру, оның нәтижесінде адам «русyz және тайпасыз» қалады. Ондай жағдай адамды өлімге айдағанмен бірдей болған). Сонымен қатар, кінәлі адамға дүре соғу, өлім жазасы берілген.

Құқық, мемлекет сияқты қоғамның табиғи-тарихи дамуының, яғни қоғамдық организмдегі болатын табиғи процестердің нәтижесі. Құқықтың пайда болуы туралы өте көп теориялық болжамдар бар. Олардың біреуіне марксизм теориясын жатқызуға болады. Ондағы құқықтың пайда болу схемасы мынандай: Қоғамдағы еңбектің бөлінуі, өндіргіш күштердің өсуі — қосымша табыс — жеке меншіктің пайда болуы — антагонистік таптар — мемлекет пен құқық таптық мемлекеттің құралы. Сонымен, бұл үлгіде бірінші орынға құқықтың пайда болуындағы саяси себептерді қояды.

Қазіргі авторлар құқықтың генезисін түсіндіруде неолитикалық революцияның түсінігін пайдаланады («неолит» — жаңа тас дәуірі), бұл б.д.д. VIII—III ғғ. иемденуші экономикадан өндіруші экономикаға көшкен кезең. Өндірісті реттеуге, бөлуге және тауар айналымын жүргізуге, әлеуметтік топтардың қызығушылығын келістіруге, таптық қарама-қайшылықты жоюға, яғни өндіріс шаруашылығының талабына сай келетін жалпы тәртіп орнатуға қажеттілік пайда болады.

Құқықтың құрылуы мынадан көрінеді:

а) әдет жазбаларында, әдет құқығының қалыптасуында;

ә) әдет тестілерін жалпыға мәлім ету;

б) арнайы органдардың (мемлекеттік) пайда болуы және олардың жалпыға бірдей адал тәртібінің болуына жауап беретін, оларды ресми пайдалануға мүмкін нысанда бекіту, іске асырылуын қамтамасыз ету.

Әдеттерді санкцияландыруда және соттардың прецеденттерін құрғанда ең маңызды рөлді абыздардың сот қызметтері, жоғарғы басқарушылар және олармен тағайындалған адамдар алды. Сонымен, принципті түрдегі жаңа реттеуші жүйе пайда болды (құқық), оларды тәртіп мазмұны, адам тәртібіне ықпал ету жолдары, көріну нысандары, қамтамасыз ету тетігі бөліп көрсетеді.

## 11. Құқық және экономика

«Экономика» сөзі грек тілінен пайда болған және үй шаруашылығын жүргізу өнері деген мағынаны береді. Бұл жағдайда экономиканы белгілі әлеуметтік ая ретінде түсіну қажет, яғни, әлеуметтік қатынастар мен әлеуметтік қызметтердің диалектикалық үйлесімі және олар өндіріспен, айналыммен және материалдық игілікті бөлумен байланысты болады.

Экономика аясында белгілеуші рөлді меншіктік қатынастар алады.

Маркстік теорияда құқық пен экономиканың қарым-қатынасы базистің (негіздің) қоғамдағы, экономикалық құрылымның жалпы заңдылықтарына байланысты анықталады (экономикалық құрылым), ол адамның еркі мен санасынан тәуелсіз құрылады және надстройкалар — институттардың идеологиялық қатынастары да қоғамдық санамен санаспай пайда бола алмайды. Экономика базис тәртібінің құбылысы ретінде құқыққа қарағанда надстройканың белгілеуші маңызы бар. Қоғамның базисы, **біріншіден**, тұтасымен құқықтық реттеудің қажет екендігін қамтамасыз етеді, яғни сол күйіндегі құқықтың өмір сүруін бекітеді, **екіншіден**, әртүрлі кейіптегі құқықтың түрлерін белгілейді, **үшіншіден**, осы тарихи кезеңдегі елдердің құқығының ерекшелігін белгілейді. Маркстың айтуы бойынша, «құқық әр уақытта өзінің қамтамасыз ететін қоғамдағы мәдени даму да экономикалық құрылыстан жоғары болуы мүмкін емес».

Сонымен бірге, Маркс және Энгельс экономиканың құқыққа деген белгілеуші маңызын тікелей қарамады, бірақ оны төмендеткен

де жоқ: құқыққа ықпал ететін басқа факторлар басқа надстройка бөліктері есепке алынды («қоғамның мәдени дамуы») және базистің құқыққа ықпалы тек соңғы есепте тиетіндігі атап айтылды.

Марксизм теориясында құқықтың базиска қарағандағы салыстырмалы бостандығы көрсетіледі және ол, ең алдымен, құқыққа, экономикаға кері ықпал ету мүмкіндігімен көрінеді. Осы жөнінде Энгельс өзінің Конрад Шмидке жазған хаттарының бірінде, құқық экономикалық дамуға көмектесуі де мүмкін және тежеуі де мүмкін, деп жазған болатын.

Маркспен және Энгельспен жазылған экономика мен құқықтық заңдылықтың байланысы жөніндегі теориялық ойлар принципті жағынан қарасақ шындыққа жатады. Дегенмен, құқықтың экономикаға кері әсері «социалистік құрылымдағы» теория мен тәжірибеде өте қатты асырылып айтылған. Бұл жағдайдың себебі, социалистік қоғамда басты меншік иесі мемлекет болды, ол өзінің экономикалық бағдарламасын заң ретінде есептеп, экономикадағы қажетті нәтижеге жетуді заңды талап ретінде көрсетті.

Құқық пен экономиканың байланысын анықтауда экономикалық процестерді мемлекеттік құқықтық реттеу қажеттігін және адамның құқығы мен бостандығын экономикалық аяда сақтау қажеттігін есепке алу керек. Құқық пен экономиканың теориялық қарым-қатынас үлгісі, оптимальды қарым-қатынасты экономикалық бостандық пен адамдардың экономикалық теңдігін іздеген кезде қалыптасты. Экономикалық және жеке адамның бостандығын ең бастысы деп бағалаған Адам Смит, Джон Стюарт Милль, Бенжамен Констан, Джон Локк ақырында оның өзі теңсіздікке әкелетінін олар біле тұра сондай қорытындыға келген. Жекелеген бостандықтың алдындағы ерекшелікке Жан-Жак Руссо теңдікті қойды.

Қазіргі кезде, мемлекет пен құқықтың экономикаға араласпауы туралы концепцияны либералды мектептің жақтаушылары негіздеуде (Ф. Хайек және басқ.). Сонымен бірге, олардың айтуы бойынша, мемлекет әрекетсіз болмауы қажет: билік азаматтардың инициативті әрекеттеріне қажетті жағдайлар жасап, олардың жекелеген қабілеттіліктерін дамыту керек.

Қазіргі дүниеде әлеуметтік мемлекет идеясы арқылы экономика мен құқықтың қарым-қатынасында баланс бар, экономиканы мемлекеттік-құқықтық реттеуде (әсіресе, бөлу қатынасының аясында). Экономиканы құқықтық реттеудің өтпелі кезең үшін үлкен маңызы бар.

Нарық экономикасының жағдайында және нарыққа өтуде мынандай құқық нысандарының бағытын пайдалану ұсынылады (проф. В. В. Лазарев):

- а) экономикалық дамудың мақсатын белгілеу;
  - ә) барлық нысандағы меншіктің теңдігін бекіту;
  - б) нарықтық қатынастағы субъектілердің ортасын анықтау;
  - в) шаруашылық пен коммерциядан жақпайтын құралдарды шығарып тастау;
  - г) ойластырылған салық саясаты;
  - ғ) экономика аясындағы дауаларды шешу процедурасындағы құқықтық механизмді құру;
  - д) экономикалық құқық бұзушыларға заңды санкцияны белгілеу.
- Сонымен, құқық пен экономиканың қарым-қатынасы қажеттілікпен белгіленеді:

- а) нарық экономикасының өз жөнінде дамуы үшін құқықтық құралдарға сүйене отырып, қажетті жағдайлар жасау;
- ә) табысты адалдықпен бөлуді, қайта бөлуді қамтамасыз етуге халық жүйесін, мемлекеттік бюджетті, арнайы әлеуметтік бағдарламаларды пайдалану қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабы бойынша: Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану, сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс...». Ал Конституцияның 26-бабы бойынша: «Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым саланады».

## **12. Құқық және саясат**

«Саясат» атауы алғашқы рет Ежелгі Грецияда пайда болған және гректің «polis» — қала — мемлекет сөзінен шыққан.

Қазіргі маңызына қарай саясатты жалпы түрде әлеуметтік орта деген атпен анықтауға болады, онда үлкен әлеуметтік топтардың қызығушылықтары кездеседі, күреседі, (ең алдымен, экономикалық, материалдық) іске асырылады: таптардың, халықтардың, ұлттық, діни, кәсіби қоғамдастықтардың және басқа да әлеуметтік бірлестіктердің. Саясат құбылыс ретінде қоғамның әлеуметтік бөлінуімен бірге, олардың үлкен әлеуметтік тарамдануымен, өзінің ерекше қызығушылықты (кейде антогонистік, яғни тікелей қарама-қайшылықты) игеруімен бірге пайда болады. Сондықтан, саясат алғашқы қауымдық құрылыста болмады, онда типті индивид өзінің

қызығушылығын ру қоғамдастығының қызығушылығынан бөліп алмады.

Реттелмеген саяси күрес қоғамды адамның әлеуметтік тұрмысының нысаны ретінде жарып жіберуі мүмкін еді, сондықтан қоғамдық биліктің ерекше нысанына (мемлекет) әлеуметтік реттеуші ерекше нормативтік жүйеге (құқық) қажеттілік пайда болды, олар қоғамның тұтастығын оның жаңа жағдайында сақтауға арналған.

Мұның барлығы мемлекет пен құқықтың саяси табиғатын белгілейді, оларды саясаттың құбылысына, қоғамның саяси өміріне айналдырады. Мемлекет — «басты саясаткер» саяси өмірдің және әр қоғамның саяси ұйымының орталық субъектісі: егер саясаттың барлық басқа субъектілері (саяси партиялар, кәсіподақтар, жекелеген саясаткерлер, т.б.) тек өзінің әлеуметтік тобының қызығушылығын көрсетсе, мемлекет саяси әрекетке, басқа барлық қатынасушылардың саяси күресіне үйлестірушілік басшылық жасауы керек.

Мемлекет көбірек жетілген күш болғандықтан, саяси қызығушылықтың құралы ретінде болады, сондықтан саясат субъектілерінің арасында мемлекеттік биліктің тұтқасын ұстауға, оған таяуға ұмтылған үзілмейтін күрес бар. Сондай күрестің нәтижесінде мемлекет тек бір партияның, әлеуметтік топтың мүддесін қорғауы мүмкін, онда қоғамға үлкен қауіп төнуі ықтимал, себебі тоталитарлық режимдер осындай оқиғаның салдарынан туындайтыны анық. Мемлекет — қоғамның «меншігі», ол тек тұтасымен қоғамға қатысты (демократия) және барлық әлеуметтік топтардың, оған қосымшалардың жалпы ықыласын көрсетуі керек. Сондықтан, принципті түрде Лениннің «Саясат дегеніміз мемлекеттің ісіне араласу» деген сөзі шындыққа жатады (егер «қатынасуды» тек позитивті ғана емес түсінсе).

Оның мына сөзі де дұрыс: «Саясат дегеніміз — экономиканың біріктірілген көрінісі». Шын мәнісінде, субъектілердің саясатын ең алдымен, экономикалық ықылас белгілейді, ал содан кейін ғана барлық басқалары.

Құқықтың саяси табиғаты бар, себебі, ол өз негізінде үлкен әлеуметтік топтардың нормативтік нысаны ретінде, олардың еркі мен ықыласын келістіреді. Маркс айтқандай, «Барлық заңдылық өзінің негізінде саяси табиғатты қамтиды». Дегенмен, құқық пен саясаттың қарым-қатынасы біржақты емес.

Кеңес кезіндегі отандық әдебиеттерде мынандай болды: құқықта тек мемлекеттік саясат жанама түрде еді, оның өзінде бәрі емес тек өзінің өмір сүруі үшін қоғамдық нысанда және мемлекеттік қорғауды қажет ететін бөлігі, яғни заңға айналдыруда (профессор С. С. Алексеев).

Құқық көріну нысаны ретінде қызмет істеуі мүмкін және саясатты іске асыруға тек сол кезге дейін ғана, егер саясаттың өзі шығу көзінің басынан болса және адалдықта болса, яғни құқық мемлекетпен оның табиғатына сай кезде ғана пайдаланылады. Егер мемлекет бір әлеуметтік ортаның ықыласына сай заңдылық билікті пайдаланса, не болмаса халыққа қарсы саясат жүргізу, құқықтық мазмұн арнайы қайнар көздерден ұшып, мемлекеттің қолында тек мазмұнсыз заңды нысан ғана қалады («құқықтық емес заң»), оны саяси конюктураның ықыласы үшін пайдаланудың өзіндік шегі болады және барлық саяси-құқықтық жүйені бұзуға әкеліп соғуы мүмкін.

Сондықтан, саясатқа сәйкес құқықтың қызметтік рөлін, оған қосымша, саясаттың құқықтан үстемдігі туралы айтқанға жеткілікті негіз жоқ. Ал құқықтық мемлекетте саясат, жалпы алғанда, барлық сондай мемлекеттің әрекеті құқықтық болуы міндет. Мүмкін болса, саясаттың құралы құқық емес, заң деп айтуға болады. Осы тұрғыдан қарап, профессор Мушинский былай жазады: «Заң дегеніміз — құқық пен саясаттың симбиозы. Оларда бір жағынан, құқық пен адалдық сәйкестенеді, саяси күш және тиімділік — екінші жағынан. Егер қазіргі заң шығаратын органдар — парламенттерге қарасақ, онда саяси күштердің қарым-қатынасы тоқтаусыз өзгеріп отырады. Парламенттегі көпшілігі қорғайтын ықылас, ең алдымен заңда қорғалады, тіпті заңды бұзу арқылы болса да». Осылай келу принципті түрде дұрыс. Тек есепке алатын нәрсе, құқық оны көрсету нысанынан тыс өмір сүрмейді. Сондықтан, дәл айту құқық және заң туралы емес, құқықтың мазмұнында бар заң туралы, не болмаса құқықтық мазмұны жоқ заң туралы және мазмұнсыз заңдылық нысанды көрсетуші («құқықтық емес заң», не «құқықтық емес заңдар»).

### **13. Пән және құқықтық реттеу әдістері**

Пән және құқықтық реттеу әдістері жөніндегі проблемалар отандық құқықтануда, ең алдымен, құқықты салаларға бөлудегі белгіні іздеу негізінде құрылды. Құқықтық реттеу пәні М. А. Аржановпен 1938—1940 жылдары бірінші жалпыодақтық құқық жүйесін талқылау кезінде ұсынылған. Сол жылы С. Н. Братусь (атақты орыс цивилисі) әдістің маңыздылығын көрсете отырып, оны құқықтық жүйені құрудағы жіктеу белгісі ретінде көрсеткен.

Дегенмен, бұл жағдайда проблеманы кең қойып, құқықтық реттеудің пәніне (объектісіне) не жататынын білуіміз қажет? Мұндағы

тағы айтатынымыз, құқықтық реттеу әдісіне талдау кезіндегі сұрақ қалай реттеледі, жартылай ғана жауап бере ме, яғни мұндағы қажет болатыны, құқықтың динамикасының (қимылының) қосымша сипаттамасы (құқықтың өзінің принципті әрекеті, құқыққа сай тәртіптің құрылу механизмін білу).

Зандарға арналған әдебиеттерде, оның ішінде оқулықтарда құқықтық реттеу объектісіне қоғамдық қатынасты атайды, ал біздің ойымызша, ол дәлелденбеген объектінің тежелуіне жатады.

Құқықтың реттеу объектісіне әлеуметтік аяда, кем дегенде **үш компонент** жатады:

а) **адамдар** (оларсыз ешқандай қоғамдық қатынастар болмас еді);  
ә) **қоғамдық қатынастар** (бөлінуіне байланысты әлеуметтік байланыстар);

б) **адамдардың тәртібі**.

Құқық сайып келгенде қоғамдық қатынастарға қатынасушылардың тәртібін реттейді, сондықтан, құқықтық реттеудің әртүрлі варианттарының құрылуын **құқықтық реттеудің мақсаты** деуге әбден болады.

Құқық тәртіпті әлеуметтік құрылымға ерекше қоғамдық қатынастарды кіргізу арқылы реттейді, құқықтық, ол басқа қоғамдық қатынастармен бірігіп, субъектінің шын мәніндегі тәртібін құрайды: әрбір адам тәртібінің өзі, оған ықпал ететін өзі тұрған кешенді байланыстардың нәтижесі. Дегенмен, заң шығарушы құқықтық қатынастардың белгілі жағдайда құқық нормаларымен тәртіп вариантын таңдауға ерекше маңыздылығы барлығына сай есептейді, сөйтіп құқықтық қатынастарға ие болады. Құқық әрекетінің **принципі осыдан көрінеді**.

Егер құқықтық реттеу пәнін қоғамдық қатынастарға қоспаса, онда олардың өзі не болады? Терең қарайтын болсақ, ол деген жеткілікті түрдегі қиын құбылыс. Сонымен, құқық:

а) құқықтық қатынастардың қатынасушыларының құқық субъектілерінің ортасын белгілі жүйеге келтіріп, олардың белгілерін арнайы нормаларда белгілейді;

ә) заң нормаларының әрекеттерінің қатынасатын жағдайларын көрсетеді;

б) мүмкін болатын, қажет әрекеттердің варианттарын белгілейді;

в) қажетті кездерде, құқықтық объектілердің әрекетіне талап қояды және оларды ықыластың объектілері ретінде атайды.

Құқық әртүрлі әлеуметтік аяларды реттейді және әрбір ая өзіне әртүрлі комбинацияларды талап етеді, яғни әртүрлі заңды жолдардың ықпалдары үйлеседі. Осындай, заң жолдарының бірігуі **құқықтық реттеу әдістері** деп аталады.

Барлық салалардағы әдістердің негізінде екі заң ықпалдары жатыр:

а) орталықтандырған, императивті реттеушілік (субординация әдісі);

ә) децентрализациялық, диспозитивтік реттеулер (үйлестіру әдісі).

Біріншісі, жария құқық саласындағы блокқа тән (ең алдымен, әкімшілік, оларда билік және бағыну қатынастары көп болады), ал екіншісі құқықтың жеке саласына тән келеді (ең алдымен, азаматтық, құқықтық ереженің теңдігі олардың субъектілеріне тән).

Сонымен бірге, барлық өзіне тән салалық ықпалды өз пәні үшін, тек айтылған екі жолдың комбинацияларымен түсіндіруге болмайды: олар «таза» түрде, типті әкімшілік және азаматтық құқықта жоқ. Соған байланысты профессор С. С. Алексеев құқық салаларына көлемді динамикалық сипат кіргізді — заңдылық режим, ол арнайы салалық принциптегі, сала субъектілерінің жалпы құқықтық ережесін, салалық жолдарды (әдістер) және реттеу тетігін қосып алады.

Салалық реттеудің өзіндік ерекшелігі, ондағы рұқсат беру, тыйым салу және позитивтік міндеттеулермен біріктіру арқылы белгіленеді, оны профессор С. С. Алексеев құқықтық реттеу жолдары деп атайды. Мысалы, қылмыс құқығында құқықтық тыйым салу көбірек болады.

Рұқсат беру және тыйым салудың бірігуіне байланысты екі кейіптегі құқықтық реттеуді бөледі:

а) **жалпылама рұқсат беруші** — «тікелей тыйым салынбағандардың бәріне рұқсат беру»;

ә) **рұқсат беруші** — «бәріне тыйым салынады, тікелей рұқсат берілгендерден басқаларға».

Бірінші — реттеушілік кейіп көбірек мөлшерде азаматтық айналымға, жекелеген құқыққа тән. Екіншісі жария құқық аясындағы мемлекеттік билік қатынастарына тән.

Кей кезде, әдебиеттерде императивтік және диспозитивтік әдістермен қатар, көтермелеуді бөліп көрсетеді (құқыққа сай тәртібі үшін сыйлық жасау) және ұсынушылық (кеңес беру әдісі, белгілі пайдалы әлеуметтік ұсыныс беру).

## **14. Құқық жүйесі**

Құқық жүйесі — бұл құқықтың құрылымы туралы мәселелер, яғни құқық ішінен қалай ұйымдасқан, жалпы ол қалай құрылған.

Бұл тақырып өте қиын. Оған екі жалпыодақтық ғылыми талқылаулар арналды (40-жылдың аяғы және 50-жылдардың екінші бөлігі). 1982 жылдардан бастап құқық жүйесі туралы проблемалар ғалымдармен «Кенестік мемлекет және құқық» журналында талқыға түсе бастады.

Тікелей көңіл аударатыны — «құқық жүйесі» және «құқықтық жүйе» проблемалары. Олар барлық құқықтық шындықты оның жүйеленген, ұйымдастырылған түрлерін тегіс қамтиды. Құқық жүйесіне барлық құқықтық құбылыстар, әсіресе құқықтық реттеу процесіне қажеттілері кіреді. Соған байланысты құқықты (объективтік құқық) бұл жағдайда біз оны жүйе ретінде есептейміз, құқықтық жүйеге элемент ретінде басқа элементтермен бірге кіреді: құқықтық қатынастармен, заңды фактілермен, заңдылықпен, құқықтық таныммен, заңдар жүйесімен, т.б.

**Жүйелілік** — құқықтың маңызды сапасының бірі, ол оған объективті түрде тән. Бұл қасиеттің объективтігі сонда, құқық жүйесі қалай болса солай құрылмайды, ол реттелетін әлеуметтік аямен, қоғамдық өмір заңдылықтарымен қамтамасыз етілген.

Құқықтың жүйелілігі оның мынандай сипатының болғанын қалайды:

а) бірлік, тұтастық;  
ә) ішкі бөлектік, жәй бөлшектерге бөлінген, элементтердің барлығы;

б) құрамының болуы — элементтердің пайдалы жолдары;

в) мақсатының барлығы (жүйе құрушы фактор ретінде).

Әрбір жүйені екі жақтық құрады: мүшелері (қажетті элементтерді жинау) және құрылысы (сол элементтердің байланыс жолдары). Сондықтан, «құқық жүйесі» түсінігі құқық элементтерін және оның құрылымын да қамтиды. Соған байланысты, жүйелік теория көзқарасына сай, құрылым — «жүйе және құқық құрылымы». Құқық құрылымы ерекше зерттеу объектісі ретінде жеке қаралады, бірақ құқық жүйесіне қосымшалық емес, оның ішкі жағы есебінде.

Құқық құрылымы басқа әлеуметтік құбылыстардың құрылымдары сияқты, көрінбейді және сезілмейді, бірақ оны екі жағдайды зерттеу арқылы білудің мүмкіндігі бар:

а) элементтердің қасиеті (олар құрылысын және оның сипатын белгілейді);

ә) құқық жүйелері бір-бірімен келіскен. Әлеуметтік құрылым тек элементтердің келісушіліктері арқылы бөлінеді.

**Жалпы жүйе** — объект оның қызметі алдына қойған мақсатқа жету үшін қажет (белгілі ортаның жағдайына байланысты)

өзін құрайтын бір-бірімен жақсы қатынастағы элементтердің жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Құқық дегеніміз — өте қиын, көп деңгейдегі (кейбір мөлшерде типті кең көлемді) иерархиялық жүйемен құрылған жүйе. Олай дейтініміз, құқық «матрешкалар» принциптері сияқты құрылған: ол бір деңгейде элемент ретінде көрінсе, екінші деңгейде оны жүйе ретінде көруге болады (жүйе астылық); яғни ондай құрылымда да өз элементтері бөлініп шығып, өзінің құрылысы болуы мүмкін.

Құқық жүйесінің элементтері бөлініп шығып, төрт деңгейден тұрады:

- а) құқық саласының деңгейінде;
- ә) құқық институты деңгейінде;
- б) құқық нормаларының деңгейінде;
- в) құқық нормалары элементтерінің деңгейінде.

Құқық жүйесіндегі маңызды бөлім — құқық салалары. Салалардың белгілеріне әдебиеттерде мыналарды жатқызады:

- а) ерекшеліктері бар пән және әдіс;
- ә) арнайыланған салалық принциптер;
- б) басқа салалармен қарым-қатынас жасауға қабілетті «теңдік құқықта», яғни олармен бірдей деңгейде болу;
- в) қоғамның берілген әлеуметтік аяны, салалар деңгейінде реттеу қажеттілігі;
- г) заң нормаларының сандық жеткіліктігі және ерекше салалық сапаға көшуді талап етушілігі;
- ғ) тәртіпке сай ерекшеленген кодифициялық заңдардың болуы;
- д) басқа белгілер.

Пәндік және әдістік құқықтық реттеу, құқықты салаларға бөлудің негіздері болып есептеледі. Пән тікелей материалдық белгі ретінде «Салалық құқық нені реттейді?» деген сұраққа жауап береді. Әдістің жауап беретін сұрағы «қалай?» (қандай жолмен салалық реттеу жүргізіледі және заңды белгіге айналатындығын қалай анықтайды). Әдіс (арнайы заңдылық жолдардың ықпалдарының жиынтығы) саладағы өз пәнінің барлығын табуға мүмкіндік береді, себебі ерекше пән бөлу тек сол кезде болады, егер ол өзін реттеуге ерекше арнайыланған жолдарды талап етсе.

Әдістің құқық саласындағы арнайылығы мынандай белгілеріне байланысты белгіленеді (оларды әдістің элементтері деп атайды):

- а) құқық салаларының субъектілерінің жалпы заңдылық жағдайларына байланысты (салалық құқықтық субъектілік);
- ә) пайда болу, өзгеру және құқықтық қатынастарды тоқтату қатынастарына байланысты негіздер;

б) құқықтың мазмұнын құру жолдары мен міндеттер (мысалы, тікелей құқық нормасымен, не екі жақтың келісімімен);

в) заңды ықпал ету мөлшері (құқық нормаларының санкцияларына байланысты).

Ең алдымен, оларды **императивтік** (билік) және **диспозитивтік** әдістерге бөледі.

Профессор С. С. Алексеев құқық салаларына мынандай анықтама береді: «Тәуелсіз, өзіндік ерекшелігі бар құқықтың бөлігі, ол бір-бірімен келіскен жүйелерден тұрады, нормалардың институттарына бөлінген, қоғамдық қатынастардың арнайы түрлерін реттейді».

**Құқықтық институт** дегеніміз, заң нормаларының алғашқы бірігушілігі, ол құқық саласындағы пәннің белгілі бір бөлігін тұтас күйінде реттеуді қамтамасыз етеді. Мысалы, мемлекеттік құқықтағы азаматтық институт, қылмыс құқығындағы қажетті қорғану институты, т.с.с. Құқық жүйесінде салалардың үлкен блоктарын бөліп көрсетуге болады — **материалдық және процессуалдық құқық, жеке және жария құқық**.

Негізгі салалар — барлық құқық жүйесінің фундаментін құрайды, ол салалар «жиынтығы», онсыз құқық жүйелерінің жұмыс істеуі мүмкін емес. Бұл — мемлекеттік, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық құқықтар және құқықтың процессуалдық салалары. Азаматтық және әкімшілік құқықтардың негізінде салалар ретінде көрінетін жеке құқық және жария құқықтар құрылып жатқан еңбек, жанұя, жер, қаржы құқықтарының бастамалары. Даудың тақырыбы болып жүрген сұрақтарға жататын **кешенді құқық салаларының табиғаты**. Оларды «тәуелсіз емес» деп атайды, себебі олардың пәні және әдісі жоқ, не оларды құқық салаларына жатқызбайды және сала заңдары ретінде есепке кіргізбейді.

Біздің ойымызша, олар толыққанды құқық салаларына жатады, соған қоса олардың құқық жүйесінде болуы, олардың жаңа сатыға, өте жоғары деңгейдегі даму сатысына өткендігін көрсетеді. Көптеген ғалымдардың оларды дұрыс қабылдамауының себептеріне кешенді салалардың принципті түрде басқадан өзгеше бастаумен құрылуы жатады, яғни негізгі «тәуелсіз» салаларға қарағанда. Құқық жүйесі белгілі даму деңгейіне жеткеннен кейін тұтас әлеуметтік аяларды реттеуге көшеді, мұнда ол өзінің заңды біржақтылығынан тәуелсіз болады: кәсіпкерлік, денсаулық сақтау, көлік, білім, экология сияқтылардан. Құқық әлеуметтік аяның функционалдық ұйымдастыру аясына көшу ретінде, оның аумақтық ұйымдастырушылығында. Егер негізгі салалардың құрылуы заңды бастаудан болса, әдісі кешендегі әлеуметтік бастаудан, яғни пәннің.

Кешенді заң салаларының пәні әртүрлі, бірақ ол тұтастықта белгілі әлеуметтік жүйені көрсетеді. Негізгі саладағы пәннің өзі заңды біржақты, бірақ «жаппай» бір құрылымды емес: негізгі салалардағы реттелетін бөліктер барлық қоғамдық қызметтердің даласында «бөлініп тасталған», олар пәнге әдістің белгілері ретінде «жиналады». Бұған өте оңай сенуге болады, егер оларды негізгі азаматтық және әкімшілік құқықтар салаларының пәні ретінде қарасақ. Сонымен, кешенді салалардың «өзіндік» пәндері бар.

Кешенді салалар пайдаланатын әдістер жәй заңды өзгешелігі бар емес, бірегей, әр уақытта ерекше реттеушілік заңдық жолдардың келісімінің есебінен жетеді<sup>1</sup>.

Кешенді құқық салаларының пайдасына аргумент ретінде, қазіргі құқықтық түсініктегі құқық жүйесінің және заңдар жүйесінің бөлінбейтіндігі туралы тенденцияны айтуға болады.

## **15. Материалдық және процессуалдық құқықтар**

Құқықтық құбылыстарды материалдық және процессуалдыққа бөлудің түсінікті болуының себебі, азаматтық-процессуалдық және қылмыстық-процессуалдық салалардың заңдарының болуына байланысты. Жалпы теориялық жағдайда алсақ, бұл проблема өте қиын. Алайда, ғылымның алдына қойған мақсатына сай заң шығарушыларға анық **жалпықұқықтық** белгідегі материалдық-құқықтық және процессуалдық құбылыстарды ұсынуы қажет, себебі оны құқық жүйесі мен заңдардағы жұмыста пайдалануға болады.

Құқықтық құбылыстарды (құқық саласы, нормалар, құқықтық қатынастар, заңды фактілер, т.б.) материалдық және процессуалдық бөлу — **бұл заңтанудың ішкі арнайы проблемалары**. Оны әлемдік философиялық түсінумен, (ондай талаптар болса да) не болмаса әлеуметтік құбылыстарды материалдық және идеологиялық бөлумен байланыстыруға болмайды. Барлық құқықтық құбылыстар (материалдық және процессуалдық) идеологиялық болады (яғни, қоғам жағынан сапалы — ерікті ықпалдық әсері болмаса, пайда болуы мүмкін емес).

«Материалдық» белгі тек өзі ғана құқықтық құбылыстардың (оны құқық нормаларының тікелей қатынасуымен объективті қалыптасқан

<sup>1</sup> Ол туралы толығырақ: Протасов В. Н. Что и как регулирует право.— М. 1995.— С. 39—45.

әлеуметтік өмірдің қатпарларын реттеу ретінде түсінген) арасындағы шекараны түсіндіре алмайды. Дегенмен, ең бірінші рет таяғанда оны белгі ретінде пайдалануға болады. Материалдық реттеуші нормаларға әртүрлі әлеуметтік аяларды реттейтінді жатқызу дағдыға айналған, олардың қатынасушыларында позитивті тәртіп қалыптасқан. Материалдыққа материалдық реттеуші нормалардың әрекетін қамтамасыз ететін сақтандыру нормалары жатады. Мысалы, қылмыстық құқық өзінің табиғатына байланысты сақтандыруға жатады, сондықтан қылмыстық құқық нормаларының жалпыға бірдей материалдық екендігі мойындалған.

Материалдыққа процедуралық нормаларды да жатқызуға болады, себебі олар материалдық реттеуші нормалардың іске асыру тәртібін белгілі ережеге сай жүргізеді. Таяулық көзқарас бойынша, алдыңғы әлеуметтік құрылысты бұл процедуралық нормалар «көбірек материалды» басқа сақтандыру материалдығына қарағанда (мысалы, қылмыстық-құқықтық шекараны материалдық пен процессуалдық құқық жүйелеріндегі шекараны үлкен эффективтікпен жүргізуді, алдын-ала **процессуалды — құқықтық құбылыстардың жалпы белгілерін білгеннен** кейін өткізуге болады. Соған сай, сол әдістемелік алғышарттардан шығу қажет, яғни барлық процессуалдық құбылыстар — **процедуралық**.

Жалпы түрде құқықтағы процедураны әртүрлі заңды әрекеттерді іске асыру тәртібі ретінде анықтауға болады. Барлық заңды процедураларды екі үлкен топқа бөлуге болады: **құқықтық шығармашылық және құқықты іске асырушылық**. Өз жағынан, құқықты іске асыру процедуралары екіге бөлінеді: **материалдық және процессуалдық**.

Процессуалдық процедура — материалдық сақтандыру нормаларды іске асыру тәртібі (басқаша — санкция). Соған сай нормалар санкция процедурасын іске асыруға жағдай жасаса, процессуалдық болады. Азаматтық процессуалдық құқық түгелімен процедуралық салаға жатады — оны белгілеу — азаматтық-құқықтық нормалардың іске асыру тәртібін жөнге келтіреді, ал қылмыстық-процессуалдық құқық қылмыс құқығының нормаларының іске асыру тәртібін белгілейді, ол тұтасымен қорғаушылық табиғатында және қорғаушылық нормалардан тұрады.

Процессуалдық нормалардың заң жүзінде ерекшелену тенденциялары бар (оны біз азаматтық процессуалдық және қылмыстық процессуалдық құқықтардың мысалынан көреміз). Ондай жекелену біртұтас нормативтік актілердің қалпында болуы мүмкін.

Материалдық-процессуалдық нормалар, жөнді және міндетті кейбір материалдық реттеушілік нормалар іске асыру жағдайы

(нысаны), олармен бірге «байланыста» өмір сүреді және заңдармен ешқашанда олардан бөлініп кете алмайды. Мысалы, түсініксіз және дұрыстыққа жатпас еді, егер заңмен азаматтық құқықтық-процедуралық нормасын оның негізгі нормаларынан бөлсек және оның барлығын бір нормативті-процедуралық актіге біріктірсек.

Материалдық-процедуралық нормаларды құқықты қолданудан, олардың байланыс белгілеріне сай екіге бөлуге болады:

а) жанама әдеттегі (ординарлы) материалдық нормалар диспозициясының іске асыру нысандары, олар құқықты қолданумен байлансыз (келісім жасау тәртібі, мұраға ие болу тәртібі, т.б.);

ә) позитивтікті жөнге келтіру процедурасы, яғни құқық бұзғандығы үшін жөнді құқықты қолдану (зейнетақы тағайындау тәртібі, тұрғын үйді ауыстыру, жер бөлігін алу, т.с.с.);

Сонымен, материалдық және процессуалдық құқық жүйесіндегі шекара процедуралық аяның ішінде болады (материалдық нормалар процедурасы мен процессуалдық нормалар арасында), сол сияқты процессуалдық нормалар және материалдық сақтандыру нормаларының қосылған жерінде (мысалы, қылмыстық процесс пен қылмыстық құқық нормаларының арасында).

Процессуалдық нормалар — бұл әр уақытта **процедуралық** нормалар, ал материалдық нормалар процедуралық болуы мүмкін, екінші жағынан, процедурамен байланысы болуы да және болмауы да мүмкін.

## **16. Жеке және жария құқық**

Қазіргі кезде қоғам мен, Қазақстан Республикасы үшін ең өзекті құбылыс, құқық жүйесін жекелеген сала құқығы мен жария құқыққа ажыратып зерттеу болып табылады. Ежелгі Римде жеке құқық («*jus privatum*») және жария құқық («*jus publicum*») болып бөліп қаралған. Ондай бөлу көне Рим заңгері Ульпиннің (170—228 ж.ж.) атымен байланысты. Себебі, ол кісі осы ілімді бірінші рет уағыздаған. Оның ойынша, жария құқық Рим мемлекетіне қатысты болса, жеке құқық тек жеке адамның пайдасы үшін қажет болған. **Яғни, жария құқықтың пәні көпшілік ықыласының аясы болған** (қоғамның ықыласы, мемлекеттігі тұтастай), **ал жеке құқықтың пәні — жеке жұмыстардың және назарлардың аясы.**

Құқықтың жеке және жария болып бөлінуіне көңіл қойғандарға: Монтескье («*О духе законов*»), Гоббс, Гегель, Ресей құқық зертеушілері: Д. Д. Гримм, К. Д. Кавелин, Н. М. Коркунов, Д. И.

Мейер, П. И. Новгородцев, Л. И. Петражицкий, Г. Ф. Шершеневичтер жатады.

Қазіргі отандық заңгерлер жария құқық салаларына мемлекеттік, әкімшілік, қаржы, қылмыс, процессуалдық құқық салаларын жатқызады, ал жеке құқық саласына — азаматтық, еңбек, отбасы, кешенді салаларды, сауда, кооперативті, кәсіптік және банк құқықтарын жатқызады.

Кеңестік құқық теориясы жеке құқық саласын мойындамай, социалистік құрылымның табиғатына сай келмейтіндігін жариялады. 1922 жылы бірінші Кеңестік Азаматтық кодексті дайындау үстінде В. И. Ленин өзінің позициясын былай айтқан «Мы ничего «частного» не признаем, для нас все в области хозяйства есть публично-правовое, а не частное». Ондай қатынастардың социалистік мемлекеттің тоталитарлық табиғатына сай қамтамасыз етілгендігі белгілі. Сонымен қатар, қоғамдық және жекелеген өмір мемлекеттендіріліп, жеке меншіктің жоқтығына байланысты болды.

Әлеуметтік аяны реттеуге тәжірибе жиналып, жария құқық әдістерін пайдалануға мүмкіндік туды, ол үшін заңды сипаттағы орталықтандыру («жоғарыдан төмен») бір ортадан мемлекеттік реттеу басталды) және субъектілердің императивтік ойына орын қалмаған.

Жеке құқық аясы заңды реттеуді орталықтандырмауды болжайды (азаматтық айналымның мүшелері маңызы бар заңды шешімдерді тәуелсіз қабылдайды) және диспозитивтікті ұстайды (заңды шешімдерді таңдау бостандығы).

Жеке және жария құқықты бөлудің мәні — мемлекеттің заттық және индивидтердің басқа қосылымдарының ықыласына кірудің шегін белгілеу. Мемлекет бұл аяда арбитр ретінде және азаматтық айналымдағы қатынасушылардың құқықтары мен заңды ықыластарын сақтайтын сенімді қорғаушы болуы керек.

Қазіргі кезде Қазақстанда да нарықтық экономиканың қалыптасуы жүріп жатыр, жеке меншік заңмен бекітілген, соған байланысты жеке құқықтың дамуына үлкен маңыз беріледі.

Барлық маңыздылығымен және принциптігімен құқықтың жеке және жария болып бөлінуі біржақты емес, ал олардың шекарасы жеткілікті түрде шартты және бұлыңғыр. Орыс цивилисі Михаил Михайлович Агарков айтқандай, жария құқықтық және жеке-құқықтық элементтердің комбинацияларынан аралас жария-құқықтық және жеке-құқықтық институттар пайда болуы мүмкін. Жария құқық дегеніміз — билік және бағыну ортасы, жеке (азаматтық) бостандық пен жеке ынталылық. Кейде жария құқыққа қатынастарды жатқызу белгісіне олардың бір жағының орнында

мемлекеттің қатысуын талап етеді. Дегенмен, мемлекет тұтасымен және оның органдары жеке құқықтық қатынастардың заңды тұлғалары ретінде көрінуіне болады.

## **17. Құқық жүйесі, және заңдар жүйесі, олардың арақатынастары**

Бұл проблеманың тікелей тәжірибелік маңызы бар. Аталмыш мәселені теориялық жағынан шешу нормативтік-құқықтық актілерді шығарудағы және топтауды эффективті әрекеттерге, құқықтың барлық арнайы нысандардың көрінуіне әсер етеді.

Оны шешудің методологиялық негізіне құқық пен заңның жалпы заңдылықтары жатады («заң» деп айтқанда, тек тікелей заңдарды ғана емес, барлық құқықтың қайнар көздерін қоса айтамыз).

Құқық дегеніміз — құқықтық заңның өзі. Құқық өзінің көріну нысанынан тыста болмайды: оның сыртынан тек мынандай жауап табуға болады: құқық қандай болу керек, бірақ құқықтың өзі емес. Тура солай әлеуметтік ортада, реттелетін әлеуметтік аяда құқық жүйесінің объективті негізі, оның идеалды үлгісі бар, бірақ құқық жүйесі нағыз жүйесінде ғана өмір сүре алады. Әдебиетте құқық жүйесі және заңдар жүйесі — бір феноменнің екі жағы — объективтік құқықтың. Құқық жүйесін заңдар жүйесінің қалпынан шығару деген, құқықтың өзін қалыптан шығару болып табылады. Және принципті түрде олардың арақатынасына дұрыс сипат беру оның мазмұны мен құқық нысанын сипаттау.

Сонымен бірге, құқық жүйесі және заңдар жүйесі тығыз байланысты болса да, жеке жүйелер болып табылады. Олардың әртүрлі мақсаттары және әртүрлі құрылымдары бар.

**Құқық жүйесі** — құрылымын сипаттайды (элементтері мен құрылысын) құқықтық ақпаратты (құқықтың мазмұны) және құқықтың әрекетін ақпараттық реттеу жүйесі ретінде қамтамасыз етеді. **Заңдар жүйесі** — құқықтық ақпарат иесінің құрылымын сипаттайды және оның мақсаты сол ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету және оны тиімді пайдалану.

Әдебиетте құқық жүйесі заңдар жүйесінің объективті негізі және заңдар жүйесі заң шығарушымен құқықтың жүйесі негізінде құрылады. Жалпы және тұтасымен ол дұрыс. Алайда, заңдар жүйесінің дамуы, оның жетілуі оған қарағандық емес, яғни құқық жүйесін қайталап соған ұқсас болуды көздемейді, тек көбірек түрде,

құқық жүйесіне қарағанда өзінің қызметтік мақсатын толық іске асыру, құқықтық ақпараттың ашықтығын және түсінікті болуын қамтамасыз ету, заңдылық күштеріне қарай, заң нормаларының анық **иерархиясын** белгілеу, көбірек, толық және дұрыстық жағдайда елдің мемлекеттік құрылымын есепке алу қажет.

Заңдар шығару жүйесі (ал «заңдар шығарумен» бұл проблеманың контекстінде барлық нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығын және құқықтың арнайыланған көріну нысандарына дейін түсінуге болады) өкілетті органдардың арнайы қызметтерінің нәтижесі («құқықтық шығармашылыққа» қатысты) және ол осы бағдарламада көбірек, не азырақ жетілгендігін көрсетуі мүмкін. Теорияда мұндай сәттерді заңдар шығару жүйесінің **субъективтік факторларға** тәуелділігі ретінде сипаттайды.

Егер құқық жүйесінің элементтеріне нормалар, институттар, салалар жатса, онда заң шығару жүйесінің элементтері — нормативтік-құқықтық актілер және олардың элементтерін құрушылар (тараулар, бөлімдер, баптар, белгілер, т.б.). Сол сияқты, заң шығарудың **салалары** бөлініп шығады.

Заң шығару жүйесінің құрылысы «жоғарыдан төмен» (субординация принципі бойынша) және «көлденең» құрылады (координация принципі). Нормативтік-құқықтық актілердің иерархиялық негізінде (жоғарыдан төмен құрылым) әр уақытта Конституцияға жатады. Көлденең құрылыс заң шығару саласының бөлшектенген жүйесімен сипатталады. Федеративтік мемлекеттерде заң шығару жүйесі өзгеше. Мысалға, Ресейдің заң шығару жүйесін алсақ, онда жалпыфедеративтік заң шығару мен Федерация субъектілерінің заң шығару жүйелері бар.

## **18. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу: түсінігі және түрлері**

Заң шығару жүйесі жүйе болып қалуы үшін (қажетті және жеткілікті элементтерінің жиынтығына ие болуына ішкі жағынан келісімді, қарама-қайшылықта болмауына) жұмыстарының жөнді болуына, сонымен бірге, жетілдірілуіне және дамуына ең қажеттісі арнайы процестердің тоқтаусыз ықпалы болуы керек.

**Жүйелеу** — бұл бекітуге және нормативтік материалдарды сырттай және іштей жөндеу арқылы жетілдіру, мақсаты заң шығару жүйесін қолдау және құқық субъектілерін қажетті нормативтік-құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Жүйелеудің қажеттігі сонда, ол жаңа нормативтік-құқықтық актілерді шығаруға арналған тоқтаусыз процестермен қамтамасыз етілген, уақыт өткен сайын, кейбір актілер өзінің күшін жоғалтады, ескіреді, заңды ұйғарымдардың арасындағы қарама-қайшылық көбейе түседі, т.с.с.

Жүйелеудің тәжірибелік маңызын 1833 ж. М. М. Сперанский нықтап көрсеткен (ол Ресейде ғана емес, Еуропа бойынша ең белгілі кодификатор (кодекс шығарушы). Оның айтуы бойынша, «Заңдарды бір құрылымға жинау — мемлекетке қажеттіліктің бірі». Ол жүйелеудің заң ғылымдарына маңыздылығын айтқан.

Қазіргі юриспруденция негізінен **үш жолды түрдегі жүйелеуді пайдаланады — инкорпорация, консолидация және кодификация.**

**Инкорпорация** — жүйелеудің түрі (жолы), онда нормативтік-құқықтық актілер сыртқы өңдеуге түседі (не жалпы жағдайда, ондайға түспейді) — алфавитті (қаріпті), хронологиялық, жүйелілік (пәнділік) және белгілі тәртіпте бір қосылымда, не болмаса басқа басылымда орналасады.

Инкорпорацияға мынандай сипаттар тән:

1) ол арнайы ретінде, сол сияқты арнайы емес ретіндегі сипатта болады;

2) инкорпорацияның субъектілеріне мемлекет органдары, қоғамдық ұйымдар және жекелеген адамдар жатады;

3) инкорпорация нормативті мазмұндағы актіге тиіспейді: құқық нормалары жүйелеу кезіндегі әрекеттеріндегідей сол күйінде инкорпорацияға айналады;

4) нормативтік-актілер құқықтық-шығармашылық органдарымен қалай, қай түрде қабылданса, сол күйінде инкорпорацияға айналады, сыртқы өңдеуге түседі;

5) сыртқы өңдеу дегеніміз:

а) мәтіннен күшін жоғалтқан жекелеген баптар, пункттер, абзацтар алынып тасталып, жаңа өзгертулер (актінің шыққан кезінен бастап) енгізіледі;

ә) нормативтік ұйғарымдары жоқ бөліктері алынып тасталады;

б) инкорпорация нәтижесінде заңдар жинағы, басқа нормативті актілер басылып шығады.

Заңдар жинағының бір түріне заңдар қосылымы жатады:

а) жоғары билік органдарының нормативтік актілерінің инкорпорацияға айналған басылымдары (заң шығару және атқару);

ә) арнайы хабарлаудың қайнар көздері;

б) әрекеттегі барлық заңдардың жинағы (көрсетілген «п» «а» мағынасында) ешқандай өзгеріссіз.

**Консолидация** — жүйелеудің түрі (жолы), онда бір-біріне мазмұны бойынша жақын нормативтік актілер біріктіріледі, үлкейтілген нормативтік-құқықтық актінің қажеттігі, нормативті актілердің көптігін азайту және құқықтық реттеудің бірлігін қамтамасыз ету.

Консолидацияның төмендегідей сипатын ұсынамыз:

1) ол өзгеше құқықтық шығармашылық қабылдау (кейіпті арнайы инкорпорацияның құқықтық шығармашылыққа қатынасы жоқ);

2) тек олармен қабылданған актілер құқықтық-шығармашылық арқылы жүргізіледі;

3) консолидация кезінде біріккен актілер күштерін жояды, ал олардың орнына жаңадан қабылданған актілер әрекет етеді, олардың меншігінде арнайы реквизиттері болады (аты, қабылданған уақыты, нөмірі, лауазымды адамның қолы).

Консолидация өзінің табиғатына сай инкорпорация мен кодификацияның ортасынан орын алады.

**Кодификация** — жүйелеудің түрі (жолы), ол құқықтық-шығармашылық сипатта болады және жаңа нормативтік-құқықтық жинақты шығаруға бағытталған (заңдар негізін, кодексті, т.б.). Ол негізгі әрекеттегі заңдарды өңдеу арқылы жүргізіліп, белгілі әлеуметтік аяның, ішкі келісілген бірлікті қамтамасыз ету мақсатында.

Кодификациялауға мынандай сипаттар тән болады:

1) ол өте қиын және жетілген жүйелеудің нысаны;

2) шынында ол құқықтық-шығармашылықтың түрі, себебі кодификацияның объектісі ретінде тікелей құқық нормалары көрінеді;

3) кодификациялауды әр уақытта тек міндетті мемлекеттік органдар ғана, конституциялық не басқа заңды өкілеттіліктің негізінде іске асырады;

4) инкорпорациядан айырмашылығы, ол тұрақты сипатта болады, әр кездерде жүргізіледі және оның нәтижесі ұзақ уақытқа белгіленген;

5) кодификация жүргізу құқықтық реттеуге жаңалық элементтерін кіргізеді (бұл әр уақытта «құқықтық реформа» сияқты) және ондай жағдай үлкен әлеуметтік қайта құрылымдармен байланысты.

6) кодификациялаудың нәтижесі кодификациялық акт, ол заңдық және логикалық тұтастықты айырады, жинау сипатында маңызын әлі жоғалтпаған нормативтік актілерді біріктіреді, көлемді және қиын құрылым, әлеуметтік аяны кең қамтитын және басқа салалық актілердің ішінде маңыздылығы жоғары. Кодификациялық актілер — ең алдымен барлық заңдардың және кодекстердің негізі. Оларға тағы да жарғылар, ережелер, жатады.

## 19. Құқықтық шығармашылық: түсінігі және кезеңдері. Заңды техника

«Құқықтық шығармашылық» дегеніміз — мемлекеттің өкілетті органдарының әрекеттері, яғни нормативтік актілерді басуға, қайта жөндеуге арналған әрекеттері, оларды мазмұнымен тұтас заң нормаларына айналдырады. Алайда, бұл мағынада «құқықтық-шығармашылық» атауы көбірек шартты және сол әрекетті құқықтық-шығармашылық деп атағанжөн, әрі қайта құру процестерін айыра білу қажет.

Мемлекет құқықты **жасамайды**. Құқықты құру процесі әлеуметтік организм қойнауында жүріп жатады, ал мемлекет қоғамда қалыптасқан құқықты талаптарға сай **дайындауы** керек. Сондықтан, кейбір авторлардың «құқықтық-шығармашылықты» құқықты құру процесіндегі ақырғы кезең деуі дұрыс емес.

Профессор С. С. Алексеев негіздеме түрінде былай дейді: «Құқықтық-шығармашылық принципті түрде, сол уақытта басталады, қашан қоғам дамуындағы талаптар белгіленеді, тікелей әлеуметтік құқық қалыптасса, құқықтық жаңалықтардың қажеттігі шегіне жетсе, тек осы негізде ғана құқық құру процесіне міндетті органдар кіріседі».

Құқықтық-шығармашылық түсінігі қоғамның еркін, заңға айналдырудағы қызметтердің барлық түрлерін, жолдарын (нысанын) қамтиды:

- а) мемлекеттік органдармен нормативтік актілерді қабылдау;
- ә) референдум арқылы тікелей халықпен ақылдасу;
- б) құқық нормаларына сай әртүрлі келісімдер жасау;
- в) мемлекеттік емес ұйымдардың шығарған әдеттері мен нормаларына санкция беру;
- г) заңды прецеденттерді құру.

Юриспруденцияда көптеген құқықтық-шығармашылық принциптер шығарылған, олардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- а) демократиялық;
- ә) заңдылық;
- б) гуманистік;
- в) ғылымилығы;
- г) кәсібилік;
- ғ) бағдарламалықтығы.

**Құқықтық-шығармашылық** қызмет әр уақытта әртүрлі **заңды процедураны** көрсетеді, яғни құқықтық-шығармашылық қызыметін

істегендегі құқықпен реттелген бірізділік, олар белгілі құқықтық-шығармашылық нәтиже. Құқықтық шығармашылық процедура жеткілікті түрде қиын және қызметі ұзаққа жалғанады және өзінің **кезеңдері** бар, яғни бұл процестердің арасындағы кезеңдер, шешуі нақтылы мақсаттар.

Қазіргі кездегі көбірек таралған мынандай құқықтық-шығармашылық нысандар бар: мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерді қабылдауы. Ондай құқықтық-шығармашылық процедурада көбірек істелген заң шығару процедурасы (заңдарды баспаға беру процедурасы).

Заң шығару процедурасының мынандай кезеңдері бар:

Заң шығару бастамасын іске асыру құқығы, яғни елдің ең жоғарғы өкілетті органына заң жобасын арнайы ұсыну, ол орган оны қарауға міндетті. Заң жобасын ұсынуға құқығы бар субъектілердің тізімі Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында анық айтылған: «1. Заң шығару бастамасы құқығы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарына, Республика Үкіметіне беріледі және тек қана Мәжілісте жүзеге асырылады».

2-кезең **заң жобасын талқылау**. Бұл кезеңде негізінен заң жобасы талқыға түсіп өзгертулер, толықтырулар кіргізіледі, керегі жоқ жерлері алынып тасталады;

3-кезеңде заң жобасы қабылданады;

4-кезеңде арнайы ақпарат құралдарымен жарияланады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 61-бабында осы мәселе туралы былай бекітілген «1. Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеуге, сондай-ақ осы жоба жедел қаралады деп жариялауға құқығы бар, бұл Парламент заң жобасын енгізілген күннен бастап бір ай ішінде қарауға тиісті екенін білдіреді. 4. Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік дауысымен мақұлданған заң жобасы Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданған жоба заңға айналады және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі».

**Заңды техника** — нормативтік-құқықтық және жекелеген заң актілерін дайындаудағы пайдаланылған жолдардың, тәртіптердің және құралдардың жиынтығы, олардың жетілдірілуін қамтамасыз етуші.

Заңды техниканың ішінде ерекше бөлінетіні **заң шығару техникасы**, ол мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:

а) жазудың қисынды бірізділігі;

- ә) нормативті актілердің ішінде қарама-қайшылықтың жоқтығы және толығымен заң шығару жүйесінде;
- б) нормативті материалдардың жинақы болуы;
- в) заң тілінің анықтығы және түсініктілігі;
- г) заң шығарудағы пайдаланылған терминдердің құрылуындағы дәлдік және белгілілік;
- ғ) тек бір мәселе бойынша белгіленген нормативтік актілердің көптігін болдырмау.

Заң техникасының деңгейі, көп жағдайда заңдылық мәдениеттің деңгейін көрсетеді. Заңды техника, ең алдымен, заңды терминология мәселелеріне, **заңды Конституцияға** (толығымен және заңды құралдардың қабысуы), **өңдеу тәртібіне, жазылуына және нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеуге қатысы бар.**

## **20. Қазақстан Республикасындағы нормативтік-құқықтық актілерді жариялау және күшіне ену тәртібі**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 62- бабы толығымен осы мәселелерге арналған:

1. Парламент — Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар Қазақстан Республикасының заңдары, Парламенттің қаулылары, Сенат пен Мәжілістің қаулылары түрінде заң актілерін қабылдайды.

2. Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

3. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар әр Палата депутаттары жалпы санының кемінде төрттен үшіннің көпшілік дауысымен енгізіледі.

## **21. Нормативтік-құқықтық актілердің уақытта, кеңістікте және адамдар арасындағы әрекеттері**

Нормативтік актілердің уақыттағы әрекеті оның күшіне кнгеннен басталады да, жоғалтуымен аяқталады.

Нормативтік-құқықтық актілер күшіне енеді:

- а) қабылдау кезінен;

ә) нормативтік актілердің өзінде көрсетілген уақыттан, не болмаса оның күшіне енуі жөніндегі арнайы актіде көрсетіледі (оған сол актінің қабылданған күні болуы мүмкін);

б) жарияланған күннен бастап нормативті белгіленген уақытының бітуіне байланысты.

Заңды күштің жоғалуы мынандай жағдайларда болуы мүмкін:

а) алдын ала нормативтік актіде көрсетілген уақыттың бітуіне байланысты;

ә) әрекеттегі нормативтік-құқықтық актілерді тікелей арнайы түрде күшін жояды;

б) бір нормативтік-құқықтық актілерді басқамен ауыстырады, яғни сол әлеуметтік аяны жаңа тәртіппен реттеу көзделеді.

Жалпы тәртіп бойынша, **заңның кері күші жоқ**, яғни оның күшіне кіргенге дейінгі пайда болған құқықтық қатынасқа оның күші әсер етпейді. Тәжірибеде бұл дегеніміз, мысалы, сот жаңа әрекеттегі заңның орнына істі бұрынғы заңға сәйкес шешуі мүмкін, егер заттық даулар жаңа заң күшіне енбей тұрғанда пайда болса. Кей жағдайда нормативтік-құқықтық актінің кері күші болуы мүмкін:

а) егер ол туралы нормативтік-актінің өзінде көрсетілсе;

ә) егер ол (жаңа заң бойынша) жауапкершілікті қылмыс құқығы, не әкімшілік құқығы бойынша азайтса, не жоқ қылса.

Сонымен қатар, заңның кері күші нормативтік-құқықтық актінің уақыттағы әрекетінде тағы да принципті түрде пайдаланылады — «өткен заң негізінде», яғни өзінің заңдық күшін жойған заңдар жаңа заңдардың арнайы нұсқауы бойынша кейбір мәселелерді әрі қарай жалғастырып, реттей беруге мүмкіншілік алады.

Заңның уақыттағы әрекетінің кейіптегі жөнді принципіне тоқтаусыз әрекет жасау принципі жатады, яғни заңның өз күшіне енген кезінен бастап тек «алға» әрекетін жасайды: өзіне дейінгі қалыптасқан заңды құқықтар мен міндеттіліктерге ол ревизия жүргізбейді.

Нормативтік-құқықтық актілер кеңістікте өзінің түріне байланысты үш жағдайда әрекет етеді:

а) мемлекеттің барлық аумағына таратылу;

ә) елдің дәл анықталған бөлігінде ғана әрекет етеді;

б) мемлекеттік егемендіктің принциптеріне сай, әртүрлі мемлекеттің заңдары тек өз аумағында ғана әрекет жасай алады. Сол принциптерге қарамай, басқа мемлекеттің аумағында да әрекет жасайды.

Мемлекеттің аумағына жер шарының бір бөлігі (оған құрғақ жерлер, жердің қойнауы, әуе кеңістігі және сулы аймақтар жатады);

яғни сол егемендік мемлекеттің меншігіндегі өз билігі таралған аумақтарды айтамыз. Мемлекеттің егемендігі өзінің елшілері тұрған жерлерге (қандай сырт мемлекет болмасын), әскери кемелерге, барлық ашық теңіздердегі кемелдерге, ұшақтарға, ғарыштағы және басқа да объектілерге таралады.

Ешбір мемлекеттің заңдары таралмайтын кеңістіктер және адамдар бар, оларды эксаумақтық (экстерриториальность) деп атайды. Эксаумақтық принцип дегеніміз, дүние жүзіндегі қандай да болмасын мемлекеттің шекара маңында халықаралық құқық нормаларына сәйкес аумақтар және адамдар болуы мүмкін, оларға мемлекеттің заңдары таралмайды.

Нормативтік-құқықтық актілердің адамдар ортасындағы әрекеті жалпы тәртіпке бағынады: ол өзінің әрекет жасайтын аумағындағы тұратын барлық адамдарға таралады. Алайда ол тәртіпке бағынбайтын жағдайлар да бар:

а) шет елдердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар көптеген құқықтық қатынастардың субъектілері бола алмайды (мысалы, сот болуға, әскери қызметте болуға);

ә) дипломатиялық иммунитеті бар шет ел азаматтары эксаумақтық құқықты пайдалана алады және қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке Қазақстан Республикасының заңдары бойынша жауапқа тартылмайды;

б) кейбір нормативтік-құқықтық актілер Қазақстан Республикасының өз әрекетін басқа мемлекетте жүрген өз азаматтарына да таратады. Нормативтік актілер өзінің әрекетінде көп адамдармен араласуға міндетті, сондықтан олар жыныстық, жасына байланысты (кәмелетке толмағандар), кәсіпкерлікке қатыстылығына (мысалы, әскери адамдар) және денсаулығына байланысты белгіленеді.

## **22. Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей әрекеті**

Қазіргі кездегі демократиялық мемлекеттің Конституциясы міндетті түрде бір ғана маңызды қасиетті қамтуы қажет: ол тікелей әрекет актісі болуы міндетті.

Конституцияның тікелей әрекетінің маңызы сонда, әр азамат Конституция нормаларының негізінде құқыққа ие болады, оны қорғау үшін сотқа жүгінуге құқығы бар, ал соттың ол істі норманы дәлелдейтін заңның, не қосымша заңның жоқтығына сілтеп, қа-

рамауға құқығы жоқ. Сонымен, Конституцияның тікелей әрекеті бойынша мемлекеттік органдар Конституция нормаларын тікелей нормативті құқық қолдану негізі ретінде қабылдап, қарауға міндетті және оларды нақтылы істі қарауға пайдаланады.

Тікелей әрекеттегі нормативтік актіге Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы жатады. Қазақстан Республикасының референдум арқылы қабылданған бұл Конституциясы демократиялық, өркениетті даму бағытындағы мемлекет пен қоғамның басты нормативтік актісі. Конституцияның 1-ші бабында «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. 2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; Қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу». Ал 4-бап бойынша « 2. Конституцияның ең жоғарғы заңды күші бар және республиканың барлық жерлерінде тікелей қолданылады».

Конституцияның осындай тікелей әрекеті — Қазақстан халқының демократия жолындағы үлкен жеңісі болып табылады. Одан да кем емес маңызды табыс — жекеменшік, не бұқаралық ақпараттағы бостандық. Мұнда Конституцияның тікелей әрекеті, Негізгі Заңның әрекетін заң шығарушының қаламы мен сызу арқылы жай өзгерту емес, терең әлеуметтік-экономикалық қайта құрудың, азаматтық қоғамның қалыптасуының нәтижесі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабы бойынша, «1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады...». Сонымен бірге, Конституцияның тікелей әрекетін мемлекеттің міндеттеуші органдары құқықты қолданудың тікелей нормативті негізі ретінде пайдалануы мүмкін, азаматтардың құқығына ғана қатынасы бар емес, мемлекет тікелей Конституцияның нормаларының негізінде құқықты қолдану қалпында биліктік-мәжбүрлеу әрекетіне мүмкіндік алады, мақсаты конституциялық тәртіпті орнына келтіріп, өзінің тұтастығын сақтау, заңсыз әскери құрылымдарды жою. Профессор А. Б. Венгеров

айтқандай, мемлекеттік органдар конституциялық нормалардың тікелей әрекетінің қасиетін пайдаланып, соның негізінде соған сай мәжбүр етуші механизмді (тетікті); соған қоса «күшті» қолдануы мүмкін.

Конституциядағы көрсетілгендер тікелей әрекеттің актісі мынандай қорытынды жасауға негіз болады:

**Барлық** Конституция нормаларын тікелей нормалардың әрекеті ретінде қарауымыз міндетті.

Конституцияның тікелей әрекеті, оның нормаларын тиімді іске асыруға, қажетті нақтылауға арналған нормалары мен процедуралық актісі ретінде түсінуге болмайды. Керісінше, мұның барлығын Негізгі Заңның өзі болжаған. Басқа жағдайда, сондай актілердің болмауы конституциялық нормаларды пайдаланбағандықтың себебі ретінде хабарлануы керек.

Конституцияның тікелей қимылын қамтамасыз ету сот органдарының да басты мақсаттары болады.

Профессор А. Б. Венгеров мемлекеттік органдардың, оның ішінде құқық қорғау органдарының, тікелей Конституцияны пайдалану нысандарын атап көрсетеді:

- а) Конституцияның баптарына сілтеме жасап, басқа нормативтік актілерден бөліп қолданады;
- ә) басқа нормативтік актілермен бірге қолданады;
- б) өзінің шешімдеріне, үкімдеріне сылтау табу үшін, оған әлеуметтік маңыздылық береді.

## **23. Құқық нормаларының белгілері. Құқық нормаларын жіктеу**

Құқық нормасы — бұл шығу элементі, былайша айтқанда «кірпіш», одан барлық құқық құрылған. Объективтік құқық және құқық нормалары қатынаста болып, оның толығымен тұтас бір-бір бөлігін құрайды, ал анығырақ — жүйе және оның элементі. Бұл жерде, әрине құқық қасиеттерімен тұтас оның элементтерінің арасына — құқық нормаларына бірдейлік қоюға болмайды (мысалы, үйдің қасиеті мен сапасын элементтердің өздерінің құрылған қасиетімен салыстыруға болмайтын сияқты).

Құқық нормаларының қасиеті екі жағдайға байланысты белгіленеді:

- а) құқық нормаларының әлеуметтік нормаларға қатыстылығымен;

ә) құқық нормаларының заңдық табиғатына байланысты.

Әлеуметтік нормаларға қатыстылығы — заң нормаларының мынандай сапасын қамтамасыз етеді:

1) ол қоғамдағы адамдардың тәртібін білдіреді;

2) нормативтік қасиеті бар — тәртіптің кейіптік (типтік) өлшемі (эталон; үлгі);

а) адамдардың ортасы кейіптік белгілермен (жасы, есі дұрыстығымен) белгіленген, т.с.с.;

ә) тежеусіз сандағы бір кейіпті (типті) оқиғаға есептелген;

б) кезеңдерге байланысты әрекетке кіріседі (әр уақытта, оқиға пайда болғанда, гипотезада көрсетілгендей).

Құқық нормаларының **заңды табиғаттары** олардың мынандай арнайы белгілерін белгілейді:

1. Құқық нормасы **тікелей мемлекеттен шығады**, не болмаса онымен санкция беріледі.

2. Ол мемлекеттік биліктің нұсқауы.

3. Мемлекеттің күшімен қорғалады, мемлекеттік мәжбүрлеудің мүмкіндігімен іске асырылады.

4. Құқық нормасы — жалпыға бірдей тәртіп жолы (ол адамдардың бәріне бірдей міндетті, өзіне қатынасы бар адамдардың қоғамдық жағдайларына, заңды ұйғарымдарға деген қатынастарынан тәуелсіз).

5. Құқық нормаларының формальды белгілігі бар:

а) ішкі ұйымдастыру жағынан (ішкі нысандағы) ол дәл болуы қажет және анық ұйғарымдарға сай болады;

ә) сыртқы нысандарына байланысты ол құқықтың арнайы қайнар көзі де болуы керек (нысанда) және нормативтік-құқықтық актілерде.

6. Ол тәртіптің интеллектуалды еріктегі реттеушісі ретінде әрекет етеді. Мұнда екі жағдайды ескеруіміз керек. Біріншісі, құқық нормаларының әрекеті тетігінің өзімен байланысты. Құқық нормалары адамдардың тәртібін, тек олардың түсінігіне (интеллектуалды сәт) және олардың еркіне өзінің билікті мазмұнымен ықпал ету арқылы реттей алады (ерікті сәт). Екіншісі, құқық нормалары ерікті сипаттан тұрады, ол тұтасымен құқық сияқты мемлекеттік ерікті көрсетеді.

7. Құқық нормалары, тәртіпті тікелей реттеуде (ондай нормалар өте көп) рұқсат беру — міндеттеу сипатында болады, яғни құқық субъектілеріне заңдылық құқықты беру және оларға заңды міндеттерді жүктеу арқылы әрекет етеді.

Құқық нормалары әртүрлі негіздерге байланысты **түрлерге бөлінеді**. Бірінші және көбірек белгілі топтастыру — құқық

нормаларының қай құқық саласына сәйкестігіне байланысты: азаматтық-құқықтық нормалар, әкімшілік-құқықтық нормалар, еңбек құқығы нормалары.

Занды нормаларды құқықтың функциясына байланысты **реттеушіге** және **қорғаушыға** бөлуге болады. Реттеуші нормалар тәртіпті реттеудің позитивті жағын қамтамасыз етеді, ал қорғаушы — оларды бұзылған кезде қорғайды.

Нормативтік-құқықтық актідегі жазылу сипатына байланысты **заңды басқаруға**, **міндеттеушіге** және **тыйым салушыға** бөлінеді. Бұл бөлу, жеткілікті түрде шартты, себебі қай норма болмасын, тікелей реттелетін тәртіп, заңды басқару — міндеттеуші сипатта болады. Құқық жүйесінен арнайы нормалардың тобын бөлуге мүмкіндік бар. Олар өздері тәртіпті тікелей реттемейді, бірақ оларға құқық жүйесінің байланысы арқылы көмектеседі. Ондай нормаларға мыналар жатады:

а) жалпы нормалар (мысалы, міндетті орындауға жалпы жағдайды жасау, құқықтық субъектілік нормалар);

ә) дефинитивті (дефиниция нормалары), түсініктерді заңды түрде құрушы (қылмыстың түсінігі, заңды тұлғаның түсінігі, т.б.);

б) декларативтік (принциптер нормалары);

в) оперативтік — құқық нормаларын жояды, оның әрекетін басқа аяға жаяды, олардың әрекетін созады, т.б.

г) коллизиялық — нормалар арасындағы «коллизиялық» соқтығысуды шешеді, яғни нормалар арасындағы келісімділікті реттейді.

Заң нормалары өздерінің әрекет жасайтын аясына (ортасына) байланысты жалпылық және уақытша болып бөлінеді.

Әрекеттерінің уақытына байланысты — **жалпылық** (белгісіз уақытқа белгіленген) және **уақытша** (белгілі уақытта ғана әрекет етуге).

**Адамдардың бостандық деңгейіне байланысты императивтік** және **диспозитивтік** болып бөлінеді.

Біріншісінің мүлдемдік ұйғарымы бар, яғни жақтардың ойлануына орын берілмейді. Екіншісі, өз еркімен әрекет жасайды, себебі, жақтардың келісімдері бойынша басқа ештеңе көрсетілмеген.

**Заңдылық күшіне** байланысты заң нормалары және қосымша актілердің нормалары болып бөлінеді.

## **24. Құқық нормаларының құрылымы**

Заң нормаларының құрылымы туралы мәселе — оның құрылымы туралы. «Құрылыс» — жүйелі келу категориясына жатады және

оны жүйенің элементтерінің арасындағы тиімді байланыс ретінде түсінеміз. Дегенмен, құрылыммен қоса? қандай да болмасын жүйеде оның басқа жағы болады — **құрамы**, яғни қажетті және жеткілікті элементтер жиынтығы (құрылыс оларды соған сай байланыстырады). Сондықтан? қандай да болмасын тұтас объектінің құрылымын (жүйені) ашу үшін, оның құрылысы (элементтердің объектідегі байланыс жолдары) туралы және оның құрамы — элементтердің өзі туралы айту керек. Алайда, дәстүрлі заң әдебиеттерінде құқық нормаларының құрылымы туралы мәселеде тек оның «құрылысы» туралы сөз болады.

Заң нормалары құқық жүйесінен шыққандықтан (элемент) өз жағынан жүйе ретінде көрсетеді (мини-жүйе), **онда өзінің элементтері мен элементтер арасындағы байланысты табады.**

Көңілаударатын нәрсе, құқық нормаларының құрылымы мәселесі, шын мәнісінде, тек тікелей тәртіпті реттейтін нормаларға жатады, яғни өкілетті міндеттеушілерге. Әдебиетте көрсетілгендей, бұл сәт есепке кірмейді. Ал құқық жүйесінде басқа нормалардың түрлері бар. Мысалы, дефиниция нормалары, принципті нормалар, т.б.

Ертедегі дәстүр бойынша, құқық нормасынан үш элементті бөліп көрсетеді, оларды «гипотеза», «диспозиция» және «санкция» деп атайды. **Гипотезаға** нормалардың әрекетке араласатын жағдайын көрсететін нормалар бөлігі кіреді (заңды фактілерді сипаттайды).

**Диспозиция** «нормалардың тәртіп жолының мазмұнын көрсететін, яғни субъектілерде пайда болатын заңды құқықтар мен міндеттерді көрсетеді» (С. С. Алексеев). **Санкция** нормалардың құқықтық мәжбүрлеу шараларының мөлшерін көрсететін бөлігі, яғни диспозицияны бұзғандығы үшін және ондай келудің сөз схемасы былай көрінеді «егер..., онда..., ал қарсылық жағдайда...».

Құқық өзінің өмірі үшін, заң нормаларының құрылымына басқаша да келуді қажет етеді. Құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін (өзгерді, тоқтады) екі элемент жеткілікті:

- а) белгілі маңызы бар заңды жағдайларға нұсқау;
- ә) сол жағдайларды туғызатын құқықтық нәтижелерге нұсқау;

Сондықтан, егер нормативтік-құқықтық актілердің сараптау мақсаты құқықтық нәтижелерді түсіндіру болса, яғни әртүрлі заңды фактілерді туғызса, онда құқықтық норманың екі элементтен тұратын конструкциясы схема бойынша жеткілікті: «егер..., онда...».

Екінші жағынан, үш бөліктен тұратын нормалардың құрылымын анықтап қарасақ, онда тағы да бір элементтің жоқтығын байқауға болады, ол — **санкцияның әрекетіне жасалатын жағдай туралы нұсқау.** Өйткені, құқықтық қатынастар диспозиция негізінде

қалай туса (позитивтік, реттеу құқықтық қатынастары), тура солай санкцияның негізінде де туады (қорғаушылық, күзетушілік құқықтық қатынастары). Ал құқықтық қатынастар пайда болуы үшін, жоғарыда көрсеткендей, кемінде екі элемент қажет. Сондықтан, құқық нормаларының заңды тұтастығы үш емес, төрт элементтен тұрады, ал анығырақ айтсақ — нормативтік-құқықтық ұйғарымның схема бойынша екі элементінен тұрады: «егер..., солай..., ал егер..., солай...». Бірінші ұйғарым бұл схемада реттеуші (позитивті) сипатта, ал екінші — күзетуші (қорғаушы, қамтамасыз етуші). Сондықтан, егер норманың деңгейіне логикалық-заңдық қарау керек болса, онда тек реттеу нормасын ғана емес, соған қоса оның заңды ұйғарымды қамтамасыз етуін табамыз, яғни сол үшін норманың екі элементтігіндегі конструкциясын (құрылымын) пайдаланған жөн.

Мұнда екі, үш, төрт элементтердің конструкцияларын бірін-біріне қарама-қарсы қоймайды және соның ішіндегі тек біреуі ғана дұрыс. Заң нормаларының құрылымы туралы көптеген ұмтылыстар бар, оларға үлгінің жиыны ретінде қарап, нормативтік-құқықтық актілердің мәтініне сараптама жасайтын құрал деп білеміз, олардың әрқайсысы сол сараптаудағы өз рөлдерін атқаруы тиіс. Көңіл аударатын жағдай, салалық заң ғылымындағы құқық нормаларының жалпытеориялық конструкциясын (құрылымын) іске асыру мәселесі туралы көптеген даулар бар. Мысалы, қылмыстық құқық теориясында, бұл сәт терминологиялық жағынан құқық нормаларының элементтерін атаумен байланысты, табиғи түрде олардың мазмұндарының мәніне сай. Терминдер: «гипотеза», «диспозиция» және «санкция» екі элементті нормаларды атауға жарамайды, себебі, олар үш бөлікті элементтердің логикалық байланысына сай есептелген. Егер «гипотеза» атауының салыстырмалы мәнді мазмұны болып, екі элементті нормаларды белгілеуге пайдалануға мүмкіндігі болса және оның әрекетінің жағдайын көрсетсе, онда «диспозицияның» және «санкцияның» түсініктеме мазмұны әртүрлі мәнді фрагменттерден құралады. **Диспозиция** — бұл:

- а) екінші (гипотезадан кейінгі) элемент;
- ә) позитивтік құқықтық нәтижені, позитивті құқықты және міндетті көрсетуші (тәртіп жөнінің өзін!) элемент;

б) санкциямен қамтамасыз етуді қажет етуші элемент;

Ал **санкция** — бұл:

- а) құқық нормасының «үшінші» элементі;
- ә) оның мазмұнында негативті құқықтық нәтиже бар, яғни мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары;

б) диспозицияның жөнді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған элемент;

в) әрекетке тек бұзылған кезде кіріседі.

Сонымен, нормативтік құрылымның бөлігі бір-бірімен «байланыста» және әр элементтің мәнді мазмұнын түсіну мүмкін емес, егер олардың басқа элементтермен қарым-қатынасын түсінбесек. Сондықтан, қылмыстық-құқықтық нормалардың екі элементті бөлігіндегі тыйым салу нормасын «гипотеза және санкция» ретінде қараудың негізі жоқ. Егер көрсетілген жауапкершілік мөлшерін диспозиция есебінде қабылдасақ, неге ол негативті сипатта және сол диспозицияның іске асырылуын қамтамасыз ететін санкциясы қайда? Егер ол санкция болса, онда неге гипотезадан кейін әрекетке, диспозиция жоқ болса, санкция кірісуі керек және оның бұзылуына да байланысты? Тағы да негізге азырақ қана жататын тыйым салу нормасының элементтерін диспозицияға және санкцияға жатқызу, себебі гипотеза құқық нормаларының міндетті компоненті (бөлігі).

Сондықтан, заңды нормалардың екі элементті құрылымынан гипотезаны, диспозицияны, не санкцияны іздемей, сол жағдайлардың заңды маңызы бар жағдайларды көрсететін элементті іздеу керек және сол жағдайларды тартқанына байланысты пайда болған құқықтық нәтижелерді көрсететін элементтерді іздеу қажет.

Ең қызығы элементтің санкция әрекетінің жағдайын көрсететін үш бөлікті конструкциясының (құрылымының) жоқтығына байланысты, ол соған сай ешқандай атаумен белгіленбеген. Тәуелсіз қорғау нормаларында, мысалы Қылмыстық кодекстің баптарында ол элемент орнына келтірілген (қылмыстық құқық санкциясының әрекет ету жағдайы). Осыған байланысты мынандай қорытындыға келуге болады: құқық нормаларының үш бөлікті конструкциясындағы элементтердің біреуі де оған сай келмейді. Санкцияның әрекет ету жағдайы туралы жәй айту керек, не болмаса жаңа атау кіргізу қажет.

## **25. Құқық нормасы және нормативтік-құқықтық актілердің баптары. Нормативтік-құқықтық актілердегі құқық нормаларын жазу жолдары**

Құқық нормалары мен нормативтік-құқықтық актілердің қатынасы — құқық жүйесі мен заңдар жүйесінің жалпы проблемалары. Сол сияқты, құқық жүйесі мен заңдар жүйесі сәйкес келмейді, құқық

нормалары мен нормативтік актілердің баптары сәйкестікте емес. Ең алдымен, олардың бөлектігі сонда, олар әртүрлі жүйелердің элементтеріне жатады: **норма** — құқық жүйесінің шығу элементі, **бап** — заңдар жүйесінің шығу элементі.

Баптар нормаға қатысты сол функцияларды орындайды, заңдар жүйесі құқық жүйесіне қатыстыларды орындайды: олардың сырттай бекуіне және өмір сүруіне қызмет етеді. Норма мен баптың арасында дәлме-дәл сәйкестік жоқ: бір бап бірнеше заңды нормаларды ұстап алады және, керісінше бір норманың элементі нормативті актілердің бірнеше баптарында не болмаса әртүрлі нормативтік-құқықтық актілерде болуы мүмкін. Тікелей сәйкестік те болуы мүмкін, бір бапта бір норма болады.

Сонымен, осы өзгешелікті есепке алып және құқық нормаларының әртүрлі жазылу жолдарымен, заң нормаларының барлық элементтері мен байланысын табу және оны тұтас түрінде ойлауымыз керек.

Заң шығарушы нормативтік-құқықтық актіде мынандай жазылу жолдарын пайдаланады:

1) **Тікелей**, заң нормаларының барлық элементтері бір-бірімен қарым-қатынасты бапта тікелей қайталады.

2) **Сілтеуші**, заң нормаларының бір элементтерін басқаға сілтеу арқылы табу, яғни әдеттегідей нормативтік-құқықтық актілердің жақын бабына сілтеме жасалады.

3) **Бланкетті**, бап құқық нормасының элементтеріндегі нақты бапқа, нақты заңды тәртіпке сілтеледі, яғни басқа тәртіптегі реттеуге жіберген сияқты — әлі де бір түрдің қызметіндегі тәртіпке, халықаралық келісімнің тәртіптеріне сілтемелер. Бұл жағдайда баптардың түрі «бланк» (жеке толтырылатын қағаз) сияқты болып, басқа заңмен толтырылады (құқықтың басқа қайнар көзінен).

## **26. Құқықтық қатынастар: түсінігі және түрлері**

Құқықтық қатынастар түсінігі — жалпы құқық теориясының ең маңызды категориялардың бірі. Өйткені, құқықтық қатынастардың өзі құқықтық тетіктің сондай бөлігі болып табылады, онда құқық өзі реттейтін объектімен қосылады — әлеуметтік аямен. Құқықтық қатынастар нәтижесінде өте қиын құқықтық құрылым пайда болады.

Құқықтық қатынастардың белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. Құқықтық қатынас — бұл **қоғамдық** қатынас, яғни адамдардың өз арасындағы қатынас. Құқықтық қатынастар адам мен заттың, адам мен жануардың арасында болуы мүмкін емес (тіпті ол сол адамның меншігі болса да). Құқықтық қатынас тек осы объектілер арқылы пайда болуы мүмкін.

2. Құқықтық қатынастар заңды нормалармен тығыз байланыста өмір сүреді, олардың пайда болуындағы (соған қоса өзгертуге және тоқтатуға) нормативтік негіз (база) ретінде көрінеді. Сондықтан, құқықтық қатынастар маңызды алғышарт есебінде болады (құқықтық субъектілерімен және заңды факторлармен қатар).

3. Құқықтық қатынастардың қатынасушылары бір-бірімен заңды құқықпен және міндеттілікпен байланыста болады және құқық субъектілерінде белгілі заңды фактілер негізінде пайда болады.

4. Тұтасымен алсақ, құқықтық қасиеттерге мынандай сапа тән белгілілік және жекеленушілік. Құқықтық қатынастарда оның қатынасушылары және олардың нақты тәртіптері белгіленген. Жекешеленушілік екіжақты болуы да мүмкін, екі жағы аттарымен белгілі болғанда (азаматтық құқықтағы міндеттілік қатынастары), сол сияқты біржақты болуы да мүмкін (меншіктік құқықтық қатынас).

5. Құқықтық қатынастар **ерікті сипатта** болады. Біріншіден, олар мемлекеттік ерікпен құқықта көрсетілгендей байланыста болады; екіншіден — жекешеленген ерікпен, себебі құқықтық қатынас оның қатынасушыларының санасы арқылы іске асырылады (құқықтың әрекетіндегі психологиялық тетік. Сонымен қатар, құқықтық қатынастардың көбісі пайда болады, өзгереді және субъектілердің еркіне қарай тоқтатылады.

6. Құқықтық қатынастар, құқықта көрсетілгендей, **мемлекеттің еркі және онымен күзетіледі**.

Айтылған сапаны есептесек, құқықтық қатынасты мемлекетпен күзетілетін ерікті жекешеленген қоғамдық қатынас ретінде анықтауға болады, олардың қатынасушылары бір-бірімен заңды құқықтар және міндеттілікпен байланысты.

Құқықтық қатынастың құрамына элементтер ретінде дәстүрлі жолмен мыналарды қосады:

а) құқықтық қатынастардың субъектілерін (қатынасушыларды);  
ә) субъективтік заңды, құқық пен міндеттілікті (оларды құқықтық қатынастардың заңды мазмұны деп атайды);

б) фактілер негізіндегі құқықтық тәртіп, құқықты іс жүзіне асырудағы құқық пен міндеттілік (оны құқықтық қатынастың материалдық мазмұны деп атайды); құқықтық қатынастың объектілері.

Құқықтық қатынастар әртүрлі негіздерге байланысты топтастырылады. Белгілі салаға жатуына байланысты және мемлекеттік-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық және басқа салаларға бөлу арқылы айыруға болады.

Олардың функционалдық мақсатына байланысты реттеушілікке және қүзетушілікке (қорғаушылық) бөліп қарауға болады. Өз жағынан, реттеушіліктің ішінен **белсенді кейіптегі** құқықтық қатынасты бөліп айтады (олар міндеттеушілік пен өкілетті басқарушылықтың нормалары негізінде пайда болады және құқықтың динамикалық функциясын көрсетеді) және **пассивтік кейіптегі** құқықтық қатынас (тыйым салатын нормалардың негізінде пайда болып, құқықтың статистикалық, бекітушілік функциясын көрсетеді).

**Жекеленген деңгейге** байланысты **салыстырмалы** деп бөлінеді, онда құқықтық қатынастарға қатынасушылардың бәрі аталған және **абсолютті**, онда тек бір жағы ғана жекешеленген — өкілетті басқарушы (управомоченный) (мысалы, меншік туралы құқықтық қатынастар). Сол қатарда кейбір авторлар (профессор С. С. Алексеев, профессор Н. И. Матузов) **жалпылама** деп бөледі (не жалпылама реттеушілік), онда субъектілер тек кейіптік белгілермен көрсетілген және жалпы субъектілердің құқықтық жағдайы, олардың құқықтық статусы, құқықтық субъектілігі жанама түрде қамтылады.

**Құқық жүйесі қай жағына жақындығына (тәндігіне) байланысты** құқықтық қатынастарды: **материалдыққа, процесуалдыққа, жекешеленгендікке және көпшілікке** бөледі.

Сонымен бірге, жәй және күрделі құқықтық қатынастарға бөлуге болады. Күрделі құқықтық қатынастар өзінің құрамында бірнеше кешенді субъективтік заңды құқықтары мен міндеттері бар қатынасушыларды ұстай алады. Ең элементарлы (жәй) көрінетін екі субъектісі бар қатынастар, оның біреуінің заңды құқығы, ал екіншісінің корреспондировать ететін заңды міндеттілігі бар.

## **27. Құқықтық субъективтік, құқықтық статус, құқықтық ереже**

Әрбір құқық саласында арнайы нормалар бар, олардың мақсаты — осы саладағы нормалардың әрекетіне кіретін адамдардың ортасын белгілеу. Бұл белгілерін санаумен, сапасына қараумен шешілген, яғни сала нормаларына жатқызу үшін субъектілер

жоғарыдағы көрсетілген белгілі талаптарға сай болуы қажет. Құқық нормаларымен белгіленген сапа жиынтығы субъектіге жатады, яғни заңды құқығы мен міндеттері бар адамды **құқықтық субъектілігі** бар деп есептейді.

Құқықтық субъектілік — адамдардың **қоғамдық-заңды қасиеттері**: оның екі жағы бар — қоғамдық және заңдылық. Қоғамдық-құқықтық субъектілік жағы мынадан көрінеді, субъектінің құқығын заң шығарушы қалай болса солай белгілей алмайды — олар өмірдің өзімен, қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес қажеттілікке сай талап етіледі.

Заңдылық жағы сонда, құқық субъектілерінің белгілері міндетті түрде заң нормаларында бекітілуі керек.

Құқық теориясында жеткілікті түрде негізделген көзқарастар бойынша, құқықтық субъектілікті, **субъективтік заңды құқық** ретінде қарауға болады — «құқық құқыққа» мемлекеттік құқық нормаларының жолындағы жалпы (жалпы-реттеушілік) құқықтық қатынастардың қалпында болады.

Шын мәнісінде, мұнда субъективтік құқық пен жалпылық құқықтық субъективтіктің табиғаты көрініп тұр — құқықтық субъектілікте де белгілі. Заңды мүмкіндіктің барлығын көрсетеді. Мұнда, былайша айтсақ, құқық субъектілерінің тәртіптеріне реттеушілік ықпал жасалады.

Құқықтық субъектіліктің құрамынан **құқықтық қабілеттілік** және **әрекеттілікті** бөліп айтады.

**Құқықтық қабілеттілік** — құқықпен қамтамасыз етілген адамның субъективтік заңды құқық пен міндеттілікті қабылдау қабілеттілігі, яғни құқықтық қатынастардың қатынасұшысы болу. Сонымен, бір ғана құқықтық қабілеттілік — құқықтық қатынастардың бір жағы ретінде көріну қабілеттілігі. Жалпы, азаматтық құқықтық қабілеттілік оның туған кезінен пайда болады, яғни жас нәресте де азаматтық-құқықтық қатынастардың мүшесі болады (мысалы, мұрагерлік құқықтық қатынастар).

**Әрекеттілік** — бұл құқықпен қамтамасыз етілген өзінің әрекетімен (әрекетсіздігімен) субъективтік заңды құқыққа және міндеттілікке иелену және оны іске асыру, не оларды тоқтату.

Құқықтық қабілеттілік және әрекеттілік — бір медальдің екі жағы — құқықтық субъектілік, өзінің табиғатына қарай біртұтас **құқықтық әрекеттілік**. Шын мәнісіндегі құқықтық субъективтілікті — құқықтық қабілеттілікке және әрекеттілікке бөліп зерттеу, негізінен азаматтық құқықта болады және ол барлық субъектілерге бірдей емес (азаматтық құқықтық субъективтік ұйымдар бірлікте).

Әрекеттіліктің басқа бір түріне **деликтоқабілеттілік** жатады, ол — құқықты бұзғандығы үшін (деликтіні) заңды жауапкершілікті мойындау қабілеттілігі (соған сай заңды міндеттілікті орындау).

Құқықтық субъектілік жалпылама (жалпы құқық субъектісі болу қабілеттілігі), салалық және арнайы болуы мүмкін (мысалы, заңды адамдардың құқықтық субъективтігі).

Субъектілердің құқықтық жағдайы құқықтық статусының түсінігімен сипатталады. Көбінесе, ол азаматтарда құқықтық субъектілік, конституциялық құқық және міндеттерден құралады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке адамдардың құқықтық статусының негізі болып табылады.

«Status» сөзі латын тілінен аударсақ, «жағдай», «ереже» деген сөздердің мағынасын көрсетеді. Дегенмен, әдебиетте сонымен қоса, **«құқықтық ереже»** түсінігін ұсынады. Мұндай қосымша ұсынушылықтың, егер «құқықтық ереже» бойынша нақтылы субъектінің құқықтық жағдайын түсінгенде ғана мәні болады, яғни оның құқықтық статусымен бекітілген болса, өзі тұрған нақтылы құқықтық байланыстың жиынтығына сәйкестік болу қажет.

## **28. Құқықтық қатынастың субъектісі: жалпы сипаттама**

Адамда қоғамдық заңды қасиеттің болуы, құқықтық субъективтік ретінде, оған құқықтық қатынасқа түсуге заңды мүмкіндік береді, адам нақтылы заңды құқық пен міндетті алып жүруші болады. Сондай адамдар заң бойынша құқықтық қатынастардың қатынасушысы болады, оларды құқықтың субъектілері деп атайды.

Құқықтың әрекетінің тетігін түсіну әртүрлі түсініктерді болжайды: «құқық субъектісін» және «құқықтық қатынастың субъектісін». **Құқық субъектісі** — бұл құқықтық қатынастардың «потенциалды» мүшелері, бұл адамдар заңды құқық пен міндеттерді ғана алып жүруші бола алады. **Құқықтық қатынастар субъектісі** — бұл құқық субъектісі өзінің құқықтық субъективтігін іске асырып, нақтылы құқықтық қатынастардың қатынасушысы болғандар. Әрбір құқықтық қатынастар субъектісі — бұл әр уақытта құқық субъектісі (оның ол жәй ғана сондай бола алмас еді), көрінген құқық субъектісі соның не басқа нақты құқықтық қатынастардың субъектісі бола бермейді.

Құқық субъектісі құқықтық қатынастар субъектісі болу үшін міндетті түрде белгілі заңды фактілер пайда болу қажет, сондықтан

әрекетке, соған сай өкілетті — міндеттеушілік нормасын «жібереді» және ол өз жағынан сол құқық субъектілеріне заңды міндеттер мен заңды құқық беріп, пайда болған құқықтық қатынастардың қатынасушылары жасайды.

Құқық субъектілері құқық нормаларымен қатар, заңды фактілермен, құқықтық қатынастардың өмір сүруіне және пайда болуындағы алғышарттарды жасайды.

Құқықтық қатынастар субъектілері — бұл әр уақытта құқық субъектісі, жалпы сипатын құқықтық субъективтік және құқықтық статуспен байланыстыру керек (құқықтық қабілеттілікпен, әрекеттілікпен, деликтоқабілеттілікпен).

Құқық субъектілерінің түрлеріне қарап (құқықтық қатынастар субъектілерімен) былай бөлуге болады:

а) азаматтық тұлға;

ә) ұйымдар;

б) қоғамдық құрылымдар (ұлттар, халықтар).

Азаматтық тұлға — азаматтар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқтар (апатридтер), екі азаматтығы бар адамдар (бипатридтер).

Ұйымдарға жататындар:

а) мемлекеттің өзі;

ә) мемлекеттік ұйымдар;

б) мемлекеттік емес (қоғамдық, кооперативтік, коммерциялық, т.б.) ұйымдар.

Мемлекеттік ұйымдардың ішінен мемлекеттік органдарды бөлуге болады — билік өкілеттілігі бар мемлекеттік ұйымдар.

Ерекше атап өтуге жататын **заңды тұлға категориясы**, оның азаматтық (заттық) айналымға қатынасуға қажетті құқықтық субъективтігі болуы міндетті. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша ұйымдар заңды тұлға ретінде мынандай жағдайда танылады:

а) өзінің жеке мүлкі болуы және өзінің міндеттері бойынша сол мүліктері арқылы жауап беруі міндетті;

ә) өз атынан заттық және жеке адамға заттық емес құқыққа ие болуға және міндеттерін өтеуге мүмкіндігі бар;

б) сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Көңіл аударатын жағдай, «заңды тұлға» құқық субъектілерінің түрлілігін емес, құқықтық субъективтіктің түрлерін көрсетумен қатар, осы субъектілердің қоғамдық-заңдық қасиетін білдіреді. Заңды тұлға ретінде мемлекеттің өзін айтуға болады.

## 29. Заңды факторлар және оларды жіктеу

«Заңды тұлға» категориясын құру қайта өңдеумен, ойлаумен және Рим құқығын жүйелі жазумен, оны зерттеулермен байланысты. Заңды фактінің жалпы түсінігі құқықтық қатынас түсінігі сияқты римдік заңгерлермен құрылмаған. «Заңды факті» атауының пайда болуы германдық заңгер Ф. К. Фон Савиньидің (тарихи құқық мектебінің негізін салушылардың бірі) атымен тығыз байланысты. Ол өзінің «Система современного римского права» еңбегінде (1840 ж.) былай жазған: «Мен пайда болуға әсер ететін, не құқықтық қатынастардың бітуін көрсететін оқиғаны заңды фактілер деп атаймын».

Қазіргі оқулық әдебиеттерде негізінен заңды фактілерді жүйелеуге көңіл бөлінеді, ал түсініктің өзі көлеңкеде қалады. Авторлар әдетте заңды фактіні белгілеумен шектеледі, ал тәжірибеде бірбеткей құрылады және былай естіледі: «Заңды фактілер — нақтылы өмірлік жағдайлар, құқық нормалары құқықтық қатынастардың пайда болуымен, өзгеруімен, не тоқтатылуымен байланысты».

Дегенмен, заңды фактілерді түсініктеме сипатында, олардың мынандай ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Заңды фактілер өзінің әлеуметтік табиғатына қарай — өмірлік жағдайлар, олар өзінен-өзі қасиетімен заңды нәтижелерді туғызбайды. Ондай сапа оларға заң нормаларымен беріледі және былай болуы да мүмкін, яғни заң шығарушы қоғамдық қатынастардың дамуындағы бір кезеңде құқықтық нәтижелерді осы заңды фактілермен байланыстыруды тоқтатады. Дегенмен, жасалу да заң шығарушының тілегі емес, тек қоғамдық даму заңдылығының ықпалы. Сондықтан, заңды фактілердің терең қоғамдық табиғаты бар және ол құқықтың тағы да бір тәжірибеге шығуы, тағы да бір рет құқықтық әлеуметтік аямен байланысатын кезі. Сонымен, заңды фактілер — бұл **қоғамдық-заңды құбылыс**.

2. Заңды фактілер құқықтық қатынастардың қимылына жанама түрде көмектеседі (пайда болу, өзгеру, тоқтату). Егер құқықтың субъективтікті ерекше жағдайдағы заңды құқық ретінде, жанаса жалпы реттеушілік қалыптағы құқықтық қатынастар, олай болса фактілер негізіндегі құқықтық субъективтік (жасы, есі дұрыстығы, т.с.с.) өзінің табиғатына қарай және әрекет тетігіне байланысты заңды фактілерге жатады.

3. Заңды фактілер тек құқықтық нормаларымен қарым-қатынаста болғанда ғана құқықтық нәтижелерді туғызады. Заңды факт «жіберетін тетіктің» рөлін құқық нормасына сай орындайды, оны

әрекетіне жібереді. Осыған қарағанда заңды фактілерді құқық нормалары мен құқықтық қатынастардың байланыстырушысы ретінде қарау дұрыс сияқты.

4. Заңды фактілерге нұсқау және оларды түсіндіру заң нормаларының гипотезасында көрсетілген. Нормалармен және субъектілермен қатар, заңды фактілер құқықтық қатынастардың пайда болуының алғышарттарының бірі ретінде көрінеді.

Заңды фактілер әртүрлі өмірлік жағдайлар сияқты, әралуан және әртүрлі негіздерге байланысты жүйеленуі мүмкін:

1) заңды нәтижелердің сипатына байланысты;

2) әрекет сипатына байланысты — бір реттегі әрекет фактілер (уақыттың өтуіне байланысты, материалдық зиян келтіруіне байланысты) және жағдайлар фактісі (туыскандық жағдай, жұмысқа қабілетсіздік жағдайы);

3) құқықтық қатынастар қатынасушыларының жекелеген еріктерінің байланысының сипатына сайлық — заңды әрекеттер (әрекет және әрекетсіздік) және заңды оқиға. Оқиғалар **абсолютті** және **салыстырмалы** болуы мүмкін.

**Абсолютті** оқиға адам еркімен байланысты емес (мысалы, табиғи қиыншылық). **Салыстырмалыға** сол құқықтық қатынастың қатынасушыларының еркіне байланысты емес оқиғалар жатады, бірақ басқа адамдардың еркіне байланысты болады. Мысалы, кісі өлтіру қылмыстық құқықтық қатынастарға заңсыз әрекет болса, мұрагерлік азаматтық құқықтық қатынастарға — заңды оқиғаға жатады;

4) **құқықтың ұйғарымына сай болу көзқарасына байланысты** қимылды екіге: **құқыққа сайлық** және **құқыққа сай еместікке** бөлуге болады. Құқыққа сай еместікті, өз жағынан — **қылмыс** және **теріс қылыққа** бөлуге болады (қоғамға қауіпсіздік деңгейіне байланысты);

5) **ерікті бағытқа байланысты құқыққа сай** әрекеттер үшке бөлінеді: **жекелеген акті** (белгілі құқықтық нәтижені тұғызу үшін жасалады), **заңды қылық** (құқық нормалары олармен құқықтық нәтижені субъектінің ерікті бағытынан, фактінің қимыл күшінен тәуелсіз байланыстырады) және **нәтижелі әрекет** (құқықтық нәтиже әрекеттің өзімен байланыстырылмай, оның нәтижесімен байланыстырылады. Мысалы, шығармашылық әрекеттің нәтижесі);

6) **қиындық деңгейіне байланысты** заңды фактілер бөлінеді: жекеше заңды фактілер және фактіге сай құрамдар (заңдылық фактілер жүйесі).

### 30. Құқықтық қатынастардың объектілері

«Құқықтық қатынастар» түсінігін белгілеудің мақсаты құқықтық қатынастардың өмір сүру мәнін ашып көрсету: субъектілер не үшін құқықтық қатынастарға түседі және оның ішінде, неліктен өзінің құқығы мен міндеттерін іске асыруға әрекет етеді? Бұл категория осындай жолмен құқықтық қатынастарды материалдық және қоғамның рухани игілігімен байланыстырады. Солай бола тұрса да, құқықтық қатынастар проблемасы құқық теориясында көбірек дау туғызып, талқылауға жатады.

Көзқарастардың көптігіне қарамай, құқықтық қатынастардың негізгі екі объектісі туралы теорияны бөліп көрсетуге болады: **монистикалық** (оның авторлары, бір ғана құқықтық қатынастар объектісін қорғайды) және **плюралистік** (онда құқықтық қатынастардың объектілерінің көптігі мойындалады).

Монистикалық теория бойынша, құқықтық қатынастардың объектісіне міндетті адамның тәртібі жатады (профессор О. С. Иоффе), не болмаса сол фактідегі қоғамдық қатынастар, оларға құқықтық қатынастар ықпал етеді (профессор Ю. К. Толстой).

Құқықтық қатынастар объектілерінің көптігін мойындайтын ғалымдар оның түсінігін әртүрлі белгілейді. Мысалы Н. Г. Александров құқықтық қатынастардың объектісін былай түсінген: «сол заттық объект, сол туралы субъектілердің арасындағы қарым-қатынас». Профессор С. С. Алексеевтің анықтамасы бойынша, құқықтық қатынастар объектісіне «бізді қоршаған дүниенің сол құбылысы, оған бағытталған субъективтік заңды құқықтар мен міндеттер» жатады.

Плюралистік теорияда құқықтық қатынастар объектісіне мынандай материалдық және материалдық емес игіліктер жатады:

- 1) заттар;
- 2) рухани шығармашылықтың нәтижесі (авторлық нәтиже, ойлап табушылық, т.с.с.);
- 3) жеке материалдық емес игілік (атың, адалдығың, азаматтығың);
- 4) әрекет (әрекеттен өзін-өзі ұстай білу);
- 5) құқықтық қатынастар субъектілерінің әрекеттерінің нәтижелері.

Әдебиетте монистикалық және плюралистік құқықтық қатынастар объектілеріне қатынастарды біріктіру талпынысы бар және фактілер негізіндегі құқықтық тәртіпті құқықтық қатынастардың заңды объектісі ретінде атайды (не құқықтық қатынастардың пәні ретінде),

ал сол тәртіппен байланыстағы әртүрлі материалдық және рухани игіліктерді — «материалдық объект» (мысалы, профессор Л. И. Спиридонов) дейді. Басқа кезде, оған қарсы, құқықтық қатынастар пәніне материалдық, не материалдық емес игіліктерді жатқызады, ал объектіге әртүрлі факті негізіндегі қоғамдық қатынастарды енгізеді (профессор А. Г. Братко).

Мұндай жағдайда **құқық әрекетінің объектісі туралы** (онда болуы мүмкін, мысалы, жүк, не посылка) және **ықылас объектісі** жөнінде (жүкті, не посылканы қажетті жеріне жеткізу) нақты айту керек.

Шындыққа көбірек таяу плюралистік теорияны мойындай отырып, құқықтық қатынастар объектісін сыртқы дүниенің құбылысы ретінде белгілеу қажет, оның өкілетті міндетіндегі адамның ықыласын және заттардың қызмет жасау түрінде көрініп тұрғандардың, рухани шығармашылық нәтижелеріне керек жағдайды қанағаттандыруға қабілеті бар. Сонымен бірге, ол жеке материалдық емес игілікті және сол үшін құқықтық қатынастар субъектілері, қалыптағы өзінің заңды құқығы мен міндеттеріне сай әрекет етеді.

«Құқықтық қатынастар объектісін» категория ретінде **«құқық объектісінен»** айыра білу қажет. Құқық объектісі құқықтық реттеу пәні ретінде түсіндіріледі — құқықтық ықпалға тартылушы әлеуметтік ая.

Қазіргі кездегі құқықтануда **адам** құқықтық қатынастың объектісі ретінде мойындалмайды (ол тек құқықтық қатынастардың субъектісі ғана бола алады). Соған қоса, қоғамдық тарихтан белгілі болғандай, құл иеленушілік қатынастарда құл сату-сатып алу объектісі болды («сөйлейтін затқа» тенелген).

## **31. Құқықтық қатынастардың нысаны және мазмұны**

«Нысан» және «мазмұн» категориялары отандық ғалымдармен, заңгерлермен кең көлемде қиын құқықтық құбылыстарда тұтастықты сипаттауға пайдаланылған объективтік құқық, құқықтық қатынастар, т.б. деп есептелді.

Шын мәнінде, бұл философиялық категориялар пәндерді және процестерді зерттеуге бағыт береді және олардың диалектикалық байланыстарын, бір-біріне ауысқанда, қарама-қайшылықта болған кездеріндегі ерекшеліктерді көрсетеді. Олар барлық компоненттердің

құбылысын қамтып, олардың ішкі құрылымдары мен сыртқы кө-ріністері жөнінде ой елегінен өткізуге материалдар береді. Дегенмен, есепке алатын жағдай «нысан» мен «мазмұнды» жалпы заңдылықтармен байланыста зерттесек тиімді. Көлемді және қиын объектілерді толық және нақтылы зерттеуде, бұл категориялардың философиялық көпжақтылығы қалай болса да, авторларды нысан мен мазмұнды әртүрлі трактовкалар арқылы зерттеуге мәжбүр етеді, яғни бір құбылысты әртүрлі түрғыдан қарайды.

Бұл мәселелер бойынша негізгі жалпытеориялық бағытымыз мынандай:

1. **Құқықтық қатынастар нысанына** (формасына) субъективтік заңды құқық пен міндеттер, ал оның **мазмұнына** — фактілер негізіндегі субъектінің құқықтық тәртібі жатады, олар сол құқық пен міндетін іс жүзіне асырады (профессор В. Н. Щеглов, профессор Л. С. Явич, т.б.). Бұл вариантта категория «нысанның» әдістемелік мүмкіндігін және «мазмұнын» толықтау пайдаланған. Осы негізде құқықтық қатынастың нағыз маңызды жағы бөлінген және олардың функционалдық байланысы дұрыс белгіленген: **нысан** (құқық және міндеттер) мазмұнға белсенді (тәртіп), оны құрайды, ал заңды нормалар құқықтық шығармашылық әрекеттер арқылы өзгеріп, **мазмұн** нысанды белгілейді:

2. Профессор С. С. Алексеев субъективтік заңды құқық пен міндеттерді «заңды мазмұн» деп атады, ал фактілі субъектілердің құқықтық тәртібі — «материалдық мазмұн». Автордың пайымдауынша, көрсетілгенекі мазмұн құқықтық қатынастың элементтеріне жатады, ол сонымен қоса, басқа элементтерді бөліп көрсетеді: құқықтық қатынастардың **субъектілері** және **объектілері**.

Философиялық көзқарасқа байланысты, жоғарыдағы айтылған автордың ойлары шындыққа жатпайды. **Біріншіден**, бір объектінің өзінен екі мазмұнды және бірде бір **нысанды** бөліп шығаруға болмайды. Себебі, бұл категориялар қатар, әрбір мазмұнға өзінің нысанын табу міндетті. **Екіншіден**, нысан және мазмұн құбылысты толығымен бітіреді, егер бірдене мазмұнға жатса, онда қалғандарының барлығы нысанға жатуы керек және ешқандай басқа «элементтер» құбылыста болуы мүмкін емес. **Үшіншіден**, мазмұн ешқандай жағдайда, элементтің орнында көрінуі мүмкін емес. Керісінше, мазмұн — бұл құрылымды ұйымдастырылған элементтердің бірлігі.

Ертеректе профессор О. С. Иоффе құқықтық қатынастардан жалпы үш мазмұнды бөліп көрсеткен: **заңдық, материалдық** және **идеологиялық**.

3. Құқықтық қатынастар — тұтасымен нысан ретінде көрініп, нормамен реттелетін қоғамдық қатынастар және ол құқықтық қатынастардың мазмұны. Бұл көзқарасқа байланысты айтатынымыз, **біріншіден**, философия мұндай нысан мен мазмұнның байланысын білмейді, олардың сыртқы байланысы тек нысан болуы мүмкін, бірақ мазмұн ешқашан болмайды. **Екіншіден**, авторлар, егер сондай жағдай болса, құқықтық қатынастардың бірлігімен қандай құбылыстар құрылады (нысан ретінде) және қоғамдық қатынастар (мазмұндар) сұраққа жауап бермейді.

Жоғарыдағы айтылғандарды есепке ала отырып, құқықтық қатынастарды сипаттауға философиялық категориялар «нысанды» және «мазмұнды» пайдалануымыз қажет.

## **32. Құқықтық қатынастар жүйе ретінде**

Қоғамдық қатынастар және тәртіп. Құқық зерттеушілерінде күмән келтірмейтін тезис мынау: құқық — қоғамдық қатынастарды реттеуші. Мұндай реттеудің нәтижесіне құқықтық қатынастар жатады: «құқықтық қатынастар — құқықпен реттелген қоғамдық қатынастар». Біздің ойымызша: құқық нормалары қоғамдық қатынастарды реттемейді, тек адамдардың тәртібін реттейді, бұл екеуін бірдей деп есептеуге болмайды. Құқықтық қатынастың қатал түрдегі, философиялық түсінігі (құқықтық құрылыс) нәтиже емес, құқықтық реттеудің **құралы**. Қоғамдық қатынастардың қарым-қатынасын және қызметін түсіну үшін, ең алдымен, философиялық талдау категориясы — «қатынасқа» жүгінуіміз қажет, себебі, ол «қоғамдық қатынастар» категориясына қарағанда жақындау. Қоғамдық қатынастар жалпы қатынастардың бір түріне жатады. Болгар философы Панайот Гиндев осы мәселелер бойынша: қоғамдық қатынастар — «объективтік шындық құбылысы мен жалпы байланыстың арнайы көрінісінің жеке оқиғасы» деген болатын.

Философия ғылымының категориялық аппаратында «қатынас» — триада категориясының элементі: «зат», «қасиет» және «қатынас», солардың негізінде шындықты сезінудің қандай да болмасын объектісі құрылады. «Тәжірибеде дүниетаным көптеген элементтерге бөлінбейді, бірақ қасиеті бар және қатынастағы заттарға бөлінеді» (В. Н. Сагатовский).

Заттар арасындағы қатынастар, олардың қасиеттеріне қарай бөлінеді. Мұнда «заттарды» философиялық түсіну үйреншікті

түсінуден бөлек болады. Заттарды физикалық, кеңістіктегі тежеулі объект ретінде белгілеуге (заттарды үйреншікті түсіну) философияда «дене» деген атау бар. Онда «зат» деп көптеген басқа құбылыстардан бөлініп шыққан тәуелсіз нәрсені айтады.

Соған байланысты философиядағы заттың негізгі белгісіне — тәуелсіздік бағытындағы құбылыс алынған. Егер сол нәрсені басқа нәрсеге қатысты деп қарасақ (кейінгіні сипаттайтын құрал ретінде), онда ол қасиет ретінде көрінетін болады. **Қасиет — бұл потенциалды қатынас, ал қатынас — іс жүзіне асырылған қасиет.** «Қатынасқа кіру — әр уақытта қатынасушылармен жалпы табиғи бірлікті табу және соның негізінде қатынасушылардан бөлектікті байқау». (В. И. Свидерский, Р. А. Зобов).

В. Н. Сагатовскийдің қатынасқа берген анықтамасы дұрысырақ сияқты: «Бір көпшіліктегі заттың бөлектігі, не ұқсастығы, соған ұқсас басқа көпшіліктегі заттардың арасындағы қатынас деп аталады». Шын мәнісінде, тек бөлектікте ғана болуы емес, ұқсастықта да болуы мүмкін. Заттардың бөлектігі, не ұқсастығы олардың қасиеттеріне сай белгіленеді: бір заттың қасиеті екіншісінің қасиетімен ашылады.

Сонымен, **қатынасты** ерекшелеген нәрселердің, құбылыстардың, олардың жалпы табиғатының күшімен мүмкін болған, бір-бірімен келіскен ережелер және олардың қасиеттеріне негізделген ретінде түсінуге болады.

Қатынас құбылыстардың арасында өмір сүреді, ал қатынастардың ішінде әртүрлі элементтер (құбылыс, нәрселер, заттар) жоқ болады, себебі, «элемент» дегеніміз зат және ерекше мәнде қаралады. Элементтер көп жағдайларда өздері тиімді қатынастар жасауға шақырылуы мүмкін, өздерінің табиғи күшіне сай тек жүйеде болуы мүмкін, бірақ қатынаста емес.

**Құрылымдық қатынас элементтерді жүйеге жинайды, бірақ өздері оларды ұстамайды.**

**Бірінші** және маңызды қоғамдық қатынастар, қатынастардың жалпылама түрі — адамдардың арасындағы қатынастар (олардың бірліктері). Адамдар, бір жағынан жалпы қасиетке ие, ал екінші жағынан олардың психофизикалық және әлеуметтік қасиеттерінде өзгешеліктер бар. Әлеуметтік жақтар субъектілерінің қасиеттерін іс жүзіне асыру, адамдардың қалай болғанда да қоғамсыз өмір сүре алмайтындығына байланысты алдын-ала белгіленген, өйткені ол әлеуметтік тұрмыстың қажетті нысаны.

**Екінші**, маңызды қоғамдық қатынастардың — олардың **тығыз түрдегі адамдардың қызметімен диалектикалық байланысы.** Бұл байланыс генетикалық, бірін-бірі туғызатын сипатта болады.

Қоғамдық қатынастар және әлеуметтік ерекшеліктер бір-бірімен байланыста болып, екеуінің де пайда болуын және дамуын қамтамасыз етеді. Бір жағынан, қоғамдық қатынастар адамдардың ерекшелігінен пайда болады, олардың тәртіптерінен туындайды. Ал екінші жағынан, қоғамдық қатынастар өз субъектілерінің тәртіптерін белгілейді, күрайды. «Дегенмен, К. Маркс жазғандай, жеке адамдардың және билік өкілдіктерінің әрекетін белгілейтін қатынастар бар, олар тыныс алу жолдары сияқты бір-бірінен тәуелсіз болады». Бұл сөзден мынандай қорытынды шығаруға болады:

а) қоғамдық қатынастар тәртіп жағынан қарасак, еркін құбылыс, себебі олар әрекетті белгілейді;

ә) қоғамдық қатынастар және әрекеттер бір-бірімен байланыстағы құбылысты көрсетеді.

Көбірек, нақтылы қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік әрекеттің байланыс тетігін (механизмін) мынадан байқауға болады.

Қоғамдық қатынастардың болуы және өмір сүруі, ең алдымен, адам баласының көптік жағдайларына байланысты болуы мүмкін. Өйкені, бұл жағдайда бір адамның қасиетін басқа адамның әлеуметтік қасиеті арқылы өткізуге болады. Дегенмен, адамдардың қасиеттерінің өзекті болуы, кейбір әлеуметтік алдағы қажетті әрекеттердің пайда болуының нәтижесінде, барлық әлеуметтік қасиеттердің жиынтығында бөлініп шығады, бұл өзекті **қасиет адамдардың арасындағы қатынасты байланыстырады**. Олардың сипаты адамдардағы шын мәніндегі сапаның, қасиеттің, сол әрекетке қабілеттіліктің болуына тікелей байланысты.

Қажетті әрекет аясы белгілі игіліктің керектігімен белгіленеді. Бұл процесс қысқаша былай: белгілі игілікке мұқтаждық — соған сай қажетті әрекет — адамдардың осы **әрекетке қажет қасиетін белсендіру — қоғамдық қатынастар шын мәніндегі әрекеттер — жеткен игілік**.

Қоғамдық қатынастардан шыққан және олармен қамтамасыз етілген, өз жағынан субъектілердің бірлескен әрекеттеріндегі жаңа қатынастардың пайда болуының негізі болу қызметін атқарады. Осы жайында дәлірек айтқан В. М. Соковнин: «Адамды қоғамдық қатынастармен толтыру, былайша айтқанда, сол тетіктің арқасында болуы міндетті, ол сол қоғамдық қатынастарды іске асырады, бұл басқа еш нәрсе емес, адамның өзінің әрекеті» деген болатын. Бұл заңдылық құқықтық аяда өте анық көрінеді. Әсіресе, заңды маңызы бар тәртіп актілері құқықтық қатынастардың пайда болуын қамтамасыз еткенде, ал соңғылары, өз жағынан, құқыққа сай тәртіпті күрайды.

Сонымен, қоғамдық қатынастар маңызды жағдайдағы қатынастардың түрі ретінде бөлінеді, яғни:

- а) адамдар арасындағы қатынастар;
- ә) адамдардың әрекеттері арқылы тығыз байланыста болады.

Бірақ, біз қызыққан бағытта олардың жалпы қатынастардан айырмасы жоқ: барлық қатынастардағыдан, қоғамдық қатынастардың ішінде ешқандай элементтер жоқ, соған қоса тәртіптер де. Қатынастың өзі элемент деп айтылуы мүмкін, ондай жағдай қиын әлеуметтік құрылысты жүйелі талдау кезінде болады. Бірақ, мұндай оқиға, біріншіден, кейінгі көрсетілген жағдайда қатынас ретінде қаралмаған, тек жүйе ретінде қаралған (қатынастар жүйесі, онда оның меншікті құрылымында, қатынастар арасындағы қатынастар болады); екіншіден, бұл жүйенің элементтерінің аса қиын еместері болады, не болмаса жекелеген қатынастар болады, яғни тағы да солай қатынастар, қалай болса сондай жекелеген объектілер (заттар) емес. Сондықтан да, әлеуметтік байланысты қатал түсінуді, қоғамдағы жалпы құрылымды философиядағы элементтерге жатқызып, қоғамдық қатынастардың түрі есебінде есепке алу, олардың қоғам өмірінің аясындағы негізін көрсету.

Құқықтық қатынастар қоғамдық қатынастардың түрлеріне жатады, сондықтан құқықтық қатынастар қайсысы болмасын қоғамдық қатынастар ретінде (және жалпы қатынастар) **өз ішінде ешқандай компоненттерді ұстай алмайды**. Дегенмен, құрылым көзқарасына байланысты құқықтық танымда жекелегендерді талдау дағдыға айналған, жекелеген құқықтық қатынастар, соның өзінен әртүрлі элементтерді бөлу көзделген. Сондықтан, **«құқықтық қатынастар»** деп заңтануда оның меншігіндегі, құрылым мәніндегі шын мәнісінде қатынастарды түсінеді, құқықтық қатынастардың элементтері ретінде құқықтық байланысты емес, сол байланыстың құқықтық қатынастар түрінде белгіленген құбылыстың бірлігін айтуға болады.

Басқа сөзбен айтқанда, ол заңдар ғылымы бір түрлі тұтастық ретінде өз құрамына және өзінің құрылымына ие болады.

Құқықтық қатынастардың құрылымын зерттеу, құқық теориясының ішкі жағына талдау жасау, дәстүрлі жолмен «нысан» және «мазмұн» негізінде жүргізіледі. Бұл категориялардың методологиялық мүмкіндігі, шын мәнінде, айқындауға және көптеген маңызды құбылыстардың заңдылықтарын есте қалдыруға бекітуге мүмкіндік береді. Дегенмен, мұндай жағдайлар:

а) бұл категорияда тек екі көрсеткіш бар: «нысан» және «мазмұн» және қамтамасыз етілген философиялық мағынадағы көп-маңыздылық бар;

ә) құқықтық қатынастарда көпмаңыздылық саладағы зерттеуді және сипаттауды қажет ететін аспектілер, жақтар құқық зерттеушілерінің көзқарастарында құқықтық қатынастардың құрылымдарына оның нысаны мен мазмұнына сәйкес маңызды қарама-қайшылық пайда болды. Әсер еткен «нысан» мен «мазмұнның» тек жалпы байланыстары және құбылыстағы заңдылықтар, ал нақты түбіне дейін зерттеуде олардың тиімділігі аздау болады. Құқықтық қатынастарды бөлшектеп зерттеуге көп деңгейде жауап беретін жүйелік жол, жеткілікті мөлшерде категориялық аппараты бар, жүйе түсінігі; элементтердің, құрылымы, құрылысы, функциясы, қызыметтендіру мақсаты көрсетілген. Құқықтық қатынастарды сипаттауға көп уақыттан бері «элемент», «күрам», «кұрылыс» категориялары пайдаланылады, себебі, құқықтық қатынастардың кейбір жақтарын бөліп алып, оның нысаны мен мазмұнына толықтырулар жасалады, бұл жалпы философиялық жағынан дұрыс емес. Өйткені, нысан мен мазмұн құбылысты толығымен қамтиды және одан басқа ол құбылыста ештеңе жоқ. Элементтер мен нысандар сырттан емес, ішкі бірліктегі нысан мен мазмұндардан ізделуі қажет. Сонымен бірге, жүйелі категориялар оларды бірлікте іс жүзіне асырғанда ғана эффективті болады, яғни жекелеген түрде емес, жүйенің қалпында.

**Құрылым (құрылыс және құрылым) құқықтық қатынастар жүйе ретінде.** Құқықтық қатынастардың құрамдары туралы әңгімелер ертеден бері жалғасуда, бірақ оның барлығы оның жүйелік қатынастарының байланысынсыз қаралған. Құқықтық қатынастарды құратын құрылымға субъектілердің элементтері мен олардың құқықтарын және міндеттерін, тәртіптерін, сонымен қатар құқықтық қатынастың объектісін кіргізу дағдыға айналған. Көңіл аударатын жағдай, тек тұрақталған арнайы-құқықтық «құқықтық қатынас» категориясының мәніне байланысты, жоғарыда айтылғандай, құқықтық қатынастан жиынтық элементтерді шығару сипатындағы, яғни оны тұтастық ретінде өзіне элементтерді сіңіретін және олардың арасындағы құрылымдық байланысы сияқты түсінген.

Құқықтық қатынастарға мұндай көзқарас, яғни «қатынасты» жалпы философиялық категориядан өзгеше түсіну, мүмкін құқықтық теорияның осындай теориялық конструкциядағы талабы болар. Принципті түрде, ондай жағдай болуы мүмкін, құқықтық қатынасты, қатынас ретінде қарамай, жүйе ретінде қарау керек. Дегенмен, жоғарыдағы көрсетілген құбылыстарды құқықтық қатынастардың құрамына қосуды тек субъективтік есептермен түсіндіруге болады. Ең алдымен, көңіл аударатынымыз, біраз зерттеушілер құқықтық қатынастар элементтерінің онтологиялық

проблемасын **құқықтық шындық құбылыс ретінде қарауды** және құқықтық қатынастар теориясының категориялық элементтер проблемаларының айырмашылықтарының барлығын қолдамайды, себебі ол гносологиялық, таным проблемасына жатады.

Кейде құқықтық қатынастардың элементі ретінде оның мазмұнын айтады («занды» құқық және міндеттер, не «материалдық» фактіге сай субъектілердің тәртібі). Шын мәнінде, мазмұн тек жеке алынған элементтермен ғана салыстырылмайды, тіпті құрамды тұтасымен салыстырылады. Құрам элементі мазмұн емес, ол қарама-қарсы, құрам мазмұнының бір жағы (құрылысымен қатар). Тек құрам мен құрылыстың бірлігі ғана мазмұн болуы мүмкін және құрылыс — ұйымдастырушылық элементтердің бірлігі. Ал фактіге сай, «мазмұн» категориясы — құқықтық қатынастар теориясы түсінігінің жүйесі, шын мәніндегі құқықтық қатынастар мазмұны тек құқықтық қатынастар элементтеріне ғана жатқызу емес.

Құқықтық қатынастар құрамы тұтас жүйелік құбылыс ретінде оның **субъектісін** күрайды. Жүйелік келу, көзқарасына байланысты олар құқықтық қатынастар элементтері болуы мүмкін. Құқықтық қатынастар, құрылыс мәні мен қатынасушылардың арасында болады және құқықтық қатынастарға тек сондай элементтердің құрылыстық бірлігі қосылуы керек. Кейбір жағдайларда, құқықтық қатынастардың әрбір субъектісі, сонымен бірге, көптеген құқықтық және басқа да әлеуметтік байланыстардың қатынасушылары болады, ондай жағдай жоғарыдағы айтылған пікірлерге қайшы келмейді, себебі, әрбір жекелеген қоғамдық қатынастарда тек субъектінің бір жағы ғана іске асырылады.

Құқықтық қатынастардың қатынасушысы болу үшін, субъект алдын ала бастапқы **қоғамдық заңды қасиеттерге ие болуы қажет.**

Ондай қасиеттер құқық нормаларымен құқық және әрекеттілік (құқықтық субъектілік) арқылы белгіленеді. Берілген нормалар қандай да болмасын құқықтық қатынастардың субъектілерінің бойында қандай қасиеттердің міндетті түрде болуын көрсетеді. Құқық субъектілері, сонымен бірге **құқықтық қатынастардың потенциалды элементтері болып табылады**, оларда қосымша заңды сипаттағы тиімді қасиеттер пайда болса, шын мәніндегі құқықтық байланыстардың қатынасушысы болады — субъективтік заңды құқық және міндеттер. Олар — тікелей заңды фактідегі жағдайда тәртіпті реттейтін нормалардың әсері.

Жүйелік келу теориясының негізінде қатынасушылардың құқығы мен міндеттері — бұл жекелеген емес «еркіндіктегі» құқықтық

қатынастардың элементтері, ол заңды сала, құқық нормаларымен оларға берілген элементтердің «субъектілердің» қасиеті. Құқықтық қатынастарда ондай қасиет оның құрылысын, яғни құқықтық байланыстар, субъектілер арасындағы қатынастарды белгілейді. Мәселені бұлай қою, субъективтік құқық пен міндеттерді қиын, тұтас құбылыстар ретінде қарауға мүмкіндік береді. Олардың орнын және құқықтық қатынастардағы рөлін білу, ішкі жағын, құрылымын толық және дәл сипаттауға ықпалын тигізеді.

**Құқықтық қатынастардың құрылысын құқықпен міндеттілік негізінде қалыптастыру дегеніміз, бір мезгілдегі құқықтық қатынастардың жүйе ретінде пайда болғанын көрсетеді.** Мұны былай түсіндіруге болады, құқықтық қатынастардың потенциалды элементтері (құқық субъектілері) бұрын болған, бірақ оның құрылысы болмаған: субъектілер тиімді құқықтық байланыспен біріктірілмеген.

Құрылыс заң ретінде түсіндірілетін, элементтердің тұтастыққа бірігуге ықпал ететін тиімді жол, маңызды жүйелі келу категориясына жатады және жүйенің ең керекті жағы. Құрылыстар, шын мәнінде, (жүйедегі пайда болатын жаңа сапаның жұмбақтары бар) жәй жиынтықтағы элементтердің функционалды тұтастыққа айналуы. Аса маңызды емес, құрылыстағы өзгерістер құбылыстардың қасиеттеріндегі маңызды өзгерістерге түсіруі мүмкін. Мысалға, графит пен алмаздың құрамдары бірдей (көмір қышқылы), ал олардың мықтылығы (қаттылығы) құрылыстарымен қамтамасыз етілген (әртүрлі кристалдық шарбақтар құрылымымен).

Дегенмен, философияда және құқықтануда құрылысты басқаша түсіну бар, егер оған жүйедегі элементтердің өзін емес, тиімді элементтерді жатқызатын болса. Элементтердің бірлігін және құрылысты (олардың байланыс жолы) сөзбен «құрылыс» деп атауға болады, бірақ біз түсіндірме арқылы ерекшелендіру қажеттігінен кете алмаймыз, сондықтан олардың маңыздылығы мен еркіндігіне байланысты жүйеде тиімді қатынастар мен ерекше терминологиялық белгі қажет. Мұнда соған байланысты тек терминологиялық «жылытуды» мойындау дұрыс, бірақ одан әрі емес. Құрылысты түгелімен байланыс ретінде есептемеуге болмайды.

Құрылыс, шын мәнінде, элементтермен тығыз байланысты, кейде өте тығыз байланыста болады: егер элементтер структураның алып барушысы және қайта тұрғызушысы болса ғана ол әлеуметтік жүйеге сипат болады. Сонымен бірге, құрылыс инварианттыққа қосындылыққа тартылады, яғни сондай жағдай, бір және сол жүйедегі элементтердің әртүрлі «жиынтығы». Мысалы, механика-

лық сағаттардың құрылысы бәріне бірдей, ал олардың әр түрлігі элементтердің әртүрін пайдалануына байланысты.

Құрылысты қосындылыққа (иновариантности) ұмтылғаны үшін, кейде **қосынды жүйе** ретінде белгілейді. Бірақ, **қосынды жүйеде** құрылыс емес, **қосынды болуы мүмкін**. Мысал ретінде жәй калейдоскопты келтіруге болады, себебі онда түрлі-түсті сынықтар тұрақты болады, ал суреттің өзгеруіне жету, олардың арасындағы кеңістік қатынастарын, яғни құрылысын өзгерту арқылы мүмкін болады.

Әлеуметтік құрылыс та жүйедегі элементтердің тиімді байланыс жолы ретінде сипатталады, өзі көрінбейді және сезілмейді. Бірақ, осыған байланысты қоғам өміріндегі өндірістік қатынас жоққа шығарылмайды. Сол кездің өзінде берілген құрылыс ерекшелігі соған келтіріледі, яғни ол тікелей зерттелмейді, тек өзінің көрінуі арқылы зерттеледі. Бұл түгелімен құқықтық қатынастарға жатады. Бір жағынан, құқықтық қатынастар сипаты құқық пен міндеттер мазмұнынан субъектілердің тиімді қасиеті ретінде көрінеді, екінші жағынан ол құқықтық қатынастардың қызметтерінде көрінеді. Құрылыстың құқық пен міндетке тәуелділігі тығыз байланысты, бұл кей кезде ғалымдарды мынандай ойға келтіреді, субъективтік құқық және міндеттілік — құқықтық қатынастар құрылысы, не ол құқық пен міндеттіліктің байланыс жолы. Кейінгі көзқарас, егер құқықтық қатынастарды құқық пен міндеттерді корреспондировать етуші байланыс ретінде түсінсек қисынды саналады. Алайда, ондай көзқарас құқықтық қатынастар табиғатына қоғамдық қатынас ретінде сай келмейді. Заңды құқық пен міндеттер байланыстарының өз негіздеріне сай құқықтық механизмдегі басқа құбылыстардың байланысынан өзгешелігі жоқ, одан құқықтық қатынастың қоғамдық қатынас, адамдар арасындағы қатынас екендігі көрінбейді. Сондықтан, құқықтық қатынастар құрылысын жүйе ретінде қабылдау, құқық пен міндеттің байланыс жолы емес, субъектілердің осы құқық пен міндеттің негіздегі байланысы, олардың құқығы мен міндеттері.

Құқықтық құралдармен құрылған қоғамдық қатысушыларының бір-біріне қатысты жағдайлары, құқықтық қатынастар құрылысы құқыққа сай тәртіпті қалыптастыруда тікелей фактор ретінде болады.

Құқықтық реттеудің мәнінің өзі сонда, құқықтық құрылысты құру, белгілі әлеуметтік аяда субъектілердің ортасында тиімді қатынастар орнату, оларға субъективтік заңды құқық және субъективтік міндеттер жүктеу арқылы керек тәртіпті тұғызу болып

табылады. Құқықтық ықпалдың нәтижесінде әлеуметтік орта керекті құқықтық қатынастармен, құқықтық құрылыспен толықты, ол қозғаушы күштердің құқыққа сай әрекеттері болды.

Құқықтық қатынастардың құрылысын зерттеуде **қатынас** түсінігі мен **байланыс** түсінігін салыстыруға болмайды. Кейінгі қатынастардың түрін, басқа түрлерге тәуелділікпен бөлуді жатқызуға болады. Барлығы қатынастарда түр, бірақ байланыстылықта барлығы түрмайды. Жалпы философиялық бағдарламада байланыс ерекшелігі А. И. Усмовпен өте анық көрсетілен, яғни оның пікірі бойынша, бір байланыстың барлығына байланысты бір заттың өзгеруі, басқаның өзгеруіне әкеліп соғады, ал жәй қатынастағы мұндай өзгеріс сол өзгерістің өзіне тиеді, бірақ басқа заттарға тиіспейді.

Қоғамдық қатынастар аясында байланыстың субъектімен арасында болуының белгісіне олардың арасындағы өзара келісімділік жатады. Осыған байланысты, мысалға меншіктік құқық субъектісі басқа субъектілермен қатынаста болмайды, ал құқықтық қатынастардың басқа түрлерінде құқықпен реттелетін тәуелділік олардың әрекеттерінен хабарсыз.

### **Құқықтық қатынастардың жүйелік үлгісі және оның маңызы**

Құқықтық қатынастарды жүйе ретінде қараудың нәтижесінде оның жүйелік үлгісін жасауға болады.

Құқықтық қатынастың жүйелік үлгісінің (ҚЖҮ) элементтеріне құқықтық қатынастардың қатынасушылары (субъектілері) жатады, олар құқықтық құрылыспен біріккен тиімді байланыста болады, субъективтік заңды құқық пен міндеттерден шығарады (субъектілердің тиімді құқықтық қасиеті) және әлеуметтік жағымды нәтижелерге жетуге қызмет етеді.

Құқықтық қатынастарға жүйелі келуді қолданудың қажеттігі, оның өзі юриспруденцияда тұтас құрылым ретінде түсінілуінен, яғни ол өзіндік ерекшелігі бар «түйін», онда құқықтық құбылыстар қиын жағдайда әлеуметтік аяның элементтерімен байланысқан, биліктің құқықтық ұйғарымдары «қайта қорытылып», элементтік маңызы бар қоғамдық пайдалы тәртіпке айналады. Шын мәнісінде, әңгіме жеткілікті түрдегі қиын әлеуметтік-құқықтық тетік туралы. Мұндай көзқарас жоғарыда көрсетілгендей «қатынас» категориясы философиялық тұрғыдағы түсінікпен сәйкес келмейді, дегенмен ол өмір сүруге құқығы бар, себебі ол көптеген маңызды тәртіпті реттеу заңдылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Құқықтық қатынастың жүйелік үлгісі мынандай бағыттармен іске асырылуы мүмкін:

1. ҚҚЖҮ (құқықтық қатынастың жүйелік үлгісі) толық және нақты құқықтық қатынастарды сипаттауға мүмкіндік береді және философиялық категориялар, «нысан», «мазмұн», «элемент», «құрам», «объект» секілді құқықтық қатынастарды сипаттап, тұрақты пайдаланылады, бірақ әр кезде оның алғашқы философиялық мәні есепке алынбайды.

2. ҚҚЖҮ тұтас, жүйелі ой құрады, онда жеткілікті түрде әрбір құбылыстың орны және рөлі белгіленді, олар дәстүрлі түрде құқықтық қатынастардың құрамына жатады (субъектілердің орны және рөлі, олардың құқығы және міндеттері, тәртіптер, объектілер).

3. ҚҚЖҮ жағынан құқықтың әрекет тетігі (заңды механизм) органикалық бірлікте психологиялық және әлеуметтік есебінде қаралып, шын мәнінде тұтастықты құрады (құқықтық тәртіпті құрудың бірегей тетігі), дегенмен теорияда жеке көрсетілген. Бұл механизмдердің (тетіктердің) қарым-қатынасын белгілеу тек оларға жалпы кезде (пункт) іздеп табу арқылы мүмкін, олар сонда түйіседі. Ондай орынға (пунктте) сол жоғарыдағы айтылған үш жүйенің құқықтық тәртібін қалыптастырудың механизміне **құқықтық қатынас субъектісі жатады**. Құқықтық қатынастар үлгісінде тек қатынасушылар ғана құқықтық қатынастардың элементтері ретінде мойындалады. Дәстүрлі жағдайда құқықтық қатынастар аналитикалық жолмен зерттеледі, яғни құрылым деңгейінде, сондықтан құқықтық қатынастар құрамында (бір элементі ретінде) субъектілер көрсетіледі. Бірақ, элементтер тұтас құрамға кіргенге дейін, құқықтық қатынастар тұтас сипатталуда, яғни оны анықтағанда субъектіге орын табылмайды. Әңгіме тек құқық және міндеттер не болмаса құқық және міндеттер мен тәртіптер туралы. Қоғамдық қатынастар туралы «бессубъективтік» ойлар — бұл тек құқық жүргізудің қиындығы ғана емес, басқа қоғамдық ғылымдардың, дәлірек, тұтасымен осы күнгі қоғамтанудың қиындығы. Маркстың көрсетуі бойынша, «жалпы қатынастарды, тек ойлауға болады, егер оларды сол субъектілерден өзгеше тізбекке алса, олар бірімен-бірі сондай, не болмаса басқа қатынаста болады».

«Теорияның өмірден бөлінуі, тұрақты көріну нысандарының бірі — бұны субъективсіз талдау деп атауға болады. Бұл қоғамды, қоғамдық қимылдағы бар субъектілерсіз, олардан бөлек сараптау. Егер қоғамдық қимылдарда анық субъектілер жоқ болса, ықылас проблемасы, барлық тәртіп әрекеттерінің мотивациясының жүйесіндегі тетіктер жоғалады, абстрактілі схемалар қалады» (Л. И. Абалкин).

4. ҚҚЖҮ бұрыннан құқықтық реттеу пәніне жобаланған, оның құрылысын нақтылы ойлауға, одан байланыс пен элементтерді бөліп шығаруға мүмкіндік береді, ол тек қоғамдық қатынастың жиынтығы ретіндегі дәстүрлі сипаттаумен тоқталмайды.

### **33. Құқықты іс жүзіне асыру: түсінігі және нысандары**

Құқықтық нормаларды басып шығару оңай нәрсе емес. Петр I айтқандай: «Все законы писати, когда их не исполняти».

Іс жүзіне асыру дегеніміз — құбылысты басқа сапаға айналдыру процесі, оның сапасын қабылдау процесі, белгілі нәтижеге жету мақсатындағы қасиеттер. Бұл процесті құқыққа қатысты айтсақ: құқыққа сай тәртіпті сапаға айналдыру, әлеуметтік пайдалы нәтижеге жетудегі құқықтың қасиетін пайдалану. Құқықты іс жүзіне асыру процесінің мақсаты — тиімді, ешқандай ауытқымай (заңдылық режимде) құқық нормаларының ұйғарымымен құқықтық тәртіпке ауыстыру, максималды толық түрде құқықпен белгіленген мүмкіндікті іске асыру және оның талабын аяғына дейін орындау. Сонымен, құқықтық нормалар, егер ол шын мәнінде субъектінің құқықтық тәртібіне кірсе ғана іске асырылады. Сонымен бірге, бұл тезис тікелей тек өкілетті — міндеттеушілік нормаларға қатысты, олар заң нормаларының негізін құрған болса да, тікелей тәртіпті реттейді. Арнайы (не мамандандырылған) нормалар (декларативтік, дефинитивтік, оперативтік, т.б.) тікелей тәртіппен іс жүзіне асырылады, олар өзінің арнауын жүйелік байланыс өкілетті — міндеттеушілік нормалар арқылы іске асырады, оларға тәртіпті реттеуге көмектеседі.

**Құқықты іске асырушы субъектілер** — адамдар, құқықты өзінің әрекет аясына алатындар, яғни құқық субъектілері. Іске асыру объектісіне заңдар жүйесі, нормативтік-құқықтық актілер массиві (көлемі) жатады. Профессор Л. С. Явич былай деген: «Құқықты іске асыру әр кезде тәжірибелік және теориялық проблема емес, ол өркенниеттің алғашқы кезіндегі нағыз қатынастарды күшпен қорғаған кезде де құқық болмаған, ол болмайды, себебі ол кездегі үстемдікте дәстүрлі құқық және сот прецеденті болған. Құқықты іс жүзіне асыру үлкен маңыздылыққа дамыған заң нысандары кезінде ие болды, кең заңдардың жағдайында».

Егер құқық нормалары қандай болмасын, әлеуметтік нәтижеге жетудің қажеттігін көрсетсе (мысалы, белгілі сападағы өкімді дайындау), ондай нормаларды іс жүзіне асыруға тек субъектінің әрекеті ғана кірмейді, оған сол нәтижеге жету фактілері де кіреді.

Құқық жүйесін екі блокқа бөлуге болады — **құқықтық шығармашылық және құқықты іске асырушы**. Осыған қоса, құқықты іске асырушы процестер құқықтық-шығармашылық

блогында, себебі құқықтық-шығармашылық әрекеттер де құқықпен белгіленеді.

Негізінен құқық нормалары нақтылы құқықтық қатынастар арқылы іс жүзіне асырылады. Дегенмен, олар құқықтық қатынастардың сыртында да іске асырылады: жалпы құқықтық құрылыстың қалпында, нормамен белгіленген құқықтық субъектілік, себебі, соған байланысты бұл адамдар құқықтың субъектісі және белгілі құқықтық жағдайда тұр. Мұндай іске асырушылық тек сол оқиғада кездеседі, егер субъектілер өзінің тәртібінде сол заңды фактіні «айналып өтсе», керек емес құқықтық нәтижелер туғызуы мүмкін және сол субъектілерге заңды міндеттерімен тиімсіз нақтылы құқықтық қатынастардың пайда болуы мүмкін. Мұнда іске асыру нысаны тыйым салатын нормаларға сай, бірақ онда міндеттеуші құқық нормаларын іске асыруға мүмкіндік жоқ.

**Құқықты іске асыру нысандарын** әдебиетте дәстүрлі жолмен былай бөледі: **пайдалану**, **орындау** (атқару) және **сақтау** (әдет, не ординарлы нысандар) және іске асырудың ерекше нысанына құқық нормаларын **қолдануды жатқызады**.

Пайдалану, атқару және сақтау іске асырылатын нормалардың түрлеріне қарай және құқықты іске асыратын әрекеттердің сипатына байланысты бөлінеді.

**Пайдалану** нысанында **өкілеттік басқару** нормалары іс жүзіне асырылады. Мұнда өкілетті басқарушы іске асыру процесінен өзіне қажетті қасиетті, игілікті алады да, өз мүддесін қанағаттандырады. Пайдалану белсенді, не пассивті тәртіппен орындалуы мүмкін.

**Атқару** нысанында **міндеттеуші** нормалар іс жүзіне асырылады, себебі оларды іске асыру белсенділік тәртіпті әрекетті талап етеді.

**Сақтау** нысанында **тыйым салушы** нормалар іс жүзіне асырылады, олар **пассивті** тәртіпті (әрекеттен бас тарту) талап етеді.

Құқықты **қолдану** дегеніміз — арнайы өкілеттік берілген субъектілердің билік әрекеті және ол **ерекше** нысан ретінде қаралады.

Құқықты іс жүзіне асыру әдістері (жолдары) туралы проблемалар — азаматтарда, лауазымды адамдарда, ұйымдарда заң нормаларын орындауға, сақтауға деген дәлел қалыптастыру проблемалары.

Пайдалануды іске асырудың нысаны өте күшті қызықтырушылықпен қамтамасыз етіледі, мүдде ретінде, өкілеттілік басқару нормаларды мен субъективтік заңды құқықты ұстайды. Дегенмен, мұнда мемлекет міндетті түрде қатынасусыз қалмайды: ол құқықты пайдалануға жағдайлар жасап, оның қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Кеңес үкіметі кезіндегі юриспруденция дәстүрлі жолмен құқықты іс жүзіне асырудың екі әдісін көрсетті: сендіру әдісі және мәжбүрлеу әдісі. Бұл Лениннің мына сөзіне байланысты: «Прежде всего мы должны убедить, а потом принудить» (Алдымен сендіру керек, сондан кейін мәжбүрлеу керек).

Жалпы айтсақ, құқыққа мәжбүрлеу қасиеті тән, сондықтан да көпшілік субектілер құқықтық ұйғарымдарды өз еркімен іске асырады, ол сол қасиетін әр уақытта жоғалтпайды. Сонымен бірге, мемлекеттік билік талаптың өз мәнінде орындалуы үшін және сақталуы үшін, мемлекеттің заң нормаларын шығаруы қажет, ол нормалар барлық тұрғындардың және оның бөліктерінің мүддесіне сай болуы міндетті. Мұндай жағдай, мемлекеттік ерік пен құқық субъектісінің еріктерінің арасындағы принципті сай келушілік және құқықтық тәртіптің сенімді фундаменти болып табылады. Сонымен қатар, мұндай оқиғада мемлекет жағынан құқыққа сай тәртіпке ояну қажеттілігі сақталады (сонымен қоса мәжбүрлеу), себебі, субъектілердің жекелеген мүдделерімен қоғамдық мүдделердің арасында қарама-қайшылық сақталады.

Қоғам тарихы құқық субъектілерінің екі классикалық ояну жолын біледі — награда беруге сендіру және мәжбүрлеу шарасын қолдануға мүмкіндігін көрсету арқылы қорқыту. Профессор В. В. Лазарев айтқандай, құқықтық тыйым салу көп жағдайда жағымсыз нәтижелердің болуымен қорқыту арқылы іске асырылады, ал міндеттеу нормалары, адам күшін жұмсауды талап етеді, мемлекеттік белгілі өтемақыны төлеуге сөз береді.

## **34. Құқықты қолдану: түсінігі, кезеңдері, түрлері. Құқықты қолдану актілері**

**Құқықты қолдану** — құқықты іске асырудың ерекше нысаны. Құқықты қолдану нысанында мемлекет жағы да (нормативтік-құқықтық актілерді шығарғаннан кейін) құқықтық реттеу процесіне билікпен қосылады.

Құқықты қолдану тек сол кезде болады, егер заңды нормалар мемлекет органдарының билік ықпалынсыз іске асырылуы мүмкін болмаса.

Осындай оқиғаға мыналарды жатқызуға болады:

а) заңды, маңызы бар жағдайларды арнайы белгілеу қажеттігі (азаматтың сот арқылы өлгені, не хабарсыз кеткені жөнінде шешім шығару);

ә) диспозиция нормалары жалпы алғанда мемлекеттік-билік ұйғарымының жекелеген нұсқауынсыз іс жүзіне асырылмайды (зейнетақыға құқығы);

б) әңгіме санкцияның іске асырылуы.

**Құқықты қолдану белгілері:**

1) Ерекше субъект — арнайы ерік берілген мемлекеттік орган (лауазымды адам). Тәртіптен бөлектеу бұл қоғамдық орган болуы мүмкін (мысалы, мемлекеттің ерік беруі бойынша кәсіподақтар кейбір еңбек заңдарының нормаларын қолданады). Азаматтар құқық нормаларын қолдана алмайды, оған қарсы, керісінше көзқарас бар (профессор П. Е. Недбайло);

2) мемлекеттік билік сипаты бар;

3) жекелеген — нақтылы ұйғарымдар шығарудағы әрекеттер болады;

4) мемлекет қызметіндегі басқарушылық нысанымен көрінуі;

5) белгілі процедуралық нысанда жасалады: құқықты қолдану тәртібі арнайы (процедуралық) заңды нормалармен белгіленген. Құқық жүйесінде тұтас процедуралық салалар бар — азаматтық-процессуалдық құқық және қылмыстық-процессуалдық құқық;

6) қиын, кезеңді процесс болып көрінеді;

7) шығармашылық сипатта болады;

8) құқықты қолданудың нәтижесі жекелеген **заңды актімен дайындалады — құқықты қолдану актісімен.**

Аталған белгілерді есепке ала отырып, құқықты қолдануды мемлекеттік билік әрекеті ретінде анықтауға болады, белгілі процедуралық нысандағы хабардар субъектілермен жасалған және заң нормаларын іске асыруға және жекелеген нақтылы шешімдер шығару арқылы ықпал жасауға бағытталған.

Құқықты қолдану белгілі процесс ретінде бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Жалпы **кезең** — қандай болмасын процестің кесіндісі (бөлігі), олардың аралық мақсаты болады, соның күшіне байланысты салыстырмалы бостандықта және біткендікке ие болады.

Негізгілердің есебінде үш кезеңге бөлуге болады:

1) істің факті негізіндегі жағдайын белгілеу;

2) істің заңды негізін қалыптастыру;

3) істі шешу.

Қосымша кезеңдердің орнына құқықты қолдану актісінің мемлекеттік мәжбүрлеу арқылы іске асырылуы көрінуі мүмкін.

Бірінші екі кезеңдер дайындалу сипатта болады және олардың бөлінуі жеткілікті түрде шартты. Нағыз өмірде, тәжірибеде оның бәрі қатарласып, бір мезгілде өтеді және құқық қолданушыға, істің

фактілік жағына, заңдылық жағына баруға тура келеді, яғни біртіндеп, біресе бір жағын, біресе екінші жағын қалыптастырады

Азаматтық-процессуалдық және Қылмыстық-процессуалдық кодекстерде осындай «шындық» кезеңдер көрсетілген.

**Фактілер негізіндегі сатының қалыптасуы** процесс ретінде дәлелдің барлығын, не заңды маңызы бар жағдайлардың жоқтығы туралы (дәлелдеу пәнін құрушылардың) фактілер — дәлелдемелердің көмегі арқылы көрсетіліп өтеді. Сондықтан, барлығын дәлелдеу теориясының немен ісі барлығы түсінудің құқықты қолдану сатысына тікелей қатысы бар.

**Екінші саты** (істің заңды негізінің қалыптасуы) өзіне мынандай құқықты қолдану әрекетін қосып алады:

- а) қолдануға жататын заң нормаларын тандау;
- ә) нормалардың дұрыстығын тексеру және оның уақытта, кеңістікте және адамдар арасындағы әрекетін білу («жоғарғы» сынау);
- б) нормативтік-құқықтық актінің дұрыстығын тексеру («төменгі» сынау);

в) құқық нормасының мазмұнын түсіну (талқылау арқылы).

**Үшінші саты** (заңды істі шешу) бұл бір мезгілдік акт емес, онда белгілі процесс, ол формальды-логикалық ретінде және мемлекеттік биліктік ретінде болуы мүмкін.

Құқықты қолдану нәтижесі құқықты қолдану актісіне сай шығарылады — арнайы міндетті органның актісі — құжаты, онда жекелеген мемлекеттік биліктің құқықты қолдану ұйғарымы болады.

Барлық құқықтық актілерді екі үлкен топқа бөлуге болады — **нормативтік және жекешеленген**. Басқа жекеленген актілерден (мысалы, Азаматтық құқықтағы келісім) құқықты қолдану актілері мемлекеттік билік сипатымен ерекшеленеді.

Құқықты қолдану актілерінің нормативтік-құқықтық актілермен келісімділігі бар:

- а) жазбаша акті — құжаттар екенін көрсетеді;
- ә) мемлекеттен шығады;
- б) заңды күші бар (құқықтық нәтижелер туғызады, мемлекетпен қорғалады).

Сонымен бірге, олардың маңызды айырмашылығы бар. Егер нормативтік-құқықтық актілерде мемлекеттік биліктегі жалпы сипаттағы ұйғарымдары болса, құқықты қолдану актілері жекешеленген (субъектілеріне сай, олардың құқықтары мен міндеттері нақтыланған) билік ұйғарымы болып саналады.

Құқықты қолданудың **екі түрі** бар — **позитивтік және юрисдикциялық**.

**Позитивтік құқық қолдану** — бұл бұзылғандығы үшін іске асырылмайды, кейбір реттелетін нормалардың міндетті түрдегі өз жөніндегі іске асырылуға қажетті жағдайы. Позитивті түрде құқық қолдануға мысал болатын, зейнетақы тағайындау, тұрғын үйді айырбастау, жер бөлігін беру. Басқаша айтсақ, позитивтік қолдану — бұл құқық нормаларының диспозициясын қолдану.

**Юрисдикциялық құқық қолдану** — бұл санкцияны қолдану (яғни, қорғаушы нормалар), егер диспозиция бұзылса (реттеуші нормалар).

Сонымен бірге, позитивті нормалар әр уақытта болады, бірақ барлық нормаларға емес, ал юрисдикциялық кез келген заң нормаларына қатысы бар, тек ол бұзылса.

## **35. Құқықтағы ақтаңдақтық және оны толтыру**

Құқықтық негізді қалыптастыру сатысында, құқықты қолдану процесінде заңдардағы **ақтаңдақтардың** болуына байланысты кідіріс болуы мүмкін, себебі, фактілер негізіндегі жағдайларға қатысты, құқықтық реттеу аясындағы нақтылы нормативтік ұйғарымның жоқтығынан. Құқықтағы жетіспеушілікті әлеуметтік ая толығымен реттелмегендіктен, айыра білу қажет, ондай оқиға тек құқықтық-шығармашылық арқылы жойылуы мүмкін.

**Құқықтағы ақтаңдақтықтың айырылу ерекшелігі** сонда, фактілі жағдайларға байланысты нақтылы нормативтік ұйғарымның болмауы, жалпы және тұтасымен құқықпен реттелген, заң шығарушы өзінің еркін үксас жағдайлар арқылы көрсетеді, жалпы құқық нормалары мен жалпысалалық құқық принциптері арқылы. Сонымен, ақтаңдақтық — бұл өзінше құқықтық кеңістіктегі, «жетімсіздік» яғни заң нормаларының ішіндегі, ондай жетімсіздік принципті түрде әлеуметтік аяны құқықтық реттеудегі жалпы жолдан алынып тасталуы керек.

Заңдардағы жетіспеушіліктің пайда болу себептері туралы көзқарастар бойынша олардың **басталуы** (первоначальный) және **жалғасы** (последующий) болып бөлінеді.

**Басталуы** — тек сонда орын алады, егер құқықтық реттеуді талап ететін жағдайлар бұрын болса, бірақ заң шығарушы оны сол күйінде жіберіп, нормативтік-құқықтық актімен қамтыған болса ғана.

**Жалғасы** — сол уақытта орын алады, егер әлеуметтік аяны реттеу процесінде, пәндегі реттелмеген жаңа қатынастардың пайда болуына байланысты, яғни заң шығарушы ол аяға өз еркін білдіріп қойған.

Сонымен, заңдардағы жетіспеушіліктің болуы — заңды құбылыс, бірақ мұндай жағдайда **құқықтық болжау** толық мөлшерде өз жұмысын орындауы қажет.

Принципті түрде, құқықтағы жетіспеушілік, толық құқықтық реттелмеушілік ретінде, заң шығарушымен көрінген сайын орнына келтірілуі міндетті. Бірақ, құқықтың жүйелігіне байланысты, құқық жүйесінің элементтерінің бір-бірімен тығыз келіскендігіне сай құқықтағы жетімсіздікті құқықты іске асыру процесінде де орнына келтіруге мүмкіндік бар, яғни — құқықты қолдану процесінде.

Профессор С. С. Алексеев осы туралы былай жазады — құқықтағы жетімсіздікті толтыру — бұл әрекеттегі құқықты қолданудың арнайы нысаны (әдісі), онда заң шығарушының еркіне сай, заңды істер шешіледі, себебі, олар нақтылы заңның ұйғарымында қамтылмаған.

Юриспруденцияда дәстүрлі жолмен құқықтағы жетімсіздікті толтырудың екі жолы көрсетілген — заң аналогиясы және құқық аналогиясы. Кейбір авторлар тағы бір жолдың орнына құқықты субсидиарлық қолдануды ұсынады.

Заң аналогиясы (бұл жағдайда, құқық нормасының аналогиясы деп атау жөн сияқты) көптеген жағдайларды сақтауды көздейді:

- а) сол оқиғаның жалпы реттеушілігінің болуы;
- ә) бара-бар заң нормаларының жоқтығы;
- б) ұқсас нормалардың барлығы, яғни сол нормалар гипотезасындағы жағдайлары көрсетілген, құқық қолданушының түйіскен жағдайларына ұқсас.

Заңды фактілердің ұқсастығы сондай нормалардың әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Құқық аналогиясы дегеніміз, аналогия туралы заңды істі шешуде аздаулығын көрсетеді және мынандай жағдайларды сақтауды көздейді:

- а) жалпы сол оқиғаның реттелгендігі;
- ә) бара-бар заңды нормалардың жоқтығы;
- б) ұқсас нормалардың жоқтығы.

Әдебиетте көрсетілгендей, мұндай кезде құқық қолданушы заңды істі шешкенде басынан бастап заңдардың мәнін түсінуі қажет. Тәжірибеде мұны принциптерді (қағидаларды) пайдалану деп атайды — жалпы, салааралық, салалық, институттар принциптерін, олар құқықта бекітілген, қалай болғанда да пәннің заңдылығын және құқықтық реттеу тетігін көрсетеді.

Ұқсас нормалардың барында ұқсастықты пайдалану және ұқсас нормалардың барында бара-барлықты пайдалану — құқықты қолданушының қателігі.

Құқықты субсидиарлық пайдалану («subsidium» — көмек) — ол сол құқық нормасының үкестығы (заң аналогиясы), бірақ басқаға қатысты — туысқан құқық саласына. Мұндай мүмкіндік, мысалы, азаматтық құқық нормалары мен отбасы, әкімшілік және қаржы құқықтарының арасында болады. Түсініктісі сол, субсидиарлық қолданудың мәні болмайды, егер үкестік нормалар сол құқық саласында болса.

Халықаралық құқық нормалары бойынша, қылмыстық құқық аясында аналогияны қолдануға рұқсат етілмейді.

## **36. Нормативтік-құқықтық актілерді бақылау: түсінігі және жолдары**

**Талқылаудың мақсаты** — нормативтік-құқықтық актілерде көрсетілген заңды жолдың нақты мәнін құқықтық ұйғарыммен анықтау болып табылады. Талқылау — бұл нормативтік-құқықтық ұйғарымдардың мазмұнын белгілеп, тәжірибеде олардың іс жүзіне асырылуына қажет әрекеттер.

Белгілеуге мемлекеттік ерік керек, ол объективтік көрінуді және бекітілуді нормативтік-құқықтық актілердің мәтінінен байқауға болады. Талқылаудың объектісі — заңды нормативтік актілер, жазбаша актілер — құжаттар, онда құқық нормалары бар және бұл арадағы қажеттілікке объектінің нысаны арқылы оның мазмұны мен негізіне өту болып табылады.

Талқылаудың стратегиялық мақсаты — құқық ұйғарымдарын қатал заңдылық режимінде тиімді іс жүзіне асыру, яғни ол құқық нормаларын тәжірибеде іске асыруға қызмет етеді. Нормативтік-құқықтық актілерді талқылаудың құқықты қолданудағы, құқықты іске асыру нысанында ерекше маңызы бар. Сонымен бірге, мемлекеттік органдардың әрекетіндегі нормативтік-құқықтық актілерді шығаруға және жүйелеуге тигізетін үлкен маңызы бар.

Қандай оқиғада болмасын, талқылау процесі қалай болмасын, әрекеттегі заң нормаларын өзгертуге, не болмаса жаңасын құруға құқық берілмеген. Талқылау интеллектуалды-ойлау процесі, заң нормаларын білуге (тануға) бағытталған, түсіну деп аталады. Түсіну — бұл «өзің үшін» талқылау. Егер талқылау субъектісі әртүрлі нысанда басқа адам үшін түсінудің нәтижесін көрсететін болса, оны түсіндіру деп атайды.

Талқылау бір түсінумен межеленуі де мүмкін, бірақ ондай оқиғада түсіндіру іске асырылады, ал процесс түсіну **бірінші саты** ретінде

нормативтік-құқықтық актіні талқылаудың жалпы процесіне жатады. Заң нормаларының мәнін дәл түсінуге оның жолында көптеген кедергілер бар, олар арнайы жолдар арқылы күшін жояды — **талқылау жолдары.**

Негізгі талқылау — түсіну жолдарына мыналар жатады:

1. Грамматикалық — филологияның деректері мен тіл тәртіптерінің негізіне сүйене отырып, мәтіннің мәнін түсінуге бағытталған арнайы жолдардың (приемдар) жиынтығы.

2. Логикалық — формальды логиканың заңдары мен жолына негізделген арнайы жолдардың жиынтығы;

3. Арнайы заңдық — заң біліміне негізделген арнайы жолдардың жиынтығы (заңдық түсініктер, атаулар, заңды конструкциялар, құқықтық реттеу заңдылығы, заңды техниканың жолдары, т.б.).

4. Жүйелік — құқықтың жүйелілігімен, заңдармен қамтамасыз етілген және талқыланып жатқан нормативтік ережені басқа құқық жүйесімен заңдар жүйесінің байланысын талдауға бағытталған арнайы жолдардың қосындысы.

5. Тарихи-саяси нормативтік-құқықтық актілердің шығарылу мақсатын түсінуге, тарихи жағдайларға, әлеуметтік-экономикалық және саяси факторларға талдау жасап, оның шығарылуын қамтамасыз етіп, заң шығарушының еркіне ықпал жасаған арнайы жолдардың жиынтығы. Айтылған талқылау жолдарынан көретініміз, нормативтік-құқықтық актінің мәтіндегі ұйғарымдардың шын мәнін белгілеу, әртүрлі білімділікті талап етеді. Австриялық заңгер М. Дэвистің сөзімен, «Правовой текст значит больше для того, кто больше значит».

## **37. Нормативтік-құқықтық актілерді талқылау түрлері**

Талқылаудың түрлері туралы айта отырып, есепке алатынымыз, өңгіме екі түрі туралы, бірақ әртүрлі құбылыстағы:

а) нәтижелерді түсіну туралы түрлер;

ә) түсіндіру туралы түрлер.

**Талқылау** — түсіну нәтижесі өзінің көлеміне байланысты нақты шектеуші және таратушы болып бөлінеді. Әдеттегідей, талқылау нәтижесі міндетті түрде нақты болуы қажет, шын мәніндегі нормативтік актілердің мәні (заң шығарушының еркі) және нақты мәтін бір-бірімен толық сәйкес келсе, яғни талқылау жолдарын

барлық жиынтығында пайдаланғандық, тәжірибеде сол нәтижені береді, яғни алғашқы заңның грамматикалық мәтінін талқылау.

**Шектеуші талқылау** сонда орын алады, егер шын мәніндегі норманың мазмұны мәтіндегі дайындалғанымен сәйкес келсе, яғни оқығандағы түсіну нәтижесі көлемдеріне байланысты грамматикалық талқылауға жатады.

**Таратушы талқылау** — ақырғы талқылау нәтижесі көлеміне қарай кең нақты мәтіннен (заң шығарушының шын мәніндегі еркі).

Талқылау-түсіндіру субъектіге байланысты сол түсініктерді беретін түрлерге бөлінеді. Сол белгілер бойынша арнайы және арнайы емес болып бөлінеді. Арнайы талқылау:

- а) өкілеттік берілген органмен беріледі;
- ә) арнайы актіде құрылады;
- б) талқыланатын нормалар белгілі орындағы орындаушыларға формаларды, міндеттерді жүктейді.

Арнайы түсіндіру **нормативті** және **казуальды** болып бөлінеді.

**Нормативті талқылау** — түсіндіру нақтылы оқығанмен байланысты емес, талқылайтын нормада көрсетілгендей, барлық оқыл-ғандарға таралады. Нормативті түсіндіруде, жана заңды нормалар болмауы міндетті: ол тек қана әрекеттегі нормалардың мәнін түсіндіреді. Нормативті түсіндірмеудің аса маңызы жоқ және толығымен талқыланатын актілердің жағдайын қолдайды: оны тоқтатуы не өзгертуі міндеті, әдеттегідей тоқтатуға, не соған сай арнайы нормативтік түсіндіруге әкеледі.

Егер арнайы нормативтік талқылау-түсіндіру сол актіні шығарған органмен берілсе, онда ол **аутентикалық** болады (алғашқы шығару көздеріне негізделген, авторлық). Қазақстан Республикасында ондай түсініктемелерді Жоғарғы сот, Парламент, басқа арнайы құқық қорғау органдары береді.

Егер арнайы нормативтік түсініктеме, оған өкілеттілік берілген органмен берілсе, оны **легальды** деп айтады (рұқсат етілген, өкілеттіліктегі). Ондай жағдай міндетті органның қалпында өтуі міндетті, яғни түсіндірме берушінің (жүргізушінің). Қазақстан Республикасында арнайы түсініктемені Жоғарғы сот береді.

**Казуальды талқылау** арнайы талқылаудың түрі ретінде нормативтік-құқықтық актілерге арнайы түсініктемелерді нақтылы оқығанға қатысты береді және негізгі мақсаты сол істі дұрыс шешу болып табылады.

**Арнайы емес талқылау** заңды міндетті емес, көріну нысандарына байланысты ауызша болуы мүмкін (азаматтарды қабылдау кезінде түсіндіру, адвокатпен, сотпен, прокурормен берілуі мүмкін).

Ол күнделіктіге бөлініп, (азаматтарға, тұрмыста, күнделікті өмірде берілетін талқылау, кәсіби (белгілі құқық мамандарымен, адвокаттармен, заң кеңесшілерімен, т.б.) доктриналық еңбектерде: ғылыми мақалаларда, монографияларда, коментарийлерде берілетін түсініктемелер.

## **38. Заңды презумпциялар және функциялар**

Презумпция (лат. сөзі «presumptio») — белгілі фактілердің барлығы, не жоқтығы туралы бағдарлама, бағдарлаған фактілер мен бар фактілердің арасындағы байланысқа негізделген және алдыңғы тәжірибемен дәлелденген. Презумпцияның негізінде әлеуметтік тәжірибе жатыр, көптеген тәжірибемен тексерілген білім, презумпцияға түскен — кейіпті берілген жағдайда мүмкін болатын фактілер.

Құқықтық презумпцияның мынандай сипаттағы ерекшеліктері бар:

- а) тікелей, не жанама түрде құқықта бекітіледі;
- ә) құқықтық реттеуге әр уақытта маңызы бар;
- б) құқықтық нәтижені туғызады, егер ол заң жүзінде дәлелденсе, не болмаса істі шешу процесінде тоқтатылмаса.

Ең көне заң презумпциясына құқықты және заңды білу презумпциясы жатады: алдын ала бағдарлама, барлығының жазылған заңды білу міндеттілігі. Бұл презумпция Рим құқығында қалыптасқан және қолданылған («ignorantia legis neminem excusat» — «незнание закона никого не извняет»). Осындай заңды бағдарламасыз, жалпы алғанда, құқық нормасын қолданудағы заңды істерді шешуге мүмкіндік болмас еді. Ең маңызды заң презумпциясына қылмыстық процестегі **кінәлі еместік презумпциясы** жатады: әрбір айыпкер қылмыс жасаған кезде, кінә дәлелденгенше кінәлі деп есептелмейді. Мұнда жауапқа тартылғандардың кінәсіздігін өзі емес айыптаушы дәлелдеуі шарт. Кінәсіздік презумпциясы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде бекітілген, яғни, ол кодекстің 19-бабы бойынша: «1. Әр адам оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі осы кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады.

2. Ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес».

Азаматтық процесте керісінше презумпция қызмет істейді; **түзелмейтін қарыздардың кінәлілігі презумпциясы** (өз міндетін

орындамайтын қарыздарлар, орындамайтындар кінәлі деп есептеледі, егер өзі керісінше дәлелдей алмаса). Сонымен, презумпция дәлелдеу процесімен және дәлелдеу қиындығының болуымен тығыз байланысты.

Заңды презумпцияны екіге бөлуге болады: **Жалпықұқықтық және салалық**. Жалпықұқықтыққа **жарияланған заңдарды білу презумпциясы** жатады. Салалық презумпцияның мысалына, қызмет ететін жоғарғы қауіпсіздік көзінің иесінің кінәлі презумпциясы, егер ол оған зиян келтірсе.

Құқықтық шындықтың мұндай феноменіне, заңды фактілерге жатпай тұрып, заңды нәтижелер туғыза алатындарды құқықтық фикция деп атайды. Латын тілінен аударсақ «fictio» — ойдан шығарылған (вымысел). Белгілі германдық құқықтанушы Рудольф фон Иеринг (1818—1892 ж.ж.) құқықтық фикцияны бейнелі түрде былай сипаттаған: «юридическуюложь, освященнуюнеобходимостью, как «технический обман» «қажеттілікпен көрсетілген заңды өтірік, техникалық алдау».

Құқықтық фикция дегеніміз — шын мәнісінде өмір сүрмейтін ереже, бірақ құқыққа факті ретінде маңыз берген. Мысалы Рим құқығында фикция «ойдан шығарып», шетел азаматын Рим азаматына айналдырған, егер ол азаматтық келісімде талапкер не жауапкер болса. Француз құқығында мынандай фикция бар: егер әйелі мен күйеуі бір мезгілде апатқа ұшыраса, бірінші өлген күйеуі болып есептелген. Бұл фикцияның қажеттігі, мұрагерлік тәртіпті белгілеу болатын.

Сонымен, құқықтық фикциялар, құқықтық презумпциялар сияқты, құқықтық қатынастардағы белгісіздікті жояды, құқықтық реттеуге нақтылық және тұрақтылық кіргізеді.

## **39. Заңдылық және құқықтық тәртіп. Конституциялық заңдылық**

**Заңдылық** — заң нормаларын қатал түрде ауытқымай сақтау және орындау құқықпен қоса пайда болды, құқықтық реттеудің негізі сол мәніне байланысты құқықтан шыққан. Дегенмен, заңдылық — тарихи дамиды кұбылыс: ол құқықпен және қоғаммен бірге дамыды және өзінің ашықтық түрінде қазіргі кезде ол туралы ойларға жауап береді, ал құқық тең индивидтердің формалды бостандық өлшеміне айналды. Заңдылық бұл кезеңде идея ретінде, конституциялық

принцип ретінде және демократиялық қоғамның өмір режимі ретінде қалыптасты. Мұндай сапада заңдылық нақтылы құқықтық жүйелердің мазмұнын белгілейді, оның қимылы тек құқықтық заңдармен байланысады және ол құқықтық заңдылыққа айналады. Заңдылық демократиямен және құқықтық заңмен соншалықты тығыз және айырылмайтындай жағдайда. Сондықтан, кейбір авторлардың айтуы бойынша, заңдылық осы кезеңде ғана пайда болды, яғни құқықпен бірге пайда болғанын мойындағысы келмейді деген сөз.

Заңдылық субъектілеріне қатысты адамдар, оның талаптары таралатындар және оның әрекетінің аясы жөнінде әртүрлі ойлар бар. Мысалы, профессор Н. В. Витруктың ойынша, заңдылық тек заңдарды және тек лауазымды адамдардың орындайтынына қатысты деген тұжырымды ұсынады. Ол кісінің пікірінше, азаматтар мен және басқа адамдармен заңдарды бұзу, заңдылықты бұзу ретінде көрінбейді, олар тек құқықтық тәртіпті бұзғанға жататындығын айтқан. Бұл көзқарастың жеткілікті түрде негізі бар. Шын мәнісінде, заңдылықты құқықтың жалпы міндеттілігімен араластыруға болмайды және оның өмір сүруінің мәні, ең алдымен, заңдармен, қоғамдағы көпшілік — құқықтық орта қатынасымен байланысты. Заңдылықтың өзіне профессор Н. В. Витрук анықтаманы былай береді: «жүйеге (режимге) мемлекеттің заңдарындағы құқықтың шын көрінісіне, заңды шығармашылықтың өзіне, қосымша заңдар нормалар шығармашылығына талаптар идеясы». Осы тұрғыдан қарасақ, заңдылықты бұзушылыққа Конституцияға заң нормаларына қайшы ведомстволық актілерді қабылдау.

Профессор В. В. Лазаревтің ойынша, заңдылық субъектілерін лауазымды адамдармен шектеу дұрыс емес: заңдылық принципі жалпылама және басқа бірдеңелерді ұстамайды. Заңдылық оның ойы бойынша, барлық аяға таралады (жеке — құқықтықты қосымша) және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге. Сонымен, профессор В. В. Лазарев заңдылыққа және оның әрекет-қимылының аясына басқа көзқарас ұсынады, көңіл аударсақ көбірек таралымды. Осы тұрғыдан қарасақ, заңдылық былай анықталады: «қоғам өмірінің құқықтық режимі, заң нормаларын барлық оның құқықтық әрекеттіліктері бар қатынасушылармен бұлжытпай сақтау» (профессор Л. И. Спиридонов).

Заңдылық принциптеріне әдебиетте мыналарды жатқызады:

- а) оның талаптарының жалпылығы;
- ә) заңның үстемдігі;
- б) заңдылықтың бірлігі (біркелкілігі);
- в) азаматтардың құқығы мен бостандығының кепілдігі;

г) құқық бұзғандығы үшін жазаның болмай қоймайтындығы;  
ғ) заңдылықты мақсатқа сәйкестікпен ауыстыруға және бір-біріне қарсы қоюға болмайды;

д) заңдылық пен мәдениеттің байланысы;

Құқықтық тәртіп — заңдылық әрекетінің конституциялық және қоғам өмірінің қортындысы, нәтижесі ретінде. Ол өзіне қоғамның қалыптасқан құқықтық қатынастар жүйесін және құқыққа сай тәртіпті, сонымен бірге, жалпы құқық құрылысының қалпындағы құқықтық субъектілік туралы нормалар мен белгіленген құқыққа сай тәртіп актілерін қосып алады.

Құқықтық тәртіп дегеніміз — қоғамдық тәртіптің бір бөлігі, қоғамдық қатынастардың тұрақты жүйесі ретінде, тек құқықтың ғана емес барлық әлеуметтік реттеушілердің әрекетімен қалыптасқан. Қоғамдық тәртіпті қысқа түсінуге болмайды, яғни қоғамдық орындағы қатынастар тәртібі ретінде. Профессор В. В. Лазарев қоғамдық тәртіпті «қоғамдық қатынас жүйесінің сапасы (қасиеті), олар сондай әлеуметтік тәртіптіліктер байланысында, қоғам өмірінің біркелкілігін, келісімділікті қамтамасыз етеді, қоғамдық қатынастар қатынасушыларының кедергісіз, өздерінің құқығы мен міндеттерінің орындалуына және олардың негізделген ықыласын қорғауға және қоғамдық жеке адамның тыныштығын сақтау көзделген».

Конституциялық заңдылық дегеніміз, шын мәнінде әре-кет ететін конституционализм жүйесі, тұтасымен құқықтық Конституцияны қамтамасыз етуші (профессор Н. В. Витрук).

Конституциялық заңдылықтың болжамы:

а) мемлекеттің негізгі заңы ретінде. Конституцияның өзінің құқықтық сипаты;

ә) құқықтық жүйедегі Конституцияның үстемдігі;

б) мемлекеттің барлық аумағындағы Конституцияның үстемдігі.

Қазақстанда Конституциялық Кеңес құрылды, оның алдында тұрған мақсаттары жөнінде Қазақстан Республикасының Конституциясының 72-бабында: «І. 1) дау туған жағдайда Республика Президентінің Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді;

2) Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды;

3) Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды;

4) Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді;

5) Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар береді...».

## 40. Құқықтық сана: түсінігі, құрылымы, түрлері

**Құқықтық сана** — ойлар мен сезімдердің жиынтығы, әлеуметтік құрылымдардың (таптардың, ұлттардың, халықтардың) әрекеттегі және қажет ететін құқыққа қатынасын көрсетеді.

Адамның құқықтық шындыққа субъективтік реакциясына байланысты, құқықтық сана, **бір жағынан, қоғамдық сананың (түрі) нысаны** (өнегелілік, саяси, діни және эстетикалықпен қатар), ал екінші жағынан, **құқық жүйесінің** маңызды элементі.

Құқық және құқықтық сана тығыз байланыста болады. С. С. Алексеев көңіл аударғандай, құқықтық сана — құқықтың құтыла алмайтын серігі. Шын мәнісінде құқық тәртіптің интеллектуалды — еріктегі тәртіптің реттеушісі, онда қалыптасу және қызмет жасауы адам санасымен және еркімен жанасуы міндетті.

Тарихи жағынан құқықтық сананың қалыптасуы мемлекет пен құқықтың пайда болуымен қатар, екеуінің қайсысы бұрын пайда болды деген даудың еш негізі жоқ. Әйтсе де, нақтылы құқықтың типіне (кейпіне) қатысты, мысал социалистікке сай, құқықтық сана құқықтан бұрын болған (құқықтық идеялар түрінде, марксизм енбектерінде айтылғандай).

Әлеуметікке бөлінген қоғамда құқықтық сана біржақты емес. Мысал ретінде қызмет ететін тапқа бөлінген қоғам. Ондай қоғамда заң шығарушы ең алдымен, экономикалық жағынан күшті таптың құқықтық санасын есепке алады.

Құқықтық санада дәстүрлі жағдайға байланысты элементтер ретінде **құқықтық идеология** және **құқықтық психологияға** бөлінеді.

**Құқықтық идеология** — адамдардың әрекеттегі және қажетті құқыққа қатынастықты көрсететін идеялар, теориялар, сенімдер, түсініктер және көзқарастар.

**Құқықтық психология** — адамдардың құқық туралы, не болмаса құқықтың кейбір көріністері туралы қандай жағдайда болатындығы жөніндегі сезімдер, уайымдар: заң нормаларын шығару, оларды іс жүзіне асыру, заңдылық, т.б. Былайша айтқанда, құқықтық психология — **құқық сезімі** және **заңдылық**.

Құқықтық санада басты және белсенділік рөл құқықтық идеологияға жатады, ол жүйеленген, ғылыми негізделген құқықтық шындықты теориялық негізде көрсетілгендік.

Құқықтық идеологияның негізін сол қоғамда қабылданған (жалпылай қабылданған) саяси және құқықтық идеялар жатады —

**мемлекеттік — құқықтық идеология.** Бұл проблема Қазақстанға қазіргі кезде ерекше өзекті болып табылады.

Құқықтық идеология заң ғылымдарымен тығыз байланысты, себебі, идеологияға теориялық, жүйелілік сипат береді.

Құқықтық психология стихиялық түрде құрылады және жүйеленбеген нысанды емес сипатта болады. Сонымен бірге, құқықтық санада ол біріншілік сипатта, себебі құқықтық сезім және сезімділік құқықтық идеядан ерте пайда болады. Құқықтық психология үйреншікті құқықтық аядағы субъектілердің бағалылық бағдарламасын белгілейді.

Әлеуметтік деңгейдегі көзқарасына байланысты **үйреншікті** құқықтық сана кәсіби заңгерлердің құқықтық санасы және **ғылыми** (құқықтану). **Жалпылық** көзқарас тұрғысынан — **көпшілік** (таптар, ұлттар, халық), топтық (ұжымдық көріну, нысанды және нысанды емес топтар), жекелеген құқықтық сана (нақтылы адамды айтамыз).

Құқықтық сананың құқықтық жүйе үшін жалпы маңызы бар және оның барлық элементтерінің әрекетін шығарып салады.

Құқықтық сананың негізгі функциясына **танымдық, бағалаушылық** және **реттеушілік** жатады. Әдебиетте тағы да мына функцияларды атайды: құқықтық үлгілеу, тәрбиелеу.

Құқықтық сананың реттеу рөлі адам мен құқыққа сай қылықтар жасағанда көрінеді, тіпті сол, не басқа нақты құқықтың ұйғарымның жоқтығына байланысты. Құқықтық сана категориясы жеке адамның жалпы нормативтік бағдарламасын береді.

Құқықтық сана құқықтық-шығармашылықпен және құқықты қолданумен тығыз байланысты.

## 41. Құқықтық нигилизм: түсінігі және нысаны. Жеңу жолы

«Нигилизм» сөзі латынша «nihil» — «түк емес» «түк те». Нигилизм әлеуметтік құбылыс ретінде былай сипатталады:

а) жалпы қабылданған (абсолютті) бағалыққа сынаумен, негативті қатынаспен көрінеді;

ә) жоққа шығаруға максималды келу, интенсивтік компромиссіздік;

б) позитивті бағдарламамен кездеспейді;

в) өзінде бұзылған қиратушылық бастауы бар.

Қандай бағалылықтың жоққа шығарылуына байланысты нигилизм мынандайларға бөлінуі мүмкін: **саяси, діни, адамгершелік.**

**Құқықтық (не заңды) нигилизм** құқықты әлеуметтік бағалылық екенін мойындамайды және ол құқыққа қатысты негативті жоққа шығару арқылы көрінеді, яғни, заңдарға, құқықтық тәртіпке, құқықтың қажеттігіне, оның мүмкіндігіне, қоғамға пайдалылығына сендірмейді.

Профессор Н. И. Матузов мынандай құқықтық нигилизмнің нысандарын бөліп көрсетеді:

а) заңдарды және басқада нормативтік-құқықтық актілерді қасақана бұзу;

ә) жаппай көпшілікпен заң ұйғарымдарын орындамау;

б) қарама-қайшы құқықтық актілерді шығару;

в) заңдылықты мақсатқа сайлықпен ауыстыру;

г) өкілеттік және атқарушы құрылымдардың конфронтациясы;

ғ) адам құқығын бұзу;

д) құқықтық нигилизмнің теориялық нысаны (ғылыми ортада, заңгерлердің жұмысында, философтардың жұмысында, т.с.с.).

Профессор В. А. Туманов былай көрсетеді: біріншіден, пассивті және белсенді нигилизмнің нысандары бар. Пассивті құқыққа тән нәрсе құқыққа көңілсіз қатынас, оның рөлі мен маңызын көбіне көрмеу, бағаламау. Белсенді нигилизмге құқыққа біле-тұра жаулық қатынас жасау тән. Құқықтың қоғам өміріндегі рөлін және қандай мүмкіндігін сол бағыттағы өкілдері көріп, сезініп тұрса да, соған қарсы шығады.

Екіншіден, оның құқықтың нигилизмді қолдайтын жағы бар:

а) қоғамдық сананың жоғарғы шыңында (идеологиялық ағым және теориялық доктрина ретінде);

ә) көпшілікке бірдейлік сананың үйреншікті деңгейінде (жоққа шығаратын бағыттар нысанында, бекіп қалған сенушілік пен стереотиптер);

б) ведомстволық. Қосымша заңды актілер «заңның үстінде» болған кезде өзін көрсетеді, заңды нормалар сәйкес келмей қиын жетімсіздік пайда болады.

Құқықтық нигилизм — қоғамның белгілі жағдайымен қамтамасыз етілген құқықтық сананың патологиясы. Сондықтан, онымен күрес жолы әртүрлі болуы қажет. Бұл:

а) әлеуметтік-экономикалық сипаттағы реформалар;

ә) құқықтық реттеудің мазмұнының өзгеруі, әртүрлі тұрғындардың мәдениетінің жағдайын жетілдіретін процесс ретінде болады.

Әдебиетте осы туралы былай дейді: «бір жағынан, құқықтық нигилизмнен құқықты конструктивтік сынаудан айыру, екінші жағынан, заңды фетишизмнен қашуға ұмтылған жөн, яғни құқықтың

рөлін және басқа құқықтық құралдарды абсолютке көтеру» (А. Л. Гранат).

## **42. Құқықтық мәдениет**

Құқық қоғамдық дамудың нәтижесі ретінде қоғамды тұтасымен сипаттайды. Құқықтық мәдениет — жалпы алғанда, адам баласы мәдениетінің бір нысаны.

Латын тілінен аударғанда «cultura» дегеніміз, тәрбие, сауаттылық. Толығымен мәдениет қоғамдық-тарихи тәжірибе процесінде құрылған және құрылатын материалдық және рухани бағалылықтың жиынтығы және қоғамның дамуындағы жеткен деңгейді сипаттайды.

Мәдениет материалдық және рухани болып бөлінеді. Мұндағы негізделген сипаттағы түсінікке «бағалылық» категориясы жатады.

Құқықтық мәдениет қоғамның рухани мәдениетіне жатады (басқа мынандай көзқарас болса да, яғни құқықтық мәдениет, қоғамдық мәдениеттегілердің ешқайсысымен сәйкес келмейді және оларды рухани және материалдық компоненттері болса да), ал құқық — ең маңызыды қоғамдық бағалылық — мәдениеттіліктің элементі.

Құқықтық мәдениет — құқықтық сананың жағдайы, заңдылық, заңдарды және заңды тәжірибені жетілдіру, ол құқықты дамыту және бекіту әлеуметтік бағалылық ретінде, яғни өзінше қоғамның «заңды байлығы» (профессор С. С. Алексеев).

Профессор В. В. Лазарев айтқандай, құқықтық мәдениетті төрт түрге бөлуге болады: **құқықтық идеялар, құқықтық нормалар және институттар, құқықтық қылықтар, құқықтық мекеме.** Құқықтық мәдениеттің көрінуі, шын мәнінде **оның әрекет аясы.**

Тұтасымен құқықтық мәдениетті бағалау мүмкіндігі, жалпы мәдениет ретінде оның деңгейіне сай, яғни, ең алдымен, құқық жүйесінің даму компоненттерінің деңгейімен белгіленеді.

Мұнда бағаланатыны:

а) қоғамдық және жекешеленген құқықтық сананың деңгейі, оған қоса заң ғылымының және заң сауаттылығының деңгейі;

ә) заңдылық деңгейі;

б) заңдарды жетілдіру деңгейі;

в) заңдылық тәжірибені жетілдіру деңгейі, ең алдымен, сот тәжірибесін, яғни қоғамдағы әділ сот жағдайы.

Берілген деңгейлерді құқықтық мәдениеттің элементтері ретінде бағалауға болады.

Құқықтық мәдениеттен **жалпыадамдық және ұлттық** компоненттерді бөліп көрсетуге болады.

Түрлеріне байланысты құқықтық мәдениеті тұтасымен қоғамның құқықтық мәдениеті және жеке адамның құқықтық мәдениеті, сонымен қатар, әлеуметтік қоғамдастықтардың құқықтық мәдениеті (таптардың, ұлттардың, халықтың) және мәдениеттілік.

### **43. Құқықбұзушылық: түсінігі және түрлері**

Құқықбұзушылық — құқыққа сай емес тәртіптің негізгі түрі болып табылады (оның басқа түрі — объективті құқыққа қарсы тәртіп) және соған сай ол құқықтық тәртіптің түрлерінің бірі, себебі, соған қатысты құқыққа сай емес тәртіп (құқыққа сайлықпен қатар) оның түрі ретінде көрінеді.

Құқықбұзушылыққа мынандай белгілер тән:

1) құқықбұзушылық — бұл әр уақытта әрекет және тек әрекет, яғни әрекет, әрекетсіздік не **вербальдық** (сөз жүзіндегі) тәртіп. Құқықбұзушылыққа ой, сендіру, берік ниеттән, егер олар сырттан көрінбесе. Адам заң үшін өзінің тәртібінсіз өмір сүрмейді: оған өз кезінде Гегель де көңіл аударыпты.

2) Құқықбұзушылық — бұл әрекет, ол қоғам үшін қауіпті, оған зиян келтіреді. Мұнда көңіл аударатын нәрсе, құқықты бұзу мүмкін емес, нақтылы қоғамдық қатынастарға тиіспей. Құқықбұзушылық (бұл атауға қарсы әріпті талқылау) заң нормаларының өзіне зиян келтірмейді. Ондай жағдай зиянды, не болмаса тек нақтылы құқыққа қауіпті және заңмен қорғалатын жекелеген қоғамдық қатынастардың ықыласына әсер етеді.

Құқықты бұзғанда белгілі адамдар, олардың ұйымдары, ал құқық нормалары әрекетін жалғастыра береді және міндетті деп есептеледі.

3) Құқықбұзушылық — бұл құқыққа қарсы әрекет, яғни ондай әрекетті жасауға құқықпен әртүрлі нысанда тыйым салынған (тікелей тыйым салу, позитивті әрекет жасауға, әрекеттің жазалануын белгілеуге арналған заңды міндеттерді тапсыру). Құқыққа қарсылық дегеніміз — құқықтағы әрекеттің қоғамдық зияндылығын көрсету.

4) Құқықбұзушылық — бұл әр уақыттағы **кінәлі** әрекеттер: кінәсіз құқықбұзушылық жоқ. Кінә — бұл құқықбұзушылықтың өзінің әрекетіне ерекше психикалық қатынасы және оның нәтижесіне де қатысты.

Сонымен, **құқықбұзушылық** — қоғамға қауіпті құқыққа қарсы кінәлі әрекет. Құқықбұзушылық — қоғамға қауіптілік деңгейіне сай **қылмыс** (қылмыстық құқықбұзушылық) және **теріс қылық**.

**Теріс қылық**, өз жағынан **әкімшілік**, **азаматтық** (азаматтық-құқықбұзушылық) және тәртіптік болып бөлінеді. Сонымен қатар, **процессуалдық құқықтық қатынастар** тобын (процессуальдық құқық нормаларын бұзуда) бөлуге болады.

Әкімшілік құқықбұзушылықты екіге бөлуге болады:

а) әкімшілік құқықтан шығатын позитивті заңды міндеттерді орындамау;

ә) кодекспен белгіленген әкімшілік құқықбұзушылықтағы әкімшілік құқықтың тыйым салғандарын бұзу.

Олардың айырмашылығы сонда, біріншісі «таза» әкімшілік құқықбұзушылық, ал екіншісі өзінің табиғатына қарай қылмыстық құқықбұзушылыққа үқсас және олардан айырмашылығы тек қоғамдық қауіпсіздігінің аздығында.

**Тәртіптік теріс қылық** дегеніміз — құқық бұзушының еңбек, қызмет, әскери, оқу тәртіптерімен байланысты заңды міндеттерді бұзу.

Азаматтық құқықбұзушылық (деликт) әдебиетте «құқыққа қарсы әрекеттермен жеке адамға, не болмаса азаматтың мүлкіне зияндық жасау, сонымен бірге ұйғарымдарға зияндық жасау, заңға қарсы келісім жасау, шарттың міндетін орындамау, меншіктік құқықты бұзу, авторлық, не жаңалық табушылардың және басқа азаматтардың құқығын бұзуы» көрсетілген (профессор О. Э. Лейст).

Қылмыс — қоғамға ең қауіпті құқықбұзушылық. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмысқа анықтама берілген.

## **44. Құқық және мәжбүрлеу**

Санкциялық әлеуметтік реттеуге тұтасымен тән нәрсе, өзінді қамтамасыз ету құралы, оның ішінде мәжбүрлеу және әлеуметтік нормалардың түрлері бар. Дегенмен, құқықта күшті және дамыған әлеуметтік реттеуші ретінде, мәжбүрлеу (басқа әлеуметтік нормалардың қасиеті ретінде, мысалы нормативтілік және процедуралық) терең және өзіндік көріну ерекшелігін табады.

Мәжбүрлеу құқықтың объективтік қасиеті ретінде құқықтың билік табиғатымен, мемлекеттік-еріктік ұйғарыммен қамтамасыз етілген және нақты құқықтық мәжбүрлеу актісінде өзін көрсетеді.

Мәжбүрлеу құқықтағы, құқықтық мәжбүрлеу ретінде көрініп, сол қасиетімен талай арнайы ерекшеліктерге ие болады.

**Біріншіден**, мемлекеттік мәжбүрлеу — мемлекеттің ұйымдастыру күшімен негізделген және мемлекеттік ерікке бағынуға бағытталған тәртіпке жасалатын сыртқы ықпал.

**Екіншіден**, бұл мемлекеттік мәжбүрлеудің бір түрі, себебі мемлекеттік мәжбүрлеу тек құқықтық қана болмайды, тікелей фактідегі мәжбүрлеу актілерінде көрінеді, яғни өзіндік мемлекеттік қинау актісінде.

**Үшіншіден**, құқықтық мәжбүрлеуді оның ерекше мақсаты айырып көрсетеді — заң нормаларын орындауға мәжбүрлеу құқықтың ұйғарымы арқылы болады.

**Төртіншіден**, құқықтық мәжбүрлеу құқық нормаларын орындауға, заңды, яғни құқықтық негізде өткізіледі. Заң ұйғарымдарын заңсыз орындауға мәжбүрлеу де болады. Мысалы, оны жасауға ешқандай негізі жоқ жауапкершілікті жүктеу.

**Бесінші**, құқықтық мәжбүрлеуге белгілі процедуралық нысандар тән, сонда орындалуы міндетті, яғни құқықтық мәжбүрлеу процесі құқықпен белгіленген. Бұл процедуралық нысандар әртүрлі жағдайға байланысты әртүрлі, өздерінің қиындық деңгейімен, дамығандығымен, олардың болуы міндетті. Мысалы, құқық жүйесінде кейбір тұтас салалар бар, олардың тек бір ғана белгілі мақсаты болады — құқықтық санкцияны іс жүзіне асыру процедурасының тәртібін белгілеу. Бұған процессуалдық құқық салалары жатады — азаматтық процессуалдық құқық, қылмыстық процессуалдық құқық, т.б.

Құқықтық мәжбүрлеу шарасын түрлерге бөлуге болады. Мұны былай бөлуге болады: **превентивті** (ескертүшілік) шаралар, **құқықтық қорғау** шарасы және **заңды жауапкершілік**. Олар, ең алдымен, **өздерінің негіздеріне және мақсатына сай белгіленеді (тағайындау)**.

Превентивті мәжбүрлеудің заңды негізіндегі жағдайларға, орнына келтіруге болмайтын қоғамға зиян келтіру мүмкіндігін болжайтын ең жоғарғы деңгейдегі жағдайлар жатады. Яғни, мұндай жағдайда заңды презумпция қызмет жасайды, олар өмір тәжірибесінің нәтижесіне негізделген, заңдармен және заң ғылымдарымен біріктірілген. Превентивті шаралардың негізіне табиғи қиыншылықтар да жатады (олармен күресуге транспорттарды реквизициялауға мүмкіндігі бар) және құқыққа сай тәртіпті (ұшақтағы жолаушылардың жүктерін тексеру), жеке адамдарға тиімсіз сипаттама беру (аң аулайтын мылтықтарды алу).

Превентивтік шараларды белгілеудің мақсаты, болуы ықтимал, (презюмируемы) жағымсыз оқиғаның алдын алу.

**Қорғану шарасының негізіне** объективті құқыққа қарсылық және зиян келтірген әрекеттер, бірақ кінәліге жатпайды. **Кінәнің жоқтығы** — қорғану шарасының белгісінің сипаты. Тағы да сондай шараларда азаматтық құқық теориясында «кінәлі емес» заңды жауапкершілік деп атайды және олар азаматтық-құқықтық қорғану шарасына жатады. Себебі, кінәсіз заңды жауапкершілік болмайды және болуы да мүмкін емес. Азаматтық-құқықтық қорғану шарасының мысалы мәжбүрлеу, яғни виндикациондық **талаптың** негізінде тәртіпті қабылдаушыдан заттарды алу.

Қорғану шарасының белгісі — бұрынғы дұрыс құқықтық ережені орнына келтіру, субъектіні мәжбүрлеу арқылы бұрынғы субъектіге жүктелген, бірақ орындалмаған заңды міндеттерді орындату. Қосымша негативті нәтиже субъекті үшін егер ол объективті түрде құқыққа қарсы әрекет жасаса болады, бірақ ол негізгі емес, ілесуші сипатта.

Заңды жауапкершіліктің негізіне құқыққа қарсы кінәлі әрекет жатады — құқықбұзушылық, сондықтан жауапкершілік шарасы құқықты орнына келтіру функциясымен өте терең мақсатты көздейді — қорғану шарасында жоқ арнайы құралдарды пайдалану арқылы құқық бұзушының санасын өнегелі психологиялыққа өзгерту көзделген.

## **45. Заңды жауапкершілік: түсінігі және түрлері**

Заңды жауапкершілік, бір жағынан, жалпыәлеуметтік жауапкершіліктің түрі, басқа түрлер басқа әлеуметтік нормалардың негізінде пайда болады — саяси, мораль нормаларының, корпоративті нормалардың, т.с.с.

Басқа жағынан, заңды жауапкершілік құқықтық мәжбүрлеу шарасының түрі, сонымен бірге, ол көбірек қаттылау түрі, көбірек деңгейде субъектінің құқықтық жағдайына тиістілігі бар.

Заңды жауапкершіліктің белгілері:

1) **Ретроспективті сипатта**, яғни алдыда өтіп кеткен тәртіпке деген реакция, өткен тәртіпке (не кейбір созылмалы оқиғада). Субъект алда болатын тәртіптеріне заңды жауапкершілікке тартылмайды.

2) Заңды жауапкершіліктің негізіндегі тәртіп, міндетті түрде ерекше болуы қажет, яғни бойында құқық бұзудың белгісін ұстауы керек. Кінәлі тәртіп болуы керек. Кінәсіз заңды жауапкершілік болуы мүмкін емес.

3) Заңды жауапкершілік құқық бұзушының тәртібі әр уақытта мемлекеттік және қоғамдық талқылауымен (негативті бағалау) байланысты.

4) Айыпты сипатта болады. Бұл белгінің мәні сонда, құқық бұзушыда оның жасаған әрекеттеріне байланысты жаңа заңды міндеттер пайда болады (құқық бұзғанға дейін болмаған). Құқықбұзушылық заңды факт, ерекше қорғаушылық құқықтық қатынастардың тууына әсер етеді (құқық бұзушы мен мемлекеттің арасындағы), сол қалыпта осы міндеттер пайда болады.

5) Заңды жауапкершілік көнтерілік сипатта болады. Қандай да болмасын міндеттілік-ауыртпалық, бірақ құқық бұзу нәтижесінде ерекше міндеттер пайда болады — өзіне тиісті және басқа бағдарламаларынан айырғанға көтерімділік көрсету (көну).

6) Заңды жауапкершілікті жүктеу тәртібі заңмен белгіленеді, яғни заң бұл процестің белгілі **процедуралық нысандарын** белгілейді.

Егер айтылған белгілерді есепке алсақ, онда заңды жауапкершілікті құқықтық қатынаспен саластыруымыз (қорғаушылық) және ерекше заңды міндеттілікпен қарауымыз қажет. Егер құқықбұзушылық мемлекетпен сезілмесе, не болмаса белгіленбеген болса, не тауып алынбаған құқық бұзушы ештеңеге жауапты емес, керісінше, ол жасалған құқық бұзушылықтың игілігімен пайдалануына болады. Сондықтан, заңды жауапкершілік — міндеттілік емес, **қорғаушы құқықтық қатынастағы оны іс жүзіне асыру процесіне қатысқандығы**.

Заңды жауапкершіліктің пайда болуы туралы басқа да көзқарастар бар:

а) ол қорғаушы құқықтық қатынаспен құқық бұзғаннан кейін тоқтамай бірге пайда болады;

ә) негізгі құқықты қолдану актісін шығарғаннан кейін пайда болады (үкім, шешім), онда барлық заңды жауапкершілікке қажетті кездер тіркеледі.

Заңды жауапкершілік айыптылық (қинайтын) және құқықты орнына келтіру функциясын орындайды. Профессор О. Э. Лейст осы жөнінде екі функция туралы емес, екі кейіптегі заңды жауапкершілікті айтады: айыптау, ол қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікті және құқықтық тәрбиелеуді (азаматтық құқықтық және материалдық жауапкершілік) біріктіреді.

Дәстүрлі түрде заңды жауапкершілікті былай бөлеміз: қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық, азаматтық-құқықтық, жұмысшылардың материалдық жауапкершілігі. Мұндағы көңіл аударатынымыз:

а) құқық салаларына қарағанда жауапкершілік түрі аздау;  
ә) әртүрлі салалардың нормаларын бұзғандығы үшін жауапкершіліктің бір ғана түрі пайдаланылады;

б) бір саланың өзінде бірнеше түрдегі жауапкершіліктер болады (мысалы, тәртіптік және еңбек құқығындағы материалдық).

Сонымен, бұл топтастыру жауапкершілігінің негізінде салалық белгі жатыр. Өйткені, құқық жүйесінде салаға бөлу реттеуші нормалардың сипатына байланысты, ал жауапкершілік тікелей қорғау нормаларымен байланысты, себебі олардың жеке табиғаты бар және өзінің заңдылығымен әрекет жасайды. Кейде әмбебап сипатта болады.

Заңәдебиеттерін деретроспективті заңды жауапкершіліктен (болған құқықбұзушылық үшін) басқа перспективті заңды жауапкершіліктің барлығы туралы көзқарастар қорғалып келген — субъектінің болашақтағы тәртібі үшін жауапкершілік. Мұнда оның позитивті сипаты атап көрсетілген — сол мәнде адам туралы айтқанда, оның «жауапкершілікпен» өзінің міндеттеріне қатыстылығы. Дегенмен, бұл көзқарасқа көптеген құқықтанушылар қолдау көрсетпеді де, мынаған сілтеме жасады, яғни «позитивті» жауапкершілікте шын мәнісінде заңды мазмұн жоқ: бұл көп жағдайда жалпыәлеуметтік, не этикалық бағыттағы жауапкершілік.

## **46. Заңды жауапкершіліктің негізі. Кінә және оның нысандары. Казус**

Жалпы бағытта айтуға болатыны, заңды жауапкершіліктің негізіне құқықбұзушылық жатады. Мұндағы негізгі принцип: құқықбұзушылық болмай, заңды жауапкершілік жоқ. Дегенмен, толық және нақты құбылыс ортасын белгілеуге, әрбір нақтылы оқиға бойынша заңды жауапкершіліктің жүктелгенін білу қажет, соған қажетті заңда арнайы конструкция болады — «құқықбұзушылықтың құрамы».

Егер заңды конструкцияны түсінуде тек терминологиялық, сөздік белгілеу тұрғысынан қарасақ, құқықбұзушылықтың ішкі жағын ашуға, құқықбұзушылықтың элементтерін сипаттауға арналған екен деп ойлауға тура келеді. Алайда, егер сол орта құбылысын талдасақ, ол өзінің элемент ретінде «құқықбұзушылықтың құрамын» қамтитындығын байқаймыз, яғни бұл конструкцияның тіптен басқа орны бар, яғни жеткілікті түрде заңды жауапкершілікті жүктейтін

құбылыс ортасын көрсету керек. Яғни, бұл құқық қолданушының қолындағы сайман ретінде болады және әрбір нақтылы оқиғада субъектінің заңды жауапкершілігін белгілеуге қызмет етеді.

Дәстүрлі түрғыдан құқықбұзышылықтың құрамына оның элементтері ретінде мыналар қосылған:

- а) Құқық бұзудың субъектісі;
- ә) Құқық бұзудың объектісі;
- б) Құқық бұзудың субъективтік жағы;
- в) Құқық бұзудың объективтік жағы;

Бұл құрамынан құқық бұзудың өзінің элементі ретінде тек субъективтік және объективтік жақтарын есептеуге болады. Мысалы: құқық бұзудың объектісіндегі ерекше заңды Конституцияның, құқық бұзудың құрамындағы элементі болғандықтан, құқық бұзудың өзінің элементіне жатпайды: объект (оны қоғамдық қатынастар ретінде есепке алған) құқық бұзуға қарсы тұрады, сондықтан оның сыртында болады.

Құқық бұзудың құрамындағы элементтерінің бірі: «құқық бұзу субъектісінің» негізінде кінәлі, қоғамға қауіпті құқыққа қарсы әрекеттер жасаған адамның деликтоқабілеттілігін шешуге болады.

Деликтоқабілеттілік — арнайы әрекеттілік: заңды жауапкершілікпен байланысты адамның міндеттерін іс жүзіне асыруға қажет заңды қабілеттілік. Мысалы, азаматтық құқықта жеке адамның жалпы әрекеттілігінің пайда болуы үшін, әртүрлі қажетті жағдайлар көрсетілген. Ал қылмыстық құқықта, оның субъектілерінің әрекеттілігі олардың деликтоқабілеттілігіне жатады.

**Құқық бұзудың объективтік жағы** — егер құқық бұзушылық сырттан болса, оған мыналарды қосады:

- а) құқыққа қарсы әрекет;
- ә) оның қоғамға зиянды нәтижелері;
- б) әрекетпен болған нәтиженің арасындағы себепті байланыстылық.

Құқық бұзудың субъективтік жағына (себебі және мақсатымен қатар) кінә жатады. Кінәсіз құқықбұзушылық жоқ және болуы да мүмкін емес. Кінәсіз заңды жауапкершілікті жүктеуді объективтікті бұзудепатайды, оны жіберуге болмайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 19-бабы осы туралы былай көрсетеді: «1. Адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс.

2. Объективті айыптауға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

3. Қасақана немесе абайсызда әрекет жасаған адам ғана қылмысқа кінәлі деп танылады...».

**Кінә** — құқық бұзушының өзінің қоғамға зиянды құқыққа қарсы әрекетіне психикалық қатынасы, соған қоса оның нәтижесіне және құқық бұзушының ой өрісінің ерекше жағдайы, еркі, оның қоғамның бағалылығына деген негативтік қатынасын көрсетеді.

Кінәсін белгілеу, заңды жауапкершіліктің негізін белгілеу арқылы мемлекет субъектінің бостандық еркінен шығады және оның әртүрлі вариантты алу тәртібін анықтайды.

Кінәлі есебінде мойындауға субъектінің ерекше жағдайдағы ой өрісі және еркі қасақаналық түрінде (нысанда), не болмаса абайсыздық болып бөлінеді, олар ой-өрісінің сипаты мен ерікті кездерімен бөлінеді.

Қасақаналық кінәлі нысаны, егер субъект өзінің әрекетіндегі қоғамдық зиянды (қатерлілігін) түсінсе және сондай нәтиженің болуын күтсе (тікелей қасақаналық), не болмаса біле тұра оған жол берсе (жанама қасақаналық) болады.

**Абайсыздық нысандағы кінәліліктің** қасақаналықтан айырмашылығы сонда, құқық бұзушы өзінің тәртібіндегі қоғамдық қауіптілікті мойындамайды. Қылмыстық құқық теориясында абайсыздық нысандағы кінәнің екі түрін бөліп көрсетеді — **қылмыстық-менмендік және қылмыстық-немқұрайдылық**.

Егер адам өз іс әрекетінің қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс менмендігімен жасалған қылмысқа жатады. Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда, ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра, өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамдық қауіпті зардаптардың болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс немқұрайдылықпен жасалған қылмыс болып танылады.

Субъект қоғамға қауіпті (зиянды) кінәсіз әрекеттер жасауы мүмкін, мысалы казусқа (оқиғаға) байланысты. Онда, адам өзінің тәртібінің қоғамға зияндылығын алдын ала білмейді және білуге мүмкіндігі де болмайды, яғни істің жағдайына байланысты алдын ала білуге мүмкіндік болуы да мүмкін емес еді. Бұны жеңуге болмайтын күштен айыра білуіміз қажет, ол да себебі құқық бұзушының кінәсінің жоқтығын дәлелдейді.

Жеңуге болмайтын күш («форс мажор») — сол жағдайға тосқауыл қоюға мүмкіндігі жоқ күштерге тосын оқиғалар жатады (мысалы, стихиялық жағдайлар: су тасуы, жер сілкінуі т.б.).

## 47. Құқыққа сай тәртіп: түрлері және қалыптасу тетіктері

Құқыққа сай тәртіп проблемасы еліміздегі юриспруденцияда ХХ ғасырдың 70—80 жылдары зерттеле бастады.

Құқыққа сай тәртіпті зерттеуде тікелей көңіл аударатынымыз, юриспруденциядағы тәртіп түсінігінің сырттан көрінетін әрекеттермен ретелетіндігі — әрекеттермен, әрекетсіздікпен және варварлық, яғни сөзбен (мысалы, сөзбен балағаттау). Философияда, психологияда адамның әрекеті кеңірек түсіндіріледі, әрбір белсенділік, оның ішінде ішкі ойлау қабілеттілігі.

Құқық тек адамның сырттан көрінген әрекетіне көңіл аударады, бірақ мұнда да белгілі тежеу бар. Құқыққа қатысты тәртіп құқыққа сай болуы мүмкін, құқыққа сай еместікте болуы мүмкін және заңды бейтараптық (индифферентті, қалай болса солайлық). Кейінгісі құқықпен реттелмейді және құқықтық нәтиже болмайды. Белгілі болғандай, құқық қоғам өмірінің кейбір аясына өтпейді (және өтпеуі керек). Құқыққа сай және сай емес тәртіптер **заңды маңызы** бар тәртіптердің бір түрі және олар бір құбылысқа бірігуі мүмкін — **құқықтық тәртіпке**.

Құқыққа сай тәртіп, құқыққа сай емес тәртіптен (басқа әртүрлі тәртіптер сияқты) екі жағы бар — объективтік және субъективтік.

Құқыққа сай тәртіптің объективтік жағын сол элементтердің (категорияның) негізінде қарауға болады, яғни құқыққа қарсы тәртіптің объективтік жағын қарағандай. Мұнда, әңгіме тәртіпте, белгілі нәтижеге және арасындағы себепті байланысқа тіреледі, бірақ құқыққа сай тәртіпте барлығы сапа белгісін қосумен жүреді, яғни тәртіп және оның нәтижесі әлеуметтік тиімді болуы қажет, қалай болса да қоғамға зиянын тигізбеуі керек.

Құқыққа тәртіптің субъективтік жағын, құқыққа қарсы тәртіптің субъективтік жағы сияқты, субъектінің өз әрекетіне және нәтижесіне, өрісі жоғары — еріктегі қатынасымен сипатталады. Егер құқықты бұзудың субъективтік жағына құқық бұзушының өрісі жоғары — еріктегі арнайылық тән болса және ол кінә деп аталса, онда заңды тыңдаушы субъекті үшін басқа себеп тән болады. Жоғарыдағы айтылғандардың сипаттарына байланысты құқыққа сай тәртіпті түрлерге бөлуге болады. **Бірінші түрдің** орнына құқыққа сай тәртіпті атауға болады, онда субъекті құқық нормаларындағы адалдық, негізділік талаптардың қажеттігін сезінеді және өзінің тәртібінің пайдалылығын түсініп, әлеуметтік пайдалы нәтиженің болуын

қалайды. Сонымен, бұл құқыққа сай тәртіптің түріне, субъективінің өз құқығына және өзінің тәртібіне саналы қатынастың тән екенін көреміз.

Құқықтық тәртіптің **екінші түрі** — оның субъективтік жағынан конформды (не конформистік) тәртіп, мұнда субъект өзінің тәртібін құқықтық ұйғарымға сол үшін бағындырады, себебі бәрі сол себепке сай жасайтын болғандықтан, «бәрі солай жасайды». Құқыққа сай тәртіптің бұл түрі құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы жеткіліксіз дамыған ортаға тән (мысалы, кәмелетке жетпегендер үшін).

**Үшінші түрі** — субъект құқықтық талаптарды мемлекеттік мәжбүрлеуден қорыққандықтан, не болмаса оны қолданудың нәтижесінде орындайды және сақтайды. Әдебиетте оның «сенімсіз» түр екені атап көрсетіледі. Егер мемлекет жағынан бақылау төмендесе, олардың тәртібі өзгеріп құқыққа сайлық тәртіптен құқыққа сай еместік тәртіпке ауысып кетуі мүмкін.

Объективтік жағынан құқыққа сай тәртіпті екіге бөлуге болады:

- а) қажетті (керектік);
- ә) әлеуметтік мүмкіндік;

Мысал ретінде қажеттігі жоқ; бірақ әлеуметтік мүмкін құбылысты айтуға болады, оған жанұядағы күйеуі мен әйелінің айырылысуын келтіруге болады.

Сонымен, құқыққа сайлық тәртіпке, құқықтық тәртіптің қоғамға қажетті, керек, не әлеуметтік мүмкіншілік, құқықтық ұйғарымға сай іс жүзіне асырылатын (занның мүмкіндік берген қалпынан аспайтын) және мемлекеттік қолдау мүмкіндігін пайдаланатын вариантын жатқызуға болады.

Жалпы құқыққа сай тәртіптің қалыптасу тетігі, бір-бірімен байланысты үш жүйеліліктен құрылады — заңды (арнайы заңдылықтағы), психологиялық және әлеуметтік (механизмнен) тетіктен құралады. Оларды тек теориялық жолмен ерекшелендіруге болады: сол мақсатпен, оларды жеке арнайы заңдық, психологиялық және құқықтық реттеудің жалпыәлеуметтік заңдылығын талдау қажеттігі туады. Шын мәнінде, бұл механизмдер (тетіктер) бір-бірімен тығыз байланысты, негізінен бір тетіктің (механизмнің) жақтары — құқыққа сай тәртіптің қалыптасу тетігі (механизмі).

Заңды тетік әлеуметтік-құқықтық жолдар арқылы субъектілердің әлеуметтік статусын белгілеп барып, қызмет жасайды және ерекше әлеуметтік құрылым қалыптасады — құқықтық байланыс және тәуелділік (құқықтық қатынастар) пайда болады және олардың қатынасушыларының шын мәніндегі құқыққа сай тәртіптерінің

өмірге келуіне ықпал етеді. Дегенмен, заңды тетік жұмыс істеу үшін, субъектілер өздерінің әлеуметтік жағдайларын сезініп (өзінің заңды құқығы мен міндеттерін), заңды нормалардың ақпараттық-билік әсерін қабылдап, соған сай өздерінің ерікті тәртіптерінің ортасында әрекет етеді, себебі оларға әртүрлі ықпал етеді. Мысалы, нақты құқықтық қатынастың субъектісі тек сол құқықтық қатынастың қатынасушысы емес, бір мезгілде өз мәніндегі нақтылы құқықтық тәртіпке енгенше «бастарынан өту керек», яғни, адамдардың санасы мен еркіне сай болуы қажет. Мұнда, құқық әрекетінің **психологиялық тетігі** жұмыс істейді.

Әлеуметтік тетіктің құқықтағы маңызды әрекеті сонда, заңдылық және психологиялық тетіктер белгілі әлеуметтік ортада әрекет етеді, себебі, онда оларға әртүрлі ықпал етеді. Мысалы, нақты құқықтық қатынастың субъектісі тек сол құқықтық қатынастың қатынасушысы емес, бір мезгілде — көптеген құқықтық және құқықтық емес әлеуметтік байланыстардың және тәуелділіктердің қатынасушысы. Әрбір қатынастар өзінің мөлшерінде адамның тәртібіне әсер етеді. Сондықтан да, марксизм теориясында тұлғаны қоғамдық қатынастардың жиынтығы есебінде санайтындығы бекер айтылмаған.

## **48. Заңды процедура (дайындық жұмысы)**

Жалпы әлеуметтік — нормативті реттеуге процедуралық тетіктердің болуы тән. Әлеуметтік нормалардың барлық түрлерін іс жүзіне асыру, тәжірибеде процедураны және соған сай процедуралық нормаларды қажет етеді. Дәстүрлер, церемониалдар және басқа әдеттер — барлығы процедуралардың түрлері, әлеуметтік реттеушілікпен байланысты. Сонымен бірге, процедуралық (нормативтік ретінде); құқықтық реттеуде толық көрінеді, процедуралық жұмыс салалары бар: азаматтық процессуалдық құқық, қылмыстық процессуалдық құқық, т.б. Процедуралық-құқықтық тетік құқықтық реттеу жүйесінің бөлінбейтін бөлігі, маңызды ішкі («арнайы заңды») тетігі ретінде көрінеді. Ол процедуралық тетіктің маңызы бар: ол барлық үш блоктың әрекетін қамтамасыз етеді — реттеушілік, қорғаушылық және шығармашылық.

Заңды (құқықтық) процедура дегеніміз — жүйе:

- а) нақтылы құқықтық нәтижеге жетуге бағытталған;
- ә) бірін-бірі ауыстырып отыратын тәртіп актілерінен тұрады және оның әрекеті ішкі жағынан құқықтық қатынастармен құрылған;

б) өз дамуының үлгісі (бағдарламасы) бар, олар алдын ала нормативті белгіленген, не жекелеген деңгейде дайындалған;

в) көне жолмен құрылған (иерархиялық);

г) әрдайым динамикалық жағдайда дамуда;

ғ) қызметкерлік сипаты бар: өзіне негізгі маңызды құқықтық қатынастарды іс жүзіне асырудың құралы ретінде көрінеді.

Занды процедураны түсінуге принципті маңызы бар оның әрекет ету механизмі негізгі қатынастың категориясы. Кейінгі құқықтық қатынас үшін процедура пайда болып, соны іске асыруға қызмет етеді. Негізгі құқықтық қатынастар заң процедурасының табиғатын және оның түрлерінің барлығын белгілейді.

Сонымен, құқықтық жүйедегі процедураны негізгі қатынастарының белгісіне сай былай бөлуге болады: **материалдық, процессуалдық** және **шығармашылық**. Бірінші екі түрі құқықты іске асырушы процедураға жатады.

Материалдық процедура үшін оның негізі ретінде материалды реттеушілік құқықтық қатынас көрінеді, онда өз жөніндегі позитивті қатынасушылардың тәртібі іске асырылады. Процессуалдық процедура материалдық қорғау құқықтық қатынас ретінде көрінеді («онда құқықтық мәжбүрлеу шарасы іске асырылады»), ал шығармашылық-құқықтық қатынастар оның қалпында бар және арнайы заңды құқықтық-шығармашылықта іс жүзіне асырылады. Құқықтық-шығармашылық процедуралардың өзінің ерекше мақсаттағы орны бар — құқық нормаларын қалыптастыру.

Құқық нормаларын іске асыра жүріп, процедура негізгі құқықтық қатынаспен әртүрлі бағытта жұмыс істейді. Оның рөлін бағалау, есепке алу және құқықтық қатынастардың тоқтауы әртүрлі құқық нормаларының әрекетімен байланысты және процедура олардың барлығының арасындағы араласу нысаны болуы да мүмкін және соған сай — құқықтық қатынастардың дамуының кез келген кезеңінің болуы.

Материалдық процедура өзінің негізгі (реттеуші) қатынастарына сай құрал ретінде болуы мүмкін:

а) қатынастардың барлығын белгілеу;

ә) оның пайда болуындағы, заңды фактілердің қалыптасу негізі;

б) оны тікелей іске асыру;

в) қатынастың тоқтатылуы.

Процессуалдық процедураның (процесс) екі мақсаты бар:

а) қорғау құқықтық қатынасын көрсету (барлығын белгілеу);

ә) оның тікелей іске асырылуы.

Процедураның басты белгісіне алдын ала белгіленген үлгінің (бағдарламаның) барлығы жатады, соған сай ол өмірге кіреді, субь-

ектінің анық тәртібіне айналады. Жалпы алғанда, бұл үлгі белгілі тәртіп, яғни әрекет жасағандағы бірізділік операциялар, яғни өзінше алгоритм, оны іс жүзіне асыру қажетті нәтижеге жеткізуі керек. Процедураның үлгісі қалай құрылса, соған байланысты және соған байланысты белгіленген нәтижеге жету. Сондықтан, мысалы, Парламенттегі процедуралық жағдайлар туралы даулар бостан-бос емес сияқты. Әртүрлі варианттағы процедураны құрудың саяси шешімдердің нәтижесіне қатысы бар делінуі, негізсіз емес сияқты. Бұл жөнінде журналист Валерий Выжutowичтың сөзінде былай жазылған: «Сол, не тағы сондай жігерлі ұсынылған (не дәл солай жоққа шығарылып қайтарылған) процедурада өтпелі кездердің белгісі сияқты саяси күштердің қарым-қатынасы бар, билік үшін күрестің жасырын, ашық күрестерінің қатынасушылары бар. Әрбір процедурада қызығушылық бар».

Заңды процедуралардың үлгісі, нормативті (процедуралық нормаларда болады) және жекешеленген (құқықты іске асырушының келісімімен, не басқа жекешеленген заңды актімен), сондықтан заңды процедураны құруды білу, оның құрылуының теориялық негізін, үлгісін білу құқықтық шығармашылық қызметінің процесінде және құқықты іске асыру процесінде қажет.

Жөнді процедуралық үлгіні жекелеген процедуралық нормаға қосуға және басқа да процедуралық нормалар тобына жатқызуға болмайды. Оны әртүрлі, шын мәніндегі процедурамен салыстыруға болмайды.

**Процедураның нормативті үлгісі** — нормативті эталон, идеалды процедураны жазу, яғни қандай фактідегі процедураны жазуға міндетті. Нормативті үлгінің ақпараттық табиғаты бар және процедуралық нормалардың мазмұнын тұтасымен көрсетеді.

Жөнді нормативтік модельдер процедурасын қалыптастырудағы жағдайлар қандай және қандай параметрде жүргізіледі? Мұнда мынандай жағдайларға көңіл аудару қажет.

Негізгі нормалардың пайда болуы (іс жүзіне асыруға процедура қызмет етеді) және процедуралық нормалар **міндетті түрде синхронды болуы қажет**. Нормативтік үлгілерді құру процедурасы уақыт жағынан нормалардан және қатынастардан қалып қоймауы керек, олар іске асыруға және қамтамасыз етуге келтірілген (міндетті болған). Басқа жағдай реттеушілік, не қорғаушылық нормаларды әрекетсіздікке және олардың өлуіне әкеледі. Тәжірибеде бұл талапқа сай, заң шығарушы өз уақытында қажетті процедуралық нормативтік-құқықтық актілердің жобасын жасауға ұмтылуы міндетті (не нормативтік-құқықтық актіде оның процедуралық

бөлімін), қажеттігі сонда: негізгі және процедуралық нормалар бір мезгілде нормативті актілермен бірге, біртұтас нормативтік актіде қабылдануы үшін.

Процедуралық нормалар идеалды жағдайда **негізгі заңдардың деңгейінде болуы қажет**. Мысалы, егер нормалар процедурамен қамтамасыз етіліп, заңмен бекітілсе, онда процедура да заңның деңгейіне сай белгіленуі қажет.

Негізгі процедуралық нормалар мазмұн жағынан міндетті түрде келісілуі, **бір-бірімен байланысуы қажет**. Ондай келістіруге негізгі нормалардың мазмұны негіз (база) болып табылады: процедуралық нормалар негізгі нормалармен байланыстырылады, керісінше емес.

Процедуралық нормаларды мүмкіндігінше сол нормативтік актілерге кіргізу қажет, яғни олардың негізгі нормалары бар нормативтік актіге (іске асыруға бағытталған процедуралық нормалар).

Процедуралық нормалар негізгі нормалардың мазмұндық жағына тиіспеуі керек, соған қоса оған қарсы келмеуі керек. Процедураларға тигені — іс жүзіне асыру тәртібі.

Биліктік қатынастың іс жүзіне асырылуының тәртібін белгілейтін процедуралар демократиялық болуы қажет. Процедуралар сипаты, ең алдымен, негізгі құқықтық қатынаспен белгіленеді, процедураның нені іске асырғанынан тәуелді. Дегенмен, процедураның өзінің мазмұны бар.

Құқықтық процедуралар **мүмкіндігінше көпварианттық және диспозитивті қабылдаған болуы міндетті**, яғни процедура әртүрлі варианттағы іске асыруды ұсынуға міндетті және субъектілердің өздерінің құқығы мен міндеттерін орындау тәртібін өздері шешуге құқық береді, ал кей жағдайларда оны келісіммен белгілеген. Ең алдымен, бұл азаматтық айналу аясына қатысты.

Билік процедурасы **бюрократиялық болмауы міндетті**. Бюрократтыққа тек сол заңды процедураны жатқызу керек, егер:

а) нормативтік-құқықтық актіде арнайы көрсетілген өз сипатына байланысты бюрократиялық мақсатқа қызмет жасаса;

ә) әлеуметтік мақсат бар тиімді процедура, бірақ сол қойылған мақсатқа жұмыс істемей, өзін-өзі көтеріп тұрған бюрократиялық жүйеге, оның ықыласына істейді.

Кейінгі бюрократиялық процедураның түрлері жасанды қиындықпен, артық формальды құрылысымен өзгешеленеді.

Заңды процедураға жетуге болатындай талаптарға жауап беруге міндетті. Мұнда екі бағыт бар. **Бірінші** — процедураның ақпараттық үлгісіне кіруге болатындығы, заңды нормалардың қандайы болмасын іске асыру тәртібі туралы ақпаратқа кіруге болатындығы. **Екінші**

бағыт — шын мәніндегі фактілі процедураға кіру мүмкіндігі. Ондай жағдай міндетті органға бару жолының қарапайымдығына, заңды процедуралардың сенімді «жіберу» тетігіне байланысты. Тәжірибеде мұндай мәселелер билік құрылысына бару жолының қалай белгіленгенінде, процедураны жүргізу үшін қандай заңды алғышарттар қойылған және оған жұмсалатын ақшалай қаражаттың мөлшері керек.

Нормативті процедуралар үлгісі міндетті түрде заңдылықтың талабына сай болуы қажет. Мұндай талаптар заңдылық проблемасының жолында заңдардың өзінде жатыр. Нормативтік процедура үлгісі үлкен заңды күші бар нормативті актілерге сай келуі қажет (заңдылық — «жоғарыдан төмен») және негізгі нормалардың мазмұнына араласпауы, оған қарсы болмауы керек (заңдылық — «көлденен»).

Заңды процедура құқықтық нәтижеге жететін тәртіп деңгейін талдауға қажеттілікті қамтамасыз етіп, сонымен бірге, рационалды жеткілікті талапқа жауап береді. Әңгіме сонда, процедура тәртіп денесіне кіру үшін оптималды реттеушілік деңгейде болуы қажет.

Негативтік нәтижелер тек сонда болуы мүмкін, егер реттелген қабат «жіңішке» не «жуан» болса.

Процедура үшін ең маңызды — сенімділік сапасы. Процедураның жұмысында тоқтап қалушылық болмайды, ол ең жоғарғы деңгейде нәтиженің болуын қамтамасыз етуі керек, алға қойылған мақсаттар кепілденуі қажет. Жүйенің сенімділігі оның қарапайымдығымен байланысты: неғұрлым қарапайым болса, солғұрлым сенімді болады. Дегенмен, процедураға қатысты істердің жағдайын керісінше, нормативтік үлгінің процедурасы оның құқықтық және басқа кепілдіктермен қамтамасыз етілгеніне байланысты және оның сыртқы қызметінің қаншаға есептелгеніне байланысты, бірақ бұл параметр үшін ең маңызды арнайыланған фактор — нормативтік үлгінің пайдаланылғандығы.

Принципті түрде әрбір нормативтік-құқықтық ұйғарымдарды уақытпен «сынау» қажеттігі туады. Бірақ, нормативті үлгі үшін бұл сәттің үлкен маңызы бар, себебі:

а) құқықтық-шығармашылық жұмыс кезінде кейбір қателіктер кетуі мүмкін, себебі, нақтылы түрде тәртіпті белгілеу өте қиын;

ә) ондай қажеттіліктер қабылдауға өте ауырлық келтіреді, себебі тәртіптік алгоритм үзіледі, негізгі қатынастарды іс жүзіне асыру процесі тоқтатыла тұрады.

Сондықтан, процедура, әсіресе өзінің өмір сүруінің алғашқы кезінде, заң шығарушы жағынан тәртіптілік болып, оның бұзылып

кетуге мүмкін жағдайына сай нормативті үлгінің жұмысына тез арада көңіл аударуын талап етеді.

Процедуралық-құқықтық белгілеу бірізділік талапқа сай болуы қажет. Бірізділік мазмұнды дамытуға келісімді сипат және әрбір процедураның оған қоса заңның ерекшелігі. Бірізділік процедураның мазмұнды сапасы, оның нормативті үлгісіне қатысты, әрекеттің қатал кезекшілігін белгілеуді талап ету, яғни ең алдымен, не жасалу керектігін, одан кейін нені белгілеуді көрсетеді. Процедурада тәртіп актілерін іске асырғанда бірізділік қанша, қандай деңгейде таңдалса, оның жетілгендігі, оптималдығы, тиімділігі соған байланысты болады. Жеткіліксіз түрдегі әрекеттің бірізділігін белгілеу, тіпті оның жоқ болуы, процедуралық үлгіні іске асыру процесінде тәртіп актілерінің біртіндеп өтуін бұзады.

Заңды процедураның осындай қасиетін талдағанда, бірізділік ретінде сұрақ пайда болады: процедуралық нысанда, тағы тәртіп актісінде бірізділіктен басқа не көрсетілуі керек (нормативті үлгі процедурасы)? Тәртіп актісінде бірізділіктен басқа, ең алдымен, мына жағдайды есепке алу қажет, ол процедуралық құқықтық нормалар — бұл заңды нормалар. Басқа заң нормалары сияқты, олар тәртіпті реттейді, адамдар тәртібімен, барлық сол кездермен, жалпы құқықтық реттеуге тән жағдайлармен байланысты. Сондықтан, мұндай оқиғада, құқықтық реттеудің жалпы заңдылығына сүйену керек, сонымен қатар, процедуралық белгілеудің спецификасын есепке алу қажет.

Сонымен, процедураның нормативтік үлгісі мынаны белгілеуге міндетті:

- а) процедураның мақсатты орнын;
- ә) негізгі қатынастардың кейпін;
- б) процедурадағы қатынасушылардың адамдар ортасын. Негізгі қатынастарды іс жүзіне асыруға қосымша субъектілер қажет болуы мүмкін, әрине бұрынғыдан басқа, негізгі құқықтық қатынастарға қатынаскандар;
- в) тәртіп актілерін процедуралардың қатынасушылары жасауы міндетті және жасай алуы мүмкін;
- г) тәртіп актілерінің бірізділігі жасалады;
- ғ) уақыты және іске асырылу орны жекелеген процедуралық әрекет ретінде және тұтасымен процедуралар;
- д) құқықтық құрал, процедураның жұмысын (қызметін) қамтамасыз етуші.

Процедуралар құқық жүйесінде кепілдік рөлді орындаумен қатар, өздері қамтамасыз ету құралына мұқтаж: заңды, материалдық, ұйымдастырушылық, т.б.

Заңды процедуралардың нормативті үлгілеріне қойылатын маңызды талаптардың біріне құқықтық құралдармен қамтамасыз етушілік жатады.

Процедуралардың қызметінің жөнделігін құқықтық құралмен қамтамасыз ету әртүрлі. Оларды былай бөліп қарауға болады: құқықтық мәжбүрлеу шарасы (құқықтық санкциялар) және арнайы процедуралық шаралар (өзін-өзі қорғау). Кейінгілер мынандай заңды нәтижелердегі процедуралық нормалардың ұйғарымдарын мойындамай, құқықтық нәтижеге жетпеген ретінде санаған: мысалы, бұзақы адамда оған қажетті субъективтік құқық пайда болмайды немесе ол өзіне берілген құқықты іс жүзіне асыра алмайды.

Құқықты іс жүзіне асыру процедуралық нысанның қолдануына мұқтаж мынандай жағдайлар бар.

Біріншіден, құқықтық мәжбүрлеу процесін белгілеу қорғаушылық құқықтық қатынастар қалпында іске асырылады. Бұл қатынастардағы процедуралық қамтамасыз етудің жоқтығы қауіпке әкелуі мүмкін.

Бірінші жағынан — заңдылық, азаматтардың құқықтары бұзылуы мүмкін, екінші жағынан — санкциялау әрекетсізденеді. Профессор О. Э. Лейст осы жөнінде былай жазады: «Тәртіптік процедура процесі санкцияларды іс жүзіне асыруға нақтылы нормативтік реттеуді талап етеді, онсыз санкциямен белгіленген көптеген құқықтық тежеуді тәжірибеде іске асыру мүмкін емес». Мұндай оқиғада процедуралық қамтамасыз ету **процессуалдық процедуралардың негізінде іске асырылады** (заңды процестердің негізінде).

**Екіншіден, реттеуші нормалар процедуралық жанамалау түрінде, жалпы қажетті процедураның көмегінен іс жүзіне асырылуы мүмкін емес.** Осындай реттеуші нормалар барлық құқықтық материалдық салаларда (қылмыстықтан басқа) бар. Мұндағы кіретін оқиғаға құқықты позитивті қолдануды белгілеу және құқықтық нормаларды процедуралық қарапайым нысанда, құқықты қолданусыз іс жүзіне асыру. Мұнда материалдық құқық процедурасы жөніндегі әңгіме.

Үшіншіден, процесті оптимизациялауға реттеуші нормаларды іс жүзіне асыру жатады. Мұндай жағдайда, принципті түрде процедурасыз да болуы мүмкін, дегенмен процедуралық нормалардың қажеттігі құқықтық нәтижеге жетуге тиімді тәртіп варианты реттеуші құқықтық қатынастар, қатынасушыларына ұсынуға шақырылған. Бұл жерде процедураның мүмкіндігі үлкен. Бірақ, шексіз емес. Материалды-процедуралық нысандар өзінің ақылға сиятын шегінде дамуы керек. Процедура — өте қатты ықпал ететін құрал. Шектен шыққанша оны көбейту әлеуметтік аяны артық

белгілеушілікке әкеліп соғуы мүмкін: позитивтік құқыққа сай тәртіптерді азайтуға, мемлекеттік органдардың қызметтеріндегі оперативтікті төмендетуге, заңдар жүйесіне нормативтік материалдар арқылы жұмысбастылық жасауға, т.с.с.

Көлемді және қиын процедуралық нысандардың процессуалдық салаларда болуы ақталады: қорғаушылық құқықтық қатынастарды іс жүзіне асыру кезеңіндегі табылған қателіктер процессуалдық аяда қоғамға және адамға үлкен қауіп туғызуы мүмкін және, ең алдымен, заңдылықтың талаптарына сай процедураның сенімділігіне көңіл бөлінеді, одан кейін процессуалдық шығынға. Материалдық-құқықтық процедураны қалыптастыруда тең жағдайда процедуралық реттеудің барлық жағын есепке алу қажет, әсіресе жоғарыдағы көрсетілген жағымсыз жағдайлардың болу мүмкіндігін жою қажет.

Жоғарыдағы айтылғандар мынандай қорытындыға келуге мүмкіндік береді, яғни құқықтағы процедуралық механизм — шын мәнісінде, сол заңды іс жүзіне асыратын тетіктің өзі, оның жоқтығы туралы көп айтады.

Себебі, заңды процедура бірізділікпен өкілеттік объектінің ықыласына жетуге берілген және оған міндетті адамдардың тәртіптілік актісін біртіндеп белгілеуге шақырылған. Процедуралық нысанның нақтылы белгілейтіні кімге, қандай уақытта, қандай жолмен жүгінуі керек, өкілетті адам өз құқығын іс жүзіне асыруға қалай және қандай тәртіппен бұзылудан қорғайтындығы. Процедуралық алгоритмді бірізділікпен іс жүзіне асыру, қайткен күнде керекті нәтижеге жеткізеді.

## **49. Құқықтық жүйе: түсінігі, элементтері. Құқықтық жүйені кейіптеу**

1980 жылдардың басында құқықтық ойларды синтездеу қажеттігі туды, яғни жиналған білімдерді біріктіріп, тұтас күйіндегі құқықтық реттеу жүйесін құру қажеттігі пайда болды.

Көтерілген проблеманы ғылыми шешу тек жалпы жүйе теориясының негізінде ғана мүмкін. «Құқық жүйесі» түсінігі барлық құқық шындығының жалғыз ғана объектісіне жүйелік келуінің нәтижесі ретінде, құқықтық шындыққа, ең алдымен «жүйе» түсінігінің жүйелік категорияның проекциялық категорияға сай нәтижесі. Қорыта келіп, қажет емес құқық қатынасының шындығынан артық компоненттерді алып тастауымыз міндетті және

қажеті жоқ құрылымның жүйелік табиғатына жауап беретін қажетті жаңасын қалыптастыруымыз керек. Құқықтық жүйеге элементтерді таңдап алу белгісіндегі оның тікелей мақсаты — тәртіпті құқықтық реттеу.

«Құқықтық жүйе» түсінігі заңда өте кең мынандай түсініктер қатарына (категориясына) жатады: «құқықтың үстіндегі қондырма» (правовая надстройка); «құқықтық шындық (шындық)», т.б. Осы бағытта құқық жүйесін жүйелі құқықтан айыруға болады. «Жүйелі құқық» түсінігі объективтік құқықтың ішкі жағын, оның құрамын (элементтерін) сипаттауға және құрылысын (элементтердің арасындағы тиімді байланысты) ашуға арналған. Біз құқықтық жүйе туралы айтқанда, объективтік құқық, ерекшелігі болса да оның элементі ретінде кіреді.

Құқықтық жүйенің элементтеріне және құқықтық реттеу процесіне не қажет болса, соның бәрі жатады. Дегенмен, авторлар құқықтық жүйе элементтерінің ортасын кей кезде негізсіз кеңейтеді. Мысалы, профессор Бабаевтың ойы бойынша, құқықтық жүйеге кіретіндер (заңды) бояуы барлығының бәр. Заңды бояуы (яғни құқыққа қатынастар) барларға құқықтық қатынастар жатады. Дегенмен, оны құқықбұзушылық емес (оның ішінде қылмыстық), құқықтық жүйенің элементтеріне жатқызуға болады. Объектінің ішіндегінің бәрі бірдей оның элементіне жатпайды. Элемент — бұл қажетті функционалды жүйенің бірі. Ал қажетті жүйенің жеткілікті элементтерінің жиынтығы оның құрылымы деп аталады.

Көңіл аударатынымыз сол, құқықтық түсінікті және заң ғылымын тұтасымен құқықтық жүйенің элементтеріне жатқызуға негіз жоқ. Құқықтық жүйе ғылым үшін көрсету объектісі ретінде, яғни оның сыртында болады. Құқық жүйесінің элементтерін, бірін қалдырмай санап шығу өте қиын, оған ерекше қажеттілік жоқ. Мұндағы маңыздысы, құқықтық жүйені таңдап алу принципінің өзі. Оған міндетті түрде кіретіндер құқық құбылыстарынан шығатындар және құқықтық реттеу процесінің жөнді жұмысына қажеттілер. Құқықтық жүйе — тәртіпті құқықтық реттеуге қажетті және жеткілікті бір-бірімен байланыстағы құқықтық құралдардың жиынтығы. Әрине, бұл — құқық нормалары, құқықтық қатынастар, заңды фактілер, құқықтық актілер (нормативті және жекелеген), заңдылық, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық субъектілік, құқықтық мәжбүрлеу шаралары, т.б.

Құрылым мен қатар (қажетті және жеткілікті элементтердің жиынтығы) құқықтық жүйенің басқа жағына оның құрылысы жатады — элементтер арасындағы тиімді келісімдер, өйткені олар

элементтердің бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы өзін көрсетеді. Отандықюриспруденциядақұқықтықреттеукартинасынжүйеліккелу негізінде жасаған түсінік — «құқықтық жүйе» компаративистикада (салыстырмалы құқық ғылымында) пайдаланылған, яғни жеке-леген мемлекеттердің құқықтық реттеуіндегі жалпылықты және ерекшелікті зерттеп, ұлттық құқық жүйесін салыстыру үшін белгілі жақтары алынған (параметрлер) — құқықтың қайнар көзі, объективтік құқықты құру ерекшелігі (құқықтың құрылысы), құқықтық идеология және заңды тәжірибе. Осыған байланысты кейбір біздің құқықтанушылар отандық құқық жүйесін жасаған кезде, осы айтылған құбылыстарға құқықтық жүйенің (құрылым) барлық жиынтық элементтерін жатқызған, әрине бұл дұрыс емес. Мұнда, байланысты болса да әртүрлі проблемалардың араласып кетуі болды. Ұлттық құқықтық жүйені және құқықтық реттеу жүйесінің теориясын жасау проблемасын салыстыру (құқықтық жүйенің) — бұл әртүрлі проблемалар.

Қазіргі кезде дүние жүзінде шамамен 200-дей ұлттық құқықтық жүйелер бар. Ұлттық, яғни әрбір мемлекеттің жекелеген құқықтық жүйелері бар, олар құқықтық жанұяға бірігеді — жалпы құқық, роман-германдық, күнделікті — дәстүрлі, мұсылмандық, үндістік. Кейде славяндық құқықтық жанұя бөлініп шығады. Сол, не басқа құқықтық жанұяның қалпында құқықтық жүйе тобы бөлініп шығуы мүмкін.

Роман-германдық құқықтық жанұяда романдық құқықты бөліп шығарады (Франция, Италия, Белгия, Испания, Швейцария, Португалия, Румыния, Латын Америкасы елдерінің құқығы, каноникалық не шіркеу-католиктік құқық) және герман топтарының құқығы (ФРГ, Австрия, Венгрия, Скандинавия елдері, т.б.). Англосаксондық құқықтық жанұяда англия құқықтық жүйесін, АҚШ-тың құқықтық жүйесін және бұрынғы ағылшын тіліндегі колониялардағы Ұлыбритания құқықтарын бөліп айтады.

Классикалық құқықтық жанұяға жалпы құқық жанұясы және роман-германдық (континентальдық) құқық жатады.

Жалпы құқықтық жанұяда құқықтың қайнар көзі ретінде сот прецеденттері көбірек пайдаланылады және кодификацияға түспеген салалар тән болады. Бұл құқықтың негізгі принциптері Англияда XIII ғасырда құрылып, осы уақытқа дейін сақталған.

Роман-германдық құқықтық жанұяның тарихи түбірі Рим құқығына жатады. Негізгі қайнар көздеріне жазылған құқықтар пайдаланылады, яғни заңды жолдар (нормалар) мемлекеттің заңды актілерінде қалыптастырылған.

Дәстүрлі құқық жүйелері әдет-ғұрып құқығымен құрылған (Жапония, Тропикалық Африка мемлекеттері).

Діни құқықтық жүйелер — мұсылмандық және Үндістік құқықтық ой бастаулары. Діни құқықтық жүйенің негізінде белгілі сенім ілімдері бар. Мысалы, мұсылман құқығының қайнар көзіне Құран жатады (исламның ең қасиетті кітабі, онда Мұхаммед пайғамбардың сөздерінен үзінді бар), Сунна (қасиетті Құдайдың өмірі туралы айтылады) және иджма (исламды түсіндіруші, ол талқылаушыларымен құрылған).

## **50. Құқықтық принциптің түсінігі**

Құқық салаларын, оның пәнін, әдісін құқықтық реттеудің салалық әдісін және құқықтық жүйені тұтасымен теориялық талдаудың маңызды инструментіне (құралына) құқық принципіннің түсінігі жатады.

Маркстік-лениндік құқық теориясында бұл тақырыпқа үлкен маңыздылық берілген: оқулықтардың, оқу құралдарының авторлары бұл мәселеде «социалистік құқықтың принциптерін» айналып өте алмайтын, мысалы: С. С.Алексеев, «Проблемы теории права: лекция курсы». Әрі қарай теоретиктердің бұл танымға көңілдері түсті. Бара-бара құқық принциптері көптеген арнайы әдебиеттерде де көрінбеді (Общая теория права и государства: учебник 1994 г. Общая теория права: учебное пособие для юридических вузов под редакцией А. С. Пиголкина. М. 1994 г.)

Біздің ойымызша, мұндай жағдай құқықтық принциптерді бастаушы, негізгі құқықта бекітілген идеялар ретінде түсінушілігінен. Шектен шыққанша идеологиялық жағынан бұл тақырыпты көтеру, яғни маңыздылық беру, оған деген көңілдің сол кездерде көбеюіне әкеліп соқты. Ондай көңіл бөлудің азайуы қазіргі кезде оған кері әсерін тигізді.

Құқықтық принциптер қалай болмасын, құқықта көрсетілгендей, негізгі идеялар ретінде осы уақытқа дейін көрсетілуде. (Общая теория права: Курс лекций (под. общей ред. В. К. Бабаева, нижний Новгород, 1993 с. 128; В. Н. Хропанюк. Теория государства и права М, 1993. с 163—164). Сонымен, қазіргі кездегі, біздің құқықтануда, құқықтық принциптер теориясы **құқық принципі** ретінде қабылданып, қандай күйде болсын құқықта бекітілгендей, негізгі бастаушы идеялар ретінде қалды.

Ғалымдардың көзқарастарындағы ол мәселе туралы ұқсастықтар орынды. Шектен тыс дауласу, әрине жұмысқа кедергі. Алайда,

бұл оқиғада проблема басқадай: құқық принциптері біржақты түсіндіріледі, олардың түсінігінің дамуы сол күйінде тоқтап қалды, ол жалпы құқық теориясының даму деңгейіне жауап бермейді және соған байланысты теориялық мәселелерді шешуге кедергі жасайды.

Сонымен бірге, мынандай үш компоненттерді біріктіру: **жалпы жүйе теориясының жағдайын, құқықтық реттеу тетігінің идеяларын**, бірақ олардың синтезі емес, барлығы құқықтық құбылыстар өмірінен, объективтік құқықтың ашылу тетігі ретіндегі сыртқы жағдайы және **құқықтың табиғатын білу**. Бір жағынан, олардың негізгі құқықтық ықпалдың құралы туралы мәліметі бар, екінші жағынан — маңызды элементі, құқықтық құралдардың шын мәніндегі жалғасы, нақтылы тәртіп актісін реттеу процесінде объективтік құқықтан «шығарылған». Ол теориялық «реакцияны» туғызып, нәтижесінде құқықтық принциптің түсінігіне тиісті **жаңа көзқарас туды**.

Құқық принциптерінің дәстүрлі түсінігінің қалыптасу түріндегі жағдайы туралы айтсақ, ол шын мәнісінде басқа емес құқықтық жүйедегі бар шын мәніндегі құқықтағы негізгі ақпараттық көрініс болып табылады. Бұл бағытта, принциптер жалғыз ғана құқық жүйесінің ақпараттық компоненттер жүйесі болып қалды, оған қатысты ешқандай «екіжақты» онтологиялық ұқсастық құқықтық шындықта іздеушілік әрекеттері жоқ.

Барлық қазіргі қалыптасқан құқықтық принциптерді (ойдан шығарылғаннан басқа) **принциптер — байланыстарына сай «бөлуге»** болады, яғни әрқайсысындағы **идея принциптерінде өздері негіз жасаған принцип — қатынастарды** табуға болады.

Салалық идея принциптері екі топтағы құқықтық байланыстарға негізделеді:

- 1) салалық пәнде көрсетілген байланысқа;
- 2) оның құқықтық реттеу тетігіндегі байланысқа, яғни құқықтың ықпал құралы мен пәннің арасындағы.

Бұл принциптер байланыстарының кейбіреулері бір-біріне сәйкес келуі мүмкін. Мысалы, құқықтық реттеу тетігіндегі (ҚРТ) маңызды құрылыс байланысына субъектілер арасындағы байланыс жатады, яғни құқықтық қатынастар. Сонымен бірге, салалық пән құқықтық құрылысты тегін өтеді (құқықтық қатынастар жүйесі).

Кейбір құқықтық принциптер идеяларының объективтік ұқсастықтарын іздеу бағытында қараймыз. Мысалы, заңдылық принципі шын тәртіп пен құқық нормаларының арасындағы маңызды байланыстарды көрсетеді, дәлірек (фактідегі) тәртіп пен құқық талаптарының арасындағы сәйкес келу қатынасын ақпараттық-

басқару жүйесі ретінде көрсетеді. Не, мысалы, азаматтық процессуалдық құқықтағы бекітілген процессуалдық құқықтардың принциптерінің жақтары, азаматтық құқықтағы субъектілердің қатынастарының маңызды ерекшеліктерін көрсету, өз кезінде екіжақтық теңдігімен, азаматтық айналумен қамтамасыз етілген. Ал принциптер-идеялар (қылмыстық-процессуалдық құқық) азаматтық және қылмыстық процестердің материалды-құқықтық ортаның байланысының ерекшеліктерін сипаттайды. Объективті шындықтың процессуалдық принципі процестің байланысына, оның объектісі мен мақсатына негізделеді.

Процессуалдық құқыққа кіргізілген принциптер-идеялар бөлігі — принциптер байланысындағы соттық ұйымдастыру құрылысының және басқа юрисдикциялық жүйелердің көрінісі (халық заседательдерінің қатысуы және істі қараудағы коллегиялық жағдай).

Құқық жүйесінде мыналарды айыра білу қажет:

а) принциптер идеялар, соның құрамындағы ақпараттық жүйе ретінде және құқықтық реттеу тетігіндегі объективтігі бар байланыстың және құқықтық реттеу объектінің «идеялық» көрінісі;

ә) құқық жүйесінің меншікті құрылыс ұйымдарының принциптері. Әңгіме құқықтың өз ішіндегі байланыс туралы болып отыр, элементтердің арасындағы байланыстар туралы: салалардың, институттардың.

Принциптер мен құқықтың құрамдық принциптері және идеялы принциптермен арасындағы сақталған байланыстар күмәнсіз. Кейінгілердің принципті-байланыстармен, құқықтық құралдармен және сала пәндеріндегі байланыстармен қамтамасыз етілуі, не байланысты заңдар жүйесін жетілдірудің объективті негізін құрайтын жалғастықты құрады.

Бұлай келу, нормативті шығармашылық процесі кезінде заң шығарушыны заңдарда бекітілген принципті идеяларға жүгінуге мәжбүр ету, ең алдымен, құқық жүйесіндегі шын мәніндегі бар принципті байланысты есепке алуды талап етеді. Оған қоса, біріншіден, кей жағдайда оның өзінің меншікті әрекетінің нәтижесі.

Кейде заң әдебиеттерінде жеке салалардың принциптер жүйесінің барлығы туралы тұжырымдамаларды кездестіруге болады, не барлық құқық жүйесінің көлемінде. Проблеманың зерттеу бағыты дұрыс және болашағы бар, бірақ әр уақытта осындай қорытындылар соған сай аргументация таба бермейді. Салалық принциптер идеялар жиынтығында, кемінде екі жағдайда жүйені құра алады:

а) принципі байланыстар, өздері негізделген принциптер мен идеяларда принципті байланыстардың жүйесін құрайды;

ә) принципті идеялар, принципті байланыстардың жүйесін бірдей көрсетеді, яғни артығы жоқ, қажеттіні қосады, т.с.с.

Жүйе байланысы (қатынастар) жүйелік келу теориясында құрылыс деп аталады. Сондықтан, құқықтық байланыс жүйесі туралы мәселе — құқықтық құрылыс мәселесі жөнінде.

Жоғарыда көрсетілгендей, принципті идеялар екі негізгі құқықтық байланыстарға негізделген: құқықтық реттеу тетігінде және сала пәнінде. Соған сай, принципті идеялар жиынтығы туралы ойлағанда алдын ала ол кезді зерттеу керек. Айтылған құқықтық қатынастар түрлері салыстырмалы бостандықта. Сонымен бірге, тек кешенді саланың ғана құқықтық құрылымы бар, ал негізгі пәнде пайда болған құқықтық қатынастар, жүйеде бір-бірімен байланыста емес. Дегенмен, олар принципті идеяларды қалыптастыруға қажетті материалдарды береді.

Басқа жағынан, егер әйтеуір бір құқық саласының мазмұнын зерттегендегі нәтиже мен әртүрлі тұтастық принцип идеялардың жиынтығы ретінде сипатталса, онда бұл күмәнсіз түрде кешенді құқық саласы.

Құқықтық принциптер (олар — құқық принциптері, құқықтық реттеу принциптері) — бұл басты белгілеуші, құқықтық реттеу объектісіндегі маңызды құрамдық байланыстар, құқықтық жүйенің іші және оның сыртында (әлеуметтік ортадағы байланыстар) олар объективтік құқықтың мазмұнында ақпараттық көрінуді принципті идеялар түрінде табуға міндетті.

## **51. Адам құқығы. Адам құқығын халықаралық қорғау**

Адам құқығы — бұл, өз негізіне байланысты объективті, бөлінбейтін, адамға ғана қатысы бар құқық, яғни адамның табиғатының күшіне байланысты. Гегельдің айтуы бойынша, адамның бостандыққа құқығы бар.

**Адам құқығы** дегеніміз, әлеуметтік пайдалану, адам тәртібінің әлеуметтік ақталған бостандығының мөлшері, қоғамның дамуымен бірге социализациялау арқылы дамуды көздейді.

Адам құқығы жекелей әлеуметтік болады: олар тіркеледі және қандай болмасын сыртқы әлеуметтік жанама нысандардың сыртында болады. Адам құқығы феноменімен табиғи құқық идеяларының арасында тікелей байланыс бар, олардың шығуы объективтік өмір

сүруі, әлеуметтік жағынан ақталған және адам өмірінің әлеуметтік қажетті жағдайына негізделеді (құқықта және бостандықта). Бұған қоса, табиғи құқық қалпында және адам құқығы аталған табиғи мәселелерді, тікелей әлеуметтік адам міндеттерін қоғам алдында көтеру.

Адам құқығы — тікелей-әлеуметтік құқықтың түрлері, егер мынаны естен шығармасақ, яғни тікелей әлеуметтік құқықтардың **әлеуметтік қауымдастықтың** сол сияқты өмір сүруін ұмытпасақ (халықтарды, ұлттарды, әртүрлі ассоцияларды, т.с.с.). Дегенмен, ұжымдардың тікелей-әлеуметтік құқықтарының көріну нысаны ретінде жеке адамның адамдық құқығын іске асырушы құрал ретінде бағалауға мүмкіндік бар.

Осы сапада профессор Лукашева айтқандай, ұйымның тікелей әлеуметтік құқығы «адамдық өлшем негізінде» өлшенуі қажет, яғни жеке адамның құқығымен.

Адам құқықтарын сол күйінде, объективті өмір сүретін құбылыс ретінде констатация және фиксация жасау мүмкіндігіне қарамай-ақ, олардың өмірге кіру тетігі, тәртіпті деңгейге шығу тетігі өте қиын. Адам құқығының көлемі оларды іске асыру, қоғамның жағдайына, оның даму деңгейіне және ұйымдастыру сипатына, адам құқығының қандай деңгейде қоғамдық сапамен игерілгендігіне тәуелді. Адам құқығын тиімді іс жүзіне асыру, оларды нормативті дайындаудан тәуелді, әртүрлі нысанда (әдет нормаларының, мораль нормаларының, құқық нормаларының орнына) қоғамның нормативті реттеу жүйесіне қосу.

Адам құқығының даму процесіне байланысты және қоғамның тұтастай прогресімен **адам құқығының бірнеше ұрпақтарын** бөледі.

**Бірінші ұрпаққа** — адам құқығы, жекелеген бостандықтарды қамтамасыз ететін, қоғам мүшелерінің құқығын іске асыруға қажетті кедергілерден және саяси құқықтарын қорғау: сөз бостандығы, ұяттық және дін; сотқа жүгінуге құқығы, т.б.

**Екінші ұрпаққа** — әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар: еңбек етуге құқығы, жұмысын еркін таңдау; әлеуметтік қамтамасыз етілуге құқығы; демалыс алуға құқығы; білім алуға құқығы, т.б.

**Үшінші ұрпаққа** — ұжымдық құқық (екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қалыптаса бастады): бейбітшілік үшін құқық, таза қоршаған орта, ядролық қауіпсіздік үшін құқық, т.с.

Адам құқығының қазіргі кездегі көптүрлілігіне және бұл проблемаға теориялық келудің әртүрлілігіне сай алғашқы, негізделуші

адам құқығын көрсетуге болады, өйткені олар адам құқықтарының барлық кешенді негізін құрайды: өмір сүруге құқық, бостандыққа құқық, теңдікке құқық (алғашқы, адамдардың «старттық» теңдігі). Бұл адам құқығының негізі ретінде 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ қабылдаған Адам құқығы туралы жалпыға бірдей декларацияда бекітілген, ол мемлекеттік емес сипаттағы ең маңызды құжат болып табылады. Онда адамзат тарихында бірінші рет адам құқығы планетаның барлық адамдарына таралды. Осы уақыттан бастап адамның құқығы мен бостандығы мемлекеттің ішкі ісі болудан қалды.

Сонымен қатар, айтылған декларацияда 1966 ж. Азаматтық және саяси құқық туралы халықаралық пакт қабылданды, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакетте сол жылы қабылданды. Азаматтық және саяси құқық туралы Халықаралық пактте факультативті протокол (1966 ж.) қабылданды. Осы құжаттардың негізінде адам халықаралық құқықтың субъектісі болды. Бұл халықаралық құқықтық актілердің қатынасқан елдердің ішкі заңдарының алдында артықшылығы бар және олардың азаматтарының **БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитетке** тікелей жүгінуге құқығы бар, егер оларды құқықтық қорғайтын басқа ішкі құралдар жоқ болса (соған ұқсас нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясында да көрсетілген (12-бап 1).

1993 жылы 20 желтоқсан БҰҰ-да Адам құқығы жөнінде жоғарғы комиссар орны құрылды, ол БҰҰ-ның бас хатшысымен тағдайындалады және оның орынбасары қызметін атқарады.

БҰҰ-мен қатар адам құқығын сақтайтын еуропалық жүйе әрекет етеді, ол еуропалық адам құқығын қорғайтын конвенция негізінде құрылған (1953 жылы 3 қыркүйекте күшіне енді). **Адам құқығы жөніндегі еуропалық комиссия және Адам құқығы жөніндегі еуропалық сот.** Жеке адамның арызы бойынша еуропалық сотпен шығарылған шешім орындауға міндетті сипатта болады және (ақырғы шешім) оған қайта шағымдануға болмайды.

Адам құқығы алғашқы рет 1776 жылы Америка штаттарының бірі — Вирджиния Конституциясында бекітілді, ал одан кейін 1791 жылы Құқық туралы билледе (Билл о правах человека), ол АҚШ Конституциясына 1781 жылы 10 түзету енгізді. 1789 жылы Францияда Адам құқықтары мен азаматтардың декларациясы қабылданды.

Адам құқығының дамуына бәрінен бұрын үлес қосқан ағылшынның 1689 жылғы Ұлы еркіндік хартиясы (Великая хартия вольностей) Хабеас корпус акт (1679 ж.), құқық туралы Билл (1689 ж.) болатын.

## **52. Құқықтың және заңның үстемдігі**

Құқық пен заңның үстемдігі туралы ереже — құқықтық мемлекеттің маңызды бір сипаты (билікті бөлу және мемлекеттің азаматтарының бір-бірімен келіскен құқықтары мен міндеттерімен байланыстылығы).

Сонымен бірге, объективті түрде құқық пен заңның сәйкес келмегендігі құқықтың үстемдігін және заңның үстемдігін жеке қарауға мәжбүр етеді.

Әдебиетте ол туралы атап өтеді, яғни құқықтың үстемдік идеясы заңның үстемдік идеясынан кеңірек.

Заңның үстемдігі дегеніміз:

- а) Конституцияның үстемдігі;
- ә) заңды қабылдау мен өзгертудің ерекше процедурасы;
- б) барлық басқа нормативтік актілердің міндетті түрде заңға сай болуы;
- в) заңды іс жүзіне асыруға және қорғауға тетіктердің (механизмнің) барлығы;
- г) барлық заң шығару жүйесіндегі қарама-қайшылықсыздықты қамтамасыз ететін конституциялық бақылау.

Құқықтың (үстемдігі) үстінен қараушылығы, ең алдымен, заңдардың құқықтық мазмұнда болуын (құқықтық заңдардың), мемлекеттік биліктің құқықтық заңдармен яғни құқықпен байланыстылығын болжайды.

1990 жылы наурыз айында Мәскеуде және Ленинградта «құқықтың үстемдігіне» арналған семинар болды. Онда өздерінің арнайы баяндамаларымен Ресейдің және Американың алдыңғы қатарлы заңгер-ғалымдары сөйлеген. Сонда Американың профессоры Джон Нортон Мур өз баяндамасында құқықтың үстемдігінің бес негізгі принциптерін бөліп көрсетті:

— халықтың үкіметі, халықпен басқарылатын және халық үшін өмір сүретін үкімет;

— биліктің бөлінуі және заң шығару, атқару және сот биліктерінің арасындағы байланыстылық принципі;

— өкілеттік демократия, процедуралық және үкіметтің әрекеттеріне қатысты және жеке адамдарға қарсы бағытталған (жеке бостандығын және жеке абыройын қорғау) маңызды тежеушілік;

— тежелген үкімет және федерализм;

— тәуелсіз сот органдарының жүйесіндегі сотта қарау конституциялық заңдарды өмірде жүргізудің орталық тетігі ретінде.

Құқықтың үстемдік принципін өмірге енгізуге Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық кеңесі (СБСЕ) талаптанады. 1990

жылдың маусым айында адамдық өлшем жөнінде тарихи жиналыс СБСЕ болды, онда оған кіретін 35 мемлекет өздерінің адалдық принциптерін ұсынып, қолдайтын ойларын ортаға салды, құқықтың үстемдігін белгіледі. Олардың ойынша, «құқық үстемдігі жәй формалды заңдылық емес, демократиялық тәртіп орнатуда жүйелілік пен бірізділікті қамтамасыз ететін, адамдық тұлғаның жоғарғы бағалылығын толық мойындауға негізделген адалдық».

### **53. Мемлекет ішіндегі арақатынас және халықаралық құқық**

Халықаралық құқық дегеніміз — заң принциптерінің және нормаларының жүйесі, халықаралық қатынасушылардың келісілген еркін көрсетеді және олардың бір-біріне деген қатынасын реттейді.

Халықаралық құқық институттары ертеде пайда болған және сол кезде негізгі принциптері қалыптасқан — мемлекетаралық қатынастың қатынасушыларының еріктерімен келісімге келу арқылы. Сондықтан, **халықаралық құқықтың негізгі қайнар көзіне нормативтік-құқықтық келісім жатады.**

Халықаралық құқықтың өзінің табиғатына байланысты ешқандай ұлттық құқықтық жүйеге жатқызылуы мүмкін емес және «ұлттық» жағдайда болады. Сонымен бірге, берік тенденция қалыптасып, жалпылама мойындалған принциптерді және халықаралық құқық нормаларын ішкі мемлекеттік құқық жүйесіне кіргізуге деген ұмтылысты көреміз.

Халықаралық құқықты ішкі құқықтық жүйеге кіргізу және адамның құқығы мен бостандығын қорғау мақсатында, көптеген елдердің Конституцияларында, оның ішінде Қазақстанда әр адамға, адамның бостандығы мен құқығын қорғайтын халықаралық органдарға жүгінуге құқық берілген, егер мемлекеттің ішкі құқықтық қорғау құралдары болмаған жағдайда.

Әдебиеттерде атап көрсетілгендей, халықаралық құқықтық санкцияларды іске асыру тәртібін белгілейтін нормалар қарқынды түрде дамып келе жатыр — **халықаралық процессуалдық құқық нормалары.**

Егеменді мемлекеттік биліктің құқықтық нысаны туралы В. С. Нерсисянц былай дейді: «Ішкі және сыртқы (дүниежүзілік, аймақтық, т.с.с) құқықтық тәртіп бірімен-бірі тығыз байланысты. Қатал айтсақ, «халықаралық құқық» («ішкі құқық» құқыққа айналады

және жеке адамдардың бостандықтарын мойындаған жағдайда ғана құқыққа айналады, себебі, тек осындай бостандық негізінде құқық болуы мүмкін, құқықтық тәртіп және жалпы құқықтық қатынастар — халықаралық ретінде және ішкі істерде. Осындай ішкі және халықаралық құқықтың принципті бірлігі біртіндеп біреуге бірігіп (өздерінің принциптері мен нормаларымен) жалпыадамдық құқықтық кеңістікке айналады — адам баласының бостандығы, құқық және бейбітшілік үшін күрестегі маңызды жетістік».

Халықаралық құқық, халықаралық көпшілік құқыққа (мемлекеттер арасындағы қатынасты реттейді) және халықаралық жеке құқыққа бөлуді сақтайды (азаматтық-құқықтық қатынастарды шет елдердің жеке тұлғасын, не заңды тұлғалардың қатысуымен, не болмаса шет елдердегі азаматтар туралы).

## **54. Құқықтағы сабақтастық және жаңарту. Құқықты рецепциялау**

Құқықтағы сабақтастық мәселесіне өз кезінде болгар құқықтаушысы Неновскийдің монографиясы арналған (Преemptивность в праве.— М., 1977). Сабақтастық және жаңарту процесі жекелеген (үлттық) құқықтық жүйенің қалыптасу заңдылықтарымен байланысты, жалпықұқықтың тарихи қимылымен әлеуметтік феномен ретінде (құқықтық прогресспен, құқықтық мәдениеттің өсуімен, құқықтағы регресті құбылыстармен), заңдылық байланыспен және үлттық және жалпыадамдық құқықтық мәдениеттің арақатынасы, т.б.

Сабақтастық және жаңарту — бұл бір процестің екі жағы — қалыптасу процесі және үлттық құқық жүйесінің дамуы. Әрбір жақтардың жеке салмақтары әрбір нақтылы оқиғада және әрбір тарихи кезеңде әртүрлі болуы мүмкін, олар мынандай факторларға тәуелді:

а) құқықтың дамуы әлеуметтік феномен ретінде оның меншікті логикасы;

ә) қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылысы;

б) діни-этикалық дәстүрлер;

в) тарихи жағдай;

г) сыртқы ықпал, т.с.с.

Сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды факторға қоғамның өз қажеттілігінен туатын қоғамдық қатынастардың талайын нор-

мативті реттеу қажеттігі туады және сабақтастық сыртқы негізде көрінуі мүмкін тек құқықтың мазмұнында, оның нысанында кейде функциялық қызметінде (мысалы, реттеуде).

Неновскийдің ойынша, «Сабақтастық құқықтағы кезеңдер арасындағы әртүрлі сатылардың арасындағы құқықтың дамуындағы әлеуметтік құбылыс ретіндегі байланыс, ол байланыстың мәні белгілі элементтерді сақтау, не құқық жақтарын (өзінің мәнінде, мазмұнында, нысанында, құрылысында, функциясында, т.б.) оған сай келетін өзгерістерде». Автордың дұрыс көңіл аударғаны сол, сабақтастық **жағымсыз** болуы мүмкін, яғни консервативті реакция, жағымсыз маңыздылық.

Неновский сабақтастықты «жоғарыдан төмен» (уақытында) және «көлденен» (кеңістікте) деп бөліп көрсетеді. Бірақ, қандай жағдайда болсын, сабақтастық сол түсініктің мәніне сай тарихи бірізділік сипатта болжайды және мұнда «жоғарыдан төмен» сабақтастық «көлденен» өзгеше болатындығы сонда, жаңа қасиетті жағдайға өткенде элементтерді сол бір ұлттық құқықтық жүйенің сақтауында болуы. Көлденен сабақтастық дегеніміз — бұрынғы болған мемлекеттердің аумағындағы тәжірибені қабылдау.

Болгарлық құқықтанушының болжамы бойынша, құқықтың рецепциясы — құқықтағы сабақтастықтың арнайы көрінісі. Біздіңше, бұл істің жағдайы керісінше: құқықтық сабақтастық құқықтық рецепцияның түрлеріне жатады.

«Rescriptio» латын тілінде қабылдау, қабылдануы, бір-бірінен алынуына мүмкіндіктің берілгені дегенді білдіреді және ол:

а) өткен құқықтық тәжірибе (бұл оқиғада түп-тура сабақтастық бар);

ә) қазіргі кездегі құқықтық жүйе.

Тәжірибеде бұл өзгешеліктің мәні сонда, рецепция қатар құрған құқықтық жүйелердің элементтерін қабылдау нысанында, яғни басқа қазіргі мемлекеттердің құқықтық жүйесін, өзіне көбірек бөтен құқықтық бағалылықты механикалық жолмен алатын мүмкіндікті жасырып күтеді (тарихи бөтен, әлеуметтік, діни-этикалық). Құқықтық-сабақтастық нысанында рецепциялау оқиғасында, ондай бағалылықтар уақытпен сыналады, жалпыхалықтық мәдениет «елегінен» өтеді.

Ең белгілісі, құқықты сабақтастық нысанындағы рецепциялауға, континентальды Еуропа елдеріндегі тау-ақша қатынасының дамуына байланысты римдік жеке (азаматтық) құқықты рецепциялау. Құқықты сәтті рецепциялаудың мысалына Жапонияның өзінің құқықтық жүйесіне германдық азаматтық ережені 1896 жылғы қабылдауы жатады.

Жаңалану құқықтағы нақтылы ұлттық мәдениеттің қалпында өзіндік құқықтық бағалылықты құру процесімен байланысты.

Егер ондай процесс құқықта болмаса, онда ештеңені сабақтастыру болмас еді. Сол сияқты, Рим құқығы алғашқы жаңа ретінде құрылды, яғни Ежелгі Римдегі ескі мәдениеттің қалпында ондай болмаған.

Одан кейін Өрлеу дәуірінде, ол Батыс Еуропалық университеттерде өңделіп, өздерінің талқылаушыларымен (глоссаторлармен және постглоссаторлармен) жалпы адамның маңыздығы құқықтық бағалылыққа айналды және азаматтық заңдардың құқықтық жүйедегі роман-германдық құқықтық жанұяның кодификациялануының негізі болды.

## **55. Табиғи-құқықтық теорияның негізгі ерекшеліктері**

Табиғи құқық ерекше заңды норма емес: ол қоғамның әлеуметтік-құқықтық талаптануының қосындысы, мемлекетке жүгінген және адамның табиғи өмір сүру идеясына негізделген бөлінбейтін құқық, өзінің мынандай адамдық табиғатымен қамтамасыз етілген: өмір сүруге, бостандыққа, теңдікке, бақытты болуға құқығы, адамға адалдық қатынас, т.с.с.

Табиғи құқық идеясы, адамның табиғи құқығы қоғамның және құқықтың дамуымен қоса эволюцияға ілікті. В. А. Туманов айтқандай, табиғи құқық доктринасы «сол құқықтың өзі сияқты ескі, оның барлық тарихи жолы «әрекеттегі құқықтардың көмегіне жалғасты». Табиғи құқық идеясының мәні оның пайда болуынан бастап, адамның табиғи құқығы оның мақсаты ретінде көрінуін талап еткендігінде, былайша айтқанда, заңның құқықтық мазмұнын бағалау белгісі (жазылған құқық). Осы туралы Ежелгі Римнің мемлекеттік қайраткері, белгілі шешен Марк Туллий Цицерон былай деген: «Адалдығы жоқ заң құқықты құрмайды».

Теория ретінде табиғи құқық XVII—XVIII ғ.ғ. дайындалды және феодализм-абсолюттік тәртіпке қарсы буржуазияның идеологиялық қаруына айналды. Табиғи құқық теориясының негізін салушы Гуго Гроций (1583—1645 ж.ж.) болды. Ол әрі қарай өзінің дамуын француз ағартушыларының еңбектерінде (XVIII ғ.) жалғасты — Руссо, Монтескье, Дидро, Вольтер қолдады және Ресейде оның жақтаушыларына Александр Николаевич Радищев жатады.

XVII—XVIII ғ.ғ. классикалық ілімдерге табиғи құқық, өмірлік және өзгермейтін, өмір бойына адамдық табиғатпен белгіленген сипаттағы түсініктер жатады.

XX ғасырда табиғи құқық адам табиғатымен әлеуметтік негізділік ретінде байланыса бастады, әлеуметтік байланыс субъектісі ретінде өзінің дамуын әлеуметтік-экономикалық және саяси құқық нысанында көрсетті. Немістің құқық теоретигі және философы Рудольф Штаммлер (1856—1938 ж.ж.) «табиғи құқықтың аз мазмұны» туралы идея көтерді.

XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі әдебиеттерде мұндай көзқарасты «қайта туған табиғи құқық» деп атаған.

Осы уақыттан бері табиғи құқық теориясы негізгі екі бағыт бойынша дамыды:

1) неотомистикалық теория (орта ғасырдағы Фома Аквинскийдің жаңа интерпретациясы), осыған сәйкес табиғи заңның қайнар көзі Құдай (жақтаушылар — Ж. Маритен, В. Катрайн, И. Месснер);

2) «зайырлы» доктрина құқық пен заңды бөлуден шығады, жазылатын құқықта этикалық, алғашқы негіздің өмір сүруін талап етеді (табиғи құқық), адалдық принципіне негізделген.

Сонымен, табиғи құқық доктринасының мазмұнын және дамуын сипаттайтын пікірлердің ішінде атап көрсетуге тұратындары мыналар:

а) табиғаттың өзімен қамтамасыз етілген табиғи, мәңгі, бөлінбейтін және өзгермейтін адам құқығының өмір сүруін бекіту;

ә) құқық пен заңның айырмашылығы;

б) құқықтың қоғамдағы дамуының нақты процестеріндегі идеяларды (табиғи құқықтың өзгеріліп тұратын мазмұнымен) есепке алатын адам;

в) табиғи құқық теориясының дамуындағы әртүрлі бағыттар.

## **56. Құқықтың табиғи мектебі**

Фридрих Карл Фон Савиньи 1840 ж. «Система современного римского права» еңбегінде былай жазған: «Заң ғылымында көптеген табыстар әртүрлі рухани түрлердің әрекеттестігіне тәуелді. Сондай түрді бөлу мақсатында және оған сай құқықтанудағы бағытты белгілеуге мен және басқа зерттеушілер өз кезінде пайдалану үшін «тарихи мектеп» атауын кіргіздік». Сол кезде заң ғылымының осы жағы ерекше алдыңғы орынға шығарылды, әрине ондай жағдайлар басқа бағыттардың бағалылығын азайту, не жоққа шығару емес,

өйткені, тарихи ұзақ уақытқа дейін құқықтануда тарихи көзқарас пайдаланылмады, сондықтан мұнда басқалардағыдай емес, табиғи құқықты қайтадан орнына келтіру үшін көтермелеу ықпалы қажет болды».

Тарихи құқық мектебі ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Германияда пайда болды. Оның негізін қалаушылар белгілі неміс заңгерлері — Гуго, Пухта, Савиньи, олар табиғи құқық доктринасына қарсы оппозицияда болып, оған қарсы өз теорияларын жазып шығарды.

Кейінірек ХХ ғасырдың басында Германиядағы социологиялық мектептің өкілдері Е. Эрлих және Г. Канторович тарихи мектепті, олар тарихи құқықтың концепциясынан шыға алмады деп кінәлады, соған сай, сот тек түсінеді (ганиды) және құқықты қолданады, бірақ оны құрмайды.

Шын мәнісінде, тарихи құқық мектебі мен табиғи құқық мектебінің теорияларына ортақ жағдай сол, құқық заң шығарушымен құрылмайды және оның зорлығымен де құрылмайды. Тарихи мектепті құрушылардың ойынша, құқықтың пайда болуы мен дамуы өз-өзінен шыққан стихиялық процесс, тәжірибеде мемлекеттің заң шығару әрекетінен тәуелсіз, халықтың рухы мен тілінің қалыптасуы сияқты есептелген. Сонымен қатар, құқықтың басты қайнар көзі — ғұрып, заңдылық, олар бұрын белгіленген және өмір сүруде. Соған сай, заңдар әдет-ғұрыптан шыққан, ұлттық рухтың қойнауынан бастау алған.

Тарихи құқық мектебі ортағасырлық Еуропадағы құқықтық жағдайдың ықпалымен қалыптасты, яғни Рим құқығының рецепциясы тарихи талдауды талап еткен кезде. Соған байланысты бұл теориялық бағыт заң ғылымындағы тарихи әдістің тұрақтануына (аяғынан тұруына) ықпалын тигізді. Ал тарихилық әдісі ретінде өмірге жаңа ғылымды — құқық тарихын әкелді. Мұның барлығы тарихи құқық мектебінің қосқан үлкен үлесі деп қорытынды жасауға болады.

## **57. Социологиялық құқық мектебі**

Социологиялық юриспруденция ХІХ ғасырдың аяғында социология жеке ғылым саласы ретінде бөлініп шыққанда қалыптаса бастады. Социологиялық теория құқығы екі жолмен қалыптасты: бір жағынан, жалпы социологияның қалпында құқықтық концепцияны құру арқылы, ал екінші жағынан, юриспруденцияда социологиялық танымды тарату арқылы.

Социологиялық юриспруденцияның негізін салушыларға мына ғалымдарды атап айтуға болады: Р. Фон Иеринг (Германия); Л. Дюги және Ф. Жени (Франция), Е. Эрлих (Австрия-Венгрия), С. Муромцев (Ресей).

Социологиялық бағыттағы барлық варианттарға тән тезис — сот карауының бостандығы. «Кұқық — біздің түсінуімізше, соттың істейтінін алдын ала болжау,— деп американдық сот Оливер Вендел Холмс айтқан (1841—1935 ж.ж.)».

Социологиялық мектептің өкілдері «өлі» ретінде позитивті құқыққа, «кітаптағы» құқық — «тірі», «әрекеттегі құқықты» қарсы қойды.

Социологиялық бағыттағы құқықтың дамуына үлкен үлес қосқан американдық заңгер Роско Паунд (1870—1964 ж.ж.) болды. Ол көп жылдар бойы Гарвард құқық мектебінің декандық қызметін атқарды. Оның пікірі бойынша, құқық, ең алдымен, фактідегі құқықтық тәртіп және сот әрекетінің процесі.

Социологиялық бағытты жақтаушылар формальды — догматикалық, құқыққа нормативті қарауды, оны түсініктердің юриспруденциясы деп атаған.

Социологиялық юриспруденция табиғи құқық доктринасы сияқты, заңның қалпынан шығады (жазулы заңның), бірақ табиғи құқық пен бостандық жағына емес, құқықты іс жүзіне асыру аясына, құқықты қолдану тәжірибесіне сүйенеді. Дегенмен, позитивизмге негативтік қатынасты бұл бағытта біріктірсе де.

Бұл теориядағы жағымды кезге, құқықты реттеуге болатын шынайы процестерді есепке алу, оларды нақтылы социологиялық әдістер негізінде зерттеу бағыты жатады. Осы жолда, құқық нормаларының тиімділігі туралы мәселені қою, яғни өз кезінде кеңестік юриспруденцияда оған маңызды көңіл бөлінген.

Ресейдегі құқықтық доктрина қазіргі кезде көптеген теориялық зерттеулерде құқықтық жүйені тануды нормативтік емес, социологиялық таным әдісіне бағыттаған.

Заң тәжірибесіндегі мәселе, құқық жүйесінің түсінігін жасау, құқық социологиясын қосу (құқық философиясымен қатар, арнайы заңды теорияны) жалпы құқық теориясына компонент ретінде — бұның барлығы социологиялық бағыт жолында.

Социологиялық бағыттың жетімсіз жағына жататыны, құқық түсінігінің жуылып кету қаупі төнеді, құқықтың өз шекарасын жоғалтуы соның нәтижесі ретінде — соттың заңды бұзуға және атқару органдарының зорлық-зомбылық жасауына үлкен мүмкіндіктер ашылатындығы.

## **58. Құқықтың психологиялық теориясы**

Бұл теория ХХ ғасырдың басында Ресейдің ғалымы Л. И. Петражицкиймен құрылған (1867—1931 ж.ж.). Көбірек және толық түрде оның мына еңбегінде жазылған «Теория права и государства в связи с теорией нравственности». Бұл теорияны жақтаушыларға жататындар — А. Росса (скандинавиялық құқық мектебі), Г. Гурвич (француз мектебінің микросоциологиялық құқығы), М.А.Реснер. Көңіл аударатын нәрсе, жалпы психологиялық теория құқықтық зерттеуді әрі қарай жүргізуге үлкен ықпалын тигізді, сонымен бірге, қазіргі американдық құқық теориясына. Өз кезінде орыс заңгері И. Покровский осы туралы: «Егер ХІХ ғасырдағы юриспруденцияны «түсініктер юриспруденциясы» ретінде кінәласа, қазіргі юриспруденция «сезім юриспруденциясы болуға тартылады» деген.

Негізінен, Петражицкий өзінің назарын құқықтық тәртіптің қалыптасуындағы психологиялық жағына аударды, бұл жаққа типті интеллектуальдық жақты қалпынан шығарды. Оның ойынша, құқықтың арнайы табиғат құбылысы эмоционалдық импульсивтік уайымдауда жатыр, ақыл аумағында емес.

Мұндай құқықты ол интуитивті деп атады және оны позитивті құқыққа қарсы қойды (нормаларға, ұйғарымдарға, тыйым салуға, адамдарға бағытталған, құқықтық қатынастарға бағынғандарға). Интуитивті құқық бағытталған адамның объективтік құқыққа арнайыланған (позитивтікке) психологиялық қатынасымен белгіленеді.

Сонымен, Л. И. Петражицкий позитивтік құқықтың барлығын мойындады, дегенмен, оған тежеулі маңыз береді. Теорияның авторы атап айтқандай, интуитивті құқық психологиялық құбылыс, жекелеген психикалық құбылыс объективті шындық ретінде көрсетілуі мүмкін емес. Құқықтық реттеудегі шындық Л. И. Петражицкий ойлағандай, тек жекелеген құқықтық таным, жеке адаммен субъективтік уайымдау, екіжақты сана, императивті-анықтауыш байланыстағы еріктік. Атап айтқанда, бұл байланыс императивті, әмірлі (басқа адамдарға қатысты) талаптану және анықтауыш (субъект үшін міндетті) талаптану, жеке адамның психологиялық аясында өмір сүретін, құқықты басқа элементтік реттеуден бөледі, айтуға болатыны (Петражицкий) құқық болып табылады.

Петражицкийдің теориясы бойынша, мемлекеттің рөлі құқыққа қатысты аз ғана, тәжірибеде (дағдыда) төмен. Құқыққа көзқарасты мемлекеттің нұсқауы ретінде сынға алған автордың ойынша: анық

құқық тек көптеген сондай емес, мемлекеттің басқаруынан тыста тұрған, арнайы түрде жағымды мойындалмаған және қолданбаған, бірақ көптеген осындай жағдай мемлекет жағынан тікелей жаулық қатынасқа кездесіп, арнайы мемлекеттік мәнде қуғынға ұшырайды және жоюға жатады.

Петражицкий теориясының тиімділігі сол, құқықтың әрекетінің психологиялық жағына көңіл аударады, яғни құқықтық тәртіпті қалыптастырудағы психологиялық тетікті іздеумен тығыз байланысты.

Шын мәнінде, қиын тор құқықтық ұйғарымды нағыз құқыққа сай сезім тәртібіне ауыстырғанда және жеке адамның уайымындағы оның психологиялық импульсі ақырғы шегі болады, ол тікелей нақтылы тәртіп актісімен жанасып, оны белгілейді.

Жалпы алғанда, құқық тәртіпті адамдар аясының интеллектуалды психологиялық көмегінсіз реттей алмайды.

Әрине, барлық қиын құқықтық тәртіпті қалыптастырудың тетігін тек жеке адамның психологиялық, эмоцияналдық аясына тіреп қойып, барлығын тек соған түсіндіріп және оның өзінен көруге болмайды. Мұнда аз емес маңыздылығымен әсер еткендерге арнайы заңдылық және жалпыәлеуметтік факторлар мен тетіктерді жатқызуға болады.

## **59. Нормативтік құқық теориясы**

Құқықтық ілім — нормативизм өзінің бастауын ХІХ ғасырдағы формальды-догматикалық юриспруденциядан алды және заңды позитивизмде жасалған әдістеме негізінде құрылды. Профессор В. А. Тумановтың болжауы бойынша, позитивизмнің әдістемелік тұжырымдамасы теория ретінде өз шегіне жеткізді және сол үшін «таза құқық теориясы» деген атқа ие болды.

Нормативті мектептің негізін салушылардың бірі ретінде Ганс Кельзенді (1881—1973 ж.ж.) айтуға болады. Ол австро-венгерлік монархия тарағаннан кейін Вена университетінде дәріс берген, бірінші республикалық үкіметтің заң мәселелері бойынша кеңесшісі болды және 1920 жылғы Австрия Республикасы Конституциясының жобасын дайындаған. Австрия ұлтшыл Германияға қосылғаннан кейін АҚШ-қа ауысты.

Өзінің шығарған ілімін автор «таза құқық теориясы» деп атаған және оның ең белгілі еңбегі осылай аталған.

Нормативизм бойынша позитивизмнің тезисін дамытып, құқықты тануды құқықтың тек өзінен бастау керек және оны канттық

философияның негіздеріне сүйене отырып бекітеді, соған байланысты «міндеттілік — бұл ерекше, тәжірибе жасауға дейінгі орта, адамның ақылымен құрылатын және «негізгіден» тәуелсіз (яғни, табиғаттан қоғамнан)».

Себебі, құқық дегеніміз міндетті тәртіптің жүйелік жолы, ол «міндетті» ортаға жатады және сондықтан «негізгіден» тәуелсіз.

Кельзеннің пікірі бойынша, «құқық тек құқықпен белгіленеді» және «құқықтың күші тек өзінде ғана». Ол құқықты нормалардың жиынтығы, мәжбүрлеу тәртібімен іс жүзіне асырылатын деп белгіледі. Құқықтың таза теориясы, автордың түсінігі бойынша, заңды ғылым, зерттеуінде оның экономикалық, идеологиялық, моральдық, т.б. бағасын алып тастайды. Яғни, заңды доктрина әртүрлі құқықтың негіздемесін белгілеумен шұғылданбай, оның арнайы мазмұнымен, «оны түсінуді өзінен бастау керек» екендігін көрсетеді. Осыған байланысты Кельзен табиғи құқық теориясына қарсы. Құқықтың негіздемесін өз ішінен табу үшін, Кельзен «негізгі нормалар» идеясын ұсынады, одан шығу көзі ретінде құқық жүйесінің барлық басқа элементтері ашылады, пирамида түріндегі сатылы конструкция құрылады. (Әрі қарай «негізгі нормалар» тезисінде Кельзеннің өзі теориясының жетпейтін жерін мойындайды).

Негізгі нормалар тікелей конструкциясымен байланыста және былай естіледі: «өзін солай ұстауға міндетті қалай Конституцияда алдын ала бекітілген болса». Сонымен, қазіргі құқықтық тәртіпке легитимность беріледі, сонымен бірге мемлекетке, себебі Кельзенше, мемлекет — бұл сол құқықтық тәртіп, тек басқа көзқарасқа сай алынған: мемлекет — тергеу, құқықты жалғау, мемлекеттен бұрын пайда болады.

Нормативизмнің тиімділігі сонда, ол мынандай құқықтық сапаға сынап, көңіл аударады: нормативтікке, формальды белгілікке, бұл жағдай құқықты жетілдіруге жүйе ретінде ықпал етеді, оны нысана айналдыруға және құқықты пайдалануға қажетті ЭВМ, кибернетиканың мәліметі.

Әдебиетте (Е. А. Воротилин) нормативизм идеясы конституциялық бақылау институттарының қазіргі дүниеге кең тарауымен тығыз байланысты екендігі көрсетілген, арнайы орган құрылып, алғашқы рет 1920 жылы Австрия Конституциясында бекітілген.

Сонымен, XX ғасырдың бірінші жартысында құрылған Ганс Кельзеннің нормативтік ілімінің жетімсіз жақтары бар, сонымен бірге, жағымды жақтары да бар. Біздің елімізде ол басқа «таптық бөтендік» теориясы сияқты тек жағымсыз жағынан көрінуде. Шын мәнісінде, нормативизмде құқықтың формальды-заңдық жақтары

дұрыс шешілмеген. Дегенмен, басқа теориялардағыдай оның тиімді жақтарын алып пайдалануға болады.

## **60. Маркстік-лениндік құқық және мемлекет теориясына жалпы сипаттама**

Марксистік-лениндік ілім сол күйінде, арнайы тоталитарлық кеңестік идеология болғандай, марксистік доктринаны көрсетті, ол большевиктер идеологиясының теориялық еңбектерімен толыққан (Ленин, Бухарин, Сталин).

Марксизм өзінің арнайы сипатын жоғалтып, осы күнге дейін қоғамтанудың бір бағыты болып қалды, құқық және мемлекет, дегенмен де, жаңа теориялық бағыт ойланып, оны іске асыруды есепке ала отырып, дамытуды қажет етеді.

Маркстік-лениндік ілімнің құқық пен мемлекет жөніндегі негізгі жаңа белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

**1) Мемлекет пен құқықтың генезисі мен табиғатын, қоғамның экономикалық аясының қондырғы құбылысы ретінде және, ең алдымен өдірістік қатынастардың сипатымен қамтамасыз етілгендігі** (қоғамдық-экономикалық формацияның экономикалық базасы. Егер берілген заңдылықты іске асырмасақ, оны тек «ақырғы есепте» бағаламасақ, онда принципті түрде марксизмнің мемлекет пен құқыққа тарихи-материалистік тұрғыдан қарауы дұрыс.

**2) Мемлекет пен құқықтың пайда болуын және негізін қоғамның антогонистік таптарға бөлінуіне байланысты түсіндірілуі.** Маркстың ойынша, мемлекеттің және құқықтың табиғатын таптардың күресінсіз түсінуге болмайды. Большевиктердің теоретиктері бұл тезиске бірегей маңыздылық берді. Оларша, мемлекет — ең алдымен таптық қанаудың «машинасы».

**3) «Ескі қоғамдық құрылымды» жою мақсатындағы күштеу шарасын қолдану идеясы.** Бұл идея большевиктердің теориясы мен ісінде, белгілі болғандай ақырына дейін жеткізілді.

**4) Билікті бөлу принципін жоққа шығарды (мойындамады).** Бір органға заң шығару мен атқарушы билікті біріктіру идеясы — Кеңес мемлекетін құруда негіз болған теориялық қорытынды.

**5) Мемлекеттің жойылуы (өлуі) идеясы** — марксизм-ленинизмде ең маңызды идеялардың бірі болды: Мемлекет қоғамның таптарға бөлінуімен қатар жойылуы қажет. Соған байланысты құқық та мемлекетпен қоса жойылуы қажет.

6) Марксизмде тұтасымен алғанда, құқықтың рөлін толық бағаламағандық сипаты, құқықтық мемлекет идеясына скептикалық қатынас көрініп тұр. Соған байланысты батыстағы көптеген авторлар марксистік құқық туралы ілімді заңды-нигилистикалық бағытқа қосады. Сонымен бірге, марксизм теориясының қалпында өте көп құқық және оның табиғаты туралы теориялық бағалы идеялар айтылған. Мысалы, тең емес қатынастарға жаза қолданарда құқықты теңдік мөлшері ретінде бағалаған.

7) Сонымен, құқық пен мемлекет туралы марксизм-ленинизм ілімін сынай отырып, уақытпен сыналған және қазіргі заң ғылымына және қоғамтануға толығымен бағалылығы бар теориялық ережелерді сақтау қажет. Ең алдымен, бұл жалпыәдістемелік принциптер негізінде қарауға қатысы бар: тарихилық принципі, диалектика принципі, құқық пен мемлекетке әлеуметтік құбылыс ретіндегі көзқарас, қоғамның материалдық өмірінен тәуелді және оның үлкен әлеуметтік топтарға бөлінуін қолдайды.

## **61. Отандық юриспруденциядағы құқық туралы эволюциялық бағытты көрсету (ұсыну)**

Қазан төңкірісіне (1917 ж.) дейін Ресей роман-герман құқықтық жанұяға кірді және XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс юриспруденциясының негізгі ерекшелігі сонда, ол құқықтық позитивизмнің белгілеуші ықпалымен қалыптасты (құқықты жағымды «жазылған» құқықпен салыстыру ыңғайы). Оған қоса, Ресейге этатикалық позитивизмнің тән болуы (позитивизм құқықты мемлекеттің құралы және оның туындысы ретінде қараған).

XX ғасырдың басында Ресейдің этатикалық позитивизмі тоқырауға ұшырап, екі бағытқа бөлінеді:

а) формальды-догматикалық (заң түсініктерінің логикалық интерпретациясына негізделген) — Е. В. Вавьковский, Д. Д. Гримм, А. А. Рождественский;

ә) социологияға ұшырағандар (құқықтағы ықылас проблемасына негізделген) — С. А. Муромцев, Н. М. Коркунов, т.б.

Осы кезеңде Ресей құқық теоретиктерінің көп бөлігі позитивизмнен кетіп, бірнеше мектептер құрған. Мысалы, үлкен қысымды XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресейде позитивизм қайта жаңғырып, табиғи құқық жағынан көрді. Бұл идеяны ол кезде

жақтағандар: П. И. Новгородцев, Б. А. Кистяковский, В. М. Гессен, Е. Н. Трубецкой, Н. И. Палиенко, т.б.

«Құқықтың психологиялық мектебі» пайда болды (Л. И. Петражицкий, П. А. Сорокин).

Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында Ресейдегі әлеуметтік процестер қатал және басқаруға болмайтын сипатқа жетті, осы жағдай этикалық позитивизмнің қайта орнына келуіне негіз болды. Оның ашық жақтаушыларына Габриель Феликсович Шершенович, тағы басқалар жатады. Г. В. Мальцев айтқандай, Шершеновичтің теориясы «ностальгиялық позитивтік және шақырушы этикалық болды».

Қазан төңкерісінен кейін, кеңес билігінің алғашқы жылдары ғалымдар құқықтанушылардың арасында және марксизмге түсініктеме берушілердің арасында құқыққа ашық нигилистік көзқараста болды (А. Г. Гойхбарг, В. В. Адоратский, М. А. Рейснер, Е. Б. Пашуканис, П. И. Стучка, т.б.).

Дегенмен, өмірдің қажеттілігі және қарқынды кеңес билігінің нормативтік-шығармашылық әрекеті объективті түрде құқықтың теориялық зерттелуін және құқық танымындағы құқықтың нақтылы анықтамасын талап етті. Соған байланысты 20—30 жылдардың басында құқықтық теория қарқынды дами бастады. Құқық теориясында маркстік бағытпен қатар (П. И. Стучка және Е. Б. Пашуканис), басқа концепциялар пайда болды. Мысалы, психологиялық құқық мектебін қайтадан орнына келтіру талаптары байқалды (М. А. Рейснер, т.б.).

Сонымен бірге, біртіндеп этикалық құқықтану күш ала бастады, 1931 жылы I Бүкілодақтық марксистер-мемлекеттанушылардың съезінде арнайы қолдау тапты. 1938 жылы Сталиннің тоталитарлық режимі соған сай теориялық-құқықтық негізді қамтамасыз етуді талап етті. Кеңестік құқықтану ғылымы қызметкерлерінің Бүкілодақтық жиналысында сталиндік режимнің Вышинскиймен ұсынылған құқықтық дефинициясы қабылданды: «Кеңестік социалистік құқық тәртіп жолының жиынтығы (нормалар) социалистік мемлекетпен белгіленген, не санкция берілген және жұмысшы табының және барлық жұмыскерлердің еркін көрсететін тәртіп жолы, оны қолдану социалистік мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілді». Бұл анықтама кеңестік құқықтың барлығы жалғанатын дефиницияларының негізін құрды.

1950 жылдардың екінші жартысында Ресей құқықтанушылары құқықты «кеңінен» түсіну идеясын көтерді. Нормамен қатар, құқыққа құқықтық қатынастарды қосу ұсынылды (С. Ф. Кечекьян, А. А.

Пионтовский), құқықтық қатынас және құқықтық сана (Я. Ф. Миколенко), субъективтік құқық (Л. С. Явич). Бұл позитивистік концепция қалпында құқықтық танымды әлеуметтендіру табылды. В. С. Нерсисянц көрсеткендей, құқықты «кең көлемде» түсіну құқық пен заңды айыруға жатпайды.

1970 жылдардың басында кеңестік құқықтануда сондай айыруды көрсететін жұмыстар шыға бастады (В. С. Нерсисянц, Д. А. Керимов, Г. В. Мальцев, Р. З. Лившиц, Л. С. Мамут, В. А. Туманов).

Кейінгі кезде профессор В. С. Нерсисянц жаңадан қызық концепция цивилитарлық құқықты қолдады. Ал профессор Г. В. Мальцев айтқандай, құқықтың жаңа анықтамасын іздеу проблемасы ашық қалды<sup>2</sup>.

## **62. Қазіргі кездегі құқықтану: негізгі концепциялар**

Профессор О. Э. Лейст құқық концепцияларының негізгі үшеуін атап айтады: нормативтік, социологиялық және адамгершілік (табиғи-құқықтық).

**Нормативті** көзқарас жағынан құқық концепциясы — заңдардың мәтінінде және қосымша заңдар актісінде бар нормалар жүйесі, мемлекеттік білікпен белгіленген және бұзылудан қорғалатын.

**Социологиялық** құқық концепциясы Лейстің пікірінше, құқықты тануда «қоғамдық қатынастар тәртібін әрекетте және адамдар тәртібі» ретінде көруге негізделген. Яғни, социологиялық концепцияда акцент заңды жолдағы қызметіне олардың әрекетіне, қызметтің іс жүзінде іске асырылуына ауыстырылады.

**Адамгершілік** мектеп позициясынан құқық қоғамдық сананың нысаны ретінде қаралады. Заңның сөзі қағазда қалады, егер олар санаға кіріп, оны түсінбесе. Заң қоғамға санасыз ықпал ете алмайды, оны тек сана арқылы жүргізе алады (көпшілік құқықтық таным, арнайы құқықтық таным). Сондықтан, құқық (берілген концепцияға сәйкес) — заңның мәтіні емес, қоғамдық санадағы жалпыға бірдей нормалардағы, құқықтағы, міндеттердегі, тыйым салудағы жағдайлардағы олардың пайда болуындағы, іс жүзіне асырылуындағы тәртіптегі және қорғау нысанындағы түсініктер жүйесі.

Айтаететін нәрсе, әрбір құқықты түсінудің өздерінің негіздері бар, құқықтың әртүрлілігі олардың шын жақтарын көрсетеді, сондықтан

<sup>2</sup> Жұмысты жазғанда профессор Г. В. Мальцевтің материалдары пайдаланылды.

олардың бір мезгілде өмір сүруге құқықтары бар. Мысалы, құқықты адамгершілік жағынан қараудың құқықтық тәрбиеде үлкен маңызы бар және әрекеттегі құқықтың дамуына да әсер етеді. Құқықты нормативтіксіз іс жүзінде түсіну және құқықтық қатынастардағы тұрақтылық, мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың әрекеттеріндегі заңдылық мүмкін емес.

Құқықты тек социологиялық түсіну нақтылыққа жатады және қызметпен іске асыру, онсыз ол мәтіндердің жүйесі, не моральдық тілектің декларациясы болып қала береді. Әрбір құқықтық таным екіншісіне қажетті қарсыластық ретінде көрінеді. Профессор О. Э. Лейст айтқандай, «мүмкін болуы, әрбір концепцияның әлеуметтік орны сонда, басқа концепциялардың жетімсіздігін сынау арқылы жағымсыз қасиеттерді және құқықтың өзінің қауіпті тенденцияларын жарыққа шығару».

Профессор В. А. Туманова құқықтанудың үш кейпін (типін) бөліп көрсетеді. Оның пікірінше, жеткілікті түрде негізгі бағыттарды және мектептерді (олар үшін құқыққа келгенде алғашқы, не жаңа құқықты соған сай түсінуге, не ықпал етеді, соған байланысты оларды) үш түрге (не топтарға) бөлуге болады.

Бірінші кейіпке жататын құқықтану мектебі үшін, бастысы сондай жағдай, яғни «адам барлық заттардың өлшемі», ал құқық (не міндетті болу) ақылдың, дұрыс идеялардың, қасиеттердің, ықыластың және адамның ойының көрінісі. Бұл бағытқа («құқық философиясы») атымен оларды біріктіреді) **табиғи құқық концепциясы** жатады.

Екінші топтағылар үшін бастысы ретінде мемлекет жатады. Құқық бұл мектептер үшін — мемлекеттік еріктің нәтижесі, егемендік биліктің, осылай қажетті және қоғамдағы міндетті тәртіп қатынастарын белгілейді. Бұл солай аталатын позитивистік юриспруденция, ол өзінің көбірек шеттегі мектептерінің алдында әрекеттегі құқықты осындай қабылдауды талап етеді, қалай болған болса солай, яғни құқықты жазылған заңмен салыстырылуға болмайды.

Үшінші топтағы мектептер қоғамның шын өмірінің түсінігінен бастайды. Олар үшін «кітаптағы құқыққа» қарағанда көбірек маңыздысы «өмірдегі құқық» көрінеді, яғни қызметтегі құқықтық реттеу. Бұл мектептер өзін «құқық социологиясына» (не «социологиялық юриспруденцияға») және олардың өкілдері де ерекше көңілдерін нақтылы құқықтық қатынастарға, көпшілік құқықтанамына жатқызады.

Профессор В. А. Туманов айтқандай, қазіргі кезде бұл бағыттардың біріге басталғандығын айтуға болады: құқықтық мемлекеттің негізгі

принциптерін жалпылама мойындау оларды жақындата түсті. Бұрын бұл бағыттардың қарым-қатынастары қарсылық сипатта болған. Мысалы, позитивистік доктрина табиғи құқықты жоққа шығару ретінде қалыптасты — құқық философиясының маңызды түсінігі.

Профессор В. С. Нерсесянц құқықтану кейіптеуінің (типологиясының) негізін айыруға құқықты салыстыру кезін қояды және заңды соның негізінде бір-біріне қарсы құқықтану кейіптерінің арасындағы принципті бөлінушілікті жүргізеді: заңды («ius» — құқық) және легист («lex» — заң). Атап айтсақ, «құқық деген не?» деген сұраққа легистік келу іс жүзінде жоқ: құқық ол үшін — арнайы берілген әрекеттегі позитивтік құқық. Легизм оған дейін бар және құқық ретінде белгілі қиындықты (дефинициямен) белгілеу. Яғни, легистік депгеніміз Нерсесянцтың пікірінше, құқықты тану үшін сондай пікірді ғана айтуы, егер құқық пен жазылған заң салыстырылса.

Құқықтанудың заңды кейпі әртүрлі, қазіргі кездегі құқық түсінігінің философиялық құқықпен заңның бөлінуіне негізделген концепцияларды қамтиды. Табиғи-құқықтық концепция — тек жеке оқиға (тарихи көбірек таралған, бірақ бірегей емес), құқықтанудың заңды кейпі (типі), оның көзқарасына ұқсас, табиғи құқық пен позитивтік құқықты бөлу ретіндегі, тек құқық пен заңды бөлу туралы көптеген мүмкін версиялардың бірі.

Сонымен, құқықты түсінуге арналған тәсілдерді талдауға қорытынды жасауға мүмкіндік береді, себебі негізінен сондай үш амал бар және олардың әрқайсысының меншікті негіздеріне сай өмір сүруге құқығы бар. Ондай негіздерге мынандай жағдайлар жатады:

а) **заң** (құқықты көрсетудің арнайы нысандары) **құқықтық емес болуы мүмкін**. Сонымен, құқықты түсінуге арналған пікірлерді талқылау мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік береді, яғни негізінен ол туралы үш амал бар және олардың әрқайсысының меншікті негіздері болғандықтан, өмір сүруге құқықтары бар. Олардың негіздеріне мынандай жағдайлар жатады:

ә) құқық белгіленген сыртқы көріну нысанынан басқа болмайды — «заңнан» (құқықтың арнайы көріну нысанынан), сондықтан, тек құқықтық мазмұндардың бірлігі құқық болып есептеледі (құқықтың табиғатына сай жолдар) және оның сыртқы көрінуі мен бекітуін объективке айналдыру. Басқа сөзбен айтқанда, құқық дегеніміз құқықтық заң;

б) жазылған құқықпен (заңмен) және оның фактілік тәртіп варианттарына қызметімен кірісуінің арасында тұтас белгілеуші қатпарлар бөліктері жатыр, олар әртүрлі құқықтық және құқықтық

емес түрлерде болады, әрі социологиялық юриспруденцияға «құқықтық кітаптағы», «құқықтық өмірдегі» жағдайлардан айыруға негіз белгілейді.

## **63. Билік және оның түрлері. Мемлекеттік биліктің ерекшеліктері**

Билік — жалпы түрде субъектінің (индивидтердің, ұйымдардың, ұжымдардың), басқа субъектінің тәртібін (жеке адамның, ұжымның, ұйымның), еркін жеке пайдасына, не басқаның назарына бағындыру қабілеттілігі.

Билік құбылыс ретінде мынандай белгілермен сипатталады:

1) Билік — әлеуметтік құбылыс, яғни қоғамдық;

2) Билік қоғамның барлық даму кезеңдеріндегі белгісі болып табылады (бөлінбейтін компоненттері ретінде). (Сондықтан, «әлеуметтік билік» деген сөз тіркесі өзінің мазмұнына сай келмейді, себебі билік әр уақытта әлеуметтік).

Билік қоғамның тұрақты қосағы, себебі қоғамның өзі күрделі ұйымдасқан жүйе (әлеуметтік организм), ол әр уақытта басқаруды қажет етеді, яғни жүйені жөнді қызметке қабілетті жағдайда болуын қолдау процесін тәртіпке салу — қызмет істеу жағдайлары. Генезис көзқарасынан (пайда бөлу) қоғамды басқару қажеттілігі, онда мынандай феноменнің болуын қамтамасыз етеді, яғни биліктің. Бірақ, керісінше емес, әлеуметтік процестерді тәртіпке салу көзделіп жүргізіле бастағанда, себебі қоғамда билік және оның орындаушылары пайда болды. Билік әлеуметтік басқарудың нақты құралы, себебі басқару тек әлеуметтік емес, көбінесе техникалық, яғни техникалық жүйені басқару (мысалы, автомобиль жүргізу). Сонымен, басқару — өте үлкен (кең) құбылыс, таза әлеуметтік құбылыс болып табылады. Оның мәні биліктің белгілерінде толығырақ көрсетіледі.

3) Билік қоғамдық қатынастардың қалпында ғана өмір сүре алады, яғни адамдар арасындағы қатынастарда (жеке адамдардың олардың ұжымдарының, басқа да әлеуметтік құрылымдардың). Билік қатынастары адам мен заттың және адам мен жануардың арасында болуы мүмкін емес (тіпті, жануарлар адамдардың меншігінде болса да және оның болашағымен басқаруға құқығы болса да). Осындай қасиеттер биліктің келесі ерекшеліктерінің сипатына байланысты қамтамасыз етіледі.

4) Билікті іс жүзіне асыру интеллектуалды-ерекше процесс, билік импульс, билік ететін субъектіден шығатын, алдымен бағынушының

еркін және тәртібін анықтаудан (қамтамасыз ету, белгілеуден) бұрын, олар саналы түрде оны қабылдауы керек (түсінуі керек). Осыған байланысты билік қатынасының субъектісі бола алмайтындарға санасы мен еріктерінің бұзылғандары жатады.

5) Қоғамдық қатынастардың қалпындағы биліктер өмір сүреді және іс жүзіне асырылады, қоғамдық қатынастардың түрлеріне жатады және билік қатынастарының айтары бар. Билік қатынастары әр уақытта екіжақты қатынастар, біреуі билік субъектісінен (билік етуші субъектіден), ал екіншісі — билікке бағынушылар. Жалпыәлеуметтік тұрғыдан олар нағыз субъектілер, яғни санасы және еркі бар адамдар, дегенмен нақтылы билік қатынастарында билікке бағынушы субъектілер билік етуші субъектінің билік ықпалын жүргізетін объект ретінде болады.

6) Биліктің маңызды белгілеріне оның әр уақытта өз күшіне негізделгендігі жатады. Нақтылы күштің болуы әрбір субъектінің билеушілік санасын белгілейді. Билік күшінің әртүрлі табиғаты болуы мүмкін: ол дене күші, мылтықтың күші (шоқпар, мылтық, атом бомбасы), интеллектуалды күш, беделдік күш, сендіру, эстетикалық ықпал жасау (сұлулық ықпалы), т.с.с. Соған байланысты күшті мәжбүрлеумен ауыстыруға болмайды: «күштің беделі» және «беделдің күші» — бұлар әртүрлі заттар. Мәжбүрлеу алдын ала субъектінің еркіне қарсы ықпалды дене күшін жұмсау арқылы жүргізуді болжайды, не сондай қорқыту арқылы мәжбүрлейді. Мұнда «қыстау» түсінігі көлеміне қарай «мәжбүрлеуден» кеңдеу. Қыстау мәжбүрлеумен әр уақытта байланыста емес: оның өзінің жанама сипаты бар және өз негізінде белгілі тәуелділіктегі ерікті бағынушылық жағынан болжайды. Дегенмен, сондай тәуелділікті сендірушілікті болжайды. Сонда олардың айырмашылығы неде? Ойымызша, қинау процесінің ерекшелік сипатына жататыны билікке бағынушы биліктің ықпалымен өзінің ықыласына және бағалы бағдарына қарсы әрекетін саналы түрде сезінеді. Сендіру оқиғасында билікке бағынушы билік субъектісімен ұсынылған тәртіп варианты екіжақтың да мүддесіне сай, билікке бағынушының бағалылық жүйесіне кіретіндігін болжайды (сенеді).

7) Билік тек саналы еріктегі қатынастарда болуы мүмкін болғандықтан, әр уақытта билікке бағынушының еркінің билік етуші субъектіге бағынушылығын болжайды, ондай бағынушылық белгілі қатынастарда болмаса, мұндай қатынаста билік те болмайды. Басқа сөзбен, саналы бағынушылық биліктің нақты қатынастардағы берілген нақты субъектінің барлық жағдайы.

Биліктің бірнеше түрлері бар:

- а) барлық қоғам көлеміндегі билік;
- ә) әртүрлі ұжымдардың ішіндегі билік;
- б) екі адамның арасындағы қатынастар туралы билік;

Билікті саясылық және саяси еместік деп бөлуге болады. Саясылыққа — биліктің саяси мәселелерді шешуге қабілеттілігі, яғни әлеуметтік топтардың ықыласын іс жүзіне асыратын құрал ретінде көрінуін айтамыз. Саяси биліктің бір түрі — бір әлеуметтік топтың (жалпылық) екіншісіне билігі (мысалы, бір таптың екінші тапқа үстемдік етуі); мемлекеттік билік; партиялық билік, сонымен бірге, басқа саяси ұйымдардың және қозғалыстардың билігі; саяси лидерлердің (басқарушылардың) билігі. Профессор Байтин осы жөнінде, мемлекеттік және саяси билікті қосып, олардың бір ғана құбылыс екендігін дәлелдеуге тырысқан. Дегенмен, мұндай көзқарас толық дәлелденбеген.

Әртүрлі әлеуметтік құрылымдар ішіндегі билік (қоғам, ұжым, мекемелер, т.б.) ұйымдасу жолы мен билік жасауына байланысты демократиялық, не демократиялық емес болуы мүмкін. Бұл бөліну саяси билікке ғана қатысты емес, тағы басқа ұжымды басқаруға қатысты, себебі демократия саяси емес болуы да мүмкін.

Қоғамдағы саяси билік (ең алдымен, мемлекеттік билікке қатысы бар) легалды (заңды) және көлеңкелі болуы мүмкін. Оның алып жүрушілері билеуші элитадағы формалды емес топтар, саяси секталар, мафиоздық ұйымдар болуы мүмкін. Мұнда «легалды билік» және «легитимді билік» түсініктерін аралас қарауға болмайды. Бұл түсініктер жақын болғанмен, бірдей емес. Легалды биліктің өмір сүруінің құқыққа сайлығын формалды-заңдылық жағынан оны этикалық бағалаусыз сипаттайды, ал легитимдік тұрғындардың билікті мойындауы, оны адалдық сапа ретінде және саяси ақталған құбылыс ретінде қабылдауы. Былай болуы мүмкін, мемлекеттік билік легалды, бірақ легитимді емес. Легитимдік теорияның саяси үстемділігінің жасалуы мен дамуына үлкен үлес қосқан неміс саясаттанушысы, экономист және социолог Макс Вебер (1864—1920 жж.) болды.

Биліктің саяси емес түрлерінің ішінен отбасылық билікті бөліп, ең маңызды және көне тарихы бар билік ретінде айтуға болады.

Генетикалық қамтамасыз ету көзқарасына байланысты құбылыстың дамуында мемлекеттік билік мемлекетке қатысты алғашқы болып табылады. Қоғамның нақты қажеттілігі (оның белгілі даму кезеңінде) билікте осындай қасиеттерімен (мемлекеттік билікке қатынасы бар) жағдайлар мемлекеттің пайда болуын қамтамасыз етті. Мемлекет мемлекеттік биліктің алып жүрушісі, осы биліктің

сүйенетіні, сондықтан ол құрылғанда билікті ұтылмайтын қасиеттермен (белгілермен) қамтамасыз етуі шарт, яғни сол билікті мемлекеттік атаумен айту мойындалған.

Мемлекеттік биліктің ерекшелігін, оның ереже қасиетін, белгісін айта отырып, екі жағдайды еске сақтауымыз қажет: біріншіден, тығыз бөлінбейтін, мемлекеттің билігімен, мемлекеттің байланысын, ал екіншіден, мемлекеттік билікпен, мемлекет — бұл дегенмен әртүрлі, бір-біріне ұқсамайтын құбылыстар. Осыған байланысты, бір жағынан, мемлекеттік биліктің белгісі және мемлекет бірімен-бірі қарым-қатынаста болады, тығыз араласып кеткен, ал екінші жағынан — олар толық сәйкес келмейді және оларды сипаттауға ыңғай әртүрлі болуы қажет.

Мемлекеттік биліктің ерекше қасиеттеріне мыналарды жатқызуға болады:

1) Мемлекеттік биліктің күштілігі, оның негізіне жататыны мемлекет: басқа ешқандай билік сондай ықпал ету құралын пайдалана алмайды.

2) Мемлекеттік билік көпшіл. Жалпы оның мәні де көпшіл, яғни барлық билік қоғамдық. Дегенмен, мемлекет теориясында бұл сипаттамаға басқа дәстүрлі мән беріледі, нақты сол, мемлекеттік биліктің кәсіби аппаратпен іске асырылуы, қоғамнан бөлінген билік объектісі ретінде.

3) Мемлекеттік билік егеменді, олай болатын себебі оның сырттай тәуелсіздігі және ел ішіндегі үстемдігі. Мемлекеттік биліктің үстемдігі, ең алдымен, оның билігі барлық басқа ұйымдардың және елдің жалпылығынан жоғары тұратындығы және оның барлығы мемлекеттің билігіне бағынуға міндетті.

4) Мемлекеттік билік әмбебап: ол өз күшін барлық аумақтарға және елдің барлық тұрғындарына таратады.

5) Мемлекеттік биліктің шексіз құқығы бар, яғни жалпыға міндетті тәртіп жолын шығаруға құқығы бар — заңды нормаларды.

Мемлекеттік билік үнемі және тоқтаусыз әрекет етеді.

## **64. Мемлекеттің түсінігі**

Мемлекеттің шығу белгісіне оның өзі жатады:

- а) қоғамдық құбылыс;
- ә) саяси құбылыс;
- б) жүйе ретінде, яғни тұтастығы, өзінің бөліктері мен белгілі мақсатты шешуге бағытталған құрамдарының барлығы.

Тұтасымен мемлекеттің түсініктемелі сипатын екі бағытта өткізуге болады:

а) «жоғарыдан төмен» — мемлекеттің қоғамдық-ру құрылымындағы билік органдарынан өзгешелігі;

ә) «көлденең» — мемлекеттің қоғамдағы басқа саяси ұйымдардан өзгешелігі.

Алғашқы қауымдық қоғамнан билік органдарынан мемлекетті мыналар айырып тұрады:

— биліктің «көпшілік» белгісі. Жалпы көпшілік, яғни қоғамдық, әрбір билік болады, бірақ бұл кезде бұл атауға арнайы мән беріледі, нақтысында, мемлекет субъект ретінде билікті өз объектісінен (қоғамнан) жеке функцияларды алып жүруші, одан бөлінген (билік) «субъект — объект» принциптері негізінде ұйымдастырылған. Бұл кезде өзінің барлығын кәсіби мемлекеттік аппараттың барлығына байланысты көрінеді. Алғашқы қауымдық қоғамның билік органдары өзін-өзі басқару принципінде ұйымдастырылған және қоғамның өз ішінде тұрғандай көрінген, яғни субъектілер мен билік объектілері сәйкес келген (толығымен, не жекелеген). Ф. Энгельс айтқандай, ру старшинасы «қоғамның ішінде тұр», ал монархтар және басқа мемлекеттік қайраткерлер «еріксіз бірдеңенің сыртында және соның үстінде деп ойлауға тырысқан». Сонымен, мемлекеттің негізгі бір принциптеріне жататындар көпшілік биліктің аппараты болып табылады. Мемлекет осы белгісі жағынан көпшілік биліктің саяси ұйымы ретінде сипатталады.

— рулық қоғамда адамдар өздерін өздері басқарған. Қандық туысқандық белгілері арқылы біріккен. Мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамда тікелей басқарылады және әлеуметтік процестер ұйымдастырылады, ол белгілі (мемлекеттік) аумақтарда өтеді: адамдар мемлекеттік биліктің, тұтасымен белгілі аумақтарды басқаратын органдардың қарамағына түседі, себебі олар сол өз аумақтарында тұрады, яғни мемлекеттік билік аумақтық принцип негізінде ұйымдастырылады және осы мәнінде мемлекет — ел болып есептеледі.

— мемлекеттік қазына белгісінің болуына байланысты оларға қатысы бар құбылыс салық (көпшілік билікпен белгіленген тұрғындардан жиналатындар, ертеректе уақытына сай, белгіленген мөлшерде күшпен тұрғындардан жиналған), ішкі сыртқы заемдар, мемлекеттік несиелер, мемлекеттің қарыздары, яғни мұның барлығы мемлекеттің экономикалық қызметін сипаттайды және оның қызметтерін қамтамасыз етеді. Марксизм теориясында атап өтілгендей, «салықта мемлекеттің өмір сүруінің экономикасы көрсетілген». Әдебиетте осы туралы мынандай пікірлерді кездестіруге

болады, яғни салықтың қажеттігі сонда, «бірнеше салаға бөлінген мемлекеттік аппараты, материалдық игілікті өндіруге қатыспағандарды, көпшілік билікті асыруға» қажеттігі (профессор М. И. Байтин). Егер іс тек осылай болса, тұрғындардан салық жинау қажеттілік деп айтуға болады. Мұндағы негізгі назарды мынаған аударған жөн, яғни салық жинау — бұл мемлекеттік қазынаны толтыру мақсатында жүргізілетін маңызды жолдардың бірі, өйткені ол мемлекеттің өмір сүруінің материалдық негізі, оның ішкі функциясын орындаудың экономикалық жағдайы. Сонымен бірге, мемлекеттік аппаратты асырау мемлекеттік шығынның бір бабына жатады.

Басқа саяси ұйымдардан мемлекетті айыратын, ең алдымен, оның егемендігі. Мемлекеттің егемендігі мына екі жақтың бірлігі болып есептеледі:

- а) мемлекеттің сыртқы тәуелсіздігі;
- ә) мемлекеттің ел ішіндегі үстемдігі;

Мемлекеттің сыртқы тәуелсіздігі басқа мемлекеттің егемендігімен тежеледі (бір адамның бостандығы екінші адамның бостандығымен тежелгендей).

Мемлекеттің егемендігінен (мемлекеттік биліктің үстемдігі) мемлекеттің басқа белгілері шығады, ол оның басқа саяси ұйымдардан бөлек екендігін көрсетеді:

— мемлекет өзінің билігін елдің мемлекеттік шекарасына сай барлық аумақтарға таратады;

— мемлекеттің тұрғындармен тұрақты заңды байланысы бар (қол астына қарайтындар мен азаматтар түрінде), оларға өзінің билігін жүргізеді және олардың ел ішінде және сырт жерде де қорғалуын қамтамасыз етеді;

— тек мемлекет қана жалпыға бірдей міндетті билік ұйымдарын (заңды нормаларды) шығара алады. Сонымен қатар, ол басқа қоғамдық биліктің, кез келген жұмысын мойындамай жоққа шығара алады;

— тек мемлекеттің ғана легалды күш қолдану монологиясымен тұрғындарға қатысты пайдалана алады (оның ішінде дене күшімен мәжбүрлеуге);

— мемлекеттің басқа ешқандай саяси ұйымдарда жоқ мынандай ықпал жасайтын құралдары бар (әскер, полиция, қауіпсіздік сақтау органдары, абақтылар, т.с.с.).

Кей кездерде мемлекеттің белгісіне құқықты жатқызады. Бұл, әрине дұрыс емес. Құқық мемлекеттің белгісіне жатпайды, себебі мемлекет те құқықтың белгісі емес. Құқық және мемлекет —

жекелеген құбылыстар және олардың жекелеген белгілері жеткілікті. Құқық мемлекеттің белгісі емес, қоғамдағы мемлекеттің өмір сүру белгісі, бұл бірдейлікке жатпайды. Қоғамның мемлекеттік ұйымы, соған байланысты ондағы құқықтың барлығы туралы айтуға мүмкіндік алады. Егер мемлекеттің шексіз құқығы туралы әңгіме туса, яғни заң нормаларын шығаруға, онда да құқықты мемлекеттің белгісі деп білуге негіз жоқ.

Әдебиетте мемлекетке қатысты және басқа құбылыстарға байланысты мынадай сөз тіркестерін кездестіруге болады — «түсінік және негізділік». Дегенмен, сол, не басқа құбылыстарды тұтас сипаттағанда оның мәні негізгі белгісі ретінде көрінеді және ол белгі басқадай, сол түсінікке барлық объектілердің негізгі белгілерінің жиынтығы ретінде кіруі міндетті. Сондықтан, мемлекеттің негізін сипаттау оның түсінігінің бір бөлігі, мемлекеттің негізділік белгісі оның көптеген басқа белгілерінен өзінің философиялық табиғатымен шығады, яғни күрделілігімен және біржақтылық еместігімен. «Негізділік» философиялық категория ретінде құбылыстағы маңыздылықты сипаттайды, ол оның табиғатын белгілейді және құбылыс өзімен не істейтіндігін көрсетеді: негізділік өзгергенде объект бұрынғыдан өзгеріп, басқа құбылысқа айналады.

Мемлекеттің негізі туралы көптеген пікірлер бар. Саяси ойларда акцентті таптыққа, не мемлекеттің жалпы әлеуметтік табиғатына аударған. Қандай оқиғада болмасын, қоғам дамуының белгілі кезінде мемлекет оны ұйымдастыратын қажетті жол, оның өмір сүруінің және өмірлік әрекетінің бөлінбейтін жағдайы.

Қазіргі кездегі көзқарастарға сәйкес, мемлекет міндетті түрде билік жүйесі, қоғамды адамның ықыласы үшін ұйымдастырушы ретінде болуы қажет. Және басқа жүйе сияқты, мемлекет тұтас болуы қажет: ұйымдасқан билік және аумақтық бағдарда. Мемлекет «үлттық» тұтастықты сақтайды, яғни басқа әлеуметтік қоғамдастық.

Мемлекеттің әлеуметтік құбылыс ретіндегі қиындығы оның түсінігінің көпжақты екендігін қамтамасыз етеді. Кейінгі кездегі, оқулық әдебиеттерінде мемлекеттің түсіндірілуі: «Қоғамдағы саяси биліктің ұйымдасқан нысаны, егемендікпен және құқық негізінде, арнайы тетіктердің көмегімен қоғамды басқарушы» (А. Иванов). немесе «Мемлекет көпшілік-құқықтық және егеменді билік ұйымы, барлық тұрғындардың ықыласын қамтамасыз етуші және адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі» (В. И. Гойман-Червонюк).

«Мемлекет» деген атаудың өзі екі түрғыдан пайдаланылады. Мемлекет қысқа мағынада, не мемлекеттің өзі ерекше саяси ұйым

ретінде және көпшілік биліктің аппараты ретінде түсініледі. Мемлекет кең мағынада белгілі аумақта орналасқан мемлекеттік-ұйымдасқан әлеуметтік бірлестік. Нақты кейінгі түсінікке қатысы бар атау «ел», тек осы оқиға бойынша айтуға болатыны — біз «мемлекетте» өмір сүреміз.

Дегенмен, мемлекет — көпшілік биліктің аппараты ретінде қоғам қалпындағы нақтылы адамдардың жиынтығы. Мұнда мемлекеттік аппараттың адамдар ортасы (субстрат) белгілі талаптарға жауап беруге міндетті, кәсіби және кәсіби этикалық дайындығы болуы қажет. Кейінгі талаптағы сапалық өте маңызды, себебі нақтылы сол мемлекеттік қызметкерлерді «мемлекеттік қайраткерлерге» айналдырады. Мемлекеттік қайраткер, ең алдымен, өз мүддесін ойламай, мемлекеттің және қоғамның мүддесін ойлауы қажет және соған сәйкес өзіне берілген билікті пайдалануы керек.

Адамдық орта (субстрат) — бұл мемлекеттің тетігінің құрамы, бірақ мемлекет қандай болмасын жүйе ретінде басқа жағы бар құрылыс (элементтер жүйесінің тиімді байланыс жолы, яғни мемлекет ұйыммен не істейді). Мемлекет құрылысы салыстырмалы бостандықта: адам құрамы өзгеруі мүмкін, ал мемлекет құрылысы өзгерусіз қалады.

Мемлекеттік тетіктің (механизмнің) тағы бір анықтаушысы, яғни өмір сүру үшін және толыққанды қызмет істеу үшін ол материалдық негізге сүйенуі міндетті, яғни марксизм теориясында оны мемлекеттің «заттық қосындысы» деп атайды.

## **65. Мемлекет және бюрократия**

«Бюрократия» сөзі (француз тілінен «вичеаи» — стол, канцелярия және грек тілінен «kratos» — билік) тікелей айтсақ, стол бастығы, канцелярия билігі, кеңселер.

Бюрократияны түсінудің негізгі екі тәсілі бар. Оның біреуі белгілі неміс ғалымдарының бірі социолог Макс Вебердің (1864—1920 ж.ж.) атымен байланысты, оның еңбектерінде маңызды басқару теориясы жөніндегі идеялар қалдырылды. Бұл орайда «бюрократия» атауымен рационалды ұйымдастырылған басқару жүйесі белгіленген, онда істер міндетті қызметкерлермен өз жөніндегі кәсіби деңгейде заңдар мен басқа жолдармен шешіледі. Басқаша ыңғайда бюрократия жағымсыз бағаланады және тіпті қажеті жоқ қоғамдық құбылыс ретінде қарайды. Әдеттегідей, әр уақытта мұндай оқиғада үшінші көзқарас бар, яғни бюрократияны қоғамға қажетті құбылыс ретінде

қарағанда, бірақ өзінің тиімсіз (жаман) жақтарының барлығын айқын көрсетеді. Кейде «жақсы» мен «жаманның» арасына сөздің өзгешелігіне байланысты «бюрократия» және «бюрократизмнің» арасына бөлектік кіргізуге тырысады: былайша айтқанда, бюрократия — бұл жақсы, ал бюрократизм — жаман. Мұндай жеткілікті түрдегі оқиға, акцентті дәл қоюды талап етеді.

Бірінші тәсілге қатысты айтсақ, сайып келгенде «бюрократия» сөзі Макс Вебер түсіндіргендей, позитивті мағынада пайдаланылады, ал әлеуметтік аномалия үшін «бюрократия» сөзі оның жағымсыз жағын көрсетіп тұрғандықтан, басқа бір атауды іздестіру керек. Дегенмен, мұндай атаулық (терминологиялық) операция ештеңе бермейді, себебі қоғамды қиындықтан ал бізді оны зерттеп, сонымен күресу қажеттігінен құтқармайды. Сондықтан, әңгіме белгілі әлеуметтік аномалия ретінде нақты бюрократия туралы болады.

Бұл құбылыстың негізгі ерекшелігін белгілейік.

**Біріншіден**, бюрократия — бұл қоғамдық құбылыс, әлеуметтікке, тек социумға қатысты (қоғамға).

**Екіншіден**, бюрократия — демократия ретінде құбылыс, сондай әлеуметтік құбылыспен тығыз байланыстағы билік құбылысы. Екі сөздің де ішіндегі билік деген сөздің болуы жәй ғана сәйкестік емес. Бюрократия және демократия — екеуі әртүрлі, ал нақтылы қарама-қарсы әлеуметтік ұжымда биліктің ұйымдастыру жолы.

**Үшіншіден**, бюрократияның демократия ретінде, тек мемлекеттік билікке ғана емес, кез келген қоғамдық ұйымдардың билігіне қатысы бар (мысалы, партияларға). Дегенмен, бюрократия демократиядан бөлек, тек сол жағдайда болады, егер билік субъектісі және оның объектісі бөлінген болса, бір-бірінен аластатылса (мемлекеттік билікке дәл сипатта). Бұл субъектілердің бөлінуінде және билік объектісінде үнемі өзінде өсімін жасырған бюрократияның объективті негізі жатыр. Осыған байланысты бюрократияны зерттеуші В. П. Макаренко мемлекеттің бюрократизмін «саяси шеттетудің материализациясы» деп сипаттаған.

Бюрократияны толығымен жою (нақты билік-басқару жүйесінің қалпында, бүкіл қоғам мөлшерінде) тек айтылған объективтік негізден оларды айырып, басқа принципті басқару жолына өту арқылы мүмкін болады, нақтылы өзін-өзі басқаруға, себебі олар биліктің субъектісі мен объектісінің сәйкес келуін болжайды. Адам әлеуметтік деңгейде көбінесе басқару объектісі ретінде көрінеді, ал физиологиялық деңгейде тұтас тірі организм ретінде ол өзін-өзі басқаратын жүйені көрсетеді, ол «бюрократтыққа» айналмайды: адам өзіне қатысты бюрократ бола алмайды. Мемлекеттілікке

дейінгі билік ұйымдарының нысанында бюрократия болмаған, олар алғашқы қауымдық табиғи өзін-өзі басқаруды көрсетеді. Өзін-өзі басқару — бұл демократияның **апофеозы**, оның көбірек толық кіруі. Сондықтан, демократия және бюрократия **антикодтар** ретінде көрінеді.

Қалай және қандай жағдайда биліктің объектісі мен субъектісі қоғамдық (әлеуметтік) ұйымдарда бюрократияның пайда болуына ықпал етеді? Билік субъектісі сол, не басқа әлеуметтік құрылымдарда (ұжымдарда, ұйымдарда, қоғамда) осы ұжымның мүддесі үшін, не тұтасымен қоғам үшін билік берілген, оның мақсаты — әлеуметтік тиімді басқару. Дегенмен, субъект пен объектінің анық сәйкес келмейтіндігі, олардың бөлектігі объективті түрде олардың мүдделерінің сәйкес еместігін (толық емес сәйкестігін) белгілейді, яғни әлеуетті түрде өзінде билік ететін субъекті мен өзіне берілген билікті өз пайдасына сай билік ету жүйесінің мүддесін (егер ол ұжымдық сипатта болса) және оның мүшелерін қанағаттандыруға арналған. Нақтылы айтсақ, бюрократизмнің мәні және негізі осында жатыр. Әдебиетте мемлекет мөлшерінде бюрократизмді бейнелі түрде адал сипаттайды — «халықтан ұрлаушы билік» ретінде (В. И. Лихачев). Осындай қоғамға жайылған бюрократизм туралы пікірлер: рухсыздық, формализм, сөзбұйдаға салу, көпқағаздылық ретінде, олар — тек оның қоғамға қарсы негізінің сыртқы көрінісі.

Дегенмен, «бюрократия» мен «бюрократизм» түсініктері қандай қарым-қатынаста болады?

Профессор Б. П. Курашвилдің пікірінше, бюрократизм — бұл жарамайтын, бүлінген басқару (не нысан) стилі, ал «бюрократия — бұл бюрократтардың жиынтығы, басқару аппаратында және қоғамда кейбір топтарды, кландарды құрушылар». Біздің ойымызша, қалай болса да, бюрократия — бұл бюрократтардың жиынтығы емес (демократия сияқты — бұл демократтардың жиынтығы емес), арнайы қоғамдық құрылымдағы белгілі билікті ұйымдастыру жолы. Ал бюрократизм (демократизм сияқты) — бұл қасиеттердің, сапалардың, белгілердің жиынтығы, бюрократиялық (кейде демократиямен — демократиялық) билік басқарушылықтағы жүйені сипаттайды. Шын мәнінде, бюрократия және бюрократизм — екеуі бірдей құбылыс, бірақ әртүрлі жағдайда, әртүрлі қатынастарда қаралады. «Мемлекет» және «мемлекеттілік» түсініктері сияқты бірдей құбылыстарға сүйенеді, бірақ «мемлекет» сөзі оның еркіндіктегі тұтастығын көрсетеді, ал «мемлекеттілік» сөзі оны қоғаммен бөлінбейтін байланыстағы көзқараспен қарауға мүмкіндік береді — «мемлекеттілік» мемлекеттің қоғамға тиістігін белгілейді, мемлекетті қоғамның белгілі қасиеті (сипаты) ретінде көрсетеді.

Бюрократизмге кез келген мемлекеттік деңгей ұшырауы мүмкін: лауазымды адам, мемлекеттік орган, мемлекет түгелімен. Мұнда бюрократизм динамикалық құбылыс, ол трансформацияға тартылған, яғни билік-басқарушылық жүйеде ол көп болуы мүмкін, не аз болуы мүмкін. Жүйеде бюрократизм көп болған сайын, соған сай демократизм аз және керісінше. Сондықтан, бюрократизммен күрес мүмкін және қажет. Мұнда мынаған көңіл аудару керек.

Ертеде бюрократизммен күрестегі нағыз құрал басқару принципін өзгерту деп білген, яғни өзін-өзі басқаруды қолдаған. Дегенмен, ондай өту, кез-келген әлеуметтік жағдайда мүмкін және барлық билік жүйелері үшін емес. Мұндай жағдайда міндетті түрде бюрократизммен күресуге тактикалық шаралардың жүйесі жасалуы қажет. Бұл жүйенің жалпы мақсаттары — билік субъектісінің және объектінің тұрақты кері байланысын құру. Ондай байланысты жөнге келтіру үшін тұтасымен белгілі және демократиялық табиғаты бар: бұл қалыптастырудың демократиялық процедурасы және олардың құрылысына ықпал етуге мүмкіндік беретін билік жүйесінің қызмет істеуі; жеке адамдық құрылым; әртүрлі бақылау мен тексерудің тетіктері, т.б. Бірақ, мұндағы көңіл аударатын нәрсе, мемлекет тетігінде сондай ықпал жасауға органдардың әртүрлі жүйесі ашылған: біреулері үлкен сатыда, басқасы кіші сатыда. Соған сай әртүрлі сатыда бюрократизацияға ұшыраған. Сондықтан, бюрократия және бюрократизм туралы ойлар, ең алдымен, басқарушы, кәсіби мемлекеттің шенеунік аппаратымен, олар көп жағдайда қоғам үшін жабық және көбірек сатыда бюрократиялыққа ауысуға айналған. Ал мемлекеттік биліктің өкілетті органдары демократиялық жолмен қалыптасқан, қоғамға көбірек бағынышты және бюрократизацияға азырақ ұшыраған. Алайда, онда да бюрократиялық тенденциялар болуы мүмкін: депутаттардың жеке басына қажетті мүдделерге бағдарлануы, не парламенттің бюрократиялық мүддесі мемлекеттік органдардың ерекше жүйесі ретінде; аз топтағы адамдарға қажетті («тапсырыс» берілген заңдарды) заң жобаларын «итеріп өткізу», т.с.с.

Мемлекеттің заңды органдарының бюрократизациясы ерекше қауіпті (оларды тағы да «құқық қорғаушы» деп атайды), себебі олар өздерінің қызметтерінде мемлекеттік биліктің өте қатаң жолдарын пайдаланады және формальды көрсеткіштерге, өз жүйесінің мүддесіне сүйене отырып, адамдардың өмірлік маңызды мүдделерін өте жоғары деңгейде бұзуы мүмкін. Мысалы біраз уақыт өткеннен кейін адамның кінәсіздігі белгілі болады, ал ол адамға өлім жазасы бұрын сотпен кесілген болатын, нақтылы осы себепте, бюрократтық жұмыстың нәтижесін көреміз.

Сонымен, бюрократизм әлеуметтік аномалия, патология ретінде кәсіби (басқару объектісінен жекеленген) билік-басқару жүйесіне тән нәрсе (мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың), оның мәні сонда, билік субъектісі біртіндеп элементтің сапасын тұтас билік жүйесінде жоғалта бастайды («субъект-объект»), яғни өзінің кәсіби қызметінде сол мақсат үшін құрылған бағдарға сүйенуді тоқтатады және өзіне жұмыс істеуді бастайды, яғни өзінің статусын бекітуге, ең алдымен, өзінің меншікті мүддесін есепке алады, ол әрі қарай жүйе ішіндегі бүлдіруші экспанцияға көшеді, ақыр аяғында билік-басқарушы жүйенің өзінің құруына әкеліп соғады.

Кейінгілердің олай болуы жалпыжүйелік заңдылыққа байланысты, яғни жүйенің мақсатсыз дамуы (яғни басқа жүйенің элементі емес жүйенің дамуы), өзін-өзі құрту процесі, жүйені ішкі жарылуға әкеліп соғады (желі көбейген шардың жарылғаны сияқты). Тура сол сияқты, мәнсіз билік-басқару жүйесінің өмір сүруі мүмкін емес, себебі ол түгелімен басқару объектісінен жырақтап, өз функциясын «ұмытқан». Билік субъектісі өзін басқару объектісіне қарсы қойса, әлеуметтік пайдалы байланыстан тыс, жәй айтқанда өмірге қабілетсіз. Көп жағдайда билік объектісі мұндай оқиғада бюрократизмге ұшыраған, билік қатынастарындағы дисфункцияны құртатын субъектіге айналады.

Барлық жоғарыдағы айтқандарды есепке ала отырып, бюрократизмнің құбылыс ретіндегі билікті белгілі ұйымдастыру жолын сипаттайтын мынандай ерекшелігін бөліп көрсетуге болады:

1. Бұл құбылыстар қоғамдық, әлеуметтік, тек социумға тән (қоғамға);

2. Билік әлеуметтік құбылыспен бөлінбейтін байланыстағы құбылыс билік ретінде;

3. Бюрократизмнің принципті түрде кез келген билікке қатысы бар (мемлекеттік және мемлекеттік емес), субъекті мен билік объектісін бөлу принципімен ұйымдастырылған (мемлекеттік билік нақты осылай ұйымдастырылған);

4. Бюрократизм проблемасы арнайы дайындалған қоғамдық құрылымдарға (ұжымдарға, ұйымдарға) тән, дегенмен, негізінде ол жалпы заңдылықтың жеке көрінісі, басқару орталығы мен оның объектісінің бөліну жағдайындағы қарым-қатынасы;

5. Бюрократизмнің объективтік негізіне субъект пен объектінің бөлінуі жатады, оларды бір-бірінен шеттету, өзінде билік етуші субъектімен берілген билікті өз пайдасына шешуге бағытталған қауіпті жасырады, оны билік жүйесінің мүддесін қанағаттандыруға пайдаланады, міне, бюрократизмнің негізі осында;

6. Бюрократизммен тиімді күрес жүргізу құралына билікті және басқаруды ұйымдастырудағы принциптердің өзін өзгерту жатады, нақтысы — өзін-өзі басқаруға көшу. Дегенмен, ондай өту әрбір әлеуметтік жағдайда және барлық билік жүйесі үшін мүмкін емес. Мұндай оқиғада билік субъектісі мен объектінің кері байланыстары жөнге келтірілуі қажет;

7. Бюрократизмге кез келген мемлекеттік билік ұшырауы мүмкін: лауазымды адам, мемлекеттік орган, мемлекет тұтасымен;

8. Бюрократизм динамикалық құбылыс: билік-басқару жүйесінде ол көп болуы да, аз болуы да мүмкін. Осы жағдайлар бюрократизммен күресу мүмкіндігін белгілейді;

9. Мемлекеттік әртүрлі органдар жүйесі әртүрлі сатыдағы бюрократизацияға ұшыраған: бюрократизацияға көбірек деңгейде жақындау тұрған кәсіби басқару аппараты, мемлекеттік қызметкерлер, олар атқарушы биліктің негізі, ал аздауға — демократиялық жолмен құрылған мемлекеттік органдар;

10. «Бюрократия» — бұл билікті ұйымдастырудың жолы, ал «бюрократизм» сапалар жиынтығы, қасиеттер белгілер, бюрократиялық ұйымдасқан билік-басқару жүйесін сипаттайды;

11. Бюрократия және демократия антикод ретінде көрінеді: олар өз негіздеріне сай қарама-қарсы билікті ұйымдастыру жолдары.

## **66. Мемлекет және демократия**

«Демократия» сөз грек тілінен шыққан, «demos» — халық және «kratos» — билік, «халық билігі». Бұның байланыстылығы сонда, тарихи бірінші демократиялық мемлекеттің нысаны (формасы) Ежелгі Грецияның құл иеленуші демократиясы болды (б.д.д. V—IV ж.ж.), онда демос — шаруалар, қола колөнершілері, ұсақ саудагерлер (құл демосқа кірмеген) қала, мемлекеттің толық құқылы азаматтары ретінде халық жиналысы арқылы (жоғары және заң шығарушы билік полист) заңдарды жазуға және жоғарғы лауазымды адамдарды сайлауға қатысқан. Афин мемлекетінің саяси тәжірибесі (ол кішірек болған: астанадан оның шеткі нүктесіне дейін — барлығы бірнеше ондаған километр) қазіргі демократиялық мемлекетті құрудың негізін салды.

Демократияны охлократиядан айыра білу қажет (грекше — «тобыр билігі»). Охлократия мемлекеттік институттарда құқыққа қарсы тұрады, азаматтық бостандықты зорлық принципімен ауыстырады. Охлократияда тобыр өзін жағдайдың басқарушысы ретінде көріп, бүлінушілік, қырып-жою, тәртіпсіздік ұйымдастырады.

«Демократия» атауы әртүрлі мәніділік жағы бар сөз ретінде пайдаланылады:

а) мемлекеттік билікті ұйымдастырудағы ерекше нысан, мұнда билік бір адамға жатпайды, барлық азаматтарға, яғни мемлекетті басқаруға тең құқықты пайдаланушыларға (Ежелгі Грецияда демократия осылай түсіндірілген);

ә) кез келген ұйымдардың құрылу нысаны, оның мүшелерінің теңдік принциптеріне негізделген, басқару органдарының кезеңдеріне байланысты сайланатындығы және ондағы шешімдердің көпшілік дауысқа сай қабылдануы;

б) әлемтану, бостандық, теңдік, адамның құқығын, азшылықты сыйлау және халық егемендігі идеалдарына негізделген;

в) әлеуметтік қозғалыс демократия идеяларын өмірге кіргізу нысаны ретінде.

Дегенмен, қандай жағдайда болмасын, демократия әлеуметтік құбылыс ретінде сондай құбылыс — билікпен тығыз байланысты. Демократия (жолдың біреуі) — билікті ұйымдастырудың жолы. Демократия, ең алдымен, сол, не басқа адамдар ұйымындағылардың мүшелерінің сол ұйымдағы биліктің қызметіне қатыстылығын мойындау (қоғамда, мемлекетте қоғамдық ұйымдарда). Сонымен бірге, демократия саяси және саяси емес болуы да мүмкін. Алғашқы қауымдық қоғам демократиялық жолмен құрылған, себебі ол алғашқы, табиғи өзін-өзі басқару.

Американың президенті Авраам Линкольн демократиялық мемлекетке мынандай анықтама берді: «халықтың басқаруы, халықпен сайланған және халық үшін».

Демократияға мемлекеттік билікті ұйымдастыру жолы ретінде мынандай жалпы принциптер тән:

1. Халықты жоғарғы билік көзі ретінде мойындау, халықтың егемендігін мойындау;

2. Мемлекеттің негізгі органдарының сайланатындығы;

3. Азаматтардың тең құқықтығы және ең алдымен, олардың сайлау құқықтарының теңдігі;

4. Шешім қабылдаған кезде, азшылықтың көпшілікке бағынуы. Сонымен қатар, қазіргі демократия концепциялары либерализм (латынша «liberalis» еркін бағалылығына негізделіп, айтылған принциптерді келесі пікірлермен толықтырады:

а) адамның құқығын сыйлау, олардың артықшылығын мемлекет құқықтарының алдында;

ә) көпшіліктің билігін азшылықтың алдында конституциялық тежеу;

б) азшылықтың меншікті пікірін және оның бостандықта болуын сыйлау;

в) заңның үстемдігі;

г) билікті бөлу, т.б.

Мұнда көпшіліктің демократиясы консенсус демократиясына көшу іске асырылады. Қазіргі демократиялық мемлекетте басқару көпшіліктің еркіне сай жүргізіледі, бірақ азшылық ықыласының есебімен. Сондықтан, шешім қабылдау дауыс беру арқылы іске асырылады және келісу әдісін қолдану арқылы.

Демократиялық мемлекетте әртүрлі нысандағы демократиялық құрылған мемлекеттік билікті пайдалануға болады. Мемлекеттің демократиясы тікелей және өкілетті демократияның қосындысынан құралады.

Тікелей демократия — халықтың тікелей еркін көрсету, не оның бөлігінің еркін білдіру: олармен мемлекеттік мәселелерді және қоғам өмірінің мәселелерін тікелей шешу (референдум, сайлау), не пікірді осы мәселелер бойынша көрсету (заң жобаларын талқылау, митинг, шеру, демонстрациялар, жекелеген және мемлекеттік органдарға шағымдану, т.с.с.). Референдум — бұл заң жобасы бойынша әрекеттегі заңдар бойынша және басқа да маңызды жалпы мемлекеттік маңызы барларға және халықтың мүддесіне тиісті мәселелер бойынша бүкілхалықтық дауыс беру. Референдумға толықтау түсінікті Ю. А. Дмитриев және В. В. Комарова береді. Олардың пікірлері бойынша, «референдум — демократияның тікелей нысаны (формасы), олардың мазмұнында заңмен белгіленген азаматтардың саны кез келген қоғамға маңызды сұрақтармен еркін білдіруге, референдумға кіргізуге болмайтындардан басқа жоғарғы заңды күші бар және органдармен, ұйымдармен және азаматтармен орындау үшін және референдумның шешімі императивтік сипаттағы азаматтармен». Референдум институты дүниедегі көптеген демократиялық мемлекеттермен заң шығару тетіктері ретінде кең пайдаланылады. (Референдумның туған жері ретінде Швейцарияны атайды, ал оның бірінші өткізілген уақыты — 1493 ж.).

Өкілетті (репрезентативная, парламентарная) демократия — өкілетті органдар арқылы халықпен билік жүргізу. Өкілетті органдар халықпен тікелей сайланады, оның заңды өкілдерінен тұрады — депутаттардан және халықтың еркін білдіру үшін, оны көрсету үшін жасалған. Халықтың билігін іске асыруға үлкен маңызы барларға, оларды сайлайтын мемлекеттік лауазымды адамдар, мысалы бүкіл халық сайлайтын Президент жатады. Қандай демократиялық мемлекет болмасын, тікелей және өкілетті демократия принциптерінің байланысына сай құралады.

Демократиялық ұйымдасқан қоғамда мемлекеттік демократия нысандары халық билігінің мемлекеттік емес түрлерімен бірігіп өмір сүреді, яғни жергілікті өзін-өзі басқару (олар мемлекеттік органдар жүйесіне кірмейді), не болмаса, демократиялық принциптерге негізделген әртүрлі мемлекеттік емес (қоғамдық) ұйымдар.

Мемлекеттің демократизмдігі оның барлық механизмі (тетігі) қалай ұйымдасқанына байланысты, ең алдымен, мемлекеттік биліктің жоғарғы органы (басқару нысаны). Осы көзқарасқа байланысты, демократия принциптеріне көбірек жауап беретін республикалық басқару билігі. Қатаң түрде айтсақ, тек сол ғана демократиялық мемлекет болып мойындалады. Дегенмен, бұл бағытта мемлекет нысандарының арасында сәйкессіздік байқалады, яғни сайып келгенде, демократия деңгейі елдегі саяси режимде көрінеді. Мысалы, Ұлыбритания басқару нысанына байланысты конституциялық монархияға жатады, ал саяси режим белгілеріне байланысты — демократиялық мемлекетке.

Бұрынғы КСРО болса, керісінше басқару нысанына байланысты парламентарлық республика, ал саяси режим көзқарасына байланысты авторитарлы мемлекет болды.

Қоғам көлемінде демократияның даму идеалы — халықтың өзін-өзі басқаруы. Жалпы алғанда, өзін-өзі басқару кез келген әлеуметтік көпшілікке демократияның толық сіңгені. Дегенмен, қоғамға толығымен қатысты, мемлекетті қоғамдық өзін-өзі басқарумен айырбастау негізсіз емес, утопиялық, «қоғам өмірінің көптүрлілігін, адам бостандығын есептей отырып және ықыластардың қалай болса да бөлінуі және әртүрлі адамдардың да талпыныстарының бөлінуі, сонымен қатар, әлеуметтік жүйе үшін белгілі мәселелер бойынша шешім шығару қажеттілігі барлығы үшін міндетті шешім» (профессор В. П. Пугачев). Дегенмен, есепке алуға тура келетін нәрсе өзін-өзі басқарудың екітүрлілігі:

- а) биліктің субъектісі мен объектісі толығымен сәйкес келгенде;
- ә) жекелеген сәйкестігіне байланысты.

Кейінгі оқиғада билік орталығы тоқтатылады, бірақ басқару объектісіне қосылды. Сондай өзін-өзі басқаруды біз алғашқы қауымдық қоғамнан байқаймыз: бір жағынан — рулық қоғам (басқару объектісі), ал екінші жағынан — ел ағасы, не болмаса ақсақалдар кеңесі жойылған ретінде, бірақ объекіден айырылмайтын билік (органдары). Ойымызша, нақты осы бағытта концепциялар және мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамды демократизациялау жолдары бағытталуы міндетті. Мұндай түрғыдан қарау басқару кәсіпкерлігімен түрғындарға билікті үйлестіруге және бақылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде, шын мәнінде жеткілікті тиімді репрезентативтік (өкілетті) демократия бар, олар либералды бағалылыққа және плюрализм принципіне негізделген. Сонымен бірге, өкілетті демократияның қарсыластары көптеген жетімсіздікті атап өтеді:

— іс жүзінде халықты билікті сайлау арасында шеттету, соған байланысты халық билігі ретінде демократиядан шегіну;

— күрделі иерархиялық басқару жүйесінің салдарынан құтылуға болмайтын билікті бюрократизациялау, депутаттардың және шенеуніктердің жәй азаматтардан алшақтауы;

— саясатқа көбірек ерекшелеу ықпалды, ең алдымен, көбірек күшті мүдделері бар капиталды топтар жасайды, салыстырмалы түрде лауазымды адамдарды сатып алу мүмкіндігі;

— мемлекетте авторитарлық жүйенің өсу тенденциясы басым, соның негізінде заң шығарушыны атқарушы билікпен ығыстыру;

— биліктің төмен легитимдігі, соның салдарынан азаматтарды одан бүтіндей аластату;

— саяси теңдіктің бұзылуына байланысты, барлық азаматтардың саяси процестерге қатынасу мүмкіндігі өкілетті органдардың үлкен бостандығы есебінен туындайды;

— саяси манипуляцияға кең мүмкіндіктер, биліктің көпсатылы қиын жүйесінің көмегімен көпшілікке тиімсіз шешімдер шығару.

Неміс социологы және саяси қайраткері Ральф Густав Дарендорф репрезентативті демократияны сипаттай келе, «Демократия — «халықтың басқаруы» емес; ондай дүниеде болмайды. Демократия — бұл халықпен сайланатын үкімет, ал егер қажет болса — онда халықпен араласқан, сонымен бірге, демократия — бұл үкімет өзінің меншікті жолымен» деген. Кейінгі кезде демократияға қайталанып халықтың билігін іске асыру жолы ретінде позитивтік баға берілуде, яғни билікті бейбіт, қансыз жолмен ауыстыру әдісі ретінде.

Әрине, демократияның мемлекеттік билікті ұйымдастыру нысаны ретінде жетімсіз жақтары аз емес және әр уақытта қажетті әлеуметтік эффект бермейді, ол саяси мәдениет пен тұрғындардың менталитеттерінің сәйкестігін талап етеді. Оған көшу бірізділікті, ұзақ уақытты талап етеді (Францияда қоғамды демократизациялау процесі 200 жылға созылды, Англияда — 500—600 жылдарға дейін). Отандық саясаттанушы Андраник Мигранян былай жазған: «Демократиялық құрылымдар өзінің алғашқы қалыптасу кезеңдерінде әлі де өте нәзік болатын, егер саяси процеске бір мезгілде көптеген демократиялық мәдениетке оқытылмаған, оның бағалылығы жөнінде ойлары да жоқ адамдар кіріп кетсе, онда бұл нәзік, күрделі, орнықпаған құрылымды олар еріксіз бұзады». Осыған

байланысты оның болжауы бойынша, тоталитаризмнен демократияға өтуде міндетті түрде жанама авторитарлық басқару кезеңі болуы қажет, барлық жоғарғы билік толығымен бір ғана адамның, Мигранян айтқандай «сауатты автократтың» қолында шоғырлануы қажет.

Экстремалды жағдайларда демократия қабылданбайды — соғыс кезінде, қатаң тоқырауларда, т.с.с. Сонымен бірге, Уинстон Черчилль айтқандай «демократияда жетімсіздік көп, бірақ онда бір абырой бар, ол содан құралады, яғни осы уақытқа дейін ешкім одан артық бірдеңені тапқан жоқ».

## **67. Мемлекет нысандарының түсінігі**

Мемлекет саяси ұйым ретінде, билік жүйесі ретінде, қоғамды тесіп өтіп, әртүрлі құрылуы мүмкін. Адамдар оның пайда болу кезінен бастап мемлекетті қалай жақсылап құру туралы ойланып, осы күнге дейін іздеп келе жатқаны белгілі. Себебі мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамда оның өмірі және тұрмыс жағдайы соған байланысты. Төңкеріс, азамат соғысы сияқты құбылыстар адамдардың мемлекеттің құрылысын және қоғамды өзгертуге бағытталған үміттерімен тікелей байланысты.

Көне дәуірден бастап мемлекет құрылысы, оның құрылымы «мемлекет нысанында» көрсетілген. Айта кететініміз, философияда және сол кезеңдердегі юриспруденцияда «нысан» категориясына үлкен маңыздылық берілген. Рим заңгерлері: «нысан затқа тұрмыс береді» деген болатын.

Философияның «нысан» категориясының үш негізгі мағынасы бар:

— бір нәрсенің әртүрлілігі ретінде («пролетариат диктатурасының нысандары»);

— бір нәрсенің сырттан көрнісі, көріну ретінде (сыртқы нысан);

— бір нәрсенің ішкі ұйымы, құрылым жолы ретінде (ішкі нысан).

Мемлекеттің нысаны туралы әңгіме болса, ойға келетіні құрылым жолы. Дегенмен, мұнда көңіл аударатын жалпы философиялық сипаттағы бір жағдай бар. Нақтылы соны, яғни нысанды сырттан көріну жолы ретінде есептемесек (сыртқы нысанды), «нысаннан» кейін әр уақытта біртұтас құбылыс тұрады (мұнда айтылған құбылыс бір қатынастағы нысан ретінде көрінеді, басқа да мазмүн ретінде). «Мемлекет нысанында» ешқандай тұтас құбылыс жоқ. «Мемлекеттің нысаны» ретінде көріну деген, негізінен алсақ, тек

негізгі параметрлердің жиынтығы, көзқарастар, яғни баяғыдан бері мемлекетті сипаттауға маңызды ретінде көрсетіледі: соған байланысты мемлекет толық сипатталуы мүмкін.

Айтылған тезистің дәлелі сол, мемлекет нысанына қатысты оның түрлерін бөліп көрсете алмайды, себебі, олай айтатын болсақ, әңгімені тұтас құрылымдарға қатысты бұруымыз керек. Шын мәнінде, егер әдебиетке көңіл аударсақ, байқауға болатыны сол, онда әңгіме басқару нысанының түрлері, мемлекеттік құрылым түрлерінің нысандары, саяси режимнің түрлері туралы болады, бірақ мемлекеттің нысанының түрлері әр уақытта айтылмайды.

Соған байланысты басқару нысанын, мемлекеттік құрылым нысандарын және саяси режимді мемлекет нысандарының «элементтері» деп атауға негіз жоқ. Себебі, элемент — бұл әр уақытта біртұтастық-тың бөлігі (функционалды біреу). Айтылған құбылыстар оның негізі болса да, мемлекет сияқты күрделі жүйенің әртүрлі сипаттарының біріне жатады. Мемлекет теориясында кездейсоқ емес көзқарас бар, онда саяси режим мемлекет нысанының сыртына шығарылады. Көңіл аударсаңыз шындыққа жақын сияқты.

«Мемлекет нысаны» жоғарыда айтылғандай, мемлекеттанудың жеткілікті түрдегі көне категориясы, олар бұрынғы оқымыстыларды қанағаттандырған. Дегенмен, содан бері ғылым тұтасымен және оның зерттеу әдістемелерінің жүйесі өте жоғарғы даму шегіне үмтылуда. Мемлекетті сипаттауда және зерттеуде жаңа білімдер жүйесін күрделі әлеуметтік жүйе ретінде пайдалану қажет. Қазіргі кездегі жүйе туралы көзқарастар бойынша мынандай қорытындыға келуге болады, яғни «саяси режим» мемлекеттің динамикалық, функционалды жағын сипаттайды: ол қалай әрекеттенеді, билік жасайды, қоғамда қандай саяси атмосфера құрады. «Басқару нысаны» және «мемлекетті құрылым нысаны» мемлекет құрылымын сипаттауға тікелей қатысты.

Дәстүрлі «басқару нысаны» категориялары түсінігі негізінде жоғарғы мемлекеттік билік органдарына тұтас қосымша мемлекеттік жүйе ретінде талдау жүргізіледі. Қандай болмасын кез келген мемлекеттің жоғарғы органдарының қосымша жүйесінің екі жағы бар: құрамы (қажетті және жеткілікті элементтердің жиынтығы) және құрылысы (элементтер арасындағы тиімді байланыс жолдары).

Жоғарғы мемлекеттік билік органдарының құрамына талдау жасаумен қатар, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын (құрылысын) білу, басқару нысанын сипаттау, дәстүрлі жолмен осы органдардың қалыптасу тәртібін сипаттауды болжайды. Мемлекеттің құрылым нысанына мемлекеттің әкімшілік-аумақтық ұйымы, мемлекеттің

бөліктерінің арасындағы сипат, орталық және жергілікті органдардың арасындағы қарым-қатынас жатады.

Мемлекеттің нысанына әртүрлі факторлар әсер етеді: мемлекеттің кейпі (типi), тұрғындардың ұлттық құрамы, тарихи дәстүрлер, мемлекеттің аумақтық мөлшері, т.б. Мысалы, мемлекеттің феодалдық кейпіне әдеттегідей монархиялық басқару нысаны сәйкес келеді, ал буржуазиялыққа — республикалық сай. Не болмаса, аумағы үлкен емес мемлекеттер көбінде унитарлы болады.

Біздің ойымызша, қазіргі кезде унитарлы мемлекеттің басқа түсіндірмесіне көңіл аударған жөн. Мысалы, Қазақстан Республикасы жер аумағының кеңдігіне (үлкендігіне) қарамастан, унитарлы мемлекетке жатады. Яғни, қазіргі кезде унитарлы мемлекет болу үшін басқа да талаптар қойылуы мүмкін.

«Саяси режимнің» түсінігін кең және қысқа мәнде түсіндіруге болады. Қысқа мәнде «саяси режим» дегеніміз, мемлекеттік режим — мемлекеттік билікті іске асырудағы жолдар мен әдістердің жиынтығы. Кең мәнде саяси режим дегеніміз, қоғамның кезіндегі барлық саяси атмосферасын көрсетеді, яғни мемлекеттік биліктің және басқа қоғамдағы саяси қарым-қатынастағы институттарымен құрылады. Саяси режимнің елдегі саяси жағдайларға байланысты мүмкіндігі бар:

а) түгелімен мемлекетпен белгіленеді және сондай жолмен іс жүзінде мемлекеттік режиммен сай келуі мүмкін;

ә) негізінен қоғамның азаматтық институттарының қызметімен қамтамасыз етіледі.

Атап айтсақ, саяси (мемлекеттік) режим іс жүзіндегі қатынаста ең маңызды мемлекетті сипаттаушы болып табылады, себебі адам үшін, сайып келгенде, басқару нысаны көзқарасына байланысты, оның елі қандай мемлекетке арнайы жататындығы маңызды емес, не болмаса мемлекеттік құрылымы, ол үшін маңыздысы, ондағы шын мәніндегі саяси атмосфера қандай, оның меншікті экономикалық және құқықтық жағдайы қалай екендігі.

Бір режимнің өзі әртүрлі басқару нысанында болуы мүмкін. Мысалы, Англия басқару нысанында — конституциялық монархия, ФРГ және Италия — парламенттік республикалар, АҚШ және Франция — президенттік республикалар, бірақ бұл елдердегі саяси режим біреу ғана — буржуазиялық демократия. Мысалы, 1930 жылдары Германия, Франция және Кеңес Одағы арнайы түрде республика болып аталатын болды, бірақ олардағы мемлекеттік режимдер әртүрлі болды. Сонымен бірге, мынандай тәуелділікті байқауға болады, яғни саяси режимнің өзгеруі мемлекеттің

нысанының өзгеруіне әкеліп соғады және керісінше — мемлекетті қайта құру басқару нысанының көзқарасына байланысты және мемлекеттің құрылымының өзгеруі мемлекеттік биліктің қызметінің режимінің өзгеруіне әкеледі.

Бұл өзара байланыстылық заңдылығын түсіну үшін, басқару нысанын, мемлекеттік құрылым нысанын және саяси режимді; олардың тек қарым-қатынастарына байланысты қарамау керек, яғни мұнда елдегі барлық саяси жағдайларға көңіл аударып, саяси режимге күшті ықпал жасайтын азаматтық қоғамның институттарын есепке алу қажет.

Саяси режим көзқарасына байланысты демократиялық және демократиялық емес болуы мүмкін (авторитарлық және тоталитарлық).

## **68. Мемлекеттік басқарудың нысандары**

«Мемлекеттік басқару нысаны» түсінігі (не қарапайым «басқару нысаны») мынандай сұрақтарға жауап береді, кім «басқарады» мемлекетте, яғни ондағы жоғарғы билікті кім жүргізеді. Басқару нысанын сипаттау мынандай кездерге көңіл аударуды талап етеді:

— мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарын құруды (олардың құрамы, міндеті, қарым-қатынас жасау принциптері);

— жоғарғы мемлекеттік билік органдарының басқа мемлекеттік органдар және тұрғындармен қарым-қатынасының сипаты;

— құрылу тәртібі;

— құрылудағы тұрғындардың қатынас деңгейі.

Мемлекеттік басқарудың екі негізгі нысаны бар — монархия және республика.

Монархия — жеке адамның билігі, жалғыз ұстаушысы (грек сөзінен «монос» — біреу және «архе» — билік, яғни «монархия»), басқару нысаны, барлық жоғарғы билік, өмір бойы бір адамда болады — монархта (фараонда, корольде, патшада, шахта, сұлтанда, т.с.с.), ол мұрагер, басқарушы династияның өкілі ретінде жалғыз өзі мемлекеттің басы және тұрғындар алдында өзінің билік әрекетіне жауап бермейді.

Монархиялық нысанның кейіптік белгілері мемлекеттік басқару:

а) жоғарғы мемлекеттік билікті алып жүрушінің болуы;

ә) жоғарғы билікті династиялық жолмен алуы;

б) өмір бойы биліктің монархқа қатыстылығы: монархия заңдарында монархты биліктен қандай жағдайда болмасын алып тастау көзделмеген;

в) монархтың билігі халық билігінен емес (билік «Құдайдың күдіретімен беріледі»);

г) монарх өзінің әрекеті үшін мемлекет басшысы ретінде заңды жауапкершілікке тартылмайды (I Петрдің әскери уставында — «самовластный монарх, который никому на свете о своих делах ответу дать не должен»).

Басқару нысаны, ең алдымен, қоғамның кейпіне (типіне) тәуелді. Монархия құл иелену қоғамының жағдайында пайда болды. Феодализм дәуірінде ол мемлекеттік басқарудың негізгі нысаны болды. Буржуазиялық типтегі (кейіптегі) мемлекеттерде монархиялық биліктің белгілері ғана сақталды. Сонымен бірге, монархия бейімделгіш және өміршең мемлекеттік басқару нысаны болды, сенуге тұратын көптеген позитивті сапасы бар және осы уақытқа дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Мысалы, 1975 жылы Испания халқы плебисцитте монархияның орнауын қолдаған. Қазіргі Ресейде де монархиялық көңіл жоғалған жоқ.

Тарихи бағытта монархияны ескі шығыс — шығыс деспотиясына, азиялық өндіріс жолына негізделген (Вавилон, Үндістан, Мысыр), құл иеленуші антикалық (мысалы, Ежелгі Рим монархиясы), феодалдық (ерте феодалдық, сословия-өкілеттілік, абсолютті) деп бөлуге болады.

Монарх билігінің толықтығы көзқарасына байланысты монархияны мынандай түрлерге бөлуге болады: абсолютті (шексіз) және конституциялық (тежеулі).

Абсолюттік монархия мемлекеттік басқарудың нысаны ретінде заң бойынша барлық жоғарғы мемлекеттік билікті қабылдайды — заң шығару, атқару, сот. Ондай мемлекетте — парламент жоқ, халықпен сайланатын заң шығарушы орган жоқ; монархтың билігін тежейтін конституциялық актілер жоқ. Абсолютті монархияның қазіргі кездегі мысалына Сауд Арабстанын айтуға болады. Ресейлік империя да сондай монархияны көп жылдар басынан кешірген (патшамен 1906 жылғы шығарылған заңға дейін). Абсолютті монархияға авторитарлық режим тән.

Конституциялық монархияға мынандай белгілер тән:

а) монархтың билігі мемлекеттік биліктің барлық аясында тежелген, қалай болса да оның дуализмі жоқ;

ә) атқарушы билік үкіметпен орындалады, Конституцияға сай парламент алдында жауапты, яғни монархтық емес;

б) үкімет сайлауда жеңген партияның өкілдерінен құрылады;

в) партияның бастаушысы (лидері) мемлекеттің басшысы болады, парламентте көбірек депутаттық орынға ие болады;

г) заңды парламент қабылдайды, ал оған монархпен қол қою формальды акт.

Парламенттік монархияның мысалы ретінде Ұлыбританияны айтуға болады.

Монархияға қарағанда, қазіргі кезде республикалық басқару нысаны кең тараған.

Республика (латын тілінен «res publica» қоғамдық іс, барлық халықтық) — мемлекеттік басқару нысаны, онда жоғарғы мемлекеттік билік тұрғындармен белгілі уақытқа сайланған органдармен алқалы іске асырылады.

Республикалық мемлекеттік басқару нысанына мынандай белгілер тән:

а) жоғарғы мемлекеттік биліктің сайлануы және олардың алқалы (ұжымдық) сипаты;

ә) мемлекет басшысының сайлануы;

б) жоғарғы мемлекеттік биліктің органдарын белгілі уақытқа сайлау;

в) мемлекеттік биліктің халықтың егемендігінен шығуы: «respublica est res populi» («мемлекет — бүкілхалықтық іс»);

г) мемлекет басшысының заңды жауапкершілігі.

Қазіргі республика президенттік және парламенттік болуы мүмкін.

Президенттік республикаға мыналар тән:

а) президенттің қолына мемлекеттің басшылығын және үкімет билігін қоса шоғырландыру (АҚШ, Аргентина, Бразилия, Мексика);

ә) президент тұрғындармен, не оның өкілдерімен сайлау арқылы (сайлаушылармен) сайланады;

б) президент тек өзі (парламенттің бақылауына қосылмаған) еркін түрде үкіметті құрады және ол парламентке емес, президентке жауап береді;

в) президентке берілген өкілдік, көп жағдайда жоғарғы заң шығару органдарының жұмысын бақылауға мүмкіндік береді (парламентті тарату құқығы, veto құқығы, т.б.), шұғыл жағдайда парламенттің функциясын өз мойнына алады.

Президенттік республиканың кейіпті мысалына АҚШ жатады. Парламенттік республиканың басты айырмашылық ерекшелігіне үкіметтің парламент алдындағы саяси жауапкершілік принципі жатады. Тұтасымен ол мынандай белгілермен сипатталады:

а) жоғарғы билік халық сайлаған парламентке жатады;

ә) президент мемлекеттің басы болады, бірақ үкіметтің басы емес;

б) үкімет тек парламенттік жолмен жеңген партияның делегаттарынан құрылады (олар парламентте көпшілік дауысқа ие), не партиялық коалициядан;

в) үкімет парламент алдында жауапты;

г) президент парламентпен, не болмаса парламент құрған арнайы алқамен сайланады.

ғ) премьер-министр қызметінің болуы, ол үкімет басшысы және басқарушы партияның, не партиялық коалицияның жетекшісі;

д) үкімет билікте парламенттегі көпшілік қолдағанға дейін (екі палаталы парламентте — көбісі төменгі палатадан) болады, ал ондай қолдауды жоғалтса, олар отставкаға кетеді, ол деген үкіметтік кризис, не мемлекет басшысы арқылы парламентті таратуды талап етіп, кезектен тыс парламент сайлауын белгілеуді ұйымдастырады.

е) президент мемлекеттің басы ретінде заңдар таратады, декреттер шығарады, парламентті таратуға құқығы бар, үкімет басшысын тағайындайды, қарулы күштердің бас қолбасшысы, т.с.с.

Парламенттік республикаларға Италия, ФРГ, Греция, Исландия, Үндістан, т.б. жатады.

Кейбір елдерді «жартылай президенттік» (президенттік-парламенттікке) республикаға (Францияны, Финляндияны, Ресейді) жатқызады.

Тоталитарлық мемлекеттің басқару нысанын «республиканың бұзылған нысаны», не «партократиялық» республика деп атайды, оған барлық тоталитарлық ұйымдардың белгісі тән.

Республикалық басқару нысанының қалыптасу тарихы оның тағы да мынандай түрлерін біледі: демократиялық (Афина демократиялық республикасы) және аристократиялық (спартандық, римдік). Феодалды қала-республикалар болған, олар өздерінің бекіп-күшейуіне байланысты қалалық өзін-өзі басқарудан мемлекеттің егемендігіне көшті. Ондай қала-республикаларға Флоренция, Венеция, Генуя — Италияда, Новгород және Псков — Ресейде. Ерікті қалалар Германияда, Францияда және Англияда болған.

## **69. Мемлекеттік құрылымының нысандары**

Мемлекеттік құрылымның нысандары дегеніміз, бұл мемлекеттік билікті аумақтық ұйымдастыру жолдары (нысандары), ұлттық-мемлекеттілікте және әкімшілік-аумақтық мемлекеттік құрылымда көрінеді, мемлекеттің бөліктерінің арасындағы, сонымен бірге, орталық және жергілікті органдардың арасындағы қарым-қатынас сипатында.

Билікті аумақтық ұйымдастыру проблемасы мемлекеттік ұйымдасқан қоғамға тән, себебі онда адамдар тікелей емес, жанама басқарылады — мемлекеттің әлеуметтік-өндірістік ұйымы арқылы белгілі аумақта: адамдар басқарады, себебі, олар сол аумақта орналасқан. Мемлекеттің бірінші тікелей мақсаты — өз аумағында өмір сүруді жөнге келтіру, әлеуметтік процестерді ұйымдастыру. Мемлекеттік билік және мемлекеттік басқару аумақтық принцип негізінде құрылады.

Мемлекеттің нысанына әртүрлі факторлар ықпал етеді: мемлекеттің кейпі (типi), қоғамның экономикалық құрылысы, тұрғындардың ұлттық құрамы, тарихи дәстүрлер, мемлекеттің аумақтық мөлшері, т.б.

Мемлекеттік құрылым қарапайым және күрделі. Қарапайымға унитарлы мемлекеттік құрылым жатады. Унитарлы (латын сөзінен «унус» — біреу) мемлекет — бұл біреу, бір мемлекет, тек әкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлінеді, өздеріне басқа мемлекеттік құрылымдарды қоспайды.

Унитарлы мемлекеттік құрылымға тән мынандай белгілер бар:

— бір ғана билік «орталығы» — біреу ғана, жалпы барлық елге керек жоғарғы және орталық мемлекеттік билік (бір парламент, бір үкімет, бір жоғарғы сот);

— бір Конституция, жалғыз заң шығару жүйесі, жалғыз сот жүйесі, жалғыз азаматтық;

— унитарлы мемлекеттің аумақтық элементтерінде (облыстар, департаменттер, округтер, графстволар, т.с.с.) мемлекеттің егемендігі жоқ, ешқандай мемлекеттік белгісі жоқ.

Унитарлы мемлекеттер өз ішінде ұлттық-аумақтық және заң шығару (әкімшілік-аумақтық бөліктерге заң шығаруға құқық беріледі) автономияға рұқсат береді.

Жергілікті органдардың мемлекеттің орталық органдарынан тәуелділігінің деңгейіне байланысты унитарлық мемлекеттік құрылым: **орталықтанған, орталықсыздандырылған және аралас болуы мүмкін**. Орталықтанған құрылымға тән нәрсе жергілікті өзін-өзі басқару жоқ, ал жергілікті органның басында орталықтан тағайындалған шенеунік отырады. Орталықсыздандырылған унитарлық мемлекетте жергілікті органдар билігі тұрғындармен сайланады және маңызды бостандықты пайдаланады.

Күрделі мемлекеттік құрылымға мемлекеттің құрамында басқа мемлекеттік құрылымның болуы тән. Күрделі мемлекеттік құрылым нысандарына жататындар: федерация, конфедерация, унии, империялар, т.б.

Көбірек тараған күрделі мемлекеттік құрылымдарға федерация жатады, ол одақтық мемлекет, өзіне бірнеше мемлекетті біріктіреді, не мемлекеттік құрылымдарды (АҚШ-тың құрамында 50 штат бар, ФРГ — 16 жерлер, Швейцарияда — 23 кантондар, Ресей Федерациясында — 21 республика, 6 өлке, 49 облыстар, федералдық маңызы бар 2 қала — Мәскеу және Санкт-Петербург, 1 автономды облыс, 10 автономды округтер бар).

Федерацияға тән мыналар:

— екі деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының жүйесі:

а) федерация субъектілерінің өздерінің заң шығаратын, атқарушы және сот органдары бар, өзінің меншікті Конституциясын қабылдауға құқығы бар;

ә) жоғарғы заң шығарушы, атқарушы және сот билігі федералды мемлекеттік органдарға қарайды;

— федерация мен оның субъектілерінің міндеттері одақтың (федеративтік) Конституциясымен, не федералдық келісіммен бөлінеді;

— федералдық заңдар жүйесі мен федерация субъектілерінің заң шығару жүйесі жалпыфедералдық заңдардың үстемдік принципінің бар жағдайында ғана өмір сүреді;

— парламенттің екі палаталы құрылымындағы бір палатасы (әдеттегідей, жоғарғысы) федерация субъектілерінің мүддесін көрсетеді;

— федерацияның көбісінде екі азаматтық болады;

— екі каналдағы салық жүйесі;

— федерация егемендігі оған кіретін мемлекеттік бірліктегі егемендіктен шығады;

— оның субъектілері федерацияға кіргеннен кейін іс жүзінде егемендікпен пайдалана алмайды. Әртүрлі федерацияларда егемендік деңгейі (не сол бір федерацияның өзінде, бірақ әртүрлі субъектілер) әртүрлі болуы мүмкін;

— субъектілердің федерациядан шығуға құқықтары жоқ (ондайды бірде бір федералдық мемлекет Конституциясы бекітпейді). Ондай құқық КСРО Конституциясында да мойындалған, бірақ тегінің жоқтығына байланысты іс жүзіне асыруға Кеңес мемлекетінің өмір сүру кезеңінде мүмкіндік жасалмаған.

Федерация түрлерге бөлінеді. Әкімшілік-аумақтық федерация болуы мүмкін (аумақтық принцип негізінде құрылған) және ұлттық-мемлекеттік (ұлттық принциптер негізінде құрылған).

Әкімшілік-федерация (мысалы АҚШ, ФРГ) орталықсыздандырудың жеткілікті тиімді жолы, билікті «бөлшектеу» және соның негізінде

— қоғамды демократизациялау. Сонымен бірге, симметриялық федерацияны бөліп айтамыз (федерация мүшелерінің статустары бірдей) және асимметриялық, олар үшін субъектілердің құқықтық жағдайының теңсіздігі тән нәрсе.

Келісімді федерация болуы мүмкін (федерация негізіне субъектілердің келісімі қойылады) және конституциялық (федерацияның құқықтық негізіне елдің негізгі заңындағы оның құралу фактісінің бекітілуі жатады).

Егер федерация — одақтық мемлекет болса, конфедерация — бұл «мемлекеттер мен мемлекеттердің одағы». Яғни, оның барлық тұрақсыздығына қарамай, конфедерация дегенмен де, мемлекеттік құрылым нысаны, халықаралық-құқықтық одақ нысаны емес.

Конфедерацияға мынандай белгілер сай келеді:

— белгілі мақсатқа жету үшін құрылады, ол жағдай конфедерация құрған мемлекеттердің мүддесіне сай (саяси мақсат, әскери, экономикалық);

— конфедерацияның құрылуы әдеттегідей келісіммен бекітіледі;

— әрбір конфедерация субъектісі түгелімен өзінің егемендігін сақтайды. Конфедерацияға түгелімен егемендік тән емес;

— конфедерация мүшелерінің заңды негізделген біржақты еріктеріне сай конфедерациядан шығуға құқықтары бар және нуллификацияға да, яғни өз аумағында конфедерация органдарының актілерінің әрекетін жоққа шығаруға;

— тұрақсыздық — өтпелі сипат: конфедерация өз мақсаттарына жеткеннен кейін, бөлініп кетеді, не әрқайсысы егеменді мемлекеттерге айналады — унитарлы не федеративтік.

— конфедерацияның өздерінің басқару органдары бар (біреу не бірнешеу), бірақ олардың жалпы Конституциясы жоқ, олардың бірегей заң шығаратын органдары, сот жүйесі, азаматтығы, бір әскері, салық жүйесі, бюджет, ақша түрлері жоқ. Ал конфедеративтік органдар конфедерация мүшелерінің әрекетін тек реттейді.

Конфедерация — аз кездесетін құрылым. Солтүстік Америкада конфедерация болған, олар 1787 жылы федеративтік мемлекет құрған — АҚШ. 1952 жылы конфедерацияға Мысыр мен Сирия бірікті және Біріккен Араб Республикасын құрды, кейіннен тарап кетті. 1948 жылдан бастап Швейцария одағы конфедерациясы болды (1815—1848 ж.ж.) одан кейін федерацияға айналды.

Монархиялық мемлекеттер **унииге** бірігуіне болады — жекелеген, не болмаса шындыққа. Унии екі, не бірнеше мемлекеттердің монархтарының бір адамның жеке басына тоғысуы кезінде пайда болады.

## **70. Тоталитарлық саяси режим**

«Тоталитаризм» атауы латынның «totalis» сөзінен шыққан — бәрі, тұтас, толық. Саяси лексиконға оны бірінші рет Бенито Муссолини 1925 жылы өзінің қимылын сипаттау үшін кірізген.

Ғалымдар «тоталитаризм» түсінігін 30-жылдары ғана пайдалана бастаған және екінші дүниежүзілік соғысқа дейін АҚШ-та тоталитарлық мемлекетке арналған арнайы симпозиум болды.

Тоталитаризм теориясы ХХ ғасырдың 40—50 жылдары Хайека, Бжезинскийдің, Ганнаны Арендтің еңбектерінде қалыптасты.

Егер тоталитаризмді саяси режим ретінде сипаттасақ, онда ол тұрғындардың үстінен бақылауды іс жүзіне асыратын режим, яғни жүйелі жүргізілетін қыстауды қолдану туралы қорқытуға сүйенеді.

Сонымен қатар, саясаттанушылардың атап айтатыны, тоталитаризм — бұл билікті сипаттайтын жәй ғана саяси режим емес, іс жүзіндегі қоғамды ұйымдастыру жолы. Осы мәнінде тоталитаризм — бұл барлық қоғамдық өмірді ұйымдастырудағы саяси жол, билік жағынан қоғам үстінен және жеке адамдар үстінен бақылаумен сипатталатын, барлық қоғамдық жүйені арнайы идеологиялық ұжымдық мақсатына бағындыру.

Тоталитаризм — ХХ ғасырдың туындысы. Дегенмен, қоғамды толық басқару мүмкіндігі туралы мемлекет жағынан болған идеялар түбірімен ескі заманға кетеді. Сондай идеяларды өз кездерінде Гераклит, Платон, Қытайда легизм теоретиктері айтқан. Кейінірек, орта ғасырда және Жаңа уақытта көптеген тоталитарлық идеялар болашақ коммунистер-утопистер Томас Мордың, Томмазо Компанелланың, Геракла Бабефтің болашақ мемлекеттерінің жобасына сінді. Орыс философы Николай Бердяев айтқандай, утопия жабық, біткен теориялық жүйе, идеалды қоғам құрылымының өмірлік жағының барлығын суреттеуші, әр уақытта тоталитарлық және бостандыққа жау.

Әрі қарай тоталитарлық идеялар өзінің дамуын Фихтенің, Гегельдің, Маркстің және Ницшенің еңбектерінде тапты.

Тоталитаризм қоғамдық өмірді ұйымдастырушы және саяси режим ретінде мынандай кездерді сипаттайды:

— монизм (плюрализмнің жоқтығы) барлық қоғамдық және мемлекеттік өмірде: тоталитарлық саяси режим монизм билігіне негізделген;

— тоталитарлық жүйенің шындықты монопольдық иемденуіне қарсылық;

— ұжымдық-механикалық дүниетанымы (мемлекет — «машина», адам — «винтик», т.с.с.);

— барлық қоғамдық өмірді идеологизациялау, мемлекеттік деңгейде барлығына бірдей идеологияны енгізу;

— басқа ойларға жол бермеу, басқа қандай болмасын идеологияға тыйым салу, демагогия және догматизм (фашистік Германияда «жаңа партия құруға қарсы заң» болған, 4 шілде 1933 ж, оның бірінші параграфында былай жазылған: «Германияда жалғыз ғана саяси партия бар, ол Ұлттық социалистік германдық жұмысшы партиясы»);

— ақпаратқа монополия;

— көпшілік ақпарат құралдарына толық бақылау;

— азаматтық қоғамды, барлық жекеше өмірді толық түрде жою (ығыстыру);

— барлық өмір аясына теңестіру принципін тарату, адамдық жекелікті таптау;

— өз тұрғындарына жүйелі жүргізілетін көпшілік террор;

— құқықтық нысанның белгісімен маскировка жасау, жасыру: Конституциямен, жазылған заңмен, заңдылықпен, әділ сотпен күрес;

— мемлекеттің көпшілік-билік егемендігінің жоқтығы, мемлекеттік аппаратты партия аппаратымен тұншықтыру;

— барлық билік толығымен бір партияның аппаратына жатады, ал ол шын мәнінде тоталитарлық бюрократиялық жүйені көрсетеді, яғни барлық қоғамдық-саяси жүйеде өзінің үстемдігін жүргізетін бақылаушының рөлін көрсетеді;

— барлық басқа саяси партиялардың және қозғалыстардың өмір сүруіне тыйым салынған;

— билікті қатал орталықтанған, иерархиялық құдайдың ерекше тұлғасы басқарады.

Тоталитаризмнің негізгі түрлері — коммунистік тоталитаризм, фашизм (1922 жылы алғашқы рет Италияда белгіленген), ұлттық-социализм (1933 ж. Германияда пайда болған).

Біздің елімізде (бұрынғы КСРО аумағында тұрған елдерде, оның ішінде Қазақстанда) тоталитарлық режим 20-жылдардың аяғында бекіп, 50 жылдарға дейін болды. Одан кейін ол КПСС-тың авторитарлық диктатурасы болып қалды, онда тоталитаризмнің өте күшті қалдықтары, қысымшылық жасау арқылы жалғыз бір ғана марксизм-ленинизм идеологиясына бағынуды мәжбүр етті.

## **71. Демократиялық саяси режим**

Мемлекеттіліктің тарихи даму тәжірибесі демократиялық режимнің әртүрлі мысалдарын көрсетеді, дегенмен, демократиялық режимнің негізі халық билігінде. Қазіргі демократиялық режимге (либералды-демократиялық) негізінен тән нәрсе:

— мемлекеттік биліктің жалғыз ғана қайнар көзі халықтың еркін мойындау;

— мемлекеттік билікті іс жүзіне асыру, билікті бөлу принципіне негізделген;

— мемлекеттік билік органдарының сайлануы және ауыстырылып отыруы;

— мемлекеттік билік органдарының әрекетін қалыптастыруда шын мәніндегі азаматтардың қатынасуын қамтамасыз ететін саяси-құқықтық тетіктердің болуы (тұрғындардың тікелей нысандағы қатынасуы, не өкілетті демократия негізінде);

— кең көлемде жеке адам құқығын шын мәнінде іске асыру, экономикалық және жеке адамның саяси бостандығы;

— тұрғындардың пікірлерін және өз тұрғындарының мүдделерін есепке алуды қамтамасыз ететін арнайы тетіктердің болуы, шешім қабылдауда келістірушілік әдісті пайдалану;

— мемлекеттік билікті орталықсыздандыру;

— саяси плюрализм (барлығы үшін міндетті мемлекеттік арнайы идеологияның жоқтығы, мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктерді еркін қалыптастыру, саяси партиялардың және басқа саяси күштердің бәсекелестігі);

— легалды саяси оппозициясының барлығы.

Демократиялық саяси режимнің маңызды абыройы ретінде әдебиетте атап айтатыны сол, ол басқарушылардың жүйелі түрде бейбіт жолмен, күш жұмсамай, қайталанып ауысуын қамтамасыз етеді.

## **72. Мемлекеттік аппараттың қызметін қалыптастыру принциптері**

«Мемлекеттік аппарат» атауы отандық мемлекеттануда екі маңыздылықта пайдаланылады. Кең мағынада «мемлекеттік аппарат» — барлық мемлекеттердің органдарының жүйесі және лауазымды адамдар. Әдебиетте көрсетілгендей, мұндайда «мемлекеттік аппарат»

көлемі мен түсінігі «мемлекет тетігімен» бірдей. Сонымен қатар, мемлекет органдарының барлық жүйесіне және лауазымды адамдарды «мемлекет тетігі» атауы, оның дәстүрлі жағына қарамастан аса дәл келмейді: «тетік» (механизм) дегеніміз, заңдылық динамикасының жиынтығы, сол не басқа құбылыстардың даму қызметін қамтамасыз етеді және бұл түсінік мемлекет динамикасын сипаттауға көбірек сәйкес келеді, сол не басқа қосымша жүйелерді олардың бір-бірімен қарым-қатынасын, мемлекеттің жалпы әре-кетінің заңдылығын көрсетеді.

Қысқаша мағынада «мемлекеттік аппарат» мемлекеттік басқару органдарының қосымша жүйесі — атқарушы-басқарушы (маманданған-басқарушы «шенеунік») аппарат.

Мемлекеттік басқару органдарымен қатар (атқарушы мемлекеттік билік органдарымен), мемлекеттің органдар жүйесінде заң шығару (өкілетті) мемлекеттік билік органдары, сот органдары (мемлекеттік биліктің сот органдары), прокуратура органдары болады. Кейде «күштеуші» органдарды жеке бостандықтағы топтарға бөледі: әскерге, полицияға, қауіпсіздік органдарына, т.с.с. Мүмкін, оларды мемлекет аппаратына қосса дұрыс болады ғой деген ойдамыз (яғни, мемлекеттік басқару жүйесіне).

Көңіл аударатынымыз сол, мемлекет органдарының жүйесі — бұл әлі барлық мемлекет емес. Тұтасымен, мемлекет мемлекеттік ұйымдардан тұрады. Мемлекеттік ұйымдарға мыналар жатады:

- а) мемлекет органдары;
- ә) мемлекеттік мекемелер;
- б) мемлекеттік өндірістер.

Мемлекеттік мекемелер және мемлекеттік өндірістер мемлекеттің жеке ерікті бөліктері ретінде көрінеді. Мұнда сол өндірістердің және мекемелердің әкімшіліктері мемлекеттік органдардың жалпы жүйесіне қосылады. Көңіл аударатынымыз, мемлекет органдарының жүйесіне жергілікті өзін-өзі билейтін органдар кірмейді.

Мемлекеттік органдармен қатар, мемлекеттің лауазымды адамдарын бөліп көрсетеді. «Лауазымды адамдар» — бұл жекеше адам емес, «жекелеген» мемлекеттің элементі, өз жөніндегі «жекеше орган», мемлекет органдарының жүйесінде орын алады, өзінің міндеті бар. «Лауазымды адамдарды» мемлекет жүйесіндегі бөлшек ретінде түсіну керек, ол әр кезеңде әртүрлі жұмыстарды атқарады, әрине сол лауазымды қызметтердің сапасына байланысты.

Қазақстан Республикасының ең жоғарғы лауазымды адамы — Президент.

Мемлекеттік органдарға мынандай белгілер тән:

— мемлекеттік орган мемлекет сияқты тұтасымен, белгілі әлеуметтік, яғни қоғамдық құрылым;

— мемлекеттік орган тұтас құрылымдықты көрсетеді — өз құрылымы бар жүйе (элементтердің жиынтығы — мемлекеттік органның бөлігі) және өз құрылысы бар (элементтердің байланыс жолы), яғни мемлекеттік органдар ұйымдармен жасайтындары;

— мемлекеттік орган — мемлекеттік ұйымдардың бір түрі;

— басқа мемлекеттік ұйымдардан мемлекетті оның мемлекеттік-билік міндеттерімен шұғылданатынын айырып қарауға мүмкіндік береді;

— әрбір мемлекеттік органның заңмен белгіленген міндеті бар (жүргізу ортасы) ол сол қалыпта жұмыс жасауы керек;

— мемлекеттік орган өз міндетінің қалпында мемлекет атынан көрінеді;

— әрбір мемлекеттік органның өздерінің функциясы (қызметі) бар.

Мемлекеттік аппараттың қызметі мен ұйымдасуының принциптері әдебиетте «аса маңыздырақ, оны құру мен қызметінің негізінде жатқан терең идеялар мен ережелерді түсіндіреді».

Мемлекеттік аппараттың қызметі мен қалыптасу принциптері туралы айта келе, әңгімені мемлекеттің барлық органдар жүйесіне бұру керек. Ондай принциптерге әдебиетте мыналарды жатқызады:

— адам құқығының артықшылық принципі;

— заңдылық және конституциялық принцип — мемлекеттік аппараттың қызметі мен ұйымдасуының принципі;

— демократизм принципі, ең алдымен, мемлекеттік органдардың қызметін қалыптастырудағы азаматтардың кең көлемдегі қатынасуы;

— мемлекеттік қызметкерлердің кәсібилік принципі өзіне кәсіби этиканы қосып алады;

— жариялылық принципі тұрғындарды жүріп жатқан мемлекеттік-құқықтық процестермен, ақпараттық хабарлармен қамтамасыз етеді;

— құрылудағы иерархиялық көнелік, ертеректік принцип және субординациялық принцип мемлекет аппаратының қызметінен көрінеді, яғни бағынушылық және есеп береді, төменгі орган жоғарғы органдардың алдында бағынышты және есеп берушілер;

— мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру принципі, олардың «көлденең» әрекеттестігі;

— ұжымдық пен бір адамның басқаруындағы үйлесімділік принципі;

— мемлекеттік аппаратты қалыптастыру кезіндегі сайлау мен тағайындаудың үйлесімділік принципі.

### **73. Мемлекет және қоғамның ұлттық құрамы**

Мемлекет қоғамның ұйымдасу нысаны ретінде оның ұлттық құрамын есепке алмауы мүмкін емес. Ұлттық фактор мемлекеттің құрылуы мен дамуындағы маңызды, айқындаушы факторлардың қатарына жатады. Әдебиетте айтылғандай, «ұлттық бағыт (аспект) — көпұлтты қоғамдағы мемлекеттік дамудың тұрақты серігі» (Л. А. Морозова).

Мемлекетті көпұлтты тұрғындармен құрғанда әр ұлттың ерекшелігі есепке алынуы қажет: олардың дәстүрлері, мемлекеттік тәжірибесі, мәдени, тіл және басқа рухани қажеттілігі.

Көпұлтты тұрғындары бар мемлекеттің маңызды нысанына ұлттық-мемлекеттілік федерация жатады. Профессор Венгеров айтқандай, ондай федерацияға тән, федерацияға кіретін республикалар, автономия нысанындағы мемлекеттіктер, т.с.с., мәдени автономиялар да болуы мүмкін.

Осы кезеңдермен арнайы саяси-құқықтық құбылыстың болуы байланысты, «ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы» олардың федерацияға еркін кіруімен іске асырылады. Дегенмен, ұлттардың өзін-өзі басқару құқығы мемлекеттің тұтастығын бұзбауы керек. Мұнда басқа субъектілердің федерациядағы мүддесін есепке алу қажет, сонымен бірге, федеративтік мемлекетті тұтасымен. Профессор Венгеров атап айтқандай, дүние жүзінде адам құқығының артықшылығы, ұлттардың, халықтардың құқығынан артып барды, соның негізінде — ұлттардың өзін-өзі билеу принципі қайта ойландырады. Федерация құрамынан шығу құқығы ешқандай елдің Конституциясында бекітілмеді, тек бұрынғы КСРО Конституциясында декларативті түрде жарияланды, бірақ оны іске асыратын шын мәніндегі тетігі болмады.

Көпұлтты құрамы бар мемлекеттер өзінің құрылымында автономия нысанын пайдаланады (грек тілінен «autonomia» — өзін-өзі басқару, тәуелсіздік). Автономияның екі кейпі бар: ұлттық-аумақтық және ұлттық-мәдени.

Кеңестік кезеңде ұлттық-аумақтық автономия екі нысанда іс жүзіне асырылған — саяси және әкімшілік.

**Саяси автономия** автономдық республика құрамында ерекше ұлттық мемлекеттілік ретінде құрылған. Автономды республикалар

тежеулі егемендікте болған, өздерінің Конституциясы, заңдары, үкіметі, азаматтығы және жоғарғы сот органдары болған. 1996 жылға дейін РСФСР құрамында 16 автономды мемлекет болған: Башкирия, Бурятия, Дағыстан, т.б.

**Әкімшілік автономиясының** құрамында автономды облыстар және ұлттық (автономды) округтер болған, олардың өз аумақтарын белгілеуге, аудандарының шекарасын белгілеуге ерекше құқықтары болған.

Барлық автономды республикалар, автономды облыстар (еврейлердікінен басқасы) және кейбір автономды округтер ұлттық-мемлекеттік статусын алды, олар федерация субъектілері ретіндегі аттарын өзгертті. Мысалы, Горно-Алтай автономды облысы алтайлық өлкеден шығып, «Алтай республикасы» атына ие болды.

**Ұлттық-мәдениет автономиясы** дегеніміз — жекелеген этникалық топтардың ерекше статусы және көпұлтты мемлекеттегі ұлттық қарама-қайшылықты шешу нысаны. Ұлттық-мәдениет автономиясы ХХ ғасырдың басында Австро-Венгрия үшін Карл Реннермен, Отто Бауэрмен және басқа австриялық социал-демократияның жетекшілерімен жасалған. Дүниедегі қазіргі мемлекеттердің көбінде ұлттық-мәдениет автономиясы этникалық азшылыққа пайдаланылады. Себебі, марксизм өкілдері (әсіресе, В. И. Ленин) автономияның сондай идеясына сын көзбен қарап, кеңестік Ресейде негізінен ұлттық-аумақтық автономияға көбірек көңіл бөлінді. Қазіргі кезде ұлттық-мәдениет автономиясында Ресейдегі көзқарас қайта қаралуда. 1996 ж. 15 маусымда Ресей Федерациясының Президентінің қаулысымен Ресей Федерациясының мемлекеттік ұлт саясатының Концепциясы бекітілді, онда Ресей халықтарының ұлттық мәдениетіне арнайы 5 бөлім берілген.

Ресейде 1992 жылы 31 наурызда Федеративті келісімге қол қойылған, соған байланысты ұлттық-мемлекеттер сипатында көп мәселелер өз шешімдерін тапты. Ресейдегі мемлекеттік құрылым КСРО бөлінгеннен кейінгі кезде де сол құрылымды ұстады, яғни «асимметриялық» федерация ретінде (федерация субъектілері өз ішінде әртүрлі саяси-құқықтық статуска ие болды), «қатан» және «жұмсақ» федерацияға көшті.

Ресей Федерациясының 1993 жылғы Конституциясында Ресей симметриялы федерация ретінде жарияланды, бірақ нағыз ондай емес. 1994 жылы 15 ақпанда Ресей Федерациясы мен Татарстан арасында «басқарудағы пәндерді бөлу және Ресей Федерациясының мемлекеттік билік органдары мен Татарстан Республикасының мемлекеттік билік органдарының арасында келісімді түрде өзара өкілдіктердің болуы

көзделді», онда Татарстан Ресей Федерациясының ассоциациялық мүшесі ретінде көрінеді (мемлекет РФ-на біріккен).

Көпұлтты қоғамды мемлекеттіліктің оптимальды нысанын ұйымдастыру — тек қазіргі Ресейдің проблемасы емес. Тіпті, тұрақты саяси жүйе, демократия нысанының дамуы, тұрғындардың хал-жағдайларының жоғарғы деңгейі жартылай этникалық мемлекеттерді ұлтаралық жанжалдан құтқармайды.

## **74. Қазіргі кездегі мемлекетаралық интеграцияның құқықтық-ұйымдастыру нысандары**

Көзқарастардың әртүрлілігіне қарамастан, конфедерацияның табиғаты мемлекеттілік тануда белгілі құбылыс және дәстүрлі жолмен мемлекеттің мемлекеттілік одағы ретінде, тіпті тұрақты емес, уақытша болса да **мемлекеттілік құрылымның нысаны**.

Сонымен бірге, қазіргі дүниеде бір жағынан, дезинтеграциялық процестер, мемлекеттік құрылымдардың таралуы, ал екінші жағынан — тұрақты тенденцияға керек экономикалық және саяси интеграциясының нәтижесінде олардың бірігуінің жаңа нысаны пайда болды, атап айтқанда — мемлекетаралық құрылымдар. Олардың өзгешеліктері нақты деңгейде көрінеді, ал жалпы теория жағынан қарасақ — бұл үқсас құбылыстар, қалай болмасын — бір кейіптегілер.

**Мемлекетаралық бірігу** — бұл мемлекеттердің одағы, мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған және мақсаттары — мемлекетке қатысушылардың экономикалық және саяси интеграциясы.

Мемлекет егемендікті сақтайды, бірақ өзінің белгілі міндетін мемлекеттің үстінен қарайтын органдарға береді, солардың көмегімен өз жұмысын ретке салады. Мемлекетаралық бірлестіктердің құрылуының құқықтық негізі — қатынасушы елдердің Конституциялары.

Мемлекетаралық бірлестіктердің органдар жүйесін және қызметтерін белгілеудің құқықтық негіздерін, оларды құру туралы келісімдер және олардың уставтары құрайды. Бұл құжаттарда бірлестікке кірудің және шығудың тәртіптері көрсетіледі.

Мемлекетаралық бірлестіктердің мысалы — Ұлттар достығы (Содружество Наций), 1946 ж. Британия ұлттарының достығы,

Еуропа Одағы (1993 жылға дейін — Еуропалық экономикалық бірлестік), Еуропа Кеңесі, 1996 жылдан бері Ресей Федерациясы соның мүшесі, сонымен бірге Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) және егеменді мемлекеттердің бірлестігі (ЕМБ).

Мемлекетаралық бірлестіктердің органдарының жүйесі мынандай болып көрінеді:

- жоғарғы орган (әдеттегідей, үкімет басшыларының кеңесі);
- атқарушы орган;
- хатшылық органы;
- арнайы мәселелер бойынша комитеттер және комиссиялар.

Кейде арнайы органдар құрылады: мысалы Еуропа кеңесінің құрамында Еуропалық сот, Адам құқығы туралы Еуропалық комиссия. Мемлекетаралық бірлестікке ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достастығы) жатады. Ресей Федерациясы соның мүшесі. ТМД 1991 жылы 10 желтоқсанда құрылды. Оның құрамына 12 мемлекет кіреді — бұрынғы Кеңестер Одағының республикалары. ТМД-ның органдарына кеңесі Мемлекет басшыларының, басты үкіметтердің кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Біріккен қарулы күштердің бас басқармасы, Шекара әскерінің бас қолбасшысы, Парламентаралық ассамблея, Мемлекетаралық экономикалық комитет кіреді. Дегенмен, барлық органдардың ұлттық міндеттері жоқ, елдер бірлестігінің жұмысын реттеумен шұғылданады.

1996 жылы 2 сәуірде Ресей Федерациясы мен Беларусь республикасының арасында Тәуелсіз мемлекеттердің бірлестігі жөнінде келісім жасалды (ЕМБ). Оның арнайы органдары құрылды:

— басты мемлекеттердің кеңесі — жоғарғы орган, мемлекет, үкімет басшыларымен және парламент палаталарының жетекшілерімен ұсынылған.

— парламент жиналысы, әр жақтың парламент мүшелерінен бірдей (әрқайсысынан 20 депутаттан) құрылады және заң қабылдауға арналған, ол заңды орындауға барлық қатынасушылар міндетті болған;

— атқарушы комитет — тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде, оны қатынасушы мемлекеттердің үкімет басшылары бір жыл ішінде кезектесіп басқарады.

Мемлекетаралық бірлестіктер бірігіп, әр мемлекеттің ішкі проблемаларын шешуге мүмкіндік береді, қорларын біріктіріп, ғаламдық мәселелерді, мақсаттарды шешеді.

Бірлестіктер (достығы) өзінің ұйымдасқан принциптеріне сай, тарихи тенденцияларға байланысты өтпелі сипатта болады және көбірек тығыз одақта дамуы мүмкін (конфедерацияда, федерацияда), не болмаса ақырғы дезинтеграцияның кезеңі ретінде көрінеді.

## **75. Мемлекет функциялары (қызметтері): түсінігі және бөлінуі**

Еліміздің заң әдебиеттерінде мемлекеттің функциясына біржақты анықтама береді, ол былай естіледі: «Мемлекет функциясы — бұл оның алдындағы мақсаттарды шешудегі әрекетіндегі маңызды бағыттардың бірі» (А. Иванов). Не болмаса: «Мемлекет функциясы — мемлекеттің әрекетіндегі негізгі бағыттар, онда оның әлеуметтік мәні және қоғамдағы орны ашылады» (профессор В. И. Гойман-Червонюк). Толық варианты ретінде: «Мемлекет функциясы — оның қызметінің негізгі бағыты, оның мәні және әлеуметтік орны, өзіне тән нысандағы әдістері арқылы қоғамды басқару мақсаттары көрінеді» (профессор В. М. Корельский).

Көңіл аударатыны сол, барлық анықтамалардың негізінде мемлекет функциясын, оның негізгі бағыты екенін мойындау жатыр. Дегенмен, «функция» категориясының арнайы мәні — оның мемлекет теориясының категориялық аппаратындағы ерекше орны. Онсыз мемлекеттің функция ретіндегі басты әрекеттерін шын мәніндегі анық әрекеттерінен айыру түсініксіз болады.

Ең алдымен, «функцияның» (латын тілінен аударғанда — орындау) жүйелік келу категориясы және оның кез келген жүйелерді сипаттауға келмейтіндігін айтуымыз керек: әлеуметтік, техникалық, биологиялық, т.б. Бұл категорияның барлық кездегі орны сонда жүйенің әрекет эталонын беру, оның мақсатына жету үшін жүйеге қажетті әрекеттерді толық талдауды ұйымдастыру. Функция дегеніміз — өзінше жүйенің жұмысы. Сондықтан, функцияны бір жағынан жүйенің алдында тұрған мақсаттардан айыру үшін, екінші жағынан, оны шын мәніндегі әрекеттерден айыру, яғни жүйенің «іс жүзіндегі» жүйенің шығарған әрекетінен айыру. Өмірде іс жүзіндегі жүйенің әртүрлі себептерге байланысты өзінің функциясынан ауытқитыны болады. Өз мәнісінде, бюрократизмнің негізгі билік жүйесінің өз функциясынан кетуімен қорытындыланады.

Мемлекет функциясын сипаттай келіп, мынандай кездерді есепке алуды көздейді:

— функцияны мемлекеттің алдында тұрған мақсат пен есебінен айыру қажет;

— функциялар мемлекеттің алдында тұрған мақсаттарды орындауға қажетті әрекеттерді көрсетеді;

— шын мәнінде мемлекет қызметтерінде өздерінің функцияларынан ауытқиды;

— мемлекет функциялары объективті түрде мақсаттармен шұғылданады;

— мемлекеттің мақсаттары мен есептерін оның функциялары белгілейді, мемлекеттің сол функциясы, өз жағынан соған сай келетін мемлекетті құруды, оның құру жолының сәйкестігін талап етеді (яғни, дәстүрлі жолмен мемлекет нысанының түсінігі арқылы сипатталады);

— мемлекет функциясы эволюцияға ұшырауға таяу, мақсат пен есебінің өзгеруіне байланысты мемлекетте болуы мүмкін:

- а) функциялардың біреулері жоғалып, екіншісі пайда болған;
- ә) функцияның мазмұндары өзгеріп отырған;

— мемлекет функциясын тұтасымен оның органдарының функциясынан айыра білу қажет;

— мемлекет функциясы арнайы ұйымдастырылған құқықтық нысанда іске асырылады (заң шығару, құқық қолдану, құқықты орындау, құқық қорғау, тексеру-бақылау) және мемлекетке тән әдістермен.

Мемлекет функциясы тікелей оның мақсаты мен есебіне сай белгіленеді. Бірақ, мемлекеттің мақсат пен есебі көп жағдайда оның негізімен, табиғатымен, сипатымен қамтамасыз етілген (дегенмен де, мемлекет функциясына қоғамның қажеттілігі тікелей әсер етуі, қандай жағдайда болмасын сақталады). Көрсетілген жағдайлар функцияның әртүрлілік негізінде жатыр, атап айтсақ, тоталитарлық және демократиялық мемлекеттердің. Дегенмен, тоталитарлық мемлекеттің функциясы іс жүзінде тек оның өзіне ғана қажет, оның өзін-өзі сақтауына және әрі қарай экспансияны жалғауға: олар адамдардың мүдделері мен қоғамдық мүдделердің дамуына, қажеттілігіне жауап бермейді. Мемлекет функциясының қажетті жағына өзгерту тек мемлекеттің табиғатын тұтасымен оның мәнін өзгерту арқылы мүмкін болады. Сондықтан, мемлекеттің негізі оның функциясын белгілейді, себебі оның өзі оны туғызған қоғамның табиғатымен белгіленеді.

Қорыта келсек, мемлекет функциясы және олардың мазмұны негізінен мынандай факторлармен қамтамасыз етілген:

а) қоғамды сақтаудың ең керекті жағдайларын қамтамасыз етуге қажеттілігі;

ә) мемлекеттің негізімен, оның табиғатымен;

б) мемлекеттің мақсаты мен есебі.

Әдебиетте функцияны түрлерге бөлудің варианттары ұсынылған: **жалпыәлеуметтік** (қоғамның тұтасымен алғандағы қажеттілігінен шығады) және **таптық** (таптық қайшылықтармен қамтамасыз етілген); **ішкі** және **сыртқы** (мемлекет қызметінің араласу ортасына байланысты); **тұрақты** (мемлекет дамуының барлық кезеңдерінде

жүргізіледі) және **уақытша** (уақытша, әдеттегідей төтенше сипаттағы мақсаттарды шешуге есептелген).

Профессор М. И. Байтиннің айтуы бойынша, **негізгі және негізгі емес функциялары бар**. Ондай бөлу сенімсіздік көрсетеді, себебі (мемлекеттік функцияны дәстүрлі белгілеуді Байтин қолдайды) қорыта келе «негізгі емес негізгі мемлекеттің қызмет бағыты».

200 жыл бұрын Адам Смит «Исследование о природе и причинах богатства народов» кітабында нарықтық шаруашылықта өмір сүрген адамның максималды бостандығын негіздей отырып, мемлекет функциясының үш түрін көрсеткен:

1) қорғаныс;

2) барлығы үшін бірдей тәртіп орнату арқылы әрқайсысының бостандық мөлшерін белгілеу және әділ сотты қамтамасыз ету, қоғам мүшелерінің арасындағы әлеуметтік келіспеушілікті шешудегі құрал ретінде;

3) жеке адамдардың құруға мүмкіндігі жоқ мекемелерді құру, себебі оларға қажет, мысалы поштаны, полицияны, т.б.

Л.И. Спиридоновтың пікірі бойынша, мемлекеттің басты функциясы бар (адам баласының өмір сүруінің объективті алғышарттарын қамтамасыз ететін жалпы істерді жүзеге асыру), ол оның сыртқы және ішкі функцияларында іске асырылады. Сыртқыға ол әскериді жатқызады (ол мемлекеттің сипатына, қорғаныс функциясына, не агрессияға байланысты болуы мүмкін), сыртқы саяси, экономикалық және мәдени қатынастар және экологиялық функциялар қоршаған ортаны қорғау ісінде халықаралық қатынастарды қамтамасыз етушілер.

**Ішкі функцияға автор** қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін функцияны жатқызады (адамның өмір сүруінің алғышарттарын қорғау); экономикалық (нарықты реттеу, жасау және жалпыұлттық экономикалық бағдарламаны қамтамасыз етуші, т.с.с.); мәдени (білімді, ғылымды, мәдениет мекемелерін дамыту); әлеуметтік; фискальдық (барлық мемлекеттік қызметті қаржыландырудың басты қайнар көзі ретінде).

Қазіргі Ресей мемлекетінің ішкі функциясына әдебиетте (Л. А. Морозова) мыналарды жатқызады:

— халықтық билікті қамтамасыз ету функциясы;

— экономикалық функция;

— әлеуметтік функция;

— салық және қаржыландыру функциясы;

— экологиялық функция;

— азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын қорғау, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету функциясы.

Сыртқы функцияға:

- дүниежүзілік экономикаға интеграцияға түсу функциясы;
- отанды қорғау функциясы;
- дүниежүзілік құқықтық тәртіпті қолдау;
- қазіргі кездегі ғаламдық мәселелерді шешу мақсатында басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста болу.

## **76. Қазіргі кездегі мемлекеттер функциясы және ғаламдық мәселелер**

Ғаламдық — (француз сөзінен global — жалпылама және латын сөзінен globus — шар) барлық жер шарының аумағына қатыстылығы.

Қазіргі өркениеттің дамуы ғаламдық мәселелердің пайда болып, дамуына байланысты өтуде, айырмашылық ерекшелігі сонда, олар жалпыпланетарлық, жалпы-дүниежүзілік сипатта болады, барлық мәдениеттіліктің қызығушылығына қатысты.

Адам баласының ғаламдық мәселелерін екі түрге бөлуге болады:

**Бірінші түріне**, тұтасымен нормативті сипаттағы, табиғи оқиғалардың жүруімен қамтамасыз етілген проблемаларды жатқызуға болады, бірақ өзінің табиғи күшіне сай барлық адам баласы қауымдастығының күшін талап етеді. Оған адамның бостандығы мен құқығын қорғау, ғарышты игеру, жалпыға бірдей ақпарат жүйесін құру, т.б жатады. Ғаламдық проблемалардың **екінші түрі** мәдениеттілікті жоюды қоса алып жүреді. Ондай проблемаларға экологиялық апаттар, демографиялық, шикізат және энергетикалық тоқыраулар, ядролық технологияны пайдалану нәтижелері жатады.

Қазіргі кездегі ғаламдық проблемалардың екінші түріне профессор Венгеров айтқандай, «адам баласы — ерекше биологиялық түр, ол өмір сүреді, өзінің құрып кетуіне бір мезгілде жағдай жасайды».

Сонымен қатар, адамның әлеуметтік даму бағдарламасына, оның өмір сүруін міндетті түрде қамтамасыз ететін тетік кіргізілген. Оның бір тетігіне — мемлекеттің мақсатты әрекеті жатады.

Адам баласының ғаламдық проблемаларының болуы мемлекеттің ғаламдық функцияларының пайда болуын қамтамасыз етеді. Ондай функцияларда жалпылық сипат болады, олар барлық мемлекеттердің күштерінің бірігуі қажеттігін белгілейді. Ғаламдық функциялардың болуы іс жүзінде мемлекеттің ішкі және сыртқы функцияларының өзгешелігін жоққа шығарады. Венгеров атап айтқандай, ондай бөліну, социалистік мемлекеттануға қатысты және

мемлекет табиғатын таптық бағалаумен қамтамасыз етілген, белгілі деңгейде өз маңызын жоғалтып, көптеген ішкі функциялары сыртқы сипатты қабылдайды. Оған мемлекеттің экологиялық бағытын айтуға болады. Мысалы, Чернобыль апаты көптеген мемлекеттердің экологиялық қауіпсіздігіне әсерін тигізді.

Сонымен, адам баласының ғаламдық проблемалары мен мемлекеттің ғаламдық функцияларының арасындағы сәйкестікті ескере отырып, сол функциялардың қатарында мыналарды көрсетуге болады:

— адамның құқығы мен бостандығын қорғау, сонымен бірге, жанға жайлы қоршаған ортаға құқығы, ондай жағдай жөніндегі толық ақпаратқа, денсаулыққа келтірілген шығынды төлетуге құқығы жөніндегі функция;

— экологиялық апатты болдырмау және оның зардабын жою функциясы;

— халықаралық қылмыспен күресу, дүниежүзілік құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету функциясы;

— ғарышты игеру жөніндегі қарым-қатынас функциясы;

— жалпыпланетаралық ақпарат кеңістігін құру үшін күш біріктіру функциясы;

— басқадай функциялар.

Мысалы, планетадағы ашаршылықпен күресуді жеке бағыт ретінде бөлуге болады (дегенмен, бұл бағыт адам құқығын қорғау функциясына жатса да, өмір сүруге және абыройлы болуға құқығы).

## **77. Мемлекетті кейіптеу (типология): формациялық тәсіл және мәдениеттілік (цивилизациялық)**

Кейіптеу (типология) дегеніміз — үлкен топтағы (таптардағы) сол, не басқа объектілердегі әр кейіпке тән жалпы жиынтығы бар белгілер. Кейіптеу жүйелеудің түрі ретінде қаралуы мүмкін, ол өзіне мыналарды қосады:

а) кейіптерге бөлу негіздерін зерттеу;

ә) кейіптердің өзін сипаттау.

Жалпы жүйелеу тек тәртіпке келтіру жолы емес, ғылыми-зерттеулердің нәтижесін жүйеге келтіру, бірақ жаңа білім алудың мықты жолы: ол ертеде белгісіз объектілердің барлығын алдын ала айтуға

мүмкіндік береді (мысалы, Менделеевтің химиялық элементтер кестесі), не белгілі құбылыстардың арасындағы жаңа байланыстарды және тәуелділікті ашу.

Формациялық және мәдениеттілік тәсілдер — бұл тек мемлекетті кейіпке бөлу емес. Соның негізінде мемлекетті кейіптеу — формациялық және мәдениеттілік орайдың тарихты тануға, қоғамның тарихын тануға арналған жеке оқиға.

Формациялық тәсілдің негізінде «қоғамдық-экономикалық формация» түсінігі жатыр, ол өзінің негізінде қоғамның кейпін (қоғамдық қатынастар кейпін, қоғамның экономикалық құрылысын) және қондырғысын сипаттауға керек. Мұндай тәсіл маркстік теория калпында жасалған.

Мәдениеттілік тәсіл негізінде «мәдениеттілік» түсінігі жатыр (лат. *civilis* — азаматтық). Бұл түсініктің өзі әртүрлі сипатталады. Мысалы, профессор Венгеров мәдениеттілікке былай анықтама береді: «жоғары деңгейдегі өмір жағдайын, дамыған қоғамның күрделі талаптарына сай бөлудегі әлеуметтік-мәдениеттілік жүйе, сонымен бірге, реттелетін рухани-мәдени факторларды құру арқылы оның қажетті интеграциясын және қажетті құрылым иерархиясын, бағалылықты қолдаушы».

Жалпы «мәдениеттілік» атауының орны мәдениет кейпін белгілеуден көрінеді. Соған байланысты, мәдениеттілікті түсінуде мәдениетті түсінуден бастау керек.

Істің жәйі мынада, адам тек биологиялық негіздегі өмір сүруші емес, ол әлеуметтік табиғи ортамен қатар, өзі үшін жаңа жаанды ортаны жасайды — «екінші табиғатты». Адамның бұл қызметі және оның нәтижесі «мәдениет» деп аталады. Мәдениетті бағалаудағы және сипаттаудағы оның негізгі категориясы — «бағалылық» түсінігі. Адам өзінің қызметі процесінде материалдық мәдениеттің объектісін және рухани бағалылықты құрады. Сонымен бірге, мынандай бағалылықтар құқық және мемлекетті құрады.

Осы жағынан мәдениеттілікті жүйе ретінде анықтауға болады және қоғамның тұрақты қызметін, адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін өзінше материалдық, рухани тұтастық жиынтығы.

Тарихтызерттеудегі негізгі принциптермен келуді «мәдениеттілік» түсінігінің көмегімен белгілі ағылшын тарихшысы Арнольд Джозеф Тойнби 12 томдық «Постижение Истории» атты еңбегінде жасаған. Ол еңбектер 1934—1961 жылдарда шығарылған. Автордың ойынша, мәдениеттіліктің өзгешелігі, ең алдымен, ойлау үлгісінде. Географиялық фактордың және тұрғындардың белгілі бір ұлттарға жатуының да маңыздылығы аз.

Тойнби дүниежүзілік тарихта 21-ден астам мәдениеттілікті бөліп көрсеткен: мысырлық, қытайлық, батыстық, православтық, қиыршығыстық, арабтық, ирандық, сириялық, мексикандық, т.б. және осы тұрғыдан өзіндік қоғамның кейіптерін жүргізді, мұнда өз алдына осы негіздегі мемлекеттің кейіптеуін жеке мақсат ретінде қоймады.

Егер мемлекеттің кейпін әрбір нақты мәдениеттілікке қатысты бөлетін болсақ, онда кейіптеудің өзі болмауы мүмкін. Ол үшін мәдениеттіліктің кейпін есептеу қажет.

Мемлекетті кейіптеуде мәдениеттілік тәсілдің маңызы жоғары, дегенмен қазіргі кезде ол қалыптасу кезеңінде, оқулық әдебиеттерде мемлекетті нақты кейіпке бөлу осы белгіге байланысты жүргізілмейді.

Профессор Венгеро́в оқулық әдебиеттерде бұл мәселеге үлкен көңіл аударып, мәдениеттіліктің басты ерекшеліктеріне тоқталады: «Мемлекеттік кейіптің мәдениеттік теориясына сай, оның әлеуметтік табиғаты сайып келгенде тек объективті — материалдықпен емес, сондай-ақ идеалды-рухани, мәдени факторлармен белгіленеді». Автор үш маңызды мәселені бөліп, мемлекет пен қоғам өмірінің рухани-мәдени қарым-қатынасы принципін ұсынады:

— мемлекеттің мәні тек шын мәніндегі бар күштердің арақатынасымен ғана белгіленбейді, тағы да тарихи процестердің өтуіндегі жиылған және мәдениет қалпында берілетін дүние туралы ойлардың, бағалылықтың, тәртіптің үлгісімен де белгіленеді;

— мемлекеттік билік бейбітшілік саясатының ортаңғы құбылысы ретінде, сол уақытта, мәдени бейбітшіліктің бөлігі ретінде қаралуы мүмкін;

— мәдениеттің әртүрлілігі — уақытша және кеңістікте — неге кейбір мемлекет кейіптері, бір жағдайға сай келе тұрып, өзінің дамуында басқа жағдайға тоқтайтындығын түсінуге мүмкіндік береді.

Мәдениеттілік белгілеуіне сай мемлекет кейіптерін сипаттауға және ерекшелендіруде профессор Венгеро́в мәдениеттіліктің мынандай кейпінен бастайды: бірінші және екінші ретінде, олар ұйымдасу деңгейлеріне байланысты бөлінген. Автордың атап айтқанындай, бірінші мәдениеттіліктегі мемлекеттер үшін (көне мысырлық, шумерлік, ассирио-вавилондық, жапондық, ирандық, бирмалық, сиамдық, кхмерлік, вьетнамдық, т.б.) мыналар тән

а) мемлекеттің біріктіруші және ұйымдастырушы күш ретіндегі үлкен рөлі және белгілеуге болмайтын әлеуметтік, экономикалық құрылымды белгілеуші;

ә) мемлекетті саяси-діни кешендегі дінмен біріктіру.

**Екінші мәдениеттілікте** — батысеуропалық, солтүстік америкалық, шығысеуропалық, латынамерикалық, буддалық т.б:

а) мемлекеттік билікпен мәдени-діни кешендегі айырмашылық анық байқалады: биліктің бірінші мәдениеттіліктегідей бәрінен күшті және бәріне өтімді болмағандығы көрініп тұр;

ә) мемлекетті алға ұстаушы басқарушының жағдайы екіжақты: бір жағынан, ол бағына лайық, ал екінші жағынан — билік саркальды принцип пен заңға сай болуы міндетті, ал өйтпесе ол заңсыз.

Атап айтуға тұратын нәрсе, мәдениеттілік орайда қоғам мен мемлекеттің арасындағы айырмашылық іс жүзінде жүргізілмейді (не болмаса жүргізу мүмкін емес). Осы себепке байланысты, профессор Венгеро夫 нақты атаулық белгіні бірінші және екінші мәдениеттілік кейіптегі мемлекеттерге бермейді.

Формациялық тәсіл маркстік қоғамтанудың дәстүрлі тәсілі, онда «қоғамдық формация» — қоғамның тарихи кейпі, ол белгілі өндіріс жолына негізделген.

Ресейдің теоретик-большевиктерімен «жетілдірілген» Марксизмде — марксизм-ленинизмінде бес қоғамдық-экономикалық формация бөлініп көрсетіледі: алғашқы-қауымдық, құл иеленушілік, буржуазиялық және коммунистік. Олардың ішіндегі таптық болғандарда (құл иеленуші, феодалдық, буржуазиялық және коммунистік формацияның алғашқы кезеңі — социализмге) өздерінің тарихи мемлекеттік кейіптері сәйкес келді: құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік.

Өз негізінде мемлекетті кейіптеуде формациялық келу толық түрдегі он ой және мемлекеттануда пайдалы, мемлекеттің сол кейіптегі қоғамның экономикалық құрылысына негізделген заңдылықты аша отырып, жалпы ол белгілерге тән жиынтыққа иемденеді (мемлекет олардың өмір сүру уақытына және орналасу орнына сол бір кейіпке, базиске негізделген, өзінің принципті сипатталуында бір кейіпте болады).

Сонымен бірге, оқулық әдебиеттерде формациялық тәсілдің көптеген жетімсіздіктеріне оның догматизациялық нәтижесі ретінде көңіл аударылады. Ондай жетімсіздіктерге мыналарды жатқызады:

— мемлекеттіліктің тарихи дамуындағы біржақтылық талдау, яғни бір тарихи мемлекеттің кейпінің екіншісіне механикалық ауысуы (оның шын мәніндегі тарихи жағдайына, мемлекеттіліктің нысандарының көптүрлілік дамуына, ол дамудың циклдық екендігіне мемлекет кейіптерінің ауысуындағы қайталану мүмкіндігі барлығына жауап бермейді);

— азиялық өндіріс жолын мойындамауға мыналар тән:

а) жерге қоғамдық меншік және ұжымдық (бірлескен) еңбек;

ә) өндіріс құралдарына мемлекеттік меншік;

б) шенеуніктер арқылы үстем тап, олар үшін негізгі «меншік» билік.

Осылай мойындамау бостан-бос емес, себебі көрсетілген кездер көне шығыс деспотиясын және социалистік мемлекетті бір кейіпке біріктіреді:

— мемлекеттің тарихи кейіптерін қанаушыға (эксплуататорлыққа) бөлу — күл иеленуші, феодалдық, буржуазиялық және қанаушылыққа қарсы (антиэксплуататорский) — социалистік (социалистік мемлекеттерде еңбекшілерді қанаушылық нормасы дамыған капиталистік елдердегіден өлшеусіз жоғары болады);

— социалистік кейіптегі мемлекетті тарихи ақырғы және мемлекеттің жоғарғы кейпі ретінде сипаттау;

— мемлекеттілікті кейіптеудің дамуында қоғамдағы мәдени-рухани өмірдің ролін мойындамау, оны антагонистік таптардың мүддесін көрсететін идеялармен, ойлармен, бағалылықпен шектеу.

Әдебиетте әділдікпен атап айтылатыны, мәдениеттілік тәсілдің формациялықтан негізгі айырмашылығы, қоғамның және мемлекеттің дамуын адам арқылы ашу мүмкіндігі, бағалылық туралы ойлармен оның меншікті қызметінің мақсаты ашылады. (В. Н. Хропанюк).

Әдебиеттерде дұрыс айтылғандай, мемлекетті кейіптеуде мәдениеттілік тәсіл мен формациялықты есепке алу қажет.

## **78. Мемлекеттің дамуындағы геосаяси факторлар**

«Геосаясат» сөзін белгілі теориялық ғылым ретінде түсіну және саяси шындық — мемлекеттің нақты саясаты, географиялық, одан кеңірек — табиғи факторлармен қамтамасыз етілген.

Кеңес кезеңінде біздің тарихымызда геосаяси теория ғылым ретінде мойындалмады. Оған деген қатынас жағымсыз болды және сол кездегі сөздікте оған реакциялық антиғылыми доктрина ретінде анықтама берілді, яғни ол империалистік мемлекеттердің агрессивтік саясатын қолдаушы ретінде көрсетіліп, экономикалық және саяси географияның мәліметтері керісінше талқыланды; геосаясат германия фашизмінің арнайы доктриналарының бірі ретінде көрсетілді. Не болмаса: «Геосаясат — географиялық мәліметтерді

пайдаланатын саяси концепция (аумақтар, елдің жағдайы, т.с.с.) империалистік экспанцияны негіздеуге қажет болған. Ол расизммен, мальтузиандықпен, социал-дарвинизммен байланысты. Неміс фашизмінің арнайы доктринасы болған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ФРГ-ға, АҚШ-қа тараған». Іс жүзінде Кеңес мемлекеті геосаяси бағытқа өз қызметінде маңыздылық берді.

«Геосаясат» гректің екі сөзінен құрылған — «гео» (жер, ел) және «саясат». Оны кіргізген шведтік географ Р. Челлен ХХ ғасырдың басында (дүниежүзілік соғыс кезінде) мемлекетті ерекше организм, өзі өмір сүретін орта ретінде қызметін кеңейтуге талаптанатынын көрсетуге ұмтылды.

Дегенмен, геосаясаттың негізін салушы ағылшын географы Хэлфорд Джон Маккиндер (1864—1947 ж.ж.), ол 1904 жылы «Географическая ось истории» жұмысында «Хартленд» («Heartland») идеясын ұсынды — «сердцевиной земли» («сердце земли»). Хартлендқа Маккиндер Орталық Азия мен Батыс Еуропаны жатқызады (оған Ресейдің аумағы кіреді). Оның ойынша, кім Хартлендпен басқарса, барлық дүние жүзін басқарады. Хартлендті Маккиндердің ойынша, жаулап алуға болмайды: теңіздегі кемелер ол зонаға кіре алмайды, ал айналадағы мемлекеттердің ұмтылысы, әр уақытта сәтсіздікпен аяқталған (мысалы, шведтік король ХІІ Карлдың, Наполеонның).

Мемлекеттің құрылымына табиғи факторлардың ықпалызор, оның режимі Монтеस्कьенің маңыздылық беруімен сәйкес келді. Оның ойынша, аралдағылардың бостандыққа талпынысы континенттегілерге қарағанда молырақ, себебі аралдарда олардың аздау мөлшеріне байланысты «тұрғындардың бір бөлігін екіншісінің қанауын пайдалануға мүмкіндік азырақ».

Ғылыми жағынан геосаясатты пәнаралық (кешенді) теория ретінде белгілеуге болады, мемлекеттік қызметтердің (саясаттың) мынандай факторлардан тәуелділігін түсіндіруші, яғни елдің географиялық жағдайы (теңізге және мұхитқа шығу, ландшафт, табиғи шекараның тау түріндегісі, батпақ, өзеннің коммуникациясы, топырақ, ауа райы, өсімдік, пайдалы қазбалар, т.с.с.), аумақтың мөлшері, шекараның қашықтығы және олардың конфигурациясы, елде өмір сүріп жатқан тұрғындардың саны, құрамы, т.б.

Басты геосаяси фактор — бұл мемлекеттің тұрған аумағы: оның мөлшері, құрамы және конфигурациясы. Осы фактордан басқаларының бәрі тәуелді. Сондықтан, геосаясат теориялық негізде — бұл, ең алдымен, мемлекеттің аумақтық қызығушылығы туралы ғылым.

Айтылған факторлар объективті түрде елді өмірлік қамтамасыз етуге мүмкіндік жасауға ықпал етеді. Сонымен бірге, геосаясаттың

ғылым ретіндегі қалыптасу кезеңінде, дені дұрыс идеяларды пайдалана отырып, тиімді емес кездерді нейтрализациялау, тиімді емес кеңістік жағдайын сыртқы экономикалық емес және саяси қызметтер есебінен орнын толтыру көзделді, басқа мемлекеттерге байланысты әскери агрессияны теориялық негіздеуге арналған ұмтылу болды (Германияда ондай талпыныс бірінші дүниежүзілік соғыс кезінен басталған). Осы жағдайлармен негізінен геосаясатты саясаттытуғызушы ретінде есептеуге болады, еңкөне «саясат» ретінде, үлкен топтағы ұйымдасқан адамдар алғашқы қауымдық қоғамда өздерінің тұратын жерлерін белгілегенде, өздерінің әрекеттерін және басқа алғашқы қауымдағы социуммен қатынастарын геотабиғи факторларға тәуелді байланыста белгілеген.

Геосаясаттың мазмұнын да шын мәніндегі саяси құбылыс ретінде екі аспектіге бөлуге болады, не мемлекеттің геосаясаттың «тәртібінің» екі түрі:

а) мемлекет өз саясатында елдің геосаяси ережесінен объективтік мәлімет ретінде шықса, оған тарихи тән және мемлекет берілген саяси жағдайды өзгерте алмайды. Мемлекет мұндай оқиғада өзінің геосаяси жағдайын тұрақты кеңдік ретінде қарады және геосаясаттың мұндағы өнері сонда, қайткенде де геосаяси факторлардың барлығын жеткілікті мөлшерде толық пайдалану және өзінің геосаяси қимылсыздығын басқа факторлардың есебінен орнына келтіру (қоғамның индустриальды дамуы, жаңа технологияны игеру, коммуникацияның дамуы, т.с.с.).

ә) мемлекеттің қызметі тікелей елдің геосаясаттың жағдайын жақсартуға бағытталған.

Қазіргі кезде геополитиканың **бірінші түрі** және **екінші түрі** өзекті, олар мемлекеттің әскери қызметтерімен міндетті байланыста емес. Қазіргі дүниеде этностардың тұрақты геосаяси ықыласы демократиялық және мәдениеттілік жолмен жүзеге асырылуы міндетті: халықтарды бірлестікке жинау арқылы, жаңа мемлекеттік құрылым нысандарының негізінде және мемлекеттік одақтар негізінде.

Ресей мемлекеті үшін геосаяси функция XVI ғасырдан бері ерекше маңызды болды. Оны бірізділікпен іске асырудың нәтижесінде Ресей геосаяси қатынаста тоқтаусыз және үйлесімді дамуда және XIX ғ. «мемлекет өзінің табиғи геосаяси шегінде қалды» (В. С. Ковалин).

XX ғасырдың аяғында Кеңес мемлекетінің ыдырауынан кейін Ресей жаңа геосаяси жағдайда. Кеңес одағынан Ресей Федерациясы мұрагер ретінде 75 % аумақты және 51 % тұрғындарды қабылдады. В. С. Ковалкин атап айтқандай, «Ресей Еуразия кон-тинентінің тереңіне

«итерілді», яғни бірнеше жүз жылдар кейінгі тұрған жеріне қайтып оралды. Ашық теңізге шығу көбірек төмендеді, ал оның айналасында саяси тұрақтылығы кең аумақтар пайда болды. Дегенмен де, Ресей үлкен мемлекет ретінде қала берді және біртұтас аумақтарды сақтай отырып, еуразиялық мемлекеттік құрылымның геосаяси бірегейі болып табылады. Оның өз мемлекеттігін сақтауға және дамытуға тарихи болашағы бар және этностарды, халықтарды «сақтаушы» және «жинаушы» ретіндегі дәстүрлік рөлін орындауда.

## **79. Мемлекет және шіркеу.**

### **Зайырлы және теократикалық мемлекеттер**

Грек сөзінен аударғанда «шіркеу» сөзі «Құдайдың үйі» дегенді көрсетеді. Қысқа мағынада «шіркеуді» христиан дінінің дәстүрін орындайтын үй ретінде түсінеді, өзінің белгілі анықтаушысы болады.

Кең мағынада «шіркеу» — бұл діни ұйымдардың ерекше кейпі, сенім ілімінің жалпылығы мен ғибадат етудің негізінде әртүрлі діндерге сенушілерді біріктіруші.

Шіркеудің басты белгілері:

- а) дайындалған діни (догматикалық ғибадат) жүйенің болуы;
- ә) иерархиялық сипаттағы басқаруды орталықтандыру;
- б) шіркеуге тиістілерді дін қызметкерлері мен мирянға (жәй сенушілерге) бөлуі.

Шіркеу барлық кезеңдерде, қоғам өмірінде маңызды рөл атқарды. Ертедегі тапсыз қоғамдарда, қала-мемлекеттер нысанындағы өмір сүрген кезде үш басқару орталығы болған — қалалық қауым, сарайлар және ғибадатханалар.

Мемлекет пен шіркеудің екі түрдегі қарым-қатынасы бар:

- а) мемлекеттік шіркеудің болуы, мұнда шіркеудің артықшылық ережесі басқа сенушілерге қарағанда бекітілген;
- ә) мемлекеттің шіркеуден бөлінуі және мектептің шіркеуден бөліну режимі.

Мемлекеттік шіркеудің мәртебесі артықшылығынан басқа қоғам өмірінің әр саласындағы мемлекет пен шіркеудің тығыз байланысын алдын ала болжайды. Төңкеріске дейінгі Ресейде ондай мәртебе орыс Православия шіркеуінде болды. Ұлыбританияда арнайы мемлекеттік шіркеу ағылшын (протестанттық-епископтық) шіркеуі болды, оның басшысы ретінде монарх тұрды. Отызға тарта мұсылман елдерінде мемлекеттік дін ретінде арнайы түрде ислам қабылданды.

Мемлекеттік шіркеудің мәртебесі мынандай кездермен сипатталады:

1. Шіркеуге кең көлемдегі объектілерді меншіктенуге құқық беріледі — жер, құрылыс, үй, ғибадатету заттары, т.с.с.;
2. Шіркеу мемлекеттен әртүрлі субсидарлық және материалдық көмек алады;
3. Шіркеуге көптеген заңды міндеттер жүктеледі (негізінен отбасы туралы қатынастар);
4. Саяси өмірге араласуға құқығы бар, мысалы, өзінің өкілдері арқылы мемлекеттік органдарда;
5. Өсіп келе жатқан ұрпақтарды тәрбиелеуге, оқытуға кең көлемдегі міндеттері бар. Әдеттегідей, оқу орындарында дінді оқыту міндетті түрде белгіленген.

Шіркеуді мемлекеттен бөлу режиміне (Ресей, Франция, Германия, Португалия, т.б.) мыналар тән:

1. Мемлекет діни ұйымдардың қызметін реттейді, оларға бақылау жұмысын жүргізеді, бірақ олардың ішкі, сыртқы қызметтеріне араласпайды;
2. Мемлекет шіркеуге материалдық, қаржылық көмек көрсетпейді;
3. Шіркеу мемлекеттік функцияларды орындамайды және жалпы түрде мемлекет ісіне араласпайды, азаматтардың діни талаптарын қанағаттандырумен шұғылданады;
4. Мемлекет пен шіркеудің арасындағы қатынастар заңды бекітілген бостандық, ұяттылық пен дінге табынушылық принциптері негізінде құрылады, дінді таңдау бостандығы және сендіруді болжайды, мемлекеттің өз азаматтарының дінге қатынасын бақылауға және олардың діни принциптер бойынша барлық діни құрылымдарының заң алдындағы теңдігін есепке алуға құқығының жоқтығы.

Мемлекет пен шіркеудің қалыпты қарым-қатынасы олардың бір-бірімен араласуы, қажетті қоғамдық мақсаттарды шешудегі бәсекелестік, бір-бірінен толық бөлінбеуі.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 5-бабында дін туралы «Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдармен келісу арқылы жүзеге асырылады» және 19-бабында «Әркім өзін қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» делінген.

Кеңес мемлекетінде діни ұйымдар социализмнің саяси жүйесінен жалпы алынып тасталады. Қазіргі Қазақстанда діни бірлестіктер

(нағыз бірлестіктер, жеке сенушілер емес) мемлекеттің ісіне және мемлекеттік билік органдарының және басқаруды сайлауға қатыса алмайды. Сонымен бірге, мемлекеттік білім алудың зайырлы сипаттағы жүйесі жарияланды.

**Секуляризация**, яғни дінің ықпалынан босану (қысқа мәнінде «секуляризация» дегеніміз — шіркеу меншігін зайырлыға айналдыру процесі) ХХ ғасырда саяси өмірді ұйымдастырудың әмбебап принципіне айналды. Қазіргі кезде көп елдер өздерінің Конституцияларында мемлекеттік биліктің зайырлы негізін бекітті. Және осы жағынан теократия тарихы анахронизм ретінде қаралуы мүмкін. Сонымен бірге, теократикалық мемлекеттің проблематикасының өзектілігі теократиялық тенденцияның жандануына, біраз мемлекеттердегі саяси процестердің теократизациялануына байланысты сақталады. Ресейде оған Шешен республикасы мысал болады, онда ислам мемлекетін құруға ұмтылыс жасалуда.

Әдебиетте «теократия» мемлекет нысаны ретінде түсіндіріледі, онда саяси және рухани билік бір адамның ғана қолында шоғырланған — діншілдердің (духовенстваның), басшысы «жердің құдайы» ретінде мойындалып, «бірінші әулие» аталған. Дәстүрлі түрде қазіргі теократикалық мемлекетке Ватикан мен Иранды жатқызады, онда көпшілік билікті ұйымдастыру діншілдердің басқаруында болады. Сонымен бірге, әдебиеттегі негізделген көзқарастар бар, яғни қазіргі қоғамның теократикалық тенденциясын анықтау үшін мемлекеттік билік пен әлеуметтік институттардың барлық кешенді әрекеттестігіне көңіл аудару қажет, яғни тек жоғарғы басқарудың құрылымына ғана емес (Е. Н. Салыгин).

Қоғамдық-саяси құрылымның теократиялық моделінің болжайтыны:

1. Ерекше адамға мемлекеттік басқару өкілеттігін беруші жоғарғы құдайлықты мойындау (өзі жалғыз биліктегі басқарушыға), яғни басқарушы мүсінін құдайдай көру;

2. Ұлттық шекарасыз Құдайға табынушылардың әлемдік мемлекеті, басқа мемлекеттердің ішкі ісін қоздырушы, террорлық актілер, т.б.;

3. Мемлекеттің қоғамға басымдылығы, саяси режимнің авторитарлығы, қоғамнан және жеке адамнан аластату, т.с.с.;

4. Діннің құқыққа басымдылығы: қоғам өмірінің негізгі жақтарын белгілеу құқықпен емес, дін нормаларының жүйесімен, ол теократиялық мемлекеттің күшімен қамтамасыз етіледі. Негізінен бұл жерде дін нормалары — «құқық». Мысалы, Оман, Сауд Арабстаны конституциясыз жұмыс істейді — ол рөл Құран орындайды;

5. Теократиялық ұйымдастырылған қоғамда жәй ғана мемлекеттік дін емес, дін мемлекеті бар, яғни қоғам мөлшерінде барлық мемлекеттік биліктің белгісімен мемлекет діни ұйым екенін көрсетті;

6. Мемлекеттік аппараттың қатаң иерархиясы және орталықтандыру, мемлекет басшысына өте үлкен өкілеттік (құқық) беріледі, атқарушы органдардың бақылауға жатпайтындығы;

7. Биліктің бөлінбеуі және тежеушілік пен тепе-теңдік жүйесі;

8. Деспоттық және абсолюттік басқару нысаны;

9. Діни бастаулар, адамның құқығы мен бостандық идеалын жоқ қылады;

10. Әйелдердің ерекше жағдайы, мемлекеттің ісі мен басқаруға қатысуға тыйым салуды қосып алады;

11. Саяси партияларды құруға тыйым салады (Иордания, Бутан, Непал, БАӘ, Сауд Арабстаны), не тек сол партияларға рұқсат береді, егер олар исламның бағалылығын бекітсе (Алжир, Мысыр).

Сонымен, қоғамды және мемлекетті ұйымдастырудағы теократиялық тенденцияларды негізінен жағымсыз бағалау керек. Мемлекет пен шіркеудің қарым-қатынасындағы нәтижелер тек бостандық, ұлттық принцип негізінде, мемлекеттік билікті зайырлы ұйымдастырғанда береді<sup>3</sup>.

## **80. Қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Олардың қызметтерінің құқықтық белгіленуі**

«Ақпарат» түсінігі алдымен әлеуметтік аямен және адамның коммуникативті қызметтерімен байланысты болды. А. Д. Урсулдың пікірінше, ол орыс тілінде петрлік дәуірде пайда болып, «идея, ғылым» мағынасында пайдаланылды.

Ойлап қарасақ, қазіргі түсінігінде «ақпарат» — бұл мәлімет беру:

а) бір субъектімен (ақпарат субъектісімен) басқа субъектіге (ақпарат объектісіне) береді;

<sup>3</sup> Л. А. Морозова мен Е. Н. Салыгиннің материалдары пайдаланылды.

ә) бірдей (нақты, дұрыс, шындықта) сол, не басқа шындықтың фрагментін көрсетеді (елестетеді);

б) маңыздырақ, яғни қажетті, өзекті мүддені ақпарат объектісіне, олардың сол, не басқа шешімді қабылдау тұрғысынан көрсетеді.

Нақты мәліметтер маңыздылығы ақпаратты жәй білімнен айырып көрсетеді.

Мұндағы айтылған белгілердің екіншісі маңызды, сондықтан «ақпаратқа» «шындықты», не «сенімділікті» қисындастырудың, қосудың негізі жоқ: өтірік ақпарат болмайды. Егер мәлімет өтірік болса, онда ол ақпарат емес. Бірақ, кез-келген мәліметтердің шындығы болмаса, оларды дезинформация деп айтуға болады. Дезинформация — өтірік мәліметтер, арнайы жасалып («ойдан шығарылып») дезинформация объектісіне хабарланғандар (адамға, ұйымға, қоғамға), мақсаты сол адам сеніп, өзіне қарсы дезинформатордың мүддесіне сай шешім қабылдауы үшін.

Сонымен, ақпаратқа мынандай белгілер тән:

— ол әлеуметтік құбылыс, қоғамдық;

— екі жақтың болғанын болжайды — ақпарат беретін субъектіні (ақпарат субъектісі) және ақпаратты қабылдаушы субъектіні (ақпарат объектісі);

— оның өзі белгілі мәлімет;

— мәліметтер шындықты бірдей көрсетуі қажет;

— мәліметтердің ақпарат объектісі үшін маңызы болуы қажет, ол үшін қызығушылықты көрсетеді.

Ақпарат адамдар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және процестер ретінде, олардың көрсету нысанынсыз түсініледі.

Ақпараттың бір түріне бұқаралық ақпарат жатады. А. А. Малиновский еркін бұқаралық ақпараттың проблемаларын зерттеуші ретінде, бұқаралық ақпаратты «қоғамдық өмірдің процесін бірдей көрсететін, шектеусіз адамдар ортасына арналған, арнайы техникалық жүйе құрылымымен таралатын мәліметтер жиынтығы ретінде көрсетеді. Сонымен қатар, оның ойынша, бұқаралық ақпарат шын құбылыс ретінде, үш жүйеге сәйкестіктен тұрады: коммуникативті (меншік ақпараттық), институционалды (бұқаралық ақпарат құралы, бұқаралық ақпаратты таратудың нысаны ретінде) және техникалық (типография, баспахана, телерадио қызметі, ретрансляциялық станциялар, спутник жүйесі, т.б.). Біздіңше, бұл артықтау қиындатылған және толық емес шешім. Малиновский атаған бұқаралық ақпараттың «коммуникативтік жүйеге сәйкестігі» — бұл сол бұқаралық ақпараттың өзі. Оның ақпаратқа қатысты барлық белгілері бар, ал оның түрлік айырмашылығына жататыны

сол, ерекше объектіге есептелген (үлкен топтағы адамдар) және ерекше субъектіден шығады (бұқаралық ақпарат құралы). Ал «институциональды жүйеге сәйкестік» — бұл бұқаралық ақпарат субъектісі. Техникалық жүйеге сәйкестік — бұқаралық ақпарат құралдарының материалдық негізі (базасы).

Ресей Федерациясының 1991 ж. 27 желтоқсанда «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы заңында бұқаралық ақпарат шектеусіз адамдар ортасына арналған баспадан шыққан, аудио-аудиовизуальды және басқа хабарлар, материалдар, ал бұқаралық ақпарат құралдарына заң, тұрақты шығып тұратын басылымдар, радио-телебейне бағдарламаларды, кинохроникальды бағдарламаларды, басқа уақытына байланысты таратылатын бұқаралық ақпарат нысандарын жатқызады.

Бұқаралық ақпарат құралдары мынандай қызметтер үшін керек:

- а) ізденушілік;
- ә) алу;
- б) беріп жіберу;
- в) өндіріс;
- г) ақпарат тарату.

Соған байланысты олар үгіт-насихат, идеологиялық және тәрбиелік мақсаттарды шеше алады.

Американдық журналист Дуглас Кейтер басылымды, радионы, теледидарды «төртінші» (заң шығару, атқару және соттан кейін) билік тармағы деп атайды. Бұл метафора кең таралды, ондай болуына себеп болған БАҚ, олардың мәртебесіне мұндай баға беру қоғамдағы оның рөлін жоғарылатты. Ал отандық БАҚ өкілдері одан да үлкенге лайық: «БАҚ туралы айтылып жүрген «төртінші билік» туралы ойлар қателік. Шын мәнісінде, факт ретінде бұл — «бірінші билік», себебі ол билікті ақылмен қамтамасыз етеді, сезімді құрайды. Тәжірибеге сүйенсек, саясаткерлердің репутациясы саларға тәуелді, сайлауда жену мен жеңілу, тіпті әлеуметтік даму бағдарламасын таңдау...» (В. Иванов, Б. Лукьянов).

Біріншіден, егер қайсысы бірінші орынға мемлекеттік билік тармақтары үмтылса, яғни үміттенсе, онда — тек сот билігі, әділ сот алады. Екіншіден, БАҚ-ты мемлекеттік биліктің тармағы ретінде қарап, оған деген қарым-қатынас сол негізде болса, өте қателік және қоғамға зиян келтіруі мүмкін.

БАҚ — үлкен қоғамдық күш және маңызды билік құралы, ол ешқандай күмән келтірмейді. Қазіргі қоғамда техникалық құралдардың коммуникациясының дамуына байланысты олардың маңызы арта түсті, әсіресе теледидардың. Дегенмен, олардың орны

мен рөлі мемлекеттік-ұйымдасқан қоғамда сол ұйымның сипатынан тәуелді болады. Тоталитарлық қоғамда (онда мемлекеттік билік бөлінбеген, соған сай оның тармақтары жоқ) БАҚ түгелімен мемлекеттің монополиясында, олардың материалдық базасы оның меншігі болады, ал БАҚ өзі кәдімгі мемлекеттік ұйым ретінде мемлекеттің асырауында және оның идеологиялық тапсырмасын орындайды. Италия диктаторы Бенито Муссолини былай жазған: «Тоталитарлық режимде басылым оның қызметшісі ретіндегі режимнің элементі және күші. Сондықтан, итальяндық басылым түгелімен фашистік». БАҚ-ты биліктің құралы ретінде пайдаланып, тоталитарлық мемлекет мынаны іс жүзіне асырады:

- а) арнайы идеологияны жариялайды және үгіттейді;
- ә) бұқараны арнайы доктринаның рухында тәрбиелейді;
- б) идеологиялық қарсыластарын сынға алады.

Нарықтық экономикасы мен сөз бостандығы бар қоғамда және плюралистік демократиядағы БАҚ биліктің мықты құралы ретінде әртүрлі саяси күштердің ішінде бөлінуі міндетті, тежеу мен тепе-теңдік жүйесі мемлекеттік билік тетігінде де жөндеуі міндетті, сайып келгенде, қоғамның БАҚ және кімнің қолында бар саяси күштерді бақылауды қамтамасыз ету үшін, БАҚ қоғам үшін екі негізгі функцияны орындауға міндетті:

- а) қоғамды қажетті және жеткілікті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- ә) қоғамдық пікірді адал көрсету;

Басылымдар, радио, теледидар мемлекеттің, партиялардың, әлеуметтік топтардың, саяси басқарушылардың, үлкен қаржылық және экономикалық жүйелердің, барлық қоғамның мүддесін көрсетеді.

Қоғамда міндетті түрде мемлекеттік БАҚ болуы міндетті. Онсыз мемлекет өзінің конституциялық міндетін орындай алмайды, тіпті заңды актілерді жариялай алмайды.

БАҚ тек сонда мемлекеттік болады, егер мемлекеттік органмен ұйымдастырылса. Барлық мемлекеттік билік органдарының бұқаралық ақпарат құралдарына жетуге бірдей тең мүмкіндігі болуы қажет, біреуінің күшейіп кетуіне жол бермеу көзделеді және мемлекеттік тетіктің балансының бұзылмауын қадағалауды ұйымдастыру қажеттігі туындайды.

Демократиялық қоғамда мемлекеттік емес БАҚ болуы міндетті. Олар белгілі мәнде мемлекеттік билікке қарсылықта болып, оны үнемі сынаушы және арнайы оппоненттік функцияны орындайды.

Көпшілік мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың қызметтері жөніндегі ақпаратқа мұқтаждығы бар. Ақпараттандыру

оларға саяси жағдайларда тәртіпті өзгерту және дұрыс саяси шешім шығаруға мүмкіндік береді. Дегенмен, мемлекеттен тәуелсіз БАҚ бір ғана саяси күштің қолына шоғырланбауы керек. Саяси плюрализм ақпараттық плюрализммен үйлесуі міндетті. Бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіздігі жөніндегі проблемаларға арналған халықаралық конференцияда (Мәскеу, маусым 1993 ж.) Еуропалық бұқаралық ақпарат құралдары институтының басқарушы кеңесінің мүшесі профессор Джорж Уэдделл атап айтқандай, БАҚ қанағаттандырылғы жұмыс істеуі үшін ең маңыздысы, олардың жекешеленген күйде болуы.

Жеке меншікке негізделген қоғамда күмәнсіз түрде БАҚ болған және болады. Сонымен бірге, нарықтық экономикамен бөлінген қоғамда нарық ақпарат бостандығын азайтады деген түсінік пайда болып, ақпаратты қоғамдық бағалылық ретінде қарамай жеке адамдар иемденетін тауар ретінде қарай бастады. Жекешеленген (коммерциялық) БАҚ көбінесе тауарларды және қызметтерді жарнама жасаумен шұғылданады. Даллас Смит айтқандай, бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі функциясы идеологиялық тауарларды тұтынушыларға сату емес, қалыптастыру және аудиторияларды жарнама берушілерге сату.

Бұл БАҚ-қа байланысты өте маңызды проблемалардың бірі, сонда саясатталмаған қоғамның бөлігін қорғау (бұл сан жағынан тұрғындардың көпшілік жағы, сондықтан қай сайлауда болмасын негізгі электорат), **біріншіден**, монополияға түскен мемлекеттік идеологиядан, **екіншіден**, әртүрлі партиялық үгіттерден, бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен қаржылық және өндірістік монополистердің мүддесін көрсеткен ақпараттың ықпалынан. Бұны тек БАҚ қана істей алады, олар саяси жағынан бейтарап (саяси «бастықтары» жоқ), мемлекеттің экономикалық бюджетінен, не қаржылық-өндірістік құрылымнан тәуелсіз, осы негізде тұтасымен қоғамның ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті. Онда БАҚ-ты теорияда және саяси қызметте «қоғамдық», «коммерциялық емес», «көпшілік» деп атайды.

БАҚ-тың мұндай ұйымдарының өзін-өзі басқаруға кең құқықтары бар, олар телерадио компаниялардың әр тұтынушыдан ерікті жинаған радио, теледидар салықтарынан қаржыландырылады. Мемлекет көпшілік-құқықты радиокөмпанияларды жинауға және оларды бақылауға (олар әзірше тұрғанда) құқығы бар, олар тікелей оның ықпалында болады. Қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының (көпшілік-құқықтық) болуы — кез келген демократиялық қоғамның анықтаушысы. Сонымен бірге, тағы да атап өтетініміз, саяси

плюрализм принципіне негізделген демократиялық қоғамда БАҚ құруға және өз мүддесін заң жүзінде көрсетуге әрбір әлеуметтік топтардың мүмкіндігі бар, сайып келгенде олардан азаматтық қоғам тұратын болады.

Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, мынандай қорытындыны қоғамның саяси жүйесіндегі БАҚ-тың орны мен рөлдеріне қатысты келтірейік:

1. БАҚ мемлекеттік биліктің тармағы емес («төртінші билік»). Оларды мемлекет билігінің тармағы ретінде ойлау қате түсінік, ал оны іс жүзіне асыру қоғамға зиян келтіруі мүмкін. Ондай ойдың зияндығы сонда, демократиялық қоғам саяси плюрализм принципіне негізделген, БАҚ мемлекеттік билік пен мемлекеттік емес биліктің арасында және әртүрлі саяси күштердің арасында бөлінуі міндетті. Басқа жағдай БАҚ-ты диктатураға әкелуі мүмкін, ал тікелей — оның артында тұрғандарды. БАҚ — бұл биліктің құралы. Мысалы, зеңбірек сияқты (тек «атады», олар ақпараттық, идеологиялық зарядтармен қаруланғандар). Дегенмен, ешкімнің басына артиллерияны «төртінші» (не «бесінші», «алтыншы») мемлекеттік биліктің тармағы деп айту келмейді.

2. БАҚ-тың табиғаты биліктің құралы ретінде, оларды тек мемлекеттік билік тармағы емес, қоғамның саяси жүйесіндегі ерікті компонент ретінде көруге де рұқсат етпейді. БАҚ әртүрлі саяси күштердің қолында болуы міндетті (қоғам, мемлекет, партиялар, т.б.). Нақтылы осы күштер, БАҚ-тың өзі емес саяси жүйенің элементтері болады. БАҚ туралы айтсақ, қоғамдық институт ретінде айтуға болады (сондықтан, олардың институционализациялануы туралы), тек ерекше қоғамдық құбылыс мәнінде, қоғамның саяси жүйесінің ерекше емес ерікті элементі ретінде. Белгілі мөлшерде саяси бостандыққа үміт артатын тек көпшілік-құқықты БАҚ. БАҚ ұйымдар ретінде ерекшеленген (компаниялар), бірақ бұл тек олардың сыртқы, ұйымдастырылып дайындалған көзқарасқа байланысты.

3. БАҚ функциясы олардың саяси және қаржылық қатыстығына байланысты, сонымен бірге, тұтасымен қоғамның табиғатымен белгіленеді. БАҚ сол, не басқа идеологияны құрушы емес, тек оны таратушы. Тоталитарлық қоғамда БАҚ арнайы идеологияны үгіттейді, насихаттайды, бұқараны арнайы доктринаға тарту рухында тәрбиелейді, идеологиялық қарсыластарын сынайды. Демократиялық қоғамда жеке (коммерциялық) БАҚ көбіне тауарлар мен қызмет көрсетуге жарнама жасайды. Партиялық БАҚ (саяси партияның баспа органдары) үгіттеу және насихаттау функциясын іске асырады. Олардың мақсаты — саяси бағдарламаларды,

идеяларды, ұрандарды тұрғындар арасында тарату. Қоғамдық (көпшілік-құқықтық) БАҚ «айна» болуы міндетті, себебі ол қоғамдық тұрмысты анық көрсетеді. Мемлекеттік БАҚ қоғам мен мемлекет арасындағы ақпараттық орта функциясын орындауға міндетті: бір жағынан, жұртшылықты мемлекеттік тетіктегі болып жатқан процестер туралы ақпараттандыру, ал екінші жағынан — қоғамдық пікірді анық көрсету. Сонымен, БАҚ функциясының мазмұны демократиялық қоғамда оларды құрушылардың саяси жүйедегі жағдайымен белгіленеді.

БАҚ қызмет нысанына байланысты іздеумен, алумен, беріп жіберумен, өндірумен және ақпаратты таратумен шұғылданады.

Әдебиетте БАҚ функциясын жіктеу туралы әртүрлі пікірлер бар. Мысалы Иллиной университетінің профессоры Т. Петерсон басылымның негізгі жеті функциясын бөліп көрсетеді:

— қоғамның саяси жүйесіне ақпаратпен қамтамасыз етіп, қызмет істеу;

— қоғамдық істерді талқылау;

— жұршылықты сауаттандыру, яғни оларды өзін-өзі басқаруға баулу;

— жеке адамның құқығын үкіметтен қорғау;

— экономикалық жүйеге қызмет ету, маңыздысы сатып алушы мен сатушыны жарнама арқылы біріктіру;

— оқырмандардың көңіл көтеруін қамтамасыз ету;

— өзінің меншікті қаржылық тәуелсіздігін қолдау, кейбір жеке иқпалдың қысымынан қашу үшін.

Отандық зерттеуші В. Л. Энтин «Средства массовой информации в политической системе общества» (М., 1988) монографиясында мынандай топтағы БАҚ-тың функцияларын ұсынады: құрушы, реттеуші, қорғаушы, нормативті-бағалылық.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 20-бабы бойынша:

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді. Сөз бостандығы жеке адамның (адам және азамат) кедергісіз өз пікірін және ойын айтуға заңды мүмкіндік. Ол ойлар ауызша, жазбаша, сонымен бірге, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегі арқылы көрінуі мүмкін. Ондай бостандықтың алып жүрушісі жеке адам. Бұқаралық ақпарат бостандығы дегеніміз,

кедергісіз (тежеусіз) бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы техникалық жүйенің құрылымның көмегімен қоғам өмірін анық көрсететін процестерді белгісіз адамдардың ортасы үшін бірдей тарату мүмкіншілігі. Ондай бостандықты алып жүруші бұқаралық ақпарат құралдары. Сонымен, осы бостандықтардың айырмашылығы сонда, сөз бостандығын жеке адам іс жүзіне асырады, ал бұқаралық ақпаратты — тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары.

Профессор А. В. Малько атап айтқандай, азаматтың ақпаратқа конституциялық құқығы. Алғашқы рет халықаралық деңгейде ақпаратқа деген құқық Адам құқығы туралы жалпыға бірдей декларацияның 19-бабында айтылған. Ол РФ Конституциясының 29-бабының 4-бөлімінде толығымен қайталанған: «Әркімнің ерікті іздеуге, алуға, беріп жіберуге, жасауға және қандай болмасын заңдылық жолмен ақпаратты таратуға құқығы бар». Профессор Мальконың пікірінше, азаматтың ақпаратқа құқығы көптеген заңды мүмкіндіктерден тұрады және өзіне мынандай өкілеттікті қосып алады:

- 1) кез келген заңмен және нормативтік-құқықтық актімен кедергісіз таныстыру құқығы;
- 2) азаматтың жеке өмірінің аясына қандай болмасын деңгейдегі қатысы бар барлық нақты ақпараттық жүйенің құрылуы және қызметі туралы білу құқығы;
- 3) жекелеген ақпарат жинауға келісім беру құқығы;
- 4) сондай ақпараттың шындығын тексеру құқығы;
- 5) оған қол жеткізу құқығы;
- 6) қоршаған табиғи ортаның жағдайы туралы ең анық ақпаратты алу құқығы;
- 7) ең анық қаржылық ақпаратты алуға құқығының барлығы.

Автор «Ақпаратқа құқық туралы» арнайы заңды қабылдау қажет екендігін дұрыс көрсетеді.

Мемлекет пен БАҚ-тың арасында қандай принципті қарым-қатынас болуы мүмкін? Біздің ойымызша, БАҚ және мемлекет мынандай бағытта қарым-қатынас жасайды:

— мемлекеттің қоғамдағы табиғатын тұтасымен БАҚ-тың жағдайы белгілейді. Бұл тоталитарлық мемлекеттің мысалынан жақсы көрінеді;

— мемлекет демократиялық қоғамда БАҚ қызметінің нормативтік-құқықтық базасын (негізін) құрады. Әрқайсысының түрлерінің құқықтық жағдайын белгілейді;

— мемлекеттің өзінің меншікті БАҚ болуы мүмкін, олар қоғамда саяси плюрализм принципіне негізделген, БАҚ мемлекеттік емес басқалармен қатарлас қызмет істейді.

— мемлекет тәуелсіз БАҚ-тың нақты қызметіне араласпайды;  
— мемлекет азаматтардың ақпараттық құқықтарын қорғау мақсатында және әртүрлі БАҚ-тың арасындағы келіспеушілікті шешу үшін арнайы органдар құруы мүмкін.

Ресей Федерациясында ондай органға Ресей Федерациясының Президентінің жанында құрылған ақпараттық дау жөніндегі сот палатасы жатады, ол мемлекеттік органдар жүйесінде ерекше орын алады және Ресей Федерациясының федеративті сот жүйесіне кірмейді.

## **81. Мемлекет және саяси партиялар**

Азаматтардың саяси қызметтері негізінен саяси партияларға және қоғамдық-саяси қозғалыстарға қатынасу арқылы іске асырылады.

Саяси қызметтер (әрекеттер) үлкен әлеуметтік топтардың — таптардың, ұлттардың, халықтардың, басқа әлеуметтік-қоғамдастықтардың мүдделеріне байланысты күресуге қатысты әрекеттер (ең алдымен, материалдық, экономикалық). Сондықтан, саясаттың өзі әлеуметтік қызметтің ортасы (аясы) ретінде және саяси партиялар қоғамдағы өз мүдделері бар үлкен топтағы адамдардың бөлініп шығуына байланысты пайда болады. Саяси партиялар арқылы бірігіп, билік үшін күреске шығады, мақсаттары — әлеуметтік, не ұлттық топтарды, таптарды толығымен, не халықтың жалпы мүддесін қамтамасыз ету. Әртүрлі елдердің Конституцияларында, оның ішінде ресейлікте де саяси партиялардың заңды анықтамасы жоқ. Бұл Конституцияларда партиялардың тек мақсаты және міндеті белгіленеді: саяси партиялар «пікірді дауыс беру арқылы көрсетуге ықпал етеді» (Франция Конституциясы, 4-бап); партиялар «халық еркін және саяси билікті ұйымдастыруға ықпал етеді» (Португалия конституциясының 47-бабы). Дәлірек айтсақ, саяси партиялардың функциясы Италия Конституциясында белгіленген: партиялар «демократиялық жолмен ұлттық саясатты белгілеуге ықпал етеді» (49 бап). Сондай мазмұн Греция Конституциясының 29-бабында бар: «Партиялар демократиялық режимнің жұмыс істеуіне қызмет етуге міндетті». Бұл мемлекеттердің Конституциясында партиялардың ерікті құрылу принциптері бекітілген. Саяси плюрализм идеясы дегеніміз мынадан тұрады: қоғамда әртүрлі қызығушылықтар болады, сондықтан оларды әртүрлі партиялар көрсетеді, себебі, олар билік үшін, сайлаушылардың дауысы үшін байқауға түседі.

Саяси әдебиетте саяси партиялар көбірек белсенді және ұйымдасқан қоғамның қатпары, не табы ретінде белгіленеді, оның

мүддесін қалыптастырушы және көрсетушілер қатарында болады. Не болмаса көбірек толық: «арнайыланған ұйымдасқан тәртіптегі топ, сол не басқа мақсатқа жетуді көбірек белсенді жақтастарын ұйымдастырушы және қоғамдағы саяси билікті жеңіп алу жолында күресушілер (басқарушылардың идеологиясы)».

Алғашқы саяси партиялар Ежелгі Грецияда пайда болды (әрине, қазіргідей түрде және мазмұнда емес). Қазіргі саяси партияларға тән нәрселер:

- саяси ұйым екенін көрсетеді;
- қоғамдық ұйым екенін көрсетеді;
- тұрақты және жеткілікті мөлшердегі кең саяси қосылымдар, өздерінің органдары бар, аймақтық бөлімдері, қарапайым мүшелері бар;
- өздерінің бағдарламасы мен жарғысы бар;
- белгілі ұйымдасқан принциптер негізінде құрылған;
- бекітілген мүшелері бар (мысалы, АҚШ-тың республикалық және демократиялық партияларының дәстүрлі бекітілген мүшелігі жоқ);
- белгілі әлеуметтік қатпарға сүйенеді, бұқаралық базасына дауыс берушілер мен сайлаудағы партиялардың өкілдері жатады.

Әдебиетте қазіргі заңдарды талдай отырып, саяси партиялардың заңды белгілерін бөліп алып, оларды құқықтық институттар есебінде көрсетуге талпыныс жасалуда. Мысалы, Ю. А. Юдин саяси партияның үш негізгі кәсіптік белгісін бөліп көрсетеді (сол белгілердің біреуі ғана жоқ болса, Юдиннің пікірінше «қоғамдық бірлестіктер партияның заңды сапасын жоғалтады»). Ондай белгілерге автор мыналарды жатқызады:

1. Саяси партия — қоғамдық құрылым, басты мақсаты саяси процеске қатынасып, жеңіп алған мемлекеттік билікті Конституция мен заңдар қалпында басқару.

2. Саяси партия — саяси көзқарастарының бірдейлігіне байланысты адамдарды біріктіретін ұйым, бағдарламаға кіріп, мемлекеттің саясатын белгілеген жүйені мойындайды.

3. Саяси партия — тұрақты негізде қимылдайтын бірлестік, формальды ұйымдасқан құрылымы бар.

**Қоғамдық саяси қозғалыстардың** партиялардан айырмашылығы, олар салыстырмалы аясы тар «адресті» мақсаттар үшін құрылады: бейбітшілік үшін күрес, қоршаған ортаны қорғау («жасылдар» қозғалысы), т.с.с. Олар алдына билік үшін күресуді мақсат ретінде қоймайды, тек билік алдына белгілі талаптарды қояды.

Демократиялық мемлекеттерде билік үшін күресетін, милитарлық, тоталитарлық кейіптегі (типтегі) және Конституцияны құртып,

билікті құлатуға арналған бағдарламасы бар партияларға тыйым салынған.

Барлық партияларға мынандай талаптар қойылған: Конституцияның талаптарын қатаң сақтау және ішкі партиялық өмірде демократиялық режимді сақтау. Партиялар азаматтық қоғамның ұйымы және өздеріне мемлекеттік биліктің функциясын иемдене алмайды. Копенгагендегі (1990 ж.) халықаралық құжатта, яғни Еуропадағы қауіпсіздік пен қарым-қатынас жиналысында жазылған дай, партия мемлекетпен қосылып кетпеуі міндетті. Бұл жазу тоталитарлық бірпартиялы режимнің қайталануынан сақтандырады, сонымен бірге, кеңестіктен, онда белгілі болғандай, бір ғана партия тек мемлекетті жұтып қоймай, көп деңгейде азаматтық қоғамда болады. Ондай жағдайда «партиялық мемлекет» құрылады. «Партиялық мемлекет» концепциясы алғашқыда жамандық әкелмейді: ол тек партияның қызметін құқықтық реттеу қажет екендігін негіздеумен шұғылданады. Бұл концепцияның негізгі идеясы — партияны демократиялық мемлекеттік институттардың қызметіндегі қажетті элементтерінің бірі ретінде мойындату болатын.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Конституциясында саяси партиялардың құқықтық жағдайы дүниежүзілік демократиялық стандартқа сай келтірілген: саяси плюрализм мойындалды, билік үшін күресте сайлаушылардың дауысын жинаудағы бәсекелестік, тоталитарлы типтегі партияларға тыйым салынған. Партиялар, құрушылардың басқаруымен құрылып, өзінің заңды жұмысын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуден өткеннен кейін бастауға болады. Оның қызметіне рұқсат берілмейді, егер ол Конституцияның қалпын (бабын) бұзып, заңның саяси партияларға қойылған талабын орындамаса.

Партиялар және мемлекет саяси ұйымдарға жатады, яғни саяси қоғамдық институттар. Мемлекет және партиялар дәстүрлі жолмен «қоғамның саяси жүйесінің элементтері» болады. Мұнда атап айтатынымыз, мемлекет саяси жүйенің орталығы болып табылады, ол барлық саяси күштер үшін «ойынның жолын» белгілейді және саяси жүйенің элементтерін біртұтастыққа біріктіруші, баулушы фактор ретінде көрінеді.

Біздің ойымызша, мұндай конструкция «саяси жүйе» үшін қайта қарауды талап етеді. Себебі, ол кеңестік саяси ойлар үшін ыңғайлы болды, онда барлық саяси институттар бір тізгіннің астында болуға міндетті еді, бір ғана саяси «ядроның» айналымында болды.

Саяси күштің балансы, олардың бірдейліктігі және әрекеттестігі, ерікті демократиялық қоғамда өмір кешуі — бұл ерекше жүйе.

Қандай жағдайда болмасын, бұл баяғы кеңестік мемлекеттанудағы және тоталитарлық саяси ойлаудағы саяси жүйе емес. Осы күнгі көзқарас бойынша, мемлекетпен қатар, **азаматтық қоғамның** біріктіруші рөлін, оның мемлекетке тигізетін белгілеуші ықпалын есептеу қажет. Себебі, саяси партиялар азаматтық қоғамның бір институттары болады.

Сонымен қатар, партиядан мемлекеттің өзгешелігі сонда, ол **қоғамның мүддесін толығымен көрсетеді**, барлық халықтың арнайы өкілі болып табылады. Соған байланысты мемлекет тек өзіне қатысты мүмкіндіктері мен белгілеріне, саяси биліктің тетігіне ие, соны өздеріне алуға саяси партиялар күрес жүргізуде, мақсаттары, мемлекеттік биліктің тетігінің көмегі арқылы, өз бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету. Басқарушы саяси партиялар әртүрлі жолдарды пайдаланып, мемлекеттік биліктің тетігіне жеткеннен кейін, билікті іске асыруды, мүшелерін ең маңызды мемлекеттік органдарға басқарушылар ретінде бөліп қойғаннан кейін бастайды.

Саяси партиялардың кейіптеуі (типологиясы) бар. Партияларды легальды және легальды емес оппозициялыққа бөліп қарайды. Басқарушы партиялар монопольды партиялар және басқарушы коалиция мүшелігінде болуы мүмкін. Партиялық идеологияның сипатына байланысты либералды, консервативті, социал-демократтық, коммунистік болып бөлінеді.

## **82. Биліктің бөліну принципі**

Қазіргі дүниеде биліктің бөлінуі — құқықтық демократиялық мемлекеттің мойындалған белгісі. Биліктің бөліну теориясының өзі — мемлекеттіліктің дамуының көпғасырлық тарихындағы қоғамды деспотизмнен қорғайтын көбірек әрекеттегі тетікті іздеудің нәтижесі.

Билікті бөлу теориясы бірнеше саясатты зерттеушілермен құрылған: ол идея Аристотельмен айтылған, Джон Локкпен (1632—1704) теориялық дамытылған, классикалық түрде ол Шарль Луи Монтескьемен жасалған және қазіргі кездегі нысаны — Александр Гамильтонмен, Джеймспен, Мэднсонмен, Джон Джесемен — «Федералистер» авторларымен (Нью-Йорк газеттерінің алдыңғыларында жалпы тақырыптармен бірнеше мақалалар жарық көрген. Бұл американың 1787 жылғы Конституциясын талқылау кезеңіне жатады. Себебі, ондағы басылымдарда АҚШ-тың федеративті негізі үгіттелген болатын).

**Билікті бөлу теориясының негізгі ережесі мынандай:**

- биліктің бөлінуі Конституциямен бекітіледі;
- Конституция негізінде заң шығару, атқару және сот билігі әртүрлі адамдарға және органдарға беріледі;
- барлық биліктер тең және автономды, олардың біреуінің де басқамен алынып тастауы мүмкін емес;
- ешқандай биліктің Конституция берген билікпен пайдалануға мүмкіндігі жоқ;
- сот билігі саяси ықпалдан тәуелсіз әрекет етеді, соттар өз қызметінде көп мезгілде болу құқығын пайдаланды.

Сот билігі заңды шындыққа жатпайды, жарамсыз деп хабарлауға құқығы бар, егер ол заң Конституцияға сай келмесе.

Мемлекеттегі билікті бөлу теориясы билікті басқа біреумен басып алуға мүмкіндікті болдырмауға шақырылған — мемлекеттің органдарымен де. Ең алдымен, ол корольдың билігін тежеуге бағытталған, одан кейін әртүрлі диктатура нысандарына қарсы күрестің теориялық және идеологиялық негізі ретінде пайдаланылды, оның қауіптілігі — тұрақты қоғамдық шындық.

Теориялық және іс жүзіндегі билікті бөлу принципінің қайнар көзі — Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде. Платонмен, Аристотельмен саяси құрылымды, басқару нысанын талдау және басқа көне оқымыстылардың ойлары Ағарту дәуірінде сол принципті негіздеуге жағдай жасады.

Ежелгі Грецияда Солон, Архонт кезінде **400 кеңес** құрылған және **ареонаг** қалдырған, олар өздерінің өкілдігімен бір-бірін теңестіріп отырған. Осы екі органдар Солонның айтуы бойынша, екі зәкір сияқты мемлекеттік кемені әртүрлі дауылдан сақтауға тиіс болатын. Кейін б.д.д. IV ғ. Аристотель «Политике» деген еңбегінде мемлекеттік құрылымның үш элементін көрсеткен: заң шығарушы — ақылдасу органы, магистратура және сот органдары. Екі ғасыр өткеннен кейін грек тарихшысы және саяси қайраткер Полибий (б.д.д. 210—123 ж.ж.) сондай басқару нысанының артықшылығын атап айтқан, онда бұл құрылым элементтері бір-біріне қарсы тұрып, бірін-бірі тежейді. Ол аты аңызға айналған спартан заң шығарушысы Ликур туралы жазып, оның басқару нысанын құрғандығын айтқан: «Барлық басқару нысандарының ең жақсы жақтарын біріктіріп, олардың біреуінің өзі қажетсіз мөлшерде дамып, өзіне туысқан кері нысанына ауыспаған, олар әрқайсысының өз қасиеттерін көрсетуде ұстамдылық көрсетіп, әркім өзіне тартпаған, соның арқасында мемлекет өлшеусіз ырғалу жағдайында болып, желге қарсы жүрген кеме сияқты тепе-теңдікті сақтаған».

Биліктің бөлінуінің теориялық дамуы орта ғасырда өсе түсті. Ең алдымен, ағылшын философы Джон Локк «Два трактата о государственном правлении» (1690 ж.) еңбегінде бір, не топтағы адамдармен билікті басып алуды болдырмайтын принципті жазды және оның жеке бөліктерінің қарым-қатынасы мен әрекеттестіктерінің принциптерін жасады. Билікті бөлу тетігінде заң шығаратын органға артықшылық қатынасы сақталады. Ол елдегі ең жоғарғы, бірақ абсолютті емес. Басқа биліктер заң шығарушы биліктерге қарағанда бағынышты жағдайда, дегенмен де олар, жәй қарамай, оған белсенді ықпал жасайды.

«Два трактата о государственном правлении» деген еңбектің шық-қанына 100 жылдан кейін Адам мен азаматтар құқықтарының декларациясы (1789 ж.) қабылданды. Францияның ұлттық жиналысында айтылғандай: «Қоғамда құқықты пайдалану қамтамасыз етілмесе және билік бөлінбесе, өзінің Конституциясы болмайды».

Локктың көзқарасы теориялық жағынан билікті бөлудің классикалық теориясын дамытты (іс жүзіндегі қазіргі оны түсіну). Француз философы және ағартушысы Шарль Луи Монтескье (оның толық аты — Шарль Луи де Секондат, барон Бреда және Монтескье) өз өмірінің басты еңбегі «О духе законов» еңбегін жазуға 20 жыл уақытын жіберіпті, ол тек 1748 ж. жарияланған. Бұл еңбек 31 кітаптан және 6 бөліктен тұрады. Монтескье заңның рухы ретінде ондағы рациональдық, заңдылық, ол адам табиғатының саналылығымен қамтамасыз етілген және заттар табиғатымен, т.б. түсінді.

Монтескьенің пікірінше, мемлекеттегі биліктің бөліну жүйесінің жұмыс істеуі, қоғамды мемлекеттік билікті теріс пайдаланудан сақтау, билікті басып алып, бір органға жинау, не бір адамға беру қалай болса да деспотизмге әкелетіндігі айтылған. Биліктің бөлінудегі негізгі мақсатын Монтескье биліктің пайдаланылмауынан көрді: «Егер — деп жазды ол, — заң шығару билігі және атқару бір адамда, не мекемеде болса, онда бостандық болмайды, себебі, ол монарх, не сенат тирандық заңдар қабылдап, оларды тирандықпен қолдануынан сақтануы керек. Бостандық болмайды, егер сот билігі заң шығару және атқару билігінен бөлінбесе. Егер ол заң шығару билігімен бірігіп кетсе, онда азаматтардың өмірі зорлықтың билігінде болады, себебі, сот заң шығарушыға айналады. Егер сот билігі атқарушы билікпен бірігіп кетсе, онда сот қысым көрсетуші болуға мүмкіндік алады. Егер билік бір адамның не сановниктерден, дворяндардан, не қарапайым адамдардан тұратын мекемеде үш билік біріксе, барлығы өлер еді: билік заң шығарады, билік жалпы мемлекеттік сипаттағы жарлықты орындайды, билік қылмысты, не жеке адамдардың дауларын шешеді».

Монтоскьеге әртүрлі биліктің тежеу жүйесінің ережесін дамыту жатады, онсыз олардың бөлінуі әрекетсіз болар еді. Оның дәлелдеуі бойынша: әртүрлі биліктер бірін-бірі тежейтін тәртіпте болу қажеттігі ұсынылған. Әңгіме шын мәнінде олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану, онда заң шығару, атқару және сот билігінің теңдігі арнайы органдармен белгіленеді. Яғни, олардың қарым-қатынасын қаматамасыз етумен қатар, құқықтағы белгіленген шектің айналасында бірін-бірі шектеуі қажет. Тежемелік, әрі тепе-теңдік жүйесін іс жүзінде дамытуға үлкен үлес қосқан американдық мемлекеттік қайраткер (АҚШ-тың екі рет президенті болған) Джеймс Мэдисон (1751—1836 ж.ж.) болды. Ол ойлап тапқан тежемелік, әрі тепе-теңдік жүйесіне байланысты әрбір үш билік (заң шығарушы, атқарушы және сот) салыстырмалы тең болды. Мэдисонның бұл тежемелік, әрі тепе-теңдік жүйесі АҚШ-та осы уақытқа дейін пайдаланылады.

Мэдисон тежемелік пен тепе-теңдікті үш биліктің өкілеттілігінің тоғысуы деп атады. Мысалы, конгрестің заң шығарушы орган екендігіне қарамай, президенттің заңға veto қоюға мүмкіндігі бар және соттар конгресті, егерол Конституцияға қайшы келсе, шындыққа жатпайтындығын жариялай алады. Сот билігі президенттің тағайындауымен тежеледі және Конгрестің сот билігінің органдарындағы лауазымға тағайындауды бекітеді. Конгресс президентті атқару билігіне тағайындауын, өзінің бекіту құқығымен тежейді және оған қоса, екі басқа билікті өзінің ақша бөлу билігімен де тежейді.

**Билікті бөлу принципі** барлық демократиялық мемлекеттердің теориясымен және қызметімен қабылданды. Ол қазіргі Қазақстанда мемлекеттік билікті ұйымдастырудың бірден-бір принципі ретінде қабылданды. Ол Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» конституциялық туралы заңында қабылданды. Сонымен бірге 1995 жылғы Конституцияда бекітілді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 3 бабы бойынша: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік, әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады» делінген. Биліктің конституциялық бөлінуі өз-өзінен (заң шығарушы, атқарушы, сот) мемлекеттегі тәртіпті автоматты түрде орындамайды, ал бұл триядадағы басқарушылыққа ұмтылған күрес қоғамды саяси хаосқа әкеледі. Сонымен бірге, тежемелік пен тепе-теңдіктің тетігінің бір-біріне сай келмеуі — мемлекеттің қалыптасу процесіндегі тек өтпелі кезең.

Басқа идеялардағы сияқты, билікті бөлу теориясына да әр уақытта жақтаушылар мен қарсыластар бар. Сондықтан, Монтескьенің 1750 ж. жарияланған өте жоғарғы деңгейдегі «Защита о духе законов» атты еңбегі бостан-бос емес.

Марксизм классикалық билікті бөлу ілімін бағалауда тек оның бірінші буржуазиялық дәуірдегі пайда болуындағы идеологиялық күйтүрқы жағынан қараған. Ондай күйтүрқылықты таптық компромиске (келісімге) жатқызуға болады. Осыған байланысты Маркс пен Энгельс билікті бөлу ілімін корольдік биліктің аристократия мен буржуазияның арасындағы үстемдік үшін болған саяси саналылық дауының көрсеткішімен салыстырған.

Кеңестік доктрина бұл бағытты абсолютке айналдырып, билікті бөлу теориясын кеңестік толық билік теориясына, халық билігіне қарсы қойған. Шын мәнісінде, бұл мемлекеттік билікті тартып алудың және тоталитарлық режимнің негізін тек теориялық жасырушы дәлелі ретінде пайдаланғандығы белгілі болды.

Билікті бөлу туралы классикалық ілімнің мәні (сол күйінде, қалай Монтескьемен жасалса солай Кантпен қолдау тапқан) таптық-саяси күштердің келісімдерінің көрінісіне және билікті бөлу аясындағы еңбекті бөлуге, халықтың егемендігін көрсетуге, «тежемелік және тепе-теңдік тетігіне жатқызуға болмайды, себебі олар дамыған мемлекеттік-құқықтық жүйелерде қалыптасады. Билікті бөлу — ең алдымен, демократияның құқықтық нысаны».

### **83. Құқықтық мемлекет**

Құқықтық мемлекет дегеніміз — адам баласы мәдениеттілігінің ең маңызды жетістігі. Оның негізгі қасиеттеріне жататындар:

а) адамның және азаматтың құқығы мен бостандығын мойындау және қорғау;

ә) құқықтық заңның жоғарылығы (үстемдігі);

б) егеменді мемлекеттік биліктің бөліну принципі негізінде ұйымдасуы және қызметі.

Құқықтық мемлекеттің қазіргі жағдайына қарап, олардың рөлін көтермелеуден және тарылтудан қашуға тура келеді. Себебі, қазіргі кезде құқықтық мемлекет идеал, ұран, конституциялық принцип ретінде көрінсе де, қандай болмасын елде өзінің толық сіңгенін көрсетпейді. Шындығында, өзін құқықтық мемлекет ретінде жариялаған мемлекеттердің саяси тәжірибесі конституциялық нормалардан ауытқулықтың сирек кездесетіндігін көрсетеді.

XX ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттердің конституциялық ұйымдасуындағы құқықтық принцип пен әлеуметтіктің үйлесуі **әлеуметтік құқықтық мемлекеттің** формуласын береді. Қоғам өміріндегі құқықты бекіту идеясы (не заңды) өзінің түпкі негізін көне кезеңнен алады — адам баласы тарихындағы алғашқы мемлекеттің пайда болған кезеңінен. Әлеуметтік қатынасты құқықтың көмегі арқылы тәртіпке салу үшін мемлекет заң жолымен мемлекеттік биліктің құқықтық негізін құруға міндетті болды.

Құқықтық мемлекеттер туралы көптеген идеялар ескі дүниеде пайда болып, концепциялар және құқықтық мемлекет доктринасының теориялық дамуының жалғасы феодализмнен капитализмге ауысу және жаңа әлеуметтік-саяси құрылымның пайда болу жағдайында қалыптасты.

Теориялық ойлардың қалыптасуына ықпал еткен, одан кейін іс жүзіндегі құқықтық мемлекеттің саяси-құқықтық дамуына көмек берген Ежелгі Греция мен Римнің идеялары мен институттары, демократияның ескі тәжірибесі. Күштің және құқықтың бірігу идеясының негізінде Афина мемлекетін демократиялық негізде құруды көне грек архонт Солон өзінің реформасында б.д.д. VI ғ. жүргізді, ол белгілі жеті грек оқымыстыларының бірі болған. Мемлекеттілік, жалпы алғанда қай жерде адалдық заңы болса, сонда болады деген ойды Сократ, Платон және Аристотель қорғап келген.

Ең алғашқы бізге жеткен мемлекеттің түсінігін **құқықтық бірлестік** ретінде айтқан Цицерон болған. Өзінің «О государстве» еңбегінде ол былай деп жазды: мемлекет (*res publica*) дегеніміз, халықтың ісі ретінде «көп адамдардың жиынтығы, құқық мәселесі мен мүдделерінің жалпылығына байланысты бірімен-бірі келісіммен біріккен». Әрі қарай мемлекет идеясы құқықтық бірлестік ретінде теориялық негіздемені жаңа уақытта Гроцияның, Спинозаның, Гоббстың, Локктың, Вольтердің, Монтескьенің, Руссоның еңбектерінде көрініс тапты.

Сондай-ақ, Джон Локк өзінің мемлекет туралы ілімінде биліктің барлық озбырлығына қарсылық білдірудің заңдылығын негіздеген.

Құқықтық мемлекеттің идеалын негіздеу, жаңа сапалы сатыға көтерілуі классикалық неміс философиясының бастаушысы И. Канттың (1724—1804) еңбектеріне байланысты болды. Оның мемлекетке берген маңызды анықтамасында «Көптеген адамдардың құқықтық заңға бағынған бірлігі» делінген. Онда Кант «құқықтық мемлекет» атауын қолданбаған, ол түсініктің мәніне жақындарды пайдаланған — «құқықтық азаматтық қоғам», «құқықтық қатынасқа мықты мемлекеттік құрылым», «азаматтық-құқықтық жағдай».

Канттың анықтамасындағы ерекшелік сонда, ол мемлекеттің конструктивті белгісіне құқықтық заңның үстемдігін айтқан.

Кант идеяларының ықпалымен Германияда өкілеттілік бағыты қалыптасты, оны жақтаушылар құқықтық мемлекет теориясын жасауға кірісті. Оның қатарына осы бағыттың көрнекті өкілдері Роберт фон Мольді (1799—1875 ж.ж.), Карл Теодор Велькерді (1790—1869 ж.ж.), Отто Бэрді (1817—1895 ж.ж.), Фридрих Юлиус Штальді (1802—1861 ж.ж.), және Рудольф фон Гнейсті (1816—1895 ж.ж.) жатқызамыз.

«Құқықтық мемлекет» атауын (неміс тілінде — *Rechtstaat*) ғылымға Роберт фон Моль кіргізген, сонымен ол немістің заң әдебиеттерінде XIX ғ. бірінші жартысында берік бекіді.

Әрі қарай ол атау кең таралды, әсіресе төңкеріске дейінгі Ресейде. Құқықтық мемлекет теориясын жақтаушылардың ішінде Б. Н. Чичерин, П. И. Новгородцев, М. М. Ковалевский, Н. М. Коркунов, Б. А. Кистяковский, т.б. Ресейде Германиямен және оның университетімен бұрыннан болған қарым-қатынастарына байланысты немістің заң жөніндегі атаулары аударылмай-ақ пайдаланылған. Құқықтық мемлекет теоретиктерін алғашқы кезде «рехит-татистар» деп атаған.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде «құқықтық мемлекет» атауы пайдаланылмайды, оның белгілі дәрежедегі эквиваленті «*rule of law*» (үстемдік, құқықты басқару), оны алғашқы рет осы мәнінде Оксфорд университетінің профессоры Альбер Венн Дэйси (1835—1922 ж.ж.) «Конституциялық құқықтың негізі» еңбегінде пайдаланған (1855 ж.).

Маркс пен Энгельстің көзқарастары құқықтық мемлекет идеяларына жағымсыз болды.

Конституциялық деңгейде құқықтық мемлекет формуласы әлеуметтік принциппен үйлесіп, ФРГ-ның 1949 жылғы Негізгі заңында және Испанияның 1978 жылғы Конституциясында тікелей бекітілген. Осы уақытқа дейін әртүрлі нысанда ол көптеген мемлекеттердің Конституцияларында бекітілген.

Профессор В. С. Нерсесянц құқықтық мемлекетті «құқықтық ұйымның нысаны және көпшілік-саяси биліктің қызметі және оның жеке адамдармен құқықтың субъектісі ретіндегі қарым-қатынасы, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын алып жүрушілер» ретінде анықтаған.

Сонымен, құқықтық мемлекеттің белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

— мемлекеттік билікті адам мен азаматтың құқығы мен бостандығы арқылы тежеу (билік азаматтың бөлінбейтін құқығын мойындайды);

— құқықтың үстемдігі (құқықтық заңның), барлық қоғам өмірінің аясында;

— биліктің заң шығару, атқару және сотқа бөлінуінің конституциялық-құқықтық принципінің тәртібін белгілеу;

— дамыған азаматтық қоғамның болуы;

— мемлекет пен азаматтың (өзара құқық пен міндеттілік, өзара жауаптылық) құқықтық қарым-қатынасы;

— құқық жүйесіндегі заңның үстемдігі;

— ішкі заң нормаларының жалпыға белгілі халықаралық құқық принциптеріне сайлығы;

— Конституцияның тікелей әрекеті;

— сотты көтеру.

Қазақстан Республикасының қазіргі (1995 ж.) Конституциясы бойынша құқықтық мемлекетті құрудың алғышарттары мен негізгі принциптері белгіленген: «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу».

## **84. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет**

Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет бірін-бірі қисынды бағдарлайды — бірінсіз бірінің мәні болмайды.

Сонымен қатар, азаматтық қоғам алғашқы (бірінші) құқықтық мемлекеттің шешуші әлеуметтік-экономикалық алғышарты болып табылады.

Қоғам мен азаматтық қоғам түсініктерінің арасына бірдейлік белгі қоюға болмайды: екіншісі біріншіге қарағанда тар аяды және көп жылға жас. Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы — адам баласының, мемлекет пен құқықтың тарихындағы ерекше кезең. Қоғам, мемлекеттен әр уақытта бөлек болған, бірақ, ол әр уақытта азаматтық болмаған. Азаматтық қоғамның қалыптасуы бірнеше ғасырға созылған. Бұл процесс біздің елімізде де аяқталған жоқ, тіпті дүние жүзінде. Азаматтық қоғамның шындығы (құқықтық мемлекет

ретінде) идеалды қоғамның шын мәніндегі жетістік жағдайының сәйкестігімен белгіленеді.

Азаматтық қоғам кең мәнінде және «азаматтық қоғам» атауының өзі, азаматтық және азамат деген ойлар пайда болған кезде ғана қалыптасты. Бұл Ежелгі Греция мен Римде болды. Дегенмен, ол кезде азаматтық қоғам мен мемлекетті бөлу жүргізілмеді. Аристотельдің ойынша: «мемлекет азаматтардың жиынтығы, азаматтық қоғам», яғни ол «азаматтық қоғам» және «мемлекет» атауын синонимдер ретінде пайдаланған. Мұндай түсінушілік, яғни мемлекет пен қоғамның бір тұтастықта қаралуы XVIII ғ. дейін сақталды, яғни негізінен азаматтық қоғам қалыптаса бастаған кезге дейін, қазіргі түсініктегі оның қатаң (жіңішке) түсініктері.

Азаматтық қоғам — оның осы күнгі түсінігінде және маңызында мемлекетке қарсы болуға, оның қызметіне бақылау жасауға қабілеті бар, мемлекетке оның орнын көрсетуге қабілетті, оны «жүгендеп» ұстайтын қоғам. Басқа сөзбен айтсақ, азаматтық қоғам — өзінің құқықтық мемлекетін жасауға қабілеті бар қоғам. Сонымен қатар, азаматтық қоғам тек мемлекетпен күресумен ғана шұғылданбайды. Әлеуметтілік принциптердің, яғни әлеуметтік мемлекеттің, азаматтық қоғамның қалпында мемлекетке әлеуметтік-экономикалық процестерге белсенді кірісуге мүмкіндік жасайды. Ол кей жағдайда өзін таптауға мемлекетке мүмкіндік бермейді, яғни әлеуметтік жүйені тоталитарлыққа айналдырып жіберуге.

Қоғамның мұндай қабілеттілігі, саяси ұйымдастырудағы белгілі экономикалық жағдайдың болуына ғана байланысты, дәлірек айтсақ — экономикалық бостандық, меншіктің нысандарының көп-жақтылығы, нарықтық қатынастар. Азаматтық қоғамның негізінде жекеменшіктілік жатыр. Нақты сол азаматтық қоғамның мүшелеріне экономикалық абыройды сақтауға мүмкіндік береді.

Азаматтық қоғам туралы ілімді түпкілікті зерттеу Гегельдің атымен байланысты. Азаматтық қоғамның басты элементі ретінде Гегель өзінің әлеуметтік жағдайымен, өзінің жеке басының ықпалы мен қажеттілігіне байланысты қоғамда әрекет ететін адамды айтқан. Осыған байланысты мұның қазіргі азаматтық қоғам туралы ойлардан пайдалы айырмашылығы бар, яғни соған байланысты ол тек мемлекеттік емес органның қатынастары ретінде түсіндіріледі.

Әлеуметтік құбылыстарды тек қатынастар арқылы белгілеу, мұндағы субъектілердің қатынастарын алып тастау, жоққа шығару — тозған маркстік-лениндік қоғамтанушылардың қателігі. Өйткені, қоғамдық қатынастар адамдарсыз болмайды. Маркстің өзі атап айтқандай, қоғамдық қатынастар, «жалпы қатынастар тек ойлауға

мүмкіндік (Маркстің өзімен бөлінген) береді, егер оларды сол субъектілерден жеке есепке алғысы келсе, олар бір-бірімен әртүрлі қатынастарда тұр» (соч. т. 46. ч. 1. с. 84).

Қандай болмасын, әлеуметтік ортаны үш бөлік (компанент) құрайды:

а) әлеуметтік субъектілер (адамдар және олар құрайтын бірлестіктер);

ә) субъектілер арасындағы қатынастар (қоғамдық қатынастар, әлеуметтік құрылымдар);

б) адамдардың тәртібі, олардың қызметтері.

Барлық мөлшерде бұл азаматтық қоғамға жатады. Адам көптеген әлеуметтік қатынастардан тұрады және барлық сол қатынастарға адам бірдей қатынаспайды, ол дәл азаматтық қоғамның мүшесі ретінде көрінеді. Дегенмен, сол белгілі адам азаматтық қоғамның мүшесі ретінде болса, ол өзін сол күйде сезіне ме, онда ол өзін қалай ұстайды, оның жеке әлеуметтік сапасына байланысты. Сондықтан, азаматтық қоғамның қалыптасуы — ең алдымен, мақсаты сол қоғамның мүшесін қалыптастыру (негізінен қоғамдағы экономикалық және саяси құрылымның принципті өзгерістерінің есебінен).

Азаматтық қоғам және оның мемлекетпен қарым-қатынастары негізінен мынандай кездермен сипатталады:

— азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы буржуазиялық қоғамдық қатынастар мен формальдық теңдік принциптерінің бекуіне байланысты;

— азаматтық қоғам жекеше және басқа нысандардағы меншіктілікке, нарық экономикасына, саяси плюрализмге негізделеді;

— азаматтық қоғам мемлекетпен қатар, салыстырмалы бостандықта өмір сүреді және оған қарама-қайшы күш, оған қарама-қайшылықтағы тұрған бірлікте;

— азаматтық қоғам субъектілердің арасындағы көлденең байланыстардың негізінде құрылған (үйлестіру принципі) және оған өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі басқару тән;

— азаматтық қоғам бостандықтағы азаматтар меншігінің бірлестігі, өздерін осы сапада мойындайтын, соған байланысты барлық шаруашылық және қоғамның жағдайы үшін саяси жауапкершілікті мойнына алуға дайын қоғам;

— азаматтық қоғамның дамуымен және құқықтық мемлекеттің қалыптасуымен қоғамның және мемлекеттің бір-біріне жақындасуы, араласуы болады: негізінен алсақ, құқықтық мемлекет дегеніміз азаматтық қоғамның ұйымдасу жолы, оның саяси нысаны;

— азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің әрекеттестігі құқықтық-демократиялық қоғамды қалыптастыруға, демократиялық әлеуметтік-құқықтық мемлекетті құруға бағытталған.

Сонымен, «азаматтық қоғам» түсінігі қоғам дамуының белгілі деңгейін, оның жағдайын, әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық жетілу сатысын сипаттайды.

## **85. Әлеуметтік мемлекет**

«Әлеуметтік» сөзі латын тілінде «жалпы», «қоғамдық», яғни қоғамдағы адамдардың өміріне байланысты дегенді білдіреді. Сондықтан, «әлеуметтік» кең мағынада кез келген мемлекет, қоғамдық дамудың нәтижесі (табысы). Дегенмен, бұл жағдайда «әлеуметтік мемлекет» ретінде мемлекетті түсінеді, себебі оның ерекше қасиеті мен функциялары бар.

Әлеуметтік мемлекеттің болуы және қызметі мынандай қоғамдық құбылыстармен тығыз байланысты демократия, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет, бостандық және теңдік, адам құқығы.

Әлеуметтік мемлекеттілік идеясы XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында қалыптасты (яғни, құқықтық мемлекет идеяларынан кейін) объективті түрде буржуазиялық қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестердің нәтижесі ретінде, яғни оның ең маңызды екі принциптерінің қарама-қайшылығына байланысты — бостандық принципі және теңдік принципі. Теориялық жағынан екі түсінік осы принциптердің бір-біріне қатынасы туралы пайда болды. Адам Смит, Джон Стюарт Милль, Бенжамен Констан, Джон Локк, т.б. адамның жеке бостандық теориясын қолдаған, мемлекетке негізгі міндет ретінде сол бостандықты қандай болмасын араласудан қорғауды міндеттеген. Сонымен бірге, олар сайып келгенде, ондай бостандық теңсіздікке әкелетінін түсінген, дегенмен бостандықты ең жоғарғы бағалылық ретінде есепке алған.

Келесі көзқарас Жан-Жак Руссінікі, яғни, ол жекелеген бостандық теориясының маңызын жоққа шығармай, барлығы теңдік принципіне бағыну міндетті екенін айтып, оларды қамтамсыз ету мемлекеттің қарауында деп есептеген.

Жеке бостандық принципі, адамдардың өздерінің әрекеттеріне, талаптарына бостандық беріп, жеке кәсіпкерлердің дамуына және нарық шаруашылығына ықпалын тигізген, сонымен, экономикалық негіздеме буржуазиялық мемлекеттердің экономикалық қуатының бекіген кезеңінде болды. Дегенмен, XIX ғасырдың аяғында даму

мөлшеріне, байлықтың өсуіне байланысты буржуазиялық қоғамның мүліктік бөлінуі басталды, оның алшақтануы әлеуметтік жарылыс қарсаңы болды. Осы оқиғаларға байланысты жеке бостандық принципі өзінің өзектілігін жоғалтып, өз орнын әлеуметтік теңдік принципіне берді, ол өз жағынан мемлекеттен «түнгі күзетшілік» рөлінен белсенділікке көшуді, әлеуметтік-экономикалық аяға араласуды талап етті. Дәлірек айтсақ, осындай тарихи-саяси жағдайда әлеуметтік мемлекеттің түсінігі қалыптаса бастайды, оның ерекше қасиеті мен функциясын түсінуге мүмкіндік туды.

Әрі қарай әлеуметтік мемлекет идеясы көбірек мойындалып, қазіргі мемлекеттердің Конституцияларының қызметіне кіреді. Алғашқы рет мемлекеттің әлеуметтік деп аталуы ФРГ-ның 1949 ж. Конституциясында басталды. Қалай болса да, әлеуметтік принцип мына елдердің Конституцияларында көрініс тапты: Франция, Италия, Португалия, Түркия, Испания, Греция, Нидерланд, Дания, Швеция, Жапония, т.б. Әлеуметтік мемлекет теориясы мен қызметіне үлкен маңыздылық берген ағылшын экономисі Дж. Кейнстің ілімі болды. Оның пікіріне сай, жалпыға бірдей берекелі мемлекет концепциясы қалыптасты, ол мемлекеттің әлеуметтік функциясының өсуінен шығады.

Атап айтсақ, әлеуметтік мемлекет идеясының дамуына және Батыстың өміріне сіңіп кетуіне катализатор ретінде әсер еткен Кеңес мемлекетінің пайда болуы және өзінің Конституциясында, басқа заңдылық актілерінде үнемі декларативті түрде әлеуметтік бағыттағы саясатты таратуы болды. Социализмнің саяси теориясы және декларациясы демократияның, азаматтық қоғамның, құқықтық мемлекеттің шындығы мен қарама-қайшылықта болуы және жеке меншіктегі сол институттардың экономикалық негізі ретіндегі жағдай. Әрине, социалистік мемлекеттің әлеуметтік саясаттағы жеткен жетістіктерін жоққа шығаруға болмайды. Соған сай айтылған әлеуметтік-экономикалық жағдайда әлеуметтікке бағытталған социалистік мемлекеттің қызметі тек патерналистік (отандық) сипатта болуы мүмкін, жәй құдайлық теңдікті құрумен байланысты.

Шын мәніндегі әлеуметтік мемлекет тек демократиялық азаматтық қоғамда ғана болады және міндетті түрде құқық қазіргі маңыздылық сипатта. Қазіргі кезде құқықтық мемлекет міндетті түрде **әлеуметтік болуы керек, ал әлеуметтік мемлекет құқықтық бола алмайды.** Сонымен бірге, тарихи және кейбір қазіргі кездегі концепцияларда, мысалы австриялық экономист және саясаткер Ф. А. Хайектің пікірінше, құқықтық принцип пен әлеуметтік мемлекет

принциптерінің арасындағы бір-біріне белгіліқарсылықты тіркеуге болады.

Мемлекет және құқықтық мемлекеттің тәжірибесі, алдында айтылғандай, іс жүзінде мемлекетті әлеуметтікке айналдыру идеясының алдында болды және оларды қоғамның дамуындағы белгілі кезеңі ретінде қарауға болады. Әлеуметтік мемлекет құқықтық мемлекеттен кейін келді, себебі ақырғы өзінің классикалық либералды (формальды) вариантында ең алдымен жекелеген бостандық принципіне сүйенеді, формальды заңдылық теңдікте және мемлекеттің азаматтық қоғамның ісіне араласпауы. Ал мұның өзі тереңірек фактідегі теңсіздікке әкелді, яғни экономикадағы кризис жағдайына және таптық күреске. Мұның барлығы мемлекеттен жаңа сапалы жағдайға өтуді талап етті, жаңа функцияларды орындай отырып. П. И. Новгородцев әлеуметтік реформалауды негіздеп (әлеуметтік мемлекетті қалыптастыруды), «құқықтық мемлекеттің жаңа даму кезеңі» ретінде қарады. Біздің кезімізде демократиялық мемлекеттер құқықтық және әлеуметтік принциптерді үйлестірудегі тиімді өлшемді табуға талпыныс жасауда деп көрсетті. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының қайнар көзі өткен кезеңдерде жатыр, онда басқарушылар, мысалы римдік цезарьлар болған. Дегенмен, әлеуметтік мемлекетті ерекше саяси-құқықтық шындық ретінде айту тек сол кезде мүмкін, егер әлеуметтікке бағытталған саясат факті негізіндегі оның әрекетіне және негізгі бағытына айналса және кең ортадағы объектілерге таралса. Сонымен қоса, тек мемлекет қана әлеуметтік болуы мүмкін, егер жоғарғы деңгейдегі экономикалық дамуды иемденсе, мұндағы экономиканың құрылымында мемлекеттің әлеуметтік бағдары есепке алынуы міндетті. Соған байланысты, шын мәніндегі әлеуметтік мемлекеттің пайда болуын ХХ ғасырдың 60-жылдарына жатқызуға болады. Әрбір нақты елдерде, әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуының алғашқы кезеңін мемлекеттің жауапкершілігінің белгіленуімен байланыстыру қажет. Жауапкершілік әрбір азаматқа күнкөріс минимумын белгілеу, әрі қарай мемлекеттің міндетіне көшіп, әрбір азаматқа абройлы өмір деңгейін қамтамасыз ету көзделген.

Сонымен қатар, мемлекетпен өткізілетін әлеуметтікке бағытталған саясаттың қиын процесс екенін есепке алу қажет, өзінше саяси эквилибристика, қамтамасыз ету қажеттілігіндегі қарама-қайшылықты бірін-бірі жоққа шығаратын фактарларды есепке алу. Әлеуметтік мемлекет үнемі қиындықпен жететін нарықтық экономика бостандығы мен бөлу процесіне ықпал ету қажеттілігі мен әлеуметтік әділеттілікке жету, мақсаты әлеуметтік теңсіздікті

жою арасындағы балансты үнемі жөндеуге міндетті. Профессор Е. А. Лукашева әділетті жазады: «тежелген кешкі күзетші» рөлінен қашып және барлық азаматтарға абыройлы деңгейдегі өмірді қамтамасыз етуге талаптана отырып, мемлекет ол жолдан асып кетпеуі тиіс, себебі одан кейін экономикаға жөнсіз араласу басталады және кәсіпкерліктің талпыныстары мен бостандығы тапталады. Осыған байланысты Батыстың қазіргі саяси қозғалыстарының ортасында өзіне тән еңбекті бөлу қалыптасты: консерваторлар үлкен сенімді (акцентті) жекелеген және саяси бостандыққа жасайды — құқықтық принципте, әлеуметтік-демократтар және оған жақын либералдар табыстарды және өмірлік мүмкіндіктерді материалдық жағдайға әркімнің бостандығына жақындатуды тілейді, яғни әлеуметтік принципке.

Әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы тек экономикалық процесс емес, саяси және адамгершілік процесс, «адамдық» өлшемді талап етуші.

Жоғарыдағыны есепке ала отырып, қорытындыға келсек, әлеуметтік мемлекеттің өмір сүру жағдайы және оның сипатындағы белгілерге мыналар жатады:

1. Мемлекеттік билікті демократиялық ұйымдастыру;
2. Азаматтардың адамгершілік деңгейі және ең алдымен, мемлекеттің лауазымды адамдарының;
3. Қуатты экономикалық әлеует, меншік иелерінің жағдайын төмендетпей, табысты қайта бөлуге арналған шараларды жүргізуге мүмкіндік беретіндігі;
4. Экономиканың құрылымы әлеуметтікке бағытталған, ол әртүрлі меншік нысандарының болуымен көрінеді және мемлекеттік меншіктің көптеген бөлігімен шаруашылықтың керекті жерлерінде болады;
5. Мемлекеттің құқықтық дамуы — ондағы құқықтық мемлекеттің қасиетінің болуы;
6. Азаматтық қоғамның өмір сүруі, оның қол астындағы мемлекет әлеуметтік бағыттағы саясатты жүргізуге арналған құрал ретінде көрінеді;
7. Ашық түрде көрсетілген мемлекеттің әлеуметтік бағыттылық саясаты әртүрлі әлеуметтік бағдарламаларды жасағанда және оларды іске асырудағы артықшылықты белгілегенде көрінеді;
8. Мемлекетте мынандай мақсаттардың болуы: жалпыға бірдей игілікті белгілеу, қоғамда әлеуметтік әділеттілікті бекіту. Әрбір азаматқа мынаны қамтамасыз ету:

а) абыройлы өмір сүруді ұйымдастыру;

ә) әлеуметтік қорғалуы;  
б) жеке адамның өзін-өзі іске асыруда басқалармен теңдікте бастайтындай мүмкіндік беру.

9. Дамыған әлеуметтік заңдардың болуы (түрғындарды әлеуметтік қорғау туралы заңдар, мысалы әлеуметтік заңдар кодексі, ондай кодекс ГФР-да бар);

10. «Әлеуметтік мемлекет» формуласын елдердің Конституциясында бекіту (бұл алғаш рет ГФР-дың 1949 жылғы Конституциясында жасалған).

Әлеуметтік мемлекеттің функциясы туралы айта келіп, мынандай жағдайларды есте ұстау керек:

а) оған барлық дәстүрлі функциялар қатысты, оның табиғатымен қамтамасыз етілген және сол күйіндегі мемлекетпен;

ә) әлеуметтік мемлекеттің барлық функцияларының мазмұнына таңба қалдыратын оның жалпы әлеуметтік орны, яғни дәстүрлі функциялар мемлекеттік мақсатқа қарай өзгереді және осы бағдарламаға сай онда жалпы әлеуметтік функцияның барлығы туралы әңгіме айтуға болады (жалпы әлеуметтікке арналған);

б) жалпы әлеуметтік функцияның қалпында әлеуметтік мемлекет қызметтерінің арнайы бағыттарын бөліп көрсетуге болады — арнайы функцияларын. Оларға, соның ішінде мыналар жатады:

- түрғындардың әлеуметтік қорғалмаған категориясын қолдау;
- адамдардың еңбегі мен денсаулығын сақтау;
- отбасын, аналықты, әкелікті және балалықты қорғау;
- табысты қайта қарау жолымен әртүрлі әлеуметтік топтардың арасындағы әлеуметтік теңсіздікті жөндеу және оған салық салу, мемлекеттік бюджет, арнайы әлеуметтік бағдарламалар арқылы да іске асыруға болады;

— игілік іс жасайтындарды көтермелеу (соның ішінде, кәсіпкерлік құрылымдарға салық жеңілдігін жасау арқылы, яғни игілік жасаушылар жағынан);

— маңызды ғылыми зерттеулерді және мәдени бағдарламаларды қаржыландыру және қолдау;

— жұмыссыздықпен күресу, түрғындардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жұмыссыздық бойынша ақшалай төлем беру;

— еркін нарық экономикасы және мемлекеттің оны дамытудағы ықпалы, мақсаты барлық азаматтардың абыройлы өмірін қамтамасыз ету болса, сол екеуінің арасындағы тепе-теңдікті іздеу;

— халықаралық, экологиялық, мәдени және әлеуметтік бағдарламаларды, жалпыадамдық проблемаларды шешуге және іске асыруға қатынасу;

— қоғамдағы бейбітшілікті сақтауға атсалысу.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-ші бабында әлеуметтік мемлекеттің принциптері бекітілген: «1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», 12-бап бойынша: «1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. 2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады». Дегенмен, Қазақстан Республикасын әлеуметтік мемлекетке өту кезеңіндегі елге жатқызамыз, ал жоғарыда келтірілгендердегі Конституция ережелерін негізгі бағдарламалық мақсаттарға жатқызамыз.

Ресейдегі әлеуметтік мемлекетті құрудағы кейбір проблемаларға көңіл аударайық:

— Ресей әлі де құқықтан сүйеніш таба алмай отыр, адам құқығында және Ресейдегі әлеуметтік мемлекет құқықтық мемлекеттің негізіне сүйене алмайды: мұнда әлеуметтік мемлекетті құру құқықтық мемлекеттің жаңа даму кезеңі емес (Батыста болғандағыдай);

— Ресейде «орта қатпар» меншік иелері құрылмаған: тұрғындардың көпшілік бөлігіне бытыраңқы партиялық-мемлекеттік жеке-шелендірілген меншіктен ештеңе тимеді;

— табысты қайта бөлетін шараларды жүргізуге мүмкіндік жасайтын және меншік иелерінің автономды бостандықтарын бұзбайтын мықты экономикалық әлеует жоқ;

— маңызды өндіріс түрлері мен сатуда монополия жойылмаған, ол шын бәсекелестіктің құрып кетуіне әкеледі;

— дамыған, жетілген азаматтық қоғам жоқ;

— қоғамда адамгершілік деңгейі төмендеген, іс жүзінде үйреншікті рухани адалдық пен теңдік жоғалған. Қоғамдық санада идеологтардың (кәсібилердің көмегінсіз емес) және саясаткерлердің, сонымен қоса, БАҚ-тың адамгершілікке сай келмейтін апатты ойлары бір жағынан, екінші жағынан — саясаткерлер және экономистер (саясат — кіріс);

— Ресейдегі саяси партиялардың өздерінің нақты әлеуметтік бағдарламаларында қоғамды реформалау жолы туралы жоқ;

— қоғамда нақты белгіленген шын мәніндегі мақсаты, ғылыми тексерілген өмірді ұйымдастыру үлгісі жоқ;

— Ресейлік қоғамды мемлекеттің тоталитарлық араласуынан босату процесінде инерциясы мен мемлекеттіліктің әлеуметтік рөлі

төмендеген, яғни Ресей мемлекеті екінші шеттілікке түсті, яғни азаматтарды нарық стихиясымен бетпе-бет, жеке қалдырды.

Дегенмен де, айтылған қиыншылыққа қарамай, әлеуметтік мемлекеттіліктің дамуы — бостандықтағы қоғам үшін жалғыз ғана мүмкін жол, Ресей солай болуды қалаған (профессор Лукашеваның жарияланған материалдары пайдаланылды).

## **86. Мемлекеттің пайда болуы**

Мемлекетті құбылыс ретінде оны үш түрғыдан ғана құрастыруға болады:

а) функционалды көзқарасы бойынша (функционалды сипаттау);  
ә) субстанционды көзқарасы бойынша (субстанционалды сипаттау);

б) генезис көзқарасы бойынша (генетикалық сипаттау).

Функционалды сипаттау қалпында құбылысты түсіндірсек, белгілі жұмысты өндіруге қабілетті, белгілі қызметті іске асырады. Мысалы, автомобильді анықтау, функционалды негізінде қалыптасқан, мынадай болып естілуі мүмкін: автомобиль — бұл құрғақ жермен адамдарды және жолаушыларды тасуға арналған құрылым. Субстанционды түрғыдан қарасақ (мазмұнды, негізділіктегі), автомобильді өзі жүретін адам таситын құрал ретінде көрсетуге болады. Генезис көзқарасы жағынан (пайда болу), автомобиль — бұл сол автомобиль зауытында өндірілетін мүлік.

Атап айтсақ, бұл қатардағы негізгі мәселе құбылысты субстанционды сипаттау: ол оның негізін, құрылымын, тән сипаттарын (субстанциондық белгілерін) түсіндіреді. Функционалды және генетикалық сипаттамалар қосымша субстанциондыққа құбылыстың жалпы түсінігін кіргізеді және оның функционалды және генетикалық белгілері.

Сонымен бірге, оның маңызы және сипатындағы әртүрлі объектілердің, яғни субстанционды, функционалды және генетикалық келулердің өзі, мемлекет және құқыққа қатысы бар құбылыстар, олардың генезисі бізден мыңдаған жылдар бұрын жасырылып келген, ол жөнінде тек көбірек, не азырақ шындыққа жақын болжауды құруға болады. Сондықтан, оқулық әдебиеттерде көбірек логикалық болар, егер мемлекет пен құқықты олардың логикалық субстанционды сипаттамасынан бастаса. Бұл құбылыс біздің көз алдымызда өзінің дамыған түрінде бар.

Сонымен қатар, логиканың үш процесін айыра білу қажет:

а) құбылыстар мен оқиғалардың (онтологиялық процесс) шын мәніндегі қалыптасу және даму логикасын білу;

ә) бұл құбылыстар мен оқиғалардың (гносологиялық процесс) ғылыми таным логикасын білу;

б) түсіндіру, айту, алынған мәліметтерді беріп жіберу, яғни оқыту логикасы (оқыту процесі).

Кейінгі екі процестердің логикасы маңызды мөлшерде бір-біріне сәйкес келуі мүмкін, әсіресе проблемалық оқуда, қашан оқушы соған, не ғылыми ізденуде басқа білімге әкелгенде. Ал онтологиялық процеске қатысты (шынайы құбылыстың пайда болу және даму фактілері негізіндегі процесс) және оқыту процесінде (осы құбылыстар туралы білімінді айту процесі) олардың логикасы ашық түрде сәйкес келмейді. Мемлекет пен құқықтың алдымен пайда болғандығы, одан кейін дамығандығы, оқуды олардың пайда болғандығы туралы тақырыптан бастау керек екен деген сөз емес. Бұл жағдайда, әңгіме оның пайда болуы туралы, бірақ ненің пайда болатыны белгісіз, яғни белгісіз құбылыстың пайда болғандығын түсіндіреміз. Ондай жолмен мемлекет пен құқықтың пайда болу процесінің өзін түсіну және түсіндіру өте қиын.

Қазіргі кезде мемлекет пен құқықты дамыған түрінде алдымызда болғаннан кейін, оларды сипаттауды субстанционды келуден бастау керек (оқу әдебиеттеріндегі белгілі тарауларда «мемлекет түсінігі» және «құқық түсінігі» деген бөлімдер бар), одан кейін субстанционды сипаттауды (негізі, құрылымы, қасиеті) функционалды сипаттаумен және көбірек сенуге болатын дұрыс версиялармен мемлекет пен құқықтың пайда болуы туралы толықтыру қажет.

Мемлекеттің пайда болуына қатысы бар дұрыстықта белгіленген жағдайларға мыналарды жатқызуға болады:

а) мемлекет әр уақытта болған жоқ (алғашқы мемлекеттік құрылымдар 5 мың жыл бұрын пайда болған: оған дейін бір жарым миллион жылдар бойы қоғамның алғашқы қауымдық құрылымы болған);

ә) ол қоғамдық дамудың жемісі ретінде пайда болды;

б) белгілі уақыт аралығында;

в) ұзақ уақытқа созылған тарихи процесс кезінде;

г) көптеген факторлардың ықпалының нәтижесінде.

Сол факторлардың қатарындағы айтылатын географиялық, экологиялық, ұлттық, психологиялық, т.б. факторлар.

Сонымен бірге, негізгі кездерді (факторларды, процестерді) бөлу қажет, себебі олар мемлекеттің пайда болуына ықпал жасады және үнемі оның болуын қамтамасыз етеді. Сондай факторларға, яғни

қоғамның жаңа құрылымын қамтамасыз еткендерге мыналарды жатқызуға болады:

— әлеуметтікті, ең алдымен, бүкіл қоғам мөлшерінде барлық өндіріс процестермен жаңаша (жаңа принциптерде) ұйымдастыру қажеттілігінің пайда болуы;

— қоғамның әлеуметтік-мүліктікке бөлінуі, оның қабаттануы, ал содан бастап мүдделердің жекешеге, отбасылыққа, топтыққа (ұжымдарға, қатпарларға, таптарға, т.с.с) бөлінуі, сонымен бірге, қоғам тұтасымен, нәтиже ретінде «жалпы істің» функциясының пайда болуы.

Мұндай факторлардың өзінің пайда болуын әдебиетте неолиттік төңкеріс ретінде түсіндіреді, пайдаланатын экономикадан өндіретінге өту, өз жағынан, авторлардың пікірінше экологиялық тоқыраумен қамтамасыз етілген, тез арада ауа райы жағдайларының өзгеруімен және өте үлкен жануарлардың қырылуымен (мамонттардың, жүнді мүйізтүмсықтардың) болған.

Осыған байланысты мемлекеттің пайда болуын ауа райының өзгеруімен түсіндіруге болмайды, себебі мемлекеттің пайда болуы төңкерістің, не болмаса табиғи тоқыраудың нәтижесі емес, өз жөніндегі **қоғам дамуындағы эволюциялық дамудың нәтижесі, адам баласының әлеуметтік бағдарламасын іс жүзіне асырудың нәтижесі**. Қоғам өз-өзінен дамиды және өзін-өзі басқаратын жүйе, өзінің меншікті ішкі тетігі және даму ынтасы бар. Және бұл процесс, қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруы ешқашан тоқтамаған және қазір жалпыпланетарлық ұлттардың үстіндегі, мемлекеттердің үстіндегі органдарды қалыптастыру, реттеу және басқару процесі (мемлекеттің бір кездегі рулардың, отбасылардың, топтардың ықыласынан жоғары болып, өзіне «жалпы істің» функциясын қабылдағаны сияқтыдан аумайды) жүріп жатыр.

Өндірісті қоғам көлемінде жөнге келтіру және әлеуметтік бөліну бір-біріне қарым-қатынастағы екі процесс ретінде, бірақ, жалпы сол, не басқа мемлекеттің қалыптасу процесінде басымдылық маңызды болып, алдыңғы орында, сол және басқаретінде болуы керек. Мысалы, әдебиетте «Шығыс жолы» арқылы мемлекеттің дамуы мен пайда болуы оның азиялық өндіріс жолына негізделген. Мемлекеттің пайда болуы өте үлкен қоғамдық жұмыстарды басқару үшін керек болды (құрылыс салу және ирригациялық құрылымдарды игеру, жерді суарумен шұғылдануға). Мұндай мемлекетте экономика мемлекеттік және қоғамдық нысандағы меншікке негізделген, ал әлеуметтік бөліну — озбырлық пен басып алудың нәтижесі, өндіріс құралының өзі емес, оларды өз жағынан басқару (кәсіби басқарушылардың қатары пайда болды, өзінше мемлекеттік «номенклатуралар»).

Еуропа аумақтарындағы мемлекет құру процесіндегі бірінші факторға «еуропалық жол» жатады, себебі қоғамның әлеуметтік-заттық процесте бөлінуі келді (таптардың құрылу процесі), ол жекеменшіктің қалыптасуына байланысты болды. Бұл жолдың арқасында мемлекеттің пайда болуы Ф. Энгельстің «Происхождение семьи, частной собственности и государства» еңбегінде айтылған.

Айтылған мемлекеттің негізгі генезисі жөніндегі факторлар нақты тарихи жағдайларда өздерін әр кездерде әртүрлі деңгейде көрсетті.

## **87. Қоғамдық келісім теориясы**

Биліктің келісім арқылы пайда болуы туралы кейбір идеялар көне заманда пайда болған (ерте буддизм, Мао Цзы ілімінде) Эпикур философиясында орын алды (б.д.д. 341—270 ж.ж.) және Тита Лукреция Кара (б.д.д. 99—55 ж.ж.). Дегенмен, қоғамдық келісім теориясының жазылған кезеңі «Левиафан» шығармаларынан кейін Гоббстың (1651 ж.) және Канттың «Метафизические элементы спарведливости» (1791 ж.) еңбегінің арасында жатыр. Бұл теорияның жақтастары — Гроций, Спиноза, Локк, Руссо. Ресейде оның өкілі Александр Николаевич Радищев (1749—1802 ж.ж.) болды.

Қоғамдық келісім теориясының негізгі мазмұнына мыналарды жатқызуға болады:

— әр адам бостандықта туғандықтан, өз-өзіне бастық, ешкім оның келісімінсіз өзіне тәуелді ете алмайды. Руссоның атап айтқанындай, адам ешкімге міндетті емес, ешкімге бірденені істеуге сөз берген жоқ;

— құқықтың негізі ретінде жұмыс істейтіндер келісімдер мен түсінушіліктер болады;

— табиғи құқыққа қарсы Руссо өзінің саяси құқық идеясын қойды, яғни келісімдерге негізделген;

— адамдар арасындағы заңды биліктің негізі болатын тек келісім: келісімдерге қатынасушылардың бостандығы және теңдігін халықтың бөлінбейтін біртұтастығы қамтамасыз етеді (ұжымдық, жекелілік), оның мүддесі жеке адамның мүддесіне қарсы емес;

— қоғамдық келісімнің талаптары бойынша егемендік тек халықтыкі. Осыған байланысты халықтың егемендігі, халықтың еркі ретінде түсіндіріледі. Руссоның ойынша, билік басқаға берілуі мүмкін, бірақ ерік берілмейді;

— қоғамдық келісім теориясының мақсаты халықтың билікті мемлекетке беруін көздейді. Ондай қоғамдық келісім Руссоның

сөзімен, саяси организмге (мемлекетке) оның барлық мүшелерін басқаратын тежеусіз билік береді;

— барлық басқару нысанында егемендік және заң шығару билігі халыққа жатады, себебі ол — биліктің қайнар көзі;

— қандай басқару болмасын заң арқылы болса, Руссоның ойына сай республикалық басқаруға жатады. Ол: «Заңмен басқарылатын мемлекеттің бәрін мен республикалық деп атаймын» деген. Ұлттық егемендік — республикалық құрылыстың негізгі принципі. Халық билігінде тек бір басқару нысаны бар — республика, басқару нысанын ұйымдастыру әртүрлі болуы мүмкін — монархия, аристократия, не демократия, ол басқару басқаруға қатынасушылардың санына байланысты. Руссоның айтуы бойынша, халық билігі жағдайында «тіпті монархия да республикаға айналады»;

— халық тек басқару нысанын өзгертіп қана қоймай, жалпы қоғамдық келісімді бұзып, қайтадан табиғи бостандыққа қайтуға құқығы бар;

— егемендіктің бөлінбейтіндігі атап айтылады. Руссо биліктің бөліну жүйесіне мемлекет органдарының функциясын бөлу идеясын қарсы қойды.

Шын мәнінде, қоғамдық келісім еш уақытта жасалмаған болуы мүмкін, Г. Ф. Шершеневичтің дұрыс айтқанындай, қоғамдық келісім теориясын тарихи шындық тұрғысынан бағаламай, белгілі методологиялық жол ретінде бағалау қажет. «Олар үшін (осы теорияның жақтастары үшін),— Шершеневич жазғандай,— оның тарихы болды ма, болмады ма, маңызды емес, оларға маңыздысы қоғам қандай түрін қабылдайтындығын дәлелдеу, егер бағдарласак, оның негізінде барлығының келісімімен қамтамасыз етілген қоғамдық келісім жатыр, онсыз ешкім де өзін қоғамдық жағдаймен байланыстымын деп айта алмайды».

Сонымен қатар, қоғамдық келісім теориясы көп жағдайда демократиялық дәстүрдің теорияда және іс жүзінде дамуына ықпал жасады. Қоғамдық келісім теориясының ықпалымен Америка Құрама Штаттарының мемлекеттігі қалыптасты.

## **88. Солидаризм теориясы**

Солидаризм идеясының маңызды таралуы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында орын алды. Оның теориялық негізі — социологиялық доктрина. Социологияның негізін салушы Огюст Контпен көрсетілген «солидарность» түсіні француз социологы

Эмил Дюркгеймнің «О разделении общественного труда» (1893 ж.) еңбегінде дамыды. Сол идеялар француздың саяси қайраткері Л. Буржуаның «Солидарность» (1897 г.) еңбегінде де дамуын тапты. Солидарность идеяларының негізінде заң факультетінің профессоры Бордо Леон Дюги (1859—1928 ж.ж) өзінің «Государство, объективное право «положительный закон» (1901 ж.) кітабында саяси-құқықтық концепция жасауға ұмтылды).

Солидаризмнің саяси-құқықтық доктринасына мынандай сәттер қатысты (сипатты):

— индивидуализмге, социализмге (коммунизмге) идеологиялық қарсылық жасау;

— таптық күрес іліміне жағымсыз қатынас (Леон Дюги оны «негізсіз доктрина» деп атады);

— субъективтік құқыққа скептикалық қатынас, солдаристердің пікірі бойынша қоғамның мүшелерін бөлшектейді. «Индивидтің ешқандай құқықтары жоқ, оның тек әлеуметтік міндеті бар». Дюги субъективтік құқықтың түсінігін әлеуметтік функцияның түсінігімен айырбастауды ұсынды.

— Адам мен азаматтың құқығы декларациясындағы төңкеріс кезеңінде ұсынылған теңдік идеясына және адамның табиғи құқығына қарсы шығу; Дюгидің пікірінше, адамдар табиғаттан теңсіз, соған сай қоғамда әртүрлі орын алады және міндетті түрде әртүрлі орында болады және бірдей заңды жағдайда емес;

— буржуазияға және пролетариатқа бір-бірімен байланыстағы топтар ретінде көзқарас, олар әлеуметтік қажетті функцияны орындап, бірдей және солидарлы қоғамдық өндірісте жұмыс істеуі міндетті;

— жекеменшікке дұрыс қатынас жасау, олиндивидтің субъективтік құқығы ретінде қаралған, ал оның міндеті — «бостандықта, толық және жеткілікті түрде меншік иесінің әлеуметтік функциясын орындау»;

— әлеуметтік солидарлықты түсіну, «бір-біріне тәуелділік фактісі және өзімен қосатын қажеттілік жалпылығы және еңбекті бөлу, адам баласын руға бөлу»;

— солидарлық фактіні түсіну идеясы әлеуметтік нормаларды туғызады, олар мемлекеттен және тиімді (жазылған) заңдардан жоғары тұрады және олар тек оны іс жүзіне асыруға қызмет етеді. Дюги бұл норманы былай қалыптастырады: «Ештеңе жасамау солидарлықты үқсастығына сай азайтады және солидарлық еңбекті бөлу арқылы, жеке адамның материалдық күшіне сай бәрін жасау, қажеттігі сонда, бұл екі нысандағы әлеуметтік солидарлықты көбейту»;

— мемлекеттің жағымды міндеттеріне акцент жасау. Дюгидің пікірінше, солидарлыққа жалпыға бірдей білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, еңбекті қорғау заңдары сай келеді.

Солидаризм теориясы өте маңызды және көп уақытқа дейін саяси-құқықтық идеологияға және тәжірибеге үлкен ықпал жасады. Ресейде Леон Дюгидің идеялары мынандай белгілі құқықтанушылармен қолдау тапты: Павел Иванович Новгородцев және Максим Максимович Ковалевский. Дюгидің идеяларына «әлеуметтік функцияға» жөнді көзқараспен қараған А. Г. Гойхбарг және басқа да кеңестік (1918—1920 ж.) заңгерлер болды. Әрі қарай Дюгидің доктринасы синдикалистік (коорпоративті) мемлекетте Италияның фашистік партиясымен, франкистік және антидемократиялық режимдермен пайдаланылған. Осы жағдай солидаризм идеясына деген сенімді азайтты, бірақ оның өзектілігі қазір де жоғалмаған.

## **89. Құқық және мемлекет туралы анархизм**

Өз кезінде Сен Симон айтқандай, қоғамды көре алмайтын екі жау бар — анархия және деспотизм.

«Анархизм» атауы грек тіліннен шыққан, мағынасы — биліксіз деген сөз. Анархизм идеясы көне заманның өзінде грек философы Платонның (б.д.д. 427—347 ж.ж.) «Республика» атты еңбегінде айтылған. Анархизмнің кейбір бөліктері стоицизмнің негізін салған Зенонның (б.д.д. 333—262 ж.ж.) философиясында бар, IX ғасырдағы (Армения) христиандар қозғалысында, XV ғасырдағы гуситтік қозғалыстың идеологиясында, Ф. Рабле мен Ф. Фенелонның утопиясында және Ұлы француз төңкерісі дәуіріндегі «бұзылғандардың» идеологиясында болды.

Алғаш рет анархизмнің саяси және экономикалық нысанын жүйелі түрде көрсетуге ұмтылған XVIII ғасырдың аяғындағы ағылшын жазушысы Уильям Годвин болды, ол «Исследование о политической справедливости» (1793 ж.) кітабында «мемлекетсіз қоғам» түсінігін қалыптастырған.

Анархизм қоғамдық-саяси ағым ретінде XIX ғасырдың 40—70-ші жылдары Батыс Еуропада қалыптасты. Анархизмді теориялық негіздеу мынандай адамдардың аттарымен тығыз байланысты: Макс Штирнер (Германия), Пьер Жозеф Прудон (Франция), М. А. Бакунин және Петр Алексеевич Кропоткин (Ресей).

Анархизмнің аса көтерілген кезіне XIX ғасырдың 70-ші жылдары жатады. Ол Францияға, Швецияға, Италияға, Испанияға және

АҚШ-қа жайылды. Анархизм ықпалының күшті болған кезі ХІХ ғасыр және ХХ ғасырдың басы болды, себебі, ол кезде анархиялық төңкерістік қозғалыс батыс еуропалық елдерде пайда болды. Қазіргі кезде оның қоғамдық ықпалы маңызды емес. Дегенмен, осы күнге дейін федерациялар, топтар және басқа да анархистердің нысандары АҚШ-та, Италияда, Ұлыбританияда және басқа да елдерде өмір сүруде. Алға қойған мақсатқа жету жолындағы істің әртүрлілігіне байланысты анархизм жалғыз ғана идеология ретінде болған жоқ. Анархиялық ілімнен негізгі төрт ағымды бөліп айтуға болады: **индивидуализм, мутуализм (мютюэлизм), коллективизм және анархо-коммунизм.**

Индивидуалистік анархизмнің негізіне адам бостандығының абсолюттік идеясы қойылған, ол өзінің қимылында ешқандай құқық пен моральдың нормаларымен байланысты болмауы міндет. Бұл бағыттың негізін салушы неміс нигилисі Макс Штирнер (1806—1856 ж.ж.) болды, ол өзінің басты «Единственный и его собственность» (1922 ж.) еңбегінде дәлелдегісі келгені, индивидтің (адамның) ғана шындық екендігі, себебі, бәрі бағалылықты сол үшін ғана алады, өйткені индивидке (адамға) қызмет етеді.

**Мутуализм** (не мютюэлизм, яғни бір-біріне көмек) анархиялық ағым, оның авторы француз социалисі және философы Пьер Жозеф Прудон (1809—1865 ж.ж.) болды ол «Система экономических противоречий или философия нищеты» (1846 ж.) деген кітаптың авторы. Прудон әлеуметтік әділетсіздіктің қайнар көзін эквиваленттік айырбастаудан көрді. Өзінің «Что такое собственность?» (1840 ж.) еңбегінде мынандай тұжырымдама жасады: «Жеке меншіктік — бұл ұрлық». Оның ойынша, ақшасыз, эквивалентсіз тауарларды қоғам мүшелерінің арасында айырбастауды ұйымдастыру жеке адамның мемлекеттен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді және оны қажетсіз жасайды. Прудонның мемлекетке көзқарасы оның мына еңбектерінде өте толық айтылған: «Исповедь революционера» (1849 ж.) және «Общая идея революции XIX века ...» (1851 ж.). Онда Прудон «әлеуметтік ликвидациялар» бағдарламасын ұсынған — мемлекетті индивидтердің қоғамдастықтар және өндіріш топтар арасындағы келісімдер арқылы ауыстырғысы келген, яғни эквиваленттік айырбасқа қатынасушылармен. Одан да кейінгі «О федеральном принципе» (1863 ж.) еңбегінде Прудон мемлекетті жою туралы ұранын басқа бағдарламамен ауыстырған, яғни ол қазіргі бір орталыққа біріккен мемлекетті ұсақ автономды облыстарға бөлуді, ал келесі «Война и мир» (1861) еңбегінде соғысты құқықтың қайнар көзі ретінде ұсынды. Прудонның анархиялық теориясы реформаторлық

сипатта болды, дегенмен, оның идеялары Ресейдегі Бакунин идеясын түсінуге жағдай жасады, яғни ол өз жағынан ұстазының бейбіт әңгімесін төңкерістің бунтарлық теориясына айналдырды.

Төңкерістік көңіл-күйдің өсуіне байланысты Еуропада ұжымдық анархизм қалыптасты, оның теориясының негізін салушы М. А. Бакунин (1814—1876 ж.ж.) болды, ол мемлекетті қандай нысанда болса да халықты қанаушы құрал ретінде есептеп, оны төңкерістік жолмен құртуды ұсынды. Адамның жеке бостандығын Бакунин қоғамдағы барлық ұжымдық қоғамнан шығушы ретіне білді. Қоғамның бостандығын халықтың өзін-өзі бостандықтағы федерациялардың одағы арқылы басқарылудан көрді және шаруалардың, жұмысшылардың ассоциациясы арқылы ұжымдық жер иелену, еңбек құралдарын пайдалану, өндіріс процесіндегі өнімді бөлу ұжымдық сипатта болуын көздеді. Барлық заңдылықтағы заңдардың табиғи заңдардан айырмашылығы Бакуниннің ойынша, сырттан күштеп белгіленген, сондықтан деспоттық. Сонымен бірге, «Саяси заңдар» оның ойынша (яғни мемлекетпен дайындалған заңдар), өзгеріссіз жаулықта және адам табиғаты заңдарына қарама-қайшы келеді. Автордың белгілі болған жұмыстарының бірі — «Государственность и анархия» (1873 ж.).

XIX ғасырдың екінші жартысында, 70-ші жылдары Бакуниннің идеялары өзінің жалғасын Петр Алексеевич Кропоткиннің (1842—1921 ж.ж.) еңбектерінде тапты. Кропоткин ескі князь руына жатқан және ең ақырғы орыстың анархизмді жақтаушыларын ұрпағы болып табылады.

Анархизм доктринасын негіздеу мақсатында ол сол кездегі ғылымның табиғат туралы, қоғам туралы жетістіктеріне және әлеуметтік философиялық, жануарлар дүниесіндегі бір-біріне көмектесу іліміне сүйеніп, адам баласының қауымдастықтарын зерттейді. Кропоткиннің ойынша, мемлекет жеке меншік адамның табиғи дамуына, бір-біріне араласуына кедергі жасайды, сондықтан оны төңкерістік жолмен құрту керек.

Мемлекеттің тарихи миссиясы, оның ойынша, іс жүзінде «адамды-адам қанайтын жағдайды қолдайтын деңгейге жетті». Ресейдегі барлық анархиялық бірлестіктер таптық күресті және әлеуметтік төңкерісті қолдады. Олар өздерін қандай болмасын мемлекетті және жеке меншікті құртушылар, жоюшылармыз деп жар салды. Кропоткинді және оның жақтаушыларын **анархо-коммунистерге жатқызады.**

Анархизмнің теориялық жан-жақтығына қарамастан, оны біріктіретін кездерді атап айтуға болады:

- анархизмнің негізіне қоғамның мемлекетсіз құрылымы қойылған;
- онда мемлекеттің әлеуметтік пайдалы функциясы жоққа шығарылады, қандай мемлекет болмасын — қиянат;
- мемлекет билігінің өзінің тұрғындарының келісімімен заңдастырылғаны жоққа шығарылады;
- тиімді (жазылған) құқықтар мемлекетпен жасалған ретінде мойындалмайды;
- басқарушының басы ретінде анархизм тек жеке адамдардың еркін мойындайды;
- анархизмнің саяси ағым ретіндегі мақсаты мемлекетті жою және оны азаматтардың ерікті ассоциациясымен айырбастау болып табылады.

## **90. Құқық және мемлекет теориясының пәні**

Әрбір ғылымның өзі зерттейтін пәні болады. Гегель айтқандай, пәнсіз ғылымның өзі де болмайды. Пән ғылымның өмір сүруге деген құқығын белгілейді. Пәнмен қатар ғылымды жүргізу ғылымның объектісін бөліп көрсетеді. Объект дегеніміз — бір түрлі тұтастық, ол зерттеледі және көптеген ғылымдармен зерттелуі мүмкін, ондағы сол ғылымдардың өз объектілері болады, яғни белгілі бөлім, «кесінді», орта — сол объектіде бөлінген проблематика. Сонымен, ғылымның пәні — бұл сол ғылымның зерттейтіні, қандай болмасын объектіде теориялық жағынан меңгереді.

Жалпы түрде құқық пен мемлекет теориясының пәнін — **бәріне бірдей мемлекеттік-құқықтық құбылыстар мен процестердің заңдылығы, қасиеті, жақтары, сипаттамасы ретінде айтуға болады.** Қандай жағдайда болмасын, бұл проблематика — құқық пен мемлекеттің жалпы теориясының пәнін құратын міндетті бөлім. Сонымен бірге есепке алатынымыз, мемлекет пен құқық теориясы әртүрлі деңгейде жалпылама жасалуы мүмкін және белгілі ортадағы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың заңдылығы туралы әңгіме қозғауға болады. Мысалы, құқық пен мемлекеттің әртүрлі кейіптері (типтері) туралы айтқанда.

Кейбір көзқарастар бойынша, құқық пен мемлекет теориясының пәніне, тек заңдылықты ғана жатқызбай, кездейсоқтықты да жатқызу керек (профессор А. Б. Венгеров). Олай болса, кездейсоқты да зерттеу керек, себебі, оны заңдылықтан бөліп көрсету керек. Құқық пен мемлекет теориясының қалыптасуы білім жүйесі ретінде, дегенмен

де, құқық және мемлекет туралы жалпы мәліметтердің негізінде жүргізіледі.

Құқық пен мемлекет туралы айта келіп, ғылым мен оқулық пәнінің арасындағы айырмашылықты көрсете білу қажет. Оқулық пәні ғылымға негізделеді, онымен бірдей аталуы мүмкін, бірақ бұл әртүрлі жүйе, олардың әрқайсысының өз мақсаты және өзінің құрылымы бар. Оқулық пәні дегеніміз, белгілі теориялық мәліметтер жүйесі, олар мамандарды дайындауға арналған нақтылы оқу бағдарламасына сай жасалады. Оқулық пәні ештеңені зерттемейді (оның өзі зерттеледі), сондықтан мынандай сипаттағы белгілері бар: пән және әдіс. Оқулық пәніне сай оның арнайыланған құрылымын ғана айтуға болады және тек ғылыми мәліметтердің жазылу әдісін көрсетеміз. Сондықтан, профессор Бабаевтың пән мен әдісті, ғылымның пәні мен әдісін бірдей санауы, біздің ойымызша, дұрыс емес (Общая теория права, курс лекций, Нижний Новгород, 1993 с. 34).

Құқық пен мемлекет теориясының пәні күрделі құрылым және оның проблематикасын құрады, сондықтан белгілі жағдайда топтастыруды қажет етеді. Құқық пен мемлекет теориясын зерттеу мынандай сипаттауды болжайды:

- а) құқық пен мемлекеттің негізін;
- ә) құқық пен мемлекетке тән қандай болмасын жүйенің кейпінің жалпы белгісі;
- б) құқық пен мемлекеттің (пайда болуындағы) жалпы генезисінің заңдылығы;
- в) құқық пен мемлекеттің кейпі (типі) мен нысаны;
- г) құқық пен мемлекеттің принциптерінің, даму тетігі мен қызметінің жалпы заңдылықтары;
- ғ) құқық пен мемлекеттің бір-бірімен және басқа әлеуметтік кұбылыстардың байланысындағы жалпы заңдылықтар.

Көңіл аударатын нәрсе, құқық пен мемлекет пәніне жалпы оның «өзінің танымымен» байланысты проблематика жатады — оның пәнін, әдісін және ғылым жүйесіндегі орнын сипаттау, т.с.с. Яғни, қазіргі кездегі талқылауға түскен мәселелер.

Құқық пен мемлекет теориясының пәнінің белгілену қиындығы сонда, ол тек статикалық кездерді ғана қамтымай (мемлекет пен құқықты), оның динамикасын қосып алады (яғни, құқықтық реттеу процесін).

Сонымен қатар, есепке алатынымыз сол жағдай, яғни құқық пен мемлекеттің жалпы теориясының пәні бір-бірімен тығыз байланыстағы екі пәннен құралады, бірақ дербес теориялардан — құқық пен мемлекеттің жалпы теориясынан. Бұл да осы ғылымның

өзіне тән ерекшелігіне ізін қалдырады. Әрі қарай біздің ойымызша, құқық пен мемлекеттің жалпы теориясы кешенді оқулық пәні ретінде өмір сүреді, себебі ол екі ғылымға сүйенеді — жалпы құқық теориясына және жалпы мемлекет теориясына.

Профессор С. С. Алексеев жалпы құқық теориясының пәнін былай бөлуді ұсынады:

а) құқықтың заңдылығы;

ә) құқықтың догмасы — құқық салаларының тікелей заңдылық мазмұны;

б) заңтанудың техникасы — заңды органдардың іс жүзіндегі жұмыстарындағы құралдармен жолдары, құқықтың шығармашылығы мен құқықты қолдануы.

Бар көзқарастар бойынша, құқық пен мемлекет теориясының пәніне — «негізгі мемлекеттік-құқықтық түсініктер, барлық заң ғылымына ортақ» (профессор М. М. Байтин). Тұтасымен алсақ, осы дұрыс, бірақ тек сол кезде, яғни құқық пен мемлекет теориясын «өздігінен тануы» болғанда. Басқа барлық кездерде жалпы теориялық түсініктер, қорытындылар, конструкциялар пәнді жасаудың нәтижесі ретінде көрінеді және ғылымның тікелей ақпараттық жүйесіне, оның мазмұнына кіреді.

## **91. Құқық пен мемлекеттің әдістемелік теориясы**

Белгілі неміс философы Георг Вильгельм Фридрих Гегель айтқандай, әдіс дегеніміз — қару, ол субъект жағында тұр, ол құрал сол арқылы субъект объектімен араласады. Сонымен, әдістің белгілі құрал ретінде адам баласының кез келген аясына қатысы бар, әрі оның зерттеушілік, танымдық қызметтерімен бір (грек тілінен «methodos» — «жол жүру, жол»).

Ғылымдағы және ғылыми қызметтегі әдіс — бұл білім, соның көмегі арқылы жаңа білім алынады. Яғни, біреу және соның өзі білімнің бөлігі, бір кезде теория ретінде қаралуы мүмкін (жасалатын білім), ал басқа жағдайда — әдіс ретінде (білім, соның көмегімен теория жасалады). Бұл толығымен құқық пен мемлекеттің жалпы теориясына жатады, оның теория ретінде қалыптасуы өзінің методологиясы негізінде болады, өз жағынан, оның білім жүйесі салалық заң ғылымдарының әдісі ретінде көрінеді.

«Әдістеме» деген сөз ғылыми еңбектерде екі жақты айтылады:

а) әдіс туралы ілім ретінде;  
ә) әдістердің жүйесі ретінде (әртүрлі ғылымдар теориясында қолданылатын).

Әдістеменің негізінде (әдістемелер жүйесі) құқық пен мемлекеттің жалпы теориясында философия жатыр, оның заңдары мен категориялары бәріне бірдей әмбебап және барлық бізді қоршаған дүниеге таралады, қосымша құқық пен мемлекетке. Философияның мынандай әдістемелік рөлін бөліп көрсетуге болады:

а) философияның заңдары мен категориялары құқық пен мемлекетті зерттеуге тікелей пайдаланылады (мысалы, құқықтың нысандары мен мазмұндары);

ә) философияның қалпында әдіс туралы жалпы ілім жасалады — әдістемелер теориясы. Мұнда жалпы оған келу қалыптасады, мысалы диалектикалық және нақтылы философиялық әдістер: анализ және синтез әдістері, саналы және сандық анализдер, абстракциялау және нақтылау, салыстыру және жинақтау, себепті тергеудің қатынасын ашу, т.с.с;

б) философиялық білім жалпы ғылыми және жекелеген әдістердің қалыптасуындағы негіз болып табылады.

Философиялық категориялардан арнайы ғылыми түсініктерге өтетіндер жалпылама ғылыми категориялар, олар жалпыға бірдейлік және әмбебап философиялық түсініктерге жауап береді, бірақ жалпылама ғылыми маңызы бар. Жалпылама ғылыми категориялар — бұл сапа жағынан жаңа түсініктердің кейпі, ғылыми білімдердің бірігуінің нәтижесінде пайда болған және жаңа әдістемелік жолдың теориялық негізі ретінде көрінеді — жүйелілік, сонымен бірге, құрылымдық және функционалдық, оның басқа түрі ретінде, ақпараттық, үлгілеу әдісі, мүмкін болатындық (синергетикалық), экстраполяция әдісі, т.б.

Арнайы жалпы ғылыми әдіс — математикалық, ол өзінің пәнімен құбылыстың сандық жағынан алады, құқық пен мемлекетті зерттеуде маңызы зор. Философиялық және жалпы ғылыми әдістерді құқық пен мемлекетті зерттеуде пайдаланғандық тәжірибесі соләдістердің мазмұндарында соған тән арнайы элементтердің пайда болуын қамтамасыз етті және олар мынандай түрде көрінеді: тарихи-құқықтық әдіс, салыстырмалы құқық және мемлекеттану, құқықтық үлгілеу әдісі т.б. Осындай түрде олар құқықтануда, құқық ғылымында жеке әдістер атын алады, шын мәнінде жалпы философиялық және жалпылама ғылыми әдістердің арнайыланған сіңісуі.

Құқықтанудың ғылыми әдістері, дәлірек айтсақ, құқық пен мемлекеттің жалпы теориясы, басқа нақты ғылымдардың же-

тістіктерін, сонымен бірге, әдістемелік жолдарын пайдалану арқылы қалыптасуы мүмкін — статистиканы, социологияны, кибернетиканы, психологияны, т.б. Социология әдісі, мысалы, кешенді және әлеуметтік экспериментті қосып алады.

Құқықтық әдістеде арнайы әдістерді бөледі, олар: формальды-догматикалық әдіс (оны арнайы заңды, формальды заңды деп атайды) және талқылау әдісі. Дегенмен, айта кететініміз, формальды-догматикалық әдіс өзінің әдістемелік ерекшелігіне сай бөлінбейді, тек зерттеу объектісіне байланысты бөлінеді — құқық догмасына. Құқықты талқылау оның ерекше мақсатын көрсетеді — заң нормаларын іс жүзінде іске асыру, оны құратын құқықты тану жолы, оған қоса арнайы заңдылық әдіс.

Құқық пен мемлекеттің жалпы теориясының әдістемесіндегі маңызды орынды салыстыру әдісі алады. Салыстырмалы құқықтану дегеніміз, шынында, тұтас теориялық бағыт (компаративизм). Бұл әдістің негізін салушы Аристотель, ол 158 грек Конституциясын салыстырған және оған варварлардың қалаларының Конституциясын қосқан. Салыстырмалы зерттеудің өзінің объектісі бар, екі, не бірнеше саяси және құқықтық жүйелердің бір-біріне ұқсас институттары. Салыстырмалы әдіс синхрондық және диахроникалық (салыстырмалы тарихи) болуы мүмкін.

Салыстыру әдісі өзіне мынандай кезеңдерді қосып алады:

- а) салыстырылатын институттарды жеке-жеке зерттеу;
- ә) табылған белгілерді салыстырғанда бір-бірінің ұқсастығы мен өзгешелігіне қарау;
- б) нәтижелерін бағалау;

Өзінің табиғатымен салыстырмалы құқық әдісі және мемлекеттану кешенді болады (басқа жекелеген әдістер сияқты): оның философиялық негізі бар, аналогия әдісін пайдаланады, өздеріне формальды-логикалық, арнайы заңдылықтарды және басқа жолдарды қосып алады.

Социологиялық әдіс — жалпытеориялық зерттеулердің ерекше бағыты, құқықтың социологиясы «әрекеттегі құқықты» зерттейді: құқықтың өмірмен байланысын, мемлекеттік-құқықтық реттеудің тиімділігін. Құқықтық социологиялық әдіс, ең алдымен, мақсаттағы тағайындауды және мазмұнын бөліп алады, дәстүрлі жолдар пайдаланылады (жалпысоциологиялық): байқау, анкета жасау, сұрастыру, құжаттарға анализ жасау, т.б.

Құқық пен мемлекеттің жалпы заңдылығын тануға аналогия әдісінің үлкен маңызы бар, ол үлгілеу әдісінің және экстраполяция әдісінің негіздерінде жатыр. Мысалы, негізгі белгі және үлгіні

белгілеу — сондай кейіптің ұқсасы болу, ол ұқсастық қорытындысын жасауға мүмкіндік береді, яғни қорытындылар, ондағы бір объектіге жатса (үлгіге), ал қорытынды — басқаға (прототипке) қарсы кейіпке, яғни үлгілеген құбылысқа.

Құқықтанудың әдістемесінде экстраполяция, жариялау әдісі толығымен өз бағасын тапқан жоқ, ол жалпықұқықтық және жалпықұқықтық білімді, сенімді аналогия арқылы қалыптастыруға мүмкіндік береді, яғни бір заңды құбылысты зерттеу арқылы алынған білімді басқа (ұқсас) құбылыстарға таратады және сол арқылы жалпытеориялық білімнің көлемін ұлғайтады.

## **92. Құқық пен мемлекет теориясының функциялары**

Теорияның функциялары (ғылымның) дегеніміз — оның әрекетінің бағыты, ол алдында тұрған мақсатты шешу үшін қажет. «Функция» түсінігі теорияға қатысты және қандай болмасын жүйеге қатысы бар, бізге қажет болатын жағдайдың сипатын, міндетті қимылды (әрекетті), не жағдайын көрсетеді, осы бағдарламада теорияның функциясын, (ғылымның) қандай болмасын жүйенің функциясын, шын мәніндегіден айыра білу керек, іс жүзінде олар функциядан алыстайды. Сондықтан, функция — теориялық жүйенің әрекетін, жағдайын бағалайтын бір белгі ретінде болады.

Құқық пен мемлекет теориясы қандай болмасын ғылымдағыдай теориялық-танымдылық (гносологиялық) функция, өз пәнін зерттеумен қорытындылайды, теориялық игереді. Берілген функцияны іске асыруда мемлекет пен құқық теориясының білім жүйесі ретіндегі қалыптасуы жүріп жатады. Бұл функцияның ерекшелігі сонда, ол ғылыммен «өзі үшін» орындалады, өзінің дамуы үшін және осының мәнінде теориялық-танымдық функцияның іске асырылуы — ғылымның өмір сүруінің жағдайы. Бұл функцияның мазмұндық жағы пәннің арнайылығымен және пайдаланылған әдістемемен белгіленеді. Көңіл аударатынымыз, құқық пен мемлекет теориясына қатысты айтылған барлық әдістемелер нақтылы теориялық-таным функцияның призмасы арқылы қаралады, соған бағытталған.

Басқа құқық пен мемлекеттің маңызды функциясы сол ғылымның өзінің табиғатынан шығады және заң ғылымдары жүйесіндегі оның орнымен қамтамасыз етілген әдістемелік функция болады. Мәселе сонда, әдіс ғылымдағы — білім, жаңа білім алуға пайдаланылатын

күрал ретінде. Сондықтан, бір және сол білімнің бір қатынастағысы теория ретінде қаралуы мүмкін, басқа да әдіс ретінде. Білім құқық пен мемлекеттің жалпы теориясымен жасалғандықтан, өзінің сипатына сай, негізінен күрал ретінде салалық теориялық проблемаларды шешуге пайдаланылады, себебі жалпы құқық теориясының қалпында және жалпы мемлекет теориясында жалпықұқықтық және жалпымемлекеттік заңдылықтар, жалпы түсініктер мен конструкциялар жасалады.

Мемлекет пен құқықтың жалпы теориясының әдістемелік маңызы мынандай жағдайлармен қамтамасыз етілген: әртүрлі білім салаларын пайдалану проблемаларында, заңдағы тану теориялық проблемаларды шешуге қажетті жағдайларда, сондай әдістеменің белгілі жүйесінде.

Мемлекет пен құқық теориясында басты маңыздылықты идеологиялық функция алады. Ондай жағдай қандай болмасын қоғамдық ғылымға объективті түрде тән. Құқық қорғау қалпында — басқа заң ғылымындарына қарағанда, көп деңгейлігі байқалады. Құқық пен мемлекеттің жалпы теориясынан басқа заң ғылымдары құқықтық идеологияны толық қалыптастыруға қатыспайды. Бұл ғылымның саяси-заңдылық сипатын есепке ала отырып, оның дүниетанымдық рөлін түсіндіреді. Осындай кездер маңыздылығы қоғамның қазіргі кезеңіндегі дамуына қажет, себебі жаңа әлеуметтік және құқықтық идеология пайда болады.

Идеологиялыққатаюу құқықпен мемлекет теориясының **тәрбиелеу функциясы**. Оның мазмұнына, көп жағдайда бұл ғылымның оқытушылық маңызын жатқызады, себебі оның негізінде соған сай оқулық пән құрылады. Құқық пен мемлекет теориясы құқықтық мәдениеттің өсуіне ықпал жасап, мемлекеттік-құқықтық аяда дұрыс бағыт табуға көмектесуі керек, құқыққа, әділ сотқа, Конституцияға сый көрсетуді тәрбиелеуі қажет.

Әдебиетте болжамдық функцияны атайды, ол құқықтың тағдырына және мемлекетке толығымен және қабылданған нормативтік-құқықтық шешімдердің алдын-ала белгіленген тиімділігіне қатысты. Яғни, әңгіме ғылыми болжамның мемлекеттік-құқықтық құбылыстардағы функциясы туралы, ғылыми негізделген гипотезаларды шығару функциясы жөнінде болып отыр.

Мемлекет пен құқық теориясының қосымша функциясы (қолданбалы функция) тікелей тәжірибеге (іс жүзіне) шығумен байланысты — құқықтық шығармашылық және құқықты іске асырушылық. Бұл функцияны іске асыру заңды техниканың жолын жасаудан, нормативтік-құқықтық актілердің әдісін талқылаудан,

заңдарды жетілдіретін ұсыныстардан, оны жүйелеу мен басқа тәжірибе сипатындағы мәселелерді шешуден тұрады.

Құқықты зерттеушілер құқық пен мемлекет теориясының басқа функцияларын атайды. Мысалы, **эвристикалық** (шынында, ол теориялық-таным функциясының басқа аты), **саяси** (өз сипатына қарай идеологиялыққа жақын), **ұйымдастырушылық** (тұтасымен қосымша функцияны қамтиды) **ғылыми-консультативтік** және басқалар.

### **93. Құқық пен мемлекет теориясы-ғылымдар жүйесінде**

Ғылымның негізгі үш зерттеу объектісі бар: табиғат, қоғам және ойлау. Соған сай ғылымдар табиғи, қоғамдық және ойлау туралы ғылым (мысалы, формальды логика). Барлық айтылған объектілерге философия мен математика бірдей қатынаста. Философия өзінің пәні жалпыға бірдейлік болуына байланысты ерекше орынды алады, яғни барлық пәндерде және бізді қоршаған дүниенің құбылыстарында барлар. Математика сандық жағынан зерттейді, яғни ол да барлық құбылыстар мен процестерге тән нәрселер.

Сол негіздемеге байланысты философиялық және математикалық білімдер жақшаның сыртына шығып қалуы да мүмкін.

Ғылымда оның өсу тенденциясы бар (жүйеліліктің). Ғылым өз дамуының жаңа айналымына таяп келеді, яғни көне дәуірдегі білімнің жағдайына ұқсас, онда тұтас, бөлінбеген дүниедегі білімдер жинағы, бірақ айналуға, әрине, көбірек жоғарыға, жаңа планетарлыққа жауап беретін жағдай қажет. Маркс өз кезінде алдын ала болжап, келе-келе табиғаттану өзіне адам туралы ғылымды қосып алса, сондай мөлшерде, ғылым өзіне табиғаттануды қосып алады, бір ғана ғылым болады деген.

Заң ғылымы (құқықтану) қоғамдық ғылымдарға жатады, себебі оны, зерттеу объектісі (құқық және мемлекет), әлеуметтік табиғаты бар. Ғылымның бар жүйесінің элементі жағдайында, құқықтану өз жағынан, сол сияқты жүйе ретінде қаралуы мүмкін, оның құрамына кіретіндер:

а) құқық пен мемлекет теориясы (құқықтың жалпы теориясы және мемлекеттің жалпы теориясы);

ә) тарихи-заңдық ғылым (құқық пен мемлекет тарихы, саяси құқықтық ілімдер тарихы);

б) құқықтың жеке салаларын зерттейтін ғылымдар (азаматтық құқық, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, т.б.);

в) халықаралық құқықты зерттейтін ғылымдар (халықаралық көпшілік және халықаралық жекеше құқық);

г) қосымша заң ғылымдары, кешенді сипаты барлар (криминалистика, сот статистикасы, сот медицинасы, сот психитриясы).

Құқық пен мемлекет теориясының заң ғылымдарының ішіндегі орны, көп жағдайда ғылым жүйесінде жалпылама түрде белгіленеді:

а) оның функциясына байланысты;

ә) басқа ғылымдармен қарым-қатынасына (ақпараттық айырбасқа) байланысты.

Жалпы алғанда, құқық пен мемлекет теориясының білім жүйесі ретінде қалыптасуы төрт канал арқылы өтеді:

а) саладағы заң ғылымдарын жинақтау арқылы;

ә) философиялық ережелерді нақтылау арқылы;

б) басқа ғылымдармен қарым-қатынас жасау арқылы (математикамен, кибернетикамен, логикамен, социологиямен, экономикалық теориямен, саяси ғылыммен, т.б.);

г) тікелей тәжірибеге шығу арқылы (нормативтік-құқықтық актілерді талқылау, заңды техниканы, т.б.).

Сонымен, мемлекет пен құқық теориясының салалық заң ғылымдарына қатынасы екіжақты: бір жағынан, құқық пен мемлекет теориясы (ең алдымен, құқықтың жалпы теориясы) оған байланысты маңызды функцияны орындайды — **әдістемелік, екінші жағынан**, салалық ғылымдардың теориялық мәліметтерін пайдаланады. Мемлекет пен құқық теориясының басқа ғылымдармен қатысуындағы негізгі мәні сонда, олардың теориялық жемісін өз проблемаларын шешудегі құрал ретінде пайдаланады және өз пәнін жасауға да пайдаланады, яғни әдістемелік мақсатта. Ең алдымен, бұл философияға, социологияға, логикаға, сонымен бірге, математикаға, кибернетикаға, ақпараттық теорияға және басқа ғылымдарға қатысты. Оның барлығы мемлекет пен құқық теориясының әдістемелік арсеналынан орын тапты.

Көп жағдайда мемлекет пен құқық теориясы сол ғылымдармен қатынаста болады, өйткені, оларды екеуіне бірдей жалғыз объект байланыстырады (құқық және мемлекет) және соған байланысты көпшілік пәндердің тығыз байланыстылығы. Ең алдымен, әңгіме құқықтың және мемлекеттің тарихы, саяси ғылым (саясаттану) туралы.

Мемлекет пен құқық теориясы және құқық пен мемлекет тарихы екеуіне бірдей объектіні зерттейді (құқық және мемлекет), бірақ ол объектілердегі зерттеу пәндері әртүрлі: егер тарихтың мақсаты

— хронологиялық тәртіпте барлық толық нақтылықта құқықтық мемлекетте болып жатқан процестерді реконструкция жасау, ол теорияны қызықтыратын кездейсоқ тарихи факторлардан тазаланған сол процестердегі тек жалпы заңдылықтар.

Сонымен бірге, тарих ғылымы құқық және мемлекет теориясына зерттеуге материал береді.

Құқық пен мемлекет теориясы және саяси ғылым, ең алдымен, мемлекет жөнінде қатынаста болады. Олардың сол объектіге келуіндегі мәселе сонда, теория мемлекетті негізінен ішкі жағынан зерттейді, негізгі құрылымы механизм (тетік), т.с.с. Ал саясаттану оны **қоғамның саяси жүйесінің элементі** ретінде көреді. Сонымен бірге, екеуінің де олай келуі бірін-бірі байытады. Сонымен қатар, саяси ғылымда өте маңызды, яғни мемлекет теориясына және құқық теориясына қатысты **саяси биліктің** мәселелері жасалады. Мемлекет пен құқық теориясының маңыздылығы — оның экономикалық теориямен байланыстылығында. Қоғамның экономикалық құрылымына, материалдық факторларға анализ жасамай, мемлекет пен құқықты түсіну мүмкін емес. Осы жағынан маркстік теория даусыз дұрыс.

Мемлекет пен құқық теориясына өте қызық материалды археология және этнография береді.

Кей кезде авторлар, мемлекет пен құқық теориясының философиямен байланысына талдау жасай келіп, «философия және құқық» туралы айтады. Ойымызша, ондай сөз тіркестері философия пәнінің көзқарасына байланысты ыңғайсыз. Себебі, соған байланысты, құқықта философиядан бөлек өзінің сондайы бар деген қорытындыға келеміз. Ал философия ғылым ретінде бірегей және оның пәні біреу: ол барлық объектілерге, құбылыстарға, пәндерге, бізді қоршаған дүниедегі процестерге қатысты, яғни философияның пәні бәріне бірдей жалпылық. Сондықтан, «құқық философиясы», не «мемлекет философиясы» туралы айтпай, сол құбылыстардың жалпылық белгілеріне байланысты философияға кіретін жақтары туралы айту керек. Осы жақтары мынандай философиялық категорияларда: «негізділік және құбылыс», «нысан және мазмұн», «себебі мен салдарында» өз орнын табады.

## **94. Құқықтық метатеориялар мәселелері**

Алдыңғы төрт сұрақ ерекше сұрақтар: егер барлық қалған сұрақтар мемлекет пен құқық теориясының мазмұнын сипаттаса, онда олар

бұл ғылымды толығымен сипаттайды — ерекше жүйе ретінде, өзінің заңымен қызмет ететін арнайы тұтастық ретінде. Осы себептерге байланысты бұл төрт сұрақ, егер жаңа ғылымдар түрғысынан келсек, мемлекет пен құқық теориясына жатпайды, оның метатеориясына жатады.

Метатеория (грек тілінен «мета» — сол үшін, содан кейін) — бұл теория жөнінде ғылыми талдауға объекті болатын, метатеория үшін теорияның «өзі» шығады. Кейінгі бұл жағдайда пәндік, не объектілік (себебі, пән ретінде көрінеді, не метатеорияның объектісі), не мазмұнды теория деп аталады (себебі, ол өзінің мазмұны жағынан көрінеді).

Зерттеудің метатеориялық деңгейі, былайша айтқанда, ғылыми-зерттеудің екінші «қабаты», онда ғылымның өзін-өзі көрсетуі, оның өзінің танымын көрсетуі.

**Рефлексивтік ғылыми-теориялық білім** — прогресті жолдағы ғылымның нәтижесі және сапа жағынан жаңа ғылыми құбылыс. Метатеориялық зерттеу алдымен локикаға және математикаға, одан кейін, өзінің даму деңгейіне және жалпы ғылымның тұтасымен дамуына байланысты ғылымның басқа да салаларына тарайды және өмірге сондай құбылысты шақырады, ол құбылыс қазіргі кезде барлық осы заманғы ғылымға сіңісті — оның өзіндік рефлексивтігі бар. Отандық философ В. А. Лекторский атап өткендей: «Қазіргі ғылым дамуының сол кезеңіне жетті, оның әрі қарай алға жылжуы ғылыми зерттеудің өз тәніне (денесіне) өзіндік рефлексияның сіңуін талап етеді».

**Метатеориялық келу** ғылыми білімді жәй ғана қайта құрмайды. Ол теорияны ғылыми талдау жолы ғана емес, ол онда мазмұн тәртібінде қимылды туғызады, **жаңа білімді жалғайды**. Рефлексия «білімнің мазмұнын дамытатын өзіндік жол, теорияны жасайтын маңызды жолдардың бірі» (В. А. Лекторский). Мәселе сонда, теорияның сыртына шығудың өзі өзінше соған деген жетістік, «сырттатылған» көзқарас. Осыған қосымша айтатынымыз, метатеория пәндік теорияға қарағанда өте күшті таным құралына ие, өте мықты дәлелдеу жүйесін пайдаланады.

Мұның барлығы метатеориялық келуді, қазіргі кездегі ғылыми-теориялық ойлаудың қажетті компоненті жаңа кейіптегі білімді алу жолындағы тиімді құрал екендігін көрсетеді, **рефлексивті-бағытталған теорияның** терең негіздерін талдауды мақсат ретінде қарап, оның методологиялық алғышарттарын белгілеген.

Метатеория дегеніміз — қимыл, басқару тетігі, белгілі бағыттағы нақтығылыми ойдың дамуымен, оның өсуімен қызмет істеу процесінің

арнайы нысаны. Сондықтан, мынандай қорытындыға келуге болады, метатеориялық келу тек тоқтап қалған білім жүйесін дамытуды ғана қажет етпейді, сонымен қоса, жаңа ғана аяғынан тұрып келе жатқан жас теорияларды уағыздайды. Философиялық әдебиеттерде дұрыс атап өтіледі: «Шын мәніндегі ғылымды тану процесі оның пайда болуымен бір мезгілде болады» (В. А. Дмитриенко).

**Сонымен, метатеория — теорияға қарағанда жалпы тәртіп-тегі жәй білім, ол ғылыми ойдың қимылындағы ерекше бағыт, өздерінің ерекше мақсаттары бар.** Ең алдымен, теория мен метатеорияның әртүрлі зерттеу пәндері бар. Метатеория негізінде, оны құру процесінде теорияның ғылыми статусы пайда болады (ғылым жүйесіндегі орын), оның мақсаты және міндеті, функциясы, әдістемелік ерекшелігі, құрылымы (құрамы және құрылысы, категориялық аппарат), т.б.

Метатеорияның маңызды мақсаттарының бірі — теорияның пайдаланатын шекарасын белгілеу, оның «аумағын». Бұл мақсат, ең алдымен, теория пәнінің мазмұндық жағын зерттеу арқылы шешіледі, себебі ол теория мен метатеорияның арасындағы байланыстырушы және ол туралы мәліметтер метатеорияның басты мазмұндарының бірін құрайды. Әрине, метатеория мазмұнды теорияның пәнін ерекше көзқарасқа сай қарайды, нақтылы сол жүйелі білім мен қатынастағы бағдарламада, яғни оның өзін көрсететін. Пән туралы мәселе әрбір теорияға принципті. Сондықтан, метатеория қалпында шын мәнісінде құқық теориясының өмір сүруі шешіледі.

Метатеориялық зерттеу процесінде пәндік теорияның барлық проблематикасы кешенді алынады, тұтасымен зерттеледі, теорияның идеялары оның дәлелдерімен бірлікте қаралады.

Отандық құқықтануда метатеория іс жүзінде зерттелмеді. Ғылымтану мәселелеріне ғана көңіл аударылды. Өз кезінде профессор А. М. Васильев айтқан: «Құқықтануда метатеорияның түсінігі туралы жалпы әңгіме болған жоқ».

Рефлексия, өзін-өзі тану функциясы заң ғылымдарының жүйесінде, белгілі мөлшерде оқу әдебиеттеріндегі бөлімдердің және ондағы пәнге, жүйеге, әдістемеге арналған бөлімдерінің және жеке жұмыстардың қажеттігін орындайды. Дегенмен, мұндағы мәселе басқада: құқықтануда метатеориялық зерттеулердің (тәртібі, процедурасы) теориялық алгоритмі жасалмаған. Сайып келгенде, бұл метатеориялық бағыттағы жұмыстың сапасын төмендетеді (сонымен қатар, оқулықтардағы соған сай бөлімдердің де), жалпылама айтсақ, метағылыми білімдердің кем болуына әсер етеді.

Барғылымдарды сипаттауға тән қателіктерге (көбінесе бұл салалық ғылымдарға жатады) жататындары метатеориялық тазалықты бұзу,

ондағы метатеориялық және мазмұндық деңгейді араластырып жіберуде. Мысалы, азаматтық процеске арналған оқулықтың пән мен ғылым жүйесіне арналған тарауындағы жеті параграфтың біреуінде ғана метағылыми мазмұн бар. Тараудың басқа параграфтарында азаматтық процесс туралы мәліметтер соттың қызметі ретінде, сот жүргізудің мақсаттары, азаматтық процессуалдық құқықтың жүйесі, оның қайнар көзі, азаматтық процессуалдық құқықтың кеңістікте, уақытта, субъектілер ортасындағы қимылы, процессуалдық заңды талқылау, яғни оқулықтың негізгі тарауларында ғылымның ішкі мазмұндары көрсетілуі міндетті.

Құқықтық метатеория проблемалары тұтас заң ғылымдарының метатеориясымен бірге, жалпы құқық теориясының қалпында жасалуы міндетті.

Құқықтық метатеорияның пәні туралы — оның құрамын көрсетеміз:

- мазмұнды теорияның мақсаты мен міндеттері;
- оның функциялары;
- мазмұнды теорияның пәні, оны қолданудың шекарасы;
- мазмұнды теорияның құрылымы (құрамы және құрылысы);
- оның әдістемелерінің ерекшеліктері;
- сыртқы байланысы (ғылым жүйесіндегі орны);
- қалыптасуы мен дамуының заңдылығы.

Осыдан байқайтынымыз, метатеория қалпында пәндік теория жүйе ретінде зерттеледі.

Сондықтан, метатеориялық зерттеудің алгоритмі жүйелі келудің принциптері мен жолымен зерттелуі міндетті.

## **95. Жүйелі тәсіл жалпы ғылыми әдіс ретінде**

**Жүйелі келу** — таным қызметінің әмбебап құралы: қандай болмасын құбылыс жүйе ретінде қаралуы мүмкін, әрине кез келген ғылыми талдау объектісі оны қажет етпейді. Жүйелі әдістің қиын динамикалық тұтастықты тануда және құрастыруда теңдесі жоқ.

1972 жылы философтар атап айтқандай: «Зерттеу объектісіне жүйелі құрылымда келу, қазіргі кезде (егер әлі алмаса) жалпы ғылыми принцип статусын қабылдауда: барлық арнайы ғылымдарда, олардың даму деңгейі мен ішкі қажеттілігіне жүйелі келу пайдаланылады» (В. С. Тюхтин).

Қазіргі кезеңдегі ғылымның дамуында жүйелік келуді теориялық бағытта дамыту және оны әдіс ретінде пайдаланудың кеңдігі сонда,

көптеген бағыттары бар «жүйелік қимылдың» жалпы ғылымы туралы айтуға болады.

«Жүйе» түсінігінің өзі ерте заманда пайда болған, кең пайданылуына қарамастан, теориялық негізде жасалмай, көпке дейін қала берген. «Systema» сөзі грек тілінде «құрастырылған» дегенді білдіреді және белгілі мынандай тәжірибені көрсетеді: әрбір заттар аморфты емес, әр бөліктерге бөлінбеген және тағы келіп қарасақ «әртүрлі бөліктерден» «тұратындығын» байқап, оны бөлуге болатындығын айтқан (Леске М., Редлов Г., Штилер Г.: Почему имеет смысл спорить о понятиях: Пер. с нем. М., 1987).

Тәжірибе жағынан «жүйе» түсінігі жүйелік келуден ерте пайда болған — ол адам баласы қоғамымен жасты. Алғашқы адам тас балта, не садақ жасаған кезден бастап жүйелі келу басталған. Бірақ, ол кезде әлі де өз қимылдарының жүйелі жағдай екенін түсінбеген.

Қазіргі кездегі алдыға қойылған мақсаттар жүйелі келу теориясын білуді талап етпейді, бірақ ондай білуді қазіргі қоғамдық тәжірибе талап етуде. Сондықтан, теориялық көзқарас бойынша жүйелі келу алгоритмін саналы түрде пайдалануға ол, әрине жас.

Жүйелі келу феномені, ең алдымен, ғылымның өзінің белгілі заңдылығын көрсетеді. Жүйелі келудің рөлін белгілейтін алғышарттардың біріне ақпарат санының тез өсуі — «ақпараттық жарылыс» пен оны игерудегі жетімсіздік мүмкіндігіндегі қарама-қайшылықты жою үшін жүйелік білімді қайта құру негізінде ғана жетуге болады» (А. И. Уемов).

Таяу уақытқа дейін ғылыми танымда **аналитикалық келу** көбірек болған, ол ғылыми әрекеттің әдісі ретінде осы күнге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Дегенмен, білімнің сол аумақтарында аналитикалық жолмен материалдар көп мөлшерде жиылып қалған, оны біріктіру және жүйелеу қажеттігі туады, ол өз мәнінде жүйелі негізде жасалады, себебі ол өзіне талдау мен синтезді қосып алады.

Сонымен, ғылымның қазіргі кезеңдегі даму **жүйелі келуді танымдағы интегралиялық тенденциялардың күшейуінің нәтижесі ретінде есептеуге болады**. Бұл тенденциялар ХІХ ғасырдың екінші жартысында белгілі бола бастады. Жүйелі теорияның негізгі принциптерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарған Александр Александрович Богдановтың (1925—1929) ғылыми еңбектері «Всеобщая организационная наука. Тектология», л.м. болды, оның алғашқы бөлігі 1912 жылы жазылған. Көптеген теориялық ережелер, түсініктеме сипаттамалар, сол жұмыстағы автормен құрастырылғандар осы кезге сай келеді. Осы мәселелер жөнінде Виль Доррофеев былай жазады: «Қырқыншы жылдары белгілі биолог

Людвиг Фон Берталанфи (оны Шығыста жүйелі келудің «негізін салушы» ретінде мойындаған — В. П. «Общую теорию систем» деген жұмысын жариялаған. Академик А. Л. Тахаджян австриялық ғалым Богдановтың жұмысын білмеуі мүмкін еместігін айта келіп, ол жұмыстың сол кезде неміс тілінде шыққандығын көрсетеді. Бірақ, ол жұмысқа деген сілтеме, пікір Фон Берталанфиде жоқ. Тек 1978 жылы «Инструментальное мышление и системная методология» кітабында американдық ғалым Ричард Маттесичің алғаш рет атап айтқаны: «таңқалдыратын тектология идеясы мен жалпы жүйелік теорияның ұқсастығы». Оның жұмсақ түрде австриялық биологтың Богдановтың жұмысына еш жерде сілтеме жасалмауы) (Дорофеев В. Оппонент или пояснительная записка к речи Н. И. Бухарина на одной гражданских панихид, 1928 // Лит.газ.1988 7 дек. № 49 с. 13).

Жүйелі келудің жұмбағын және оның теориялық тәжірибелік экспанциясын көп жағдайда былай түсіндіруге болады: ол адамның қоршаған ортаны қабылдауын түсіну процесінде болатын өзгерулерді көрсететін құрал ретінде көрінеді. Жүйелі келу тұтас дүниетанымды қалыптастыратын құрал ретінде көрінеді, онда адам өзін қоршаған ортамен біртұтас екендігін сезінетін болады.

Жүйелі келудің мәні неде, оның тиімділігі әдіс ретінде немен қамтамасыз етілген? «Қазіргі танымның тәжірибесі,— философ және системолог В. Н. Сагатовский жазғандай,— көбірек көлемді және объектіні экономикалық сипаттау тек сол кезде болады, егер ол жүйелі жағдайда көрінсе». Жүйелі келуде алынған ақпараттардың екі принципті маңызы бар қасиеттері бар: **біріншіден**, зерттеушіге тек қажетті ақпараттар түседі, **екіншіден** — ақпараттар алдыға қойылған мақсаттарды шешуге жеткілікті. Жүйелі келудің бұл ерекшелігінің қамтамасыз етілуі сонда, объектіні жүйе ретінде қарау деген, оны белгілі қатынасқа сай қарау, яғни объектінің жүйе ретінде көрінгенде. **Жүйелі білім — объектіні тұтасымен қараудың нәтижесі**, оның белгілі «қиындысында» объектінің жүйелік сипатына сай жасалынғанында. «Жүйелікке ұйымдастыру» принципі әр уақытта бірденені «кеседі», «дөрекілендіреді», «қиып тастайды» шексіз көптүрліліктің соңғысын, бірақ тәртіпке келтірілген элементтер және олардың арасындағы қатынастар « (В. Н. Сагатовский).

«Жүйе» жалпы категориялардың қатарына жатады, яғни ол кез келген заттарды және құбылыстарды, барлық объектілерді сипаттауға жарайды. Оны жүйеге және жүйелі емеске бөлуге болмайды. Кез келген объект жүйе ретінде — яғни жүйе ретіндегі көрінудегі қатынасты бөліп алу керек. Объект жүйе ретінде өзінің мақсатына байланысты көрінеді, яғни өзінің соған жету қабілетіне

сай болуы қажет. Қосымша жағдайда «түтастық» және «жүйелілік» құбылыстар қасиеттерінің ұқсастығы ретінде қаралады.

Мақсат объектіде жүйені бөледі, белгілейді, себебі, оған объектіден тек мақсатқа жетуге қажетті қасиеттерді белгілейді. Егер біреуі және сол объект бірнеше мақсаттарды іске асырса, онда ол әрқайсысына жеке-жеке тәуелсіз жүйе ретінде көрінеді. Сонымен қатар, әрбір зат кейбір қатынаста жүйе ретінде болады, себебі әр уақытта мақсат бар, ол сол заттың қасиетімен сол мақсатқа жетуі мүмкін. Бұл заңдылық жүйелі келуді сипаттайды, таным әрекетінің әмбебап құралы.

Жүйелі келу, кешенмен қалай арақатынаста болады?

Әдістемелік талдаудың кешенді келуінің маңызын атап айта келіп, В. С. Швырев және Э. Г. Юдин былай жазды: «Қазіргі кезде «кешенді келу» деген сөздермен көп кездесуге тура келеді, ол ғылым және тәжірибе туралы әңгімеде көп қолданылады. Соған қоса, әртүрлі ғылым салаларының кешенді зерттеулерінің қажеттігі туралы бағыт беріледі. Әдістемелік жағынан, кешенді келу толық зерттеле қоймағандықтан, оны пайдаланудың тиімділігі төмен. Сондықтан, кешенді келу — методологиялық талдау, методологиялық зерттеулерде көңіл аударатын өзекті проблемалардың бірі».

Кешенді келуді біздің ойымызша, **жүйелі әдістің ерекше түрі** ретінде бөліп қараудың жөні бар. Жүйелі келу кешенді нысанға сонда көшеді, егер әңгіме оның құрамына кіретін элементтердің жүйесін зерттеу туралы болса, бір кезде басқа жүйеде қызмет істесе және өз табиғатына қарай басқа болса, кешенді жүйелер сол негіздерге байланысты қиын функционалды және басқадай тәуелділікпен байланысты. Соған байланысты, қорыта айтсақ, кешенді келу кешенді ерекше жүйе ретінде зерттеу үшін пайда болған. Дегенмен де, барлық зерттеулерді кешендіге жатқызуға болмайды. Сол сияқты, барлық кешенді зерттеулерді кешендіге жатқызуға болмайды. Себебі, сол сияқты барлық жүйені зерттеуді жүйелі деп айтуға болмайды: жүйелер жүйелілік жолдарсыз да зерттелеуі мүмкін. Зерттеу кешенді болу үшін объектінің комплектісі жеткіліксіз: зерттеудің өзі комплексті болуы міндетті, яғни ол белгілі принципке сай құрылуы міндетті, атап айтсақ — жүйелілік принципке. Өйткені кешен, аталып айтқандай, ерекше жүйеге жатады. Осыған сай екінші және көбірек маңызды қорытынды шығады: кешенді құру, тек сол уақытта болады, егер ол жүйелілікте болса ғана.

Кейінгі кездерде гуманитарлық ғылымдар өкілдері, оның ішінде құқықтанушылар **жігерлілікпен келуге** ғылыми проблемаларды шешу әдісі ретінде қарауда.

«Қазіргі кездегі танымда, әсіресе гуманитарлық пәндерде әрекетшілдік түсінігі шешуші методологиялық ортаңғы рөлді

атқарады, себебі сол арқылы адам өмірінің әмбебап және түпкілікті сипаттамасы беріледі» (Э. Г. Юдин).

Жүйелілік пен әрекетшілдік келулердің арақатынасын айта келіп, оның пайдалану аясында екендігін айтамыз: оны пайдалану социум туралығылымның қалпыментежелген, себебі «әрекетшілдік дегеніміз, адамның қоршаған ортаға белсенді қатынасының нысаны — оның мазмұны бар, мәдениеттің дамуын игеру негізінде, өмірді орынды өзгерту және қайта құру» (Э. Г. Юдин). Сонымен қатар, әрекетшілдік идеясы мен жүйелік идеялары бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне тартылады. Жүйелілікпен қосылғанда әрекетшілдік жолы өзінің үлкен тиімділігін арттыра түседі, методологиялық күшейеді.

Жүйелілік пен іскерлік жолдың айырмашылығы әдістер ретінде, түсіндіру принципінде былай болады. Жүйелі жол тек сол кезде пайдаланылады, яғни мақсатына сай негізгі жүйе құрушы факторлардың функциясы арқылы қажетті түрде жүйенің құрамы мен құрылысын білуді керек етеді. Іскерлік жол сонда пайдаланылады, егер жүйенің даму заңдылығын объективті түрде белгілі нысан арқылы оның қимылының нәтижесін білу қажеттілігі туатын болса. Іскерлік жол даму заңдарының негізінде қызметтің жемісін пәндерге бөлуге және **декомпозициялауға** мүмкіндік береді, бұл сол объектіні сақтайтын және дамытатын факторларды түсіндіру үшін қажет.

**Жүйе** — объект, оның қызметі, алдында тұрған мақсаттың орындауға жеткілікті болатын қажеттілікті шешуші, (ортаның белгілі жағдайына байланысты) бір-бірімен тиімді қарым-қатынастағы оны құрайтын элементтердің жиынтығы.

**Элемент** — іштен шығушы бөлік, жүйенің функционалды бөлігі, өзінің меншікті құрылымы қаралмайды, жүйені құруға және жүйенің жұмыс жасауы үшін қажетті, тек оның қасиеті ғана есептеледі.

Элементтің «Элементарлығы» дегеніміз, сол жүйені бөлудің шегі, себебі оның ішкі құрылымы бұл жүйеде қосылмайды және ол сол санадағы құбылыс ретінде көрінеді, ол философияда қарапайымдылық ретінде сипатталады. Дегенмен, ескі жүйелерде элементтің өзі де жүйе ретінде қаралуы мүмкін. Қандай болмасын элемент — бөлік, бірақ қандай болмасын бөлік — элемент емес.

**Құрылым** — толық (қажетті және жеткілікті) жүйе элементтерінің жиынтығы, құрылысынан жеке алынған, яғни элементтердің жиынтығы.

**Құрылыс** — жүйедегі элементтер арасындағы қарым-қатынас, жүйенің мақсатына жетуіне қажетті және жеткілікті жағдай.

**Функциялар** — жүйенің тиімді қасиеттеріне негізделген мақсатқа жету жолдары.

**Функциялану** — жүйенің тиімді қасиеттеріне сай оның мақсатына жетуін қамтамасыз ететін іс жүзіне асыру процесі.

**Мақсат** — бұл жүйенің өзінің қызметінің негізінде жетуге міндетті жағдай. Жүйенің белгілі бір жағдайы мақсат болуы мүмкін, не оның басқа қызметінің жемісі. Мақсаттың жүйе құрушы фактор екендігі оның маңызынан көрінеді. Атап айтсақ: объект жүйе ретінде тек өзінің мақсатына сай көрінеді.

Жүйелі жолдың екі бағыты (аспектісі) бар: **танымдық** (суреттейтін) және **конструктивті** (жүйені құруды пайдаланатын). Бұл бағыттың әрқайсысының өздерінің іске асыру алгоритмі бар (оның тиімді қасиеті, сонымен бірге, функциялар мақсатқа жетудің жолы ретінде), оның ішкі құрылымымен түсіндіріледі — құрам және құрылым. Жүйенің жобасын жасау мынандай категориялы баспалдақтардан өтетін процесс: проблемалық оқиға, мақсат, функция, құрам және құрылым — сыртқы жағдай.

## **96. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалардың негізгі бағыттары**

Егер қоғамның саяси және экономикалық жағдайлары принципті өзгерсе, соған сай құқықтық жүйенің өзгеруіне тура келеді (қоғамның экономикалық және саяси жағдайы). Бұл — бір жағынан. Ал екінші жағынан — қоғамда реформа жүргізу үшін соған лайық құқықтық құралдар қажет. Сонымен, Қазақстан Республикасында оның даму ерекшелігіне байланысты мынандай реформаларды жүргізу тиісті заңдылыққа жатады:

а) құқық пен заңның бөліну концепцияларының негізінде құқықтың табиғатының өзіне деген көзқарасын қайта қарау қажет (құқық тек мемлекеттік биліктің қызметінің нәтижесі ретінде ғана қаралмау керек);

ә) құқықты реформалауда ішкі мәселелерді шешу;

б) қоғамды тек құқық арқылы реформалау.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі кездегі жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар әлеуметтік, саяси, экономикалық және құқықтық факторлармен қамтамасыз етілген:

а) көпшілік биліктің мекемелері мен институттарына сай келетін демократиялық мемлекеттің негізін қалау;

ә) көппартиялы саяси жүйенің пайда болуы және қызмет етуі;

б) нарықтық экономиканың аяғынан түруы;

в) елдегі жүріп жатқан әлеуметтік өзгерістерге сай нормативтік негізге қажеттілік.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасының (1994 ж.) маңызды нәтижесіне 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау жатады, себебі соның негізінде қоғамның және мемлекеттің дамуындағы стратегиялық бағыттар белгіленді. Адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандығы бекітілді. Конституциялық нормаларды дамыту үшін мынандай конституциялық заңдар қабылданды: «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының сайлауы туралы», Қазақстан Республикасының конституциялық заң күші бар Президенттің «Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы қаулысы» және басқа заңды актілерді айтуға болады, себебі олар Қазақстанның Ұлттық заңдарының негізін құрайды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының негізінде жаңа конституциялық құқық құрылды. Соның негізінде, біздің мемлекетте қолайлы президенттік басқару нысаны бекітілді. Бір мемлекеттік билік оның үш бөлігіне бөлінді. Екі палаталы Парламент тұрақты жұмыс істейді. Атқарушы билікті жетілдіруге арналған шаралар қабылданды. Бір ғана сот жүйесі құрылды, оның тәуелсіз болуына шаралар белгіленді.

М А З М Ү Н Ү

Кіріспе.....	3
1. Құқықтың анықтамасы және белгілері.....	4
2. Құқықтың нысандары (қайнар көздері): түсінігі және түрлері.....	6
3. Нормативтік-құқықтық акт: түсінігі және түрлері.....	9
4. Субъективті заңды құқық. Субъективті заңды құқық пен субъективті заңды міндеттердің өзара байланысы.....	11
5. Құқық және заң.....	14
6. Құқық әлеуметтік нормалар жүйесінде.....	16
7. Құқық және адалдық.....	22
8. Құқық және мораль.....	24
9. Құқық және дін.....	26
10. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамындағы әлеуметтік нормалар. Құқықтың пайда болуы.....	29
11. Құқық және экономика.....	31
12. Құқық және саясат.....	33
13. Пән және құқықтық реттеу әдістері.....	35
14. Құқық жүйесі.....	37
15. Материалдық және процессуалдық құқықтар.....	41
16. Жеке және жария құқық.....	43
17. Құқық жүйесі және заңдар жүйесі, олардың арақатынастары.....	45
18. Нормативтік-құқықтық актілерді жүйелеу: түсінігі және түрлері.....	46
19. Құқықтық шығармашылық: түсінігі және кезеңдері. Заңды техника.....	49
20. Қазақстан Республикасындағы нормативтік-құқықтық актілерді жариялау және күшіне ену тәртібі.....	51
21. Нормативтік-құқықтық актілердің уақытта, кеңестікте және адамдар арасындағы әрекеттері.....	51
22. Қазақстан Республикасы Конституциясының тікелей әрекеті.....	53
23. Құқықтық нормалардың белгілері. Құқық нормаларын жіктеу.....	55
24. Құқық нормаларының құрылымы.....	57
25. Құқық нормасы және нормативтік-құқықтық актілердің баптары. Нормативтік-құқықтық актілердегі құқық нормаларын жазу жолдары.....	60

26. Құқықтық қатынастар: түсінігі және түрлері.....	61
27. Құқықтық субъективтік, құқықтық статус, құқықтық ереже.....	63
28. Құқықтық қатынастың субъектісі: жалпы сипаттама.....	65
29. Заңды факторлар және оларды жіктеу.....	67
30. Құқықтық қатынастардың объектілері.....	69
31. Құқықтық қатынастардың нысаны және мазмұны.....	70
32. Құқықтық қатынастар жүйе ретінде.....	72
33. Құқықты іс жүзіне асыру: түсінігі және нысандары.....	82
34. Құқықты қолдану: түсінігі, кезеңдері, түрлері. Құқықты қолдану актілері.....	84
35. Құқықтағы ақтаңдақтық және оны толтыру.....	87
36. Нормативтік-құқықтық актілерді бақылау: түсінігі және жолдары.....	89
37. Нормативтік-құқықтық актілерді талқылау түрлері.....	90
38. Заңды презумпциялар және функциялар.....	92
39. Заңдылық және құқықтық тәртіп. Конституциялық заңдылық.....	93
40. Құқықтық сана: түсінігі, құрылымы, түрлері.....	96
41. Құқықтық нигилизм: түсінігі және нысаны. Жеңу жолы.....	97
42. Құқықтық мәдениет.....	99
43. Құқықбұзушылық: түсінігі және түрлері.....	100
44. Құқық және мәжбүрлеу.....	101
45. Заңды жауапкершілік: түсінігі және түрлері.....	103
46. Заңды жауапкершіліктің негізі. Кінә және оның нысандары. Казус.....	105
47. Құқыққа сай тәртіп: түрлері және қалыптасу тетіктері.....	108
48. Заңды процедура (дайындық жұмысы).....	110
49. Құқықтық жүйе: түсінігі, элементтері. Құқықтық жүйені кейіптеу.....	117
50. Құқықтық принциптің түсінігі.....	120
51. Адам құқығы. Адам құқығын халықаралық қорғау.....	123
52. Құқықтың және заңның үстемдігі.....	126
53. Мемлекет ішіндегі арақатынас және халықаралық құқық.....	127
54. Құқықтағы сабақтастық және жаңарту. Құқықты рецепциялау.....	128
55. Тапбиғи-құқықтық теорияның негізгі ерекшеліктері.....	130
56. Құқықтың табиғи мектебі.....	131

57. Социологиялық құқық мектебі.....	132
58. Құқықтың психологиялық теориясы.....	134
59. Нормативтік құқық теориясы.....	135
60. Марсктік-лениндік құқық және мемлекет теориясына жалпы сипаттама.....	137
61. Отандық юриспруденциядағы құқық туралы эволюциялық бағытты көрсету (ұсыну).....	138
62. Қазіргі кездегі құқықтану: незігі концепциялар.....	140
63. Билік және оның түрлері. Мемлекеттік биліктің ерекшеліктері.....	143
64. Мемлекеттің түсінігі.....	146
65. Мемлекет және бюрократия.....	150
66. Мемлекет және демократия.....	155
67. Мемлекет нысандарының түсінігі.....	160
68. Мемлекеттік басқарудың нысандары.....	163
69. Мемлекет құрылымының нысандары.....	166
70. Тоталитарлық саяси режим.....	170
71. Демократиялық саяси режим.....	172
72. Мемлекеттік аппараттың қызметін қалыптастыру принциптері.....	172
73. Мемлекет және қоғамның ұлттық құрамы.....	175
74. Қазіргі кездегі мемлекетаралық интеграцияның құқықтық-ұйымдастыру нысандары.....	177
75. Мемлекет функциялары (қызметтері): түсінігі және бөлінуі.....	179
76. Қазіргі кездегі мемлекеттер функциясы және ғаламдық мәселелер.....	182
77. Мемлекетті кейіптеу (типология): формациялық тәсіл және мәдениеттілік (цивилизациялық).....	183
78. Мемлекеттің дамуындағы геосаяси факторлар.....	187
79. Мемлекет және шіркеу. Зайырлы және теократиялық мемлекеттер.....	190
80. Қоғамдағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Олардың қызметтерінің құқықтық белгіленуі.....	193
81. Мемлекет және саяси партиялар.....	201
82. Биліктің бөліну принципі.....	204
83. Құқықтық мемлекет.....	208
84. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет.....	211
85. Әлеуметтік мемлекет.....	214
86. Мемлекеттің пайда болуы.....	220
87. Қоғамдық келісім теориясы.....	223

88. Солидаризм теориясы.....	224
89. Құқық және мемлекет туралы анархизм.....	226
90. Құқық және мемлекет теориясының пәні.....	229
91. Құқық пен мемлекеттің әдістемелік теориясы.....	231
92. Құқық пен мемлекет теориясының функциялары.....	234
93. Құқық пен мемлекет теориясы — ғылымдар жүйесінде.....	236
94. Құқықтық метатеориялар мәселелері.....	238
95. Жүйелі тәсіл жалпы ғылыми әдіс ретінде.....	241
96. Қазіргі Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалардың негізгі бағыттары.....	246



**Заң ғылымдарының докторы,  
профессор Төкіжан Ағдарбеков**

Төкіжан Ағдарбеков — заң ғылымы саласында өзіндік қолтаңбасы, өзіндік орны бар білікті заңгер. Қазақстандық заң саласындағы көптеген ғылыми еңбектер осы бір даратұлғаның есімімен байланысты. Оның заңгерлікке келу жолы да кездейсоқ емес. Төкіжан Ағдарбеков заң саласын өмірінің мағынасы ретінде саналы түрде таңдап алған жандардың санатынан. Жастайынан ізденімпаздығымен, зеректігімен дараланған ол 1961 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Университет қабырғасында алғырлығымен көзге түсіп, оқу орнын 1966 жылы үздік бітіріп шығады.

Осыдан кейін ғылымға деген ерек-ше талпынысының арқасында Қазақ ССР Ғылым Академиясының философия және құқық институтына кіші ғылыми қызметкер болып қабылданады. Төкіжан Ағдарбеков академиядағы қызметі барысында ғылымға терең дендеп, шыңдала түсті. Ал 1968 жылы академик Салық Зимановтың жетекшілігімен Мәскеудегі мемлекет және құқық институтына аспирантураға түседі. Институтты да үздік дипломмен тәмамдап, кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғап шығады.

Төкіжан Ағдарбеков 1971—1984 жылдары КСРО Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғарғы мектебінде офицерлік шендегі доцент ретінде дәріс береді. Оның тәлімін алған шәкірттері білкті заңгерді әлі күнге ризашылықпен еске алады. Оқу орнындағы адал қызметі ескеріліп, КСРО ІІМ бұйрығымен «Ішкі істер саласындағы 10 жылдық еңбегі үшін» медалімен марапатталады.

Төкіжан Ағдарбеков бұдан кейінгі өмірін де ағартушылықпен байланыстырып, Қарағанды Мемлекеттік Университетінің заң факультетінде кафедра меңгерушісі қызметіне тағайындалады. Абыройлы қызметінің арқасында докторантураға жолдама алып, 1990 жылы Қазақ Ғылым Академиясында докторлық диссертациясын қорғайды. Осы жылдар ішінде ол ұлағатты ұстаз, білікті ғалым ретінде шыңдала түсті.

Төкіжан Ағдарбеков 1991 жылы Түркістан қаласында жаңадан ашылған Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ұстаздық қызметке шақырылады. Ол 1991—1997 жылдары заң факультетінің деканы қызметін атқарды. Осы уақыт аралығында кадрлар дайындау мен жастарды тәрбиелеу ісіне қомақты үлес қосты. ХҚТУ Ғылыми кеңесі Төкіжан Ағдарбековтың осы еңбегін жоғары бағалады. Ол профессорлық ғылыми атақты және ҚР Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының академигі атағын

алды.

Төкіжан Ағдарбеков ғылым мен ағартушылықты үйлестіріп, алған бағытын ары қарай жалғастырды. 1997—2000 жылдары Л. Н. Гумилев атындағы университеттің заң факультетінің кафедра меңгерушісі, 2001—2004 жылдары Қазақ Гуманитарлық Заң университетінің Астанадағы бөлімінде кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2001 жылдан бері аталмыш университеттің кандидаттық және докторлық диссертация қорғау жөніндегі кеңестің мүшесі болып сайланды.

Беделді ғалым заң саласындағы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 25 тамыздағы Жарлығымен «ҚР Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Ал 2004 жылы 19 қазанда ҚР Заң ғылымдары академиясының толық мүшелігіне (академигі) қабылданды.

Төкіжан Ағдарбеков өзі кезінде қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті басшыларының дәріс беру туралы ұсыныстарын қабылдап, қазір білімді-заңгер мамандарды тәрбиелеумен айналысып жүр. Соның дәлелі ретінде бүгінгі таңда профессор Төкіжан Ағдарбековтың магистрант, аспирант, докторант тәрбиелеп, ізденушілердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік етіп, оларға бағыт-бағдар берумен талмай айналысып жүргенін айтуға болады.

Заң ғылымдарының докторы, академик Салық Зиманов пен академик Сұлтан Сартаевты ғылымдағы ұстаздары санайтын Төкіжан Ағдарбековтың заң саласының дамуына қосқан үлесі мол. Ғалым өзінің негізгі ғылыми-зерттеу бағыттары ретінде: Қазақстан Республикасының қазіргі кездегі ұлттық мемлекеттілігінің дамуындағы негізгі мәселелер; Қазақстандағы құқықтық мемлекеттің даму кезеңдері; Қазақстан мемлекеттілігінің саяси жүйесі секілді маңызды тақырыптарды таңдап алды. Оның 200-ден астам ғылыми мақалалары жарияланған. 3 монография және студенттерге арналған көптеген ғылыми оқу-әдістемелік құралдардың, мемлекет және құқық теориясы пәні бойынша 3 оқулықтың авторы, 6 кітабы жарыққа шыққан.

Сонымен қатар, Төкіжан Ағдарбеков 2007 жылы университеттегі қашықтықтан оқытуға байланысты «Мемлекет және құқық теориясы» пәнінен 3 томдық кітап жазуға арналған грантты жеңіп алды.

Ізденімпаз ғалымның еңбегі ешқашан назардан тыс қалған емес. Мұның сыры оның әрқашан шыңдалудан жалықпайтын еңбексүйгіштігінде болса керек. Ол Түркия Республикасының «Республика күні» мерекесіне орай, университеттің халықаралық дәрежесіне сай, оқу-тәрбие жұмыстарындағы озық жетістіктері мен жоғарғы деңгейде дамуына қосқан үлесі үшін ХҚТУ президентінің алғыс хатымен марапатталды.

Профессор Төкіжан Ағдарбеков заң ғылымындағы шоқтығы биік дара тұлға болуымен қатар, адамгершілік қасиеттерімен де баршаға үлгі. Ғалымның адами болмысын биіктететін оның бойындағы адалдық, қарапайымдылық, отансүйгіштік секілді мінездері болса керек.

*Төкіжан Ағдарбеков*

**МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Оқу құралы

*«Нұр-пресс» ЖШС бас директоры  
Н. Н. Жансеитов*

*Беттеуші: А. А. Сляднева  
Корректор: Б. М. Джампеисова  
Дизайн: А. О. Савельев  
Оператор: Т. В. Симоненко*

«Нұр-пресс» баспасы  
050057 Алматы қ.,  
М. Озгүрік к-сі, 12 үй.  
Тел./факс: (727) 2747-833, 2742-650.  
E-mail: law-literature2006@rambler.ru